



«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ
НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Астана

2007

«МӨДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫН
ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ
ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ ҚҰРАМЫ

Құл-Мұхаммед М., *төраға*
Досжан А., *төрағаның орынбасары*
Асқаров Ә., *жауапты хатшы*

Қоғамдық кеңестің мүшелері:

Абдрахманов С.
Аяған Б.
Әбусейітова М.
Әйтімова Б.
Әлімбаев Н.
Әуезов М.
Базылхан Н.
Байпақов Қ.
Биекенов Қ.
Бурханов Қ.
Ертісбаев Е.
Кенжеғозин М.
Қасқабасов С.
Нысанбаев Ә.
Өмірбеков Б.
Салғара Қ.
Сариева Р.
Сейдімбек А.
Сұлтанов Қ.
Таймағамбетов Ж.
Тұяқбаева Б.
Хұсайынов Қ.

БАБАЛАР СӨЗІ

ЖҮЗ ТОМДЫК

Батырлар жыры



ББК 82.3 (5 Қаз)

Б12

**«Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасының
Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:**

Қасқабасов С. (*төраға*), Қорабай С. (*төрағаның орынбасары*),
Жұмасейітова Г. (*жауапты хатшы*), Әзібаева Б., Күзембаева С.,
Қирабаев С., Мамыраев Б., Қосан С.

Томды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған

Томның редакция алқасы:

Қосан С. (*жауапты редактор*), Қасқабасов С., Ақыш Н.,
Әкімова Т.

Томның ғылыми түсініктемелерін жазып, баспаға дайындағандар:

Қосан С. (*филология ғылымдарының кандидаты*),
Тұрлымбеков Б. (*жауапты шығарушы*)

Б12 Бабалар сөзі: Жүз томдық. — Астана: «Фолиант», 2007.
Т. 42: Батырлар жыры. — 2007. — 432 бет.

ISBN 9965-35-382-4

«Бабалар сөзі» сериясының 42-томына «Қарасай — Қазі» эпосының Айса, Сейіт, Жақсылық жыраулардың айтуы бойынша жазып алынған және Маңғыстау экспедициясы (1998) кезінде ел арасынан табылған белгісіз ақын нұсқасы енгізілді.

Б $\frac{4702250205}{00(05) - 07}$

ББК 82.3 (5 Қаз)

ISBN 9965-35-382-4 (т. 42)

© Әдебиет және өнер институты, 2007

ISBN 9965-619-60-3

© «Фолиант» баспасы, көркемдеу, 2007

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарық көретін «Бабалар сөзі» сериясының жүз томдық ғылыми басылымын әзірлеуді одан әрі жалғастырады.

Серияның бұған дейін жарияланған қырық бір томы ұлттық фольклорымыздың аса бір көркем де көлемді саласы болып саналатын эпостық шығармаларға арналды. Дәлірек айтқанда, бүгінге дейін хикаялық дастандардың он үш томы, діни дастандардың жеті томы, ғашықтық дастандардың сегіз томы, тарихи жырлардың үш томы, батырлар жырының тоғыз томы, сондай-ақ шежірелік дастандардың бір томы әзірленіп, баспа бетін көрді. Бұл басылымдардың он томы Қытайдағы қазақ фольклорына арналғаны мәлім. Қазақ халқының қымбат қазынасы — фольклор жинақтарының жоғары деңгейде безендірілген жаңа басылымын оқырман қауым үлкен қуанышпен қарсы алды. Алла қаласа, қазақ эпосының көркем үлгілерін жариялау осымен шектелмейді.

Оқырман назарына ұсынылып отырған аталған серияның 42-томы батырлар жырына арналды. Бұл томға «Қарасай — Қазі» эпосының төрт нұсқасы енді.

«Қарасай — Қазі» жырының ел арасында кең тараған отызға жуық нұсқасы бар. Бұл жыр үлгілерін ХІХ ғасырдағы қазақтың көптеген белгілі ақын-жыраулары айтқан. Солардың қатарында: Мұрын, Қашаған, Айса, Қобылаш, Нұртуған, Мұрат, Жақсылық, Құдайберген т.б. ақын-жырауларды ерекше атауға болады.

Эпостық нұсқаларды ғылыми тұрғыдан жүйелеп, екі томға жинақтау жоспарланды. Алғашқы томға Мұрат, Қашаған, Нұрпейіс, Құдайберген, Төренияз, Мүстежеп жырлаған нұсқалар

енсе, екінші томға Айса, Жақсылық, Сейіт және Маңғыстау өңірінен жазып алынған белгісіз жыршының нұсқалары ұсынылды.

Жалпы «Қарасай — Қазі» эпосы қазақ арасында «Қобыланды батырдан» кейінгі ең көп нұсқалы, халық сүйіп тыңдаған арналы жырлардың бірі.


Аталған жыр нұсқаларын ел арасынан жинап, жазып алып, бүгінгі ұрпаққа жеткізуші — Мұрат Құсниұлы, Ғұмар Қараш, Ығылман Шөреков, Халел Досмұхамедұлы, Асайын Хангелдин, Т. Күнтуғанов, Қартбай Қылышұлы, Иманбай Ұйықбаев, Төкен Кенжалин, Қ. Сыдиықов, Ш. Үсенбаев сынды халық мұрасы жанашырларының еңбегі өте зор.

«Қарасай — Қазі» эпосының сюжеттік желісіне XVI ғасырда Ноғай ордасы мен Қырым хандығының тұсында өткен тарихи оқиғалар арқау болған. Әйтсе де, жыршылар аласапыран кезеңнің оқиғаларын сол күйінше бейнелеуден гөрі, эпосты көркемдік тұрғыдан дамытып, өз қиялдарының елегінен өткізе отырып жырлағанын көреміз. Халықтық шығармадағы көптеген тарихи оқиғалар жинақталып, жырдың бас кейіпкерлері — Қарасай мен Қазидың маңайына топтастырылған. Эпикалық қуаты мол жырда Қарасай, Қазі мен Әділ сұлтанның Астрахан түбіндегі Қиғаш тауында, сондай-ақ Кавказдағы Дербент қаласы төңірегінде қалмақ, қызылбас елдерінің әскерімен болған ұрыс қимылдары және Әділ сұлтанның жау қолына тұтқынға түсуіне қатысты шытырман оқиғалар да кең қамтылады.


Бір айта кетерлігі, бұл аталған «Қарасай — Қазі» жырының варианттары бұрын-соңды еш жерде жарияланбаған. Мұның өзі эпостану ғылымына қосылған құнды жаңалықтың бірі десек қателеспейміз. Жыр мәтіндері ӘӨИ Қолжазба қоры мен ОҒК Сирек қорында сақтаулы қолжазбалардан алынып, араб әрпінен қазіргі әліпбиге түсірілді.

«Бабалар сөзі» сериясының негізгі ұстанымдарына сәйкес, қырық екінші том ғылыми қосымшалармен толықтырылды. Ғылыми қосымшаларға томға енген мәтіндерге жазылған түсініктемелер, сөздік, жер-су атаулары, мәтіндерде кездестірілген тарихи тұлғалар мен діни есімдерге арналған түсініктер, эпостың жинаушылары мен оның жырлаушылары туралы деректер, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, орыс және ағылшын тілдерінде жазылған түйін кірді.

Томның көлемі — 27,25 б.т.



Μ Θ Τ Ι Η Δ Ε Ρ



Қарасай — Қази

(Айса Байтабынов нұсқасы)

- Он таңбалы Ұрымда,
Қырық таңбалы Қырымда,
Сан таңбалы санайда,
Он екі баулы ноғайда,
Баба Түкті баба өтті,
Едіге сұлтан хан өтті,
Төрехан, Мұса жана өтті.
Онан туған Орақ пенен Мамай-ай!
Орақ Мамай күнінде,
10 Теңгерілген ноғай-ай!
Орақ деген ер өтті,
Мамай деген хан өтті.
Орақтан қалған қос жетім —
Қарасай, Қази бала өтті.
Әкесінен Қарасай қалды он бесте,
Қази қалды он үште.
Жетімге дұшпан көп болды,
Қарайтын кісі жоқ болды.
Мамай хан өліп қалған соң,
20 Иесіз болып елдері,
Ылай болып көлдері,
Ноғайдың сынып белдері,
Қызықты дәурен кең пейіл,
Басынан кетіп күндері.
Орақ-Мамай анасы,
Ақылдың қара сабасы
Қорғанышы жоқ болып,
Қолында жетім қалғасын
Немере екі баласы,

- 30 Кемпір елін жинады.
«Басшысыз халық болмас, — деп,
Хансыз халық оңбас», — деп,
Шынтемір деген шал екен,
Жаннан асқан бай екен,
Баласы жоқ жан екен,
Бір перзентке зар екен.
Қартайғанда таққа мінсін деп,
Көтеріп көңіл жүрсін деп,
Хан Мамайдың орнына
- 40 Таққа халық мінгізді,
Шынтемір таққа мінеді.
Шынтемір таққа мінгенін
ОрақМамай анасы
Қараүлектей кемпірдің
Көңілі анық сүйеді.
Мамайдың тоқал шешесінен туған
Смайыл мен Тобаяқ,
Әли менен ер Сидак
«Мирасымды бермед, — деп,
Қараүлек кемпір көрмед», — деп,
- 50 Өкпелеп қатты жөнелді.
Хан болған соң Шынтемір,
Боз жорға аты астында,
Алтын қалпақ басында,
Қырық уәзірі қасында,
Қарала тазы соңында,
Қаршығасы қолында,
Ит жүгіртіп, құс салып,
Қара көлдің қасында,
- 60 Күміс төбе басында жүреді.
Қалмақтың ханы Темірханнан
Қырық кісі келеді.
Қырық кісі ішінде
Ханбегі деген ер еді,
Тілге жүйрік неме еді.
Келе сала Ханбегі,
Ханға сәлем береді.
Шынтемір хан сөйлейді:

- Шауқын бұлбұл саласың,
70 Кідірсең жолдан қаласың.
Әскер жинап қасыңа
Ханбегі, қайда барасың?
Қалмақ, ноғай жан едік
Неге келдің жеріме,
Неге келдің еліме?!
Жұмыс болса, айт, — деді,
Осы арадан қайт, — деді.
Ханбегі сонда сөйледі:
— Қатуланба, қамданба,
80 Қарт бурадай шамданба,
Долданба, шалым, долданба.
Ат үстінде ырғалма,
Ақырма, маған шалым-ай,
ОрақМамай өлген соң,
Белгілі ғой халің-ай!
Бөлем, ноғай, қазағым,
ОрақМамай өлген соң,
Кеткен жоқ пе еді сәнің-ай!
Алмай қояр деп пе едің,
90 Орақтың төккен қанын-ай.
Кешегі кеткен Орағың
Самарқанда сандалды.
Мұнанайды мұнда алды,
Алаусамды анда алды,
Балуандыдан Батырхан.
Алшағыр мен Бабахан,
Жеті ханымды өлтіріп,
Алтын тағым құлаған
Қатын, балам жылаған.
100 Тұлымдымды тұл қылдың,
Айдарлымды құл қылдың,
Жібегімді жүн қылдың,
Туырлығымды тоқым еттің,
Керегемді отын еттің,
Қызымды қатын еттің,
Қатынымды жесір еттің,
Баламды жетім еттің,

- Елімді иесіз еттің,
Кетірдің сәнімді,
110 Шығардың жанымды,
Ағыздың қанымды,
Еріксіз алдың малымды.
Бәлем, ноғай, шал ноғай,
Бозжорға аттың үстінде шалқыма.
Тілегімді Құдай берді деп,
Көзімнің жасын көрді деп,
ОрақМамай өлді деп,
Кек алар кезек келді деп,
Со кегімді аламын
- 120 Еліңе бұлгін саламын.
Қазифа малды бақтырмай,
Қарасайға отты жақтырмай,
ОрақМамай шешесі,
Қараүлектей кемпірдің
Таяқ беріп қолына,
Саламын қойдың соңына.
ОрақМамай өлген соң,
Ісім келді оңына.
Зығырым оттай қайнайды
- 130 Орақ пенен Мамайдың
Қылығы түссе ойыма.
Мамайдан қалған жалғыз қыз,
Жібек шашын жүн қылмай,
Қара басын күң қылмай.
Қарасай менен Қазиды
Қара басын құл қылмай,
Ноғай, қазақ қор қылмай.
Сен құсаған хандардың
Етіңді кесіп тілгілеп,
- 140 Ит пен құсқа жем қылмай,
Алынбайды кегім-ай,
Білдің ғой сөздің жөнін-ай!
Жана бітім етемін,
Көне қойсаң өзіңе,
Жас ағып тұрған көзіңе.
Орақ пенен хан Мамай,

- Не қылған жоқ өзіме?!
Ерегіссең, кәрі шал,
Орақ пенен Мамайдың
150 Ісін қылам өзіңе.
Азап үзді шідерді,
Ауылым көшіп үдерді,
Темірхан саған жіберді,
«Дегеніме көнсін, — деп,
Айдағанға жүрсін, — деп,
Айтқаныма көнсін, — деп,
Мамайдан туған Қымбатты
Тоқалдыққа берсін, — деп.
Қарасай, Қази қос жетім,
160 Құл болуға көнсін, — деп,
Дінімізе кірсін, — деп.
Айтқаныма көнбесе,
Дініме менің кірмесе,
Үш жылғы отаудан есеп бермесе,
Жер ортасы Қиғаш тау[ға]
Соғысуға келсін, — деп.
Шынтемір сонда сөйледі:
— Аулыңызға қайт, — деді,
Ханға сәлем айт, — деді,
170 Он бес күн пұрсат бер, — деді,
Он бес күннен соң кел, — деді.
Дәл он бес күн болғанша,
Халқымды жинап алайын,
Ортаға сөзді салайын,
Кеңесіп елмен қарайын,
Көнемін десе көнейін,
Сұрағанын берейін.
«Көнбеймін» десе көп халық,
Соғысуға келейін.
180 Жолдасым жоқ, жорам жоқ,
Бұл арада не дейін.
Шынтемір елге келеді,
Елге хабар береді.
Елін жиып алады,
Ортаға сөзді салады.

- Смайыл мен Тобаяқ
Қараүлектей кемпірдің
Дұшпанының бірі еді.
«Хан қоймадың мені» — деп,
190 Өкпелеп оған жүр еді.
Есебін тауып еске алып,
«Жетім бала, жесір қатындар
Бір қақсатармын» — деп еді.
Уәдесі есте жүр екен,
Смайыл мен Тобаяқ,
Ноғайлы елге сөйледі,
Сөйлегенде бұй деді:
- Дегеніне көнелік,
Айдауына жүрелік,
200 Бағыналық кірелік.
Әкесін жұтқан қу басты —
Ағасы жоқ, іні жоқ,
Қуарып тұрған сұм басты,
Мамайдан қалған жалғыз қыз
Тоқалдыққа берелік.
Орақтың қылған кесірін,
Өзіменен төлелік.
Қарасай, Қазі жетімді,
Құлдығына берелік.
- 210 Біреудің салған бөлесіне,
Неге барып өлелік!
Ноғайда барды Ормамбет,
Ормамбет деген биі бар,
Елібайдай елші бар,
Толыбайдай сыншы бар.
Ноғайда бар екі би
Қасым би мен Қалу би.
Ноғай тұрып жиналды,
Ақыл таппай қиналды.
- 220 Қартайған әкең Ормамбет
«Не айтам» деп ойланды.
Қасым би мен Қалу би
Екеуі тұрып сөйледі:

- Жердің жауған нұры жоқ,
Ел қорғаны қос жайсаң,
Екеуінің бірі жоқ.
Кел, Қарасай мен Қазиды
Бері шақырып алалық,
Құлағына салалық.
- 230 Бөрінің екі баласын,
Қандай екен сыналық.
Сол көнсе, біз де көнелік,
Сол өлген жерде өлелік,
Соған билік берелік.

- Шақыртып Қарасайды алады,
Қарасай батыр келеді.
Сыпыра жырау сөйлей береді:
— Ай, Қарасай, Қарасай,
Орақтың екі баласы-ай.
- 240 Жаңбыр жаумай жерің тұр,
Балығы кетіп көлің тұр,
Панасы кетіп елің тұр.
Ақыл таппай ойланып,
Шешендер мен биің тұр.
Едігені ескі кек,
Еске түссе нелер жоқ.
Темірхан хабар салып тұр,
Мазамызды алып тұр.
Кілең жетім, қарағым,
- 250 Жақсыдан қалған тұяғым,
Сендерге торын жайып тұр.
Ел панасы кеткен соң,
Алтындарың мыс болып,
Қорғасын болып ағып тұр.

- Қарасай сонда сөйлейді:
— Жақсы айтасың, ағаке,
Мен дұшпанға көнбеймін,
Қолымнан арды бермеймін.
Мен дұшпанға бағынып,
- 260 Дініне оның кірмеймін.

- Қызылбастың жауына
Аяғына бас ұрман,
Басымнан дұшпанның сөзін асырман.
Мен болсам Орақ баласы-ай,
Атамның атын жасырман!
Атамның салған жолы бар.
Сасқанда жәрдем беретін,
Қысылғанда келетін
Баба Түкті Шашты Өзіз,
270 Едіге сұлтан пірім бар.
Жүрегімде зәрім бар,
Білегімде әлім бар,
Киюіме тоным бар,
Мен сияқты батыр бар,
Дұшпанға неге жалынар,
Жарау атқа ер салмай,
Емен найза қолға алмай,
Бес қаруды белге ілмей
Үзбелі де ілмелі,
280 Ақ сауыттан тон кимей!
Жабықпа, халқым, жабықпа,
Тарықпа, халқым, тарықпа,
Дұшпаннан қорқып, зарықпа!
Он бесіме келген соң,
Жау дыбысын білген соң,
Жалтармай мен шығайын жарыққа.
Не қылғаным дұшпанға
Қолдан арды бергенім!
Қызылбасқа бағынып,
290 Не қылғаным жүргенім?!
Мұнан да маған көп жақсы,
Он бесіме келгенде,
Халқымның ары үшін,
Қатын менен бала үшін,
Жылаған кемпір, шал үшін,
Оққа ұшып өлгенім!
- Қарасай ақ құба, кең көкіректі,
Келбетті, жазық маңдай, бота көзді,

- Айтты да жүре берді осы сөзді.
- 300 Қарасай кетіп қалған соң,
Әнжі Смайыл сөйледі:
— Қарасайды Құдай ұрған ғой.
Әкесіне тартып, қасарма
Болып туған ғой.
Онбестегі баланың,
Не келеді қолынан?!
Көшіп, қашып кетелік,
Сырдариядан зырқырап,
Әрмен қарап өтелік.
- 310 Күл болмаса, бұл болсын,
Ұнталсын да ұн болсын,
Аспанға ұшқан күл болсын,
Орақ-Мамай ауылын
Жұртқа тастап кетелік.
Әнжі Смайыл сөзіне
Көп ноғайлар нанады.
Құдай ұрып ноғайды,
Түн ортасы болғанда
Қонысынан көтеріліп,
- 320 Қашып барады.
Еділ, Жайық — екі өзен,
Әдіра мұнан қалады.
Ертең таңдар атқанда,
Екі бала ұйықтап жатқанда,
Үйден шығып Қараүлек,
Жан-жағына қарады.
Жан-жаққа көзін салады,
Таң-тамаша қалады.
Жайылып жатқан мал да жоқ,
- 330 Қыбырлап жүрген жан да жоқ,
Көп ноғайдың бірі жоқ,
Қараүлек қайта үйге кіреді.
Ұйықтап жатқан баласын
Оятайын деп еді,
Тағы да кемпір ойланды,
Қабыл еді-ау тілегім,
Ұзағынан тілейін.

- Мезгілсіз барып оятсам,
Екі бірдей қарғамның
340 «Жау келіп қалды» деген соң,
Қозғалтармын жүрегін.
Қозғалмасын жүрегі,
Істің болар себебі.
Күн сәскеге толғасын,
Ұйқысы әбден қанған соң,
Тамағына тойған соң,
Тысқа шығып, Қарасай
Жан-жағына қарады,
Төңірекке көзін салады.
- 350 «Ел қайда?!» деп сұрады.
Жүгіріп келіп Қараүлек,
Қарасайдай баланы
Таяқпен басқа ұрады.
Ұрып кемпір толғады,
Сөздің басы Құранды-ай:
— Шығарған Құран бір Алла-ай,
Жеті атадан келе атқан,
Мынау бір алтын орда еді.
Таратпаған құралды-ай,
- 360 Қазақ, ноғай, ұранды-ай!
Қос жайсаңның барында,
Бәйгеден талай келтірдім,
Тай, жабағы, құнанды-ай.
Жайсаңым қолдан кеткен соң,
Алтын туым құлады-ай.
Басымнан кетіп базарым,
Бетімнен кетіп ажарым,
Қолдан кетіп құралым,
Кетіп отыр қажарым.
- 370 Сен, Қарасай, оңбадың,
Жатырың жаман болды ма?!
Қарғама тартып тумадың,
Жау мен елді білмедің,
Қарғамнан қалған қара атты
Алшаңдатып ойнатып,
Ауыздығын шайнатып,

- Екі көзін жайнатып,
Салқынға сарай байлатып,
Қуарғыр, жетім, мінбедің!
- 380 Ноғайлы деген ел қайда,
Қатар құрбы, тең қайда,
Қу жетім, кімге сенесің?!
Әкең өліп қалған соң,
Білмедің бе шешеңнің
Қайырға шөккен кемесін?!
Ел көшті, жылқыны жау алды,
Атты қайдан мінесің?!
Қу жетім ақыл менен ойың қайда,
Кешегі ноғайға айтқан сөзің қайда?!
- 390 Ішімде тарқамайтын болды арман,
Адамға болды қорлық жаяу қалған.
Андыған сырттарыңнан жауларың көп,
Қалдырмай көп жылқының бөрін алған.
Жылқыны жау алыпты,
Мамай мінген Көкмойнақ,
Орақ мінген Тайқара ат,
Көп жылқының ішінде
Қиқумен кетіп барады,
Бауырынан жараған,
- 400 Шекесінен қараған.
Жау екенін білген соң,
Шекесінен қарады,
Құйрығын саурына салады.
Көп жылқыдан қоштасып,
Ол жылқыдан бөлініп,
Кейін қарай шабады.
Орақ пенен Мамайдың,
Моласына барады.
Алтын менен күміспен
- 410 Өнерлеп салған моланың
Қасына барып тұрады.
Жүгіріп келді Қарасай
Әкесінің басына,
Тайқара аттың қасына,

- Атқа келді жантақтап,
БІқылықтап, так, так-тап
Қара аттың төменгі ерні жыбырлап,
Жоғарғы ерні қыбырлап,
Тайқара атқа тіл бітті.
- 420 Әңгіме айтып, зырғытты:
— Сен Қарасай, оңбадың,
Ораққа тартып тумадың.
Орақ өліп қалған соң,
Малым бар деп келмедің.
Әкемнен қалған мирас, — деп,
Қарасай, мені бақпадың,
Мақпалдан жабу жаппадың,
Жібектен арқан тақпадың,
Алтыннан қазық қақпадың.
- 430 Көп жылқыда жүргіздің,
Түгімді күнге күйгіздің,
Етіме салқын тигіздің,
Салақ құлды мінгіздің,
Тіпті есімнен кетпейді
Құлдың мініп шапқаны-ай,
Жаман терлік, сатпақ тоқым
Арқама қатты батқаны-ай.
Әкесінің барып қасына,
Құран оқып басына,
- 440 Тайқара атқа келеді,
Қарасай сөйлей береді:
— Көкемнен қалған Тайқара ат,
Төрт аяғың сом болат,
Қолтығыңда қос қанат,
Танауыңа болайын,
Түбі түскен шелектей.
Құйрықжалға болайын,
Бұхардағы жібектей.
Екі көзің шолпан жұлдыздай,
- 450 Түгің қара құндыздай.
Омырауың есіктей,
Ойынды етің бесіктей.
Белдемеңе болайын,

- Қайырда жатқан сазандай.
Сауырыңа болайын,
Төңкерген қара қазандай.
Омырауыңа болайын,
Еділден шыққан аңғардай.
Тұяғыңа болайын,
460 Ұсталар соққан сандалдай.
Жүрісіңе болайын,
Қыз жанаған бойдақтай.
Келбетіңе қарасам,
Төрт қырлап жонған қайрақтай.
Жарауыңа болайын,
Үлектен туған тайлақтай.
Қара ат аузын ашып есінеп,
Қарасайды иіскелеп,
Жүгенге басын кигізді,
470 Ауыздықты тістелеп.
Қарасай мініп алады,
Кешегі кеткен жылқының
Соңынан кетіп барады.
Қару-қапшық бойда жоқ,
Өлем деген ойда жоқ.
Қималы құрық қолында,
Тіпті өлім жоқ ойында.
Жылқыны жау алыпты,
Ақсақ тай, жетім құлындар
480 Жол бойында қалыпты.
Мініп алып, «шу» деді,
«Шу» дегенде гуледі,
Табаны жерге тимеді.
Арандай аузын ашады,
Ақ көбікті шашады.
Көлденең жатқан қара тас
Қорғасындай басады.
От орынды тұяқтай,
Құйрықжалы құрақтай;
490 Жазылған соң бауыры,
Ойнақтады лақтай.
Үш күн болған қалмақтың

Кіші бесін уақытта
Артынан жалғыз құлапты-ай.

- Қалмақтың басы Қараман
Еңіреген ер екен,
Еңіреген ердің бірі екен.
Бес қаруы белінде,
Арттан біреу келер деп,
500 Кедергіде жүр екен.
Қарасайды көреді,
Қараман сөйлей береді:
— Өлген жоқ Орақ тірі екен,
Жұрт өтірік айтып жүр екен.
Қой, қашайын қалама,
Жетейін қатынбалама,
Өліп қалармын далада.
Ашуланған ол — Орақ
Келмес менің шамама.
510 Біздің қалмақ — антұрған
Көтін қысып тек жүрмей,
Тары-талқанын жеп жүрмей,
«Аулын Орақ шабам, деп,
Жылқысын мұның алам», деп.
Орақ бізге бола ма,
Орақ келсе қоя ма?!
Астымдағы боз атым,
Ораққа өтпес болатым.
Осы өлімнен құтқарсаң,
520 Жануар сені бағармын,
Бабыңды сенің табармын,
Сусынға сүтті берермін,
Арпа, сұлы ілермін.
Жалғыз балам — Досмамбет,
Досмамбеттей көрермін.
Шу, жануар, боз шолақ,
Келіп қалар ер Орақ,
Ақылсыз қалмақ бұл дурак.
Қазір Орақ келген соң,
530 Болып қалар шүп-шұнақ.

- Өскерге салып келеді,
Қараман сөйлей береді:
— Өлген жоқ Орақ тірі екен,
Өтірік айтып жүр екен.
Шаңы шығып, бұрқырап,
Келе жатыр бір қара.
Мінген аты зырқырап,
Келе жатыр бір қара.
Бір болса да зор қара,
Мың қарадай көрініп,
540 Астына мінген атының,
Жал-құйрығы төгіліп,
Жер солқылдап, қара тастар сөгіліп.
Бөлем, қалмақ, сабыр ет,
Орақ, Мамай жылқысын
Олжа қылам деп пе едің?!
Шырмады сені өбілет.
Жылқы алмақ түгіл балам-ай,
Бас-басыңның қамын ет.
- 550 «Шу», — деді де аулына қашып жөнелді.
Айтқан ауыз жұмғанша,
Ескен желдер тынғанша,
Қарасай келді ақырып.
Қойға тиген бөрідей,
Келген жерден жапырып.
Қарсы келген қалмақты
Қағып тастап барады.
Кесе келген қалмақты
Кесіп кетіп барады.
- 560 Шапшаң-шапшаң қалмақты
Шаншып кетіп барады.
Қалмақтың бөрі айдарлы,
Асыл туған Қарасай
Айқастырып байлады.
Қалмақтар бөрі шалбарлы,
Арыстан туған Қарасай
Шалбарлыны жалмады.
Бесінде келген Қарасай

- Күн батпай-ақ жылқыны жаудан айырды,
570 Кейін қарап қайырды.
Есіктің алдын тал көрді,
Балшықты жер, жар көрді.
Соғыспай қалмақпен қалуға,
Қарасай өзіне-өзі ар көрді.
Қарусыз барып, соғысты,
Балалықтың зарпынан,
Жан бармады артынан.
Қолындағы құрықтың,
Тек тұтамдайы қалып жүр.
- 580 Қарсы келген қалмақтың
Қаруын тартып алып жүр.
Қалмақтың мықты қаруы,
Өзіне бөле болып жүр.
Жеті күн соғыс салады,
Қалмағы құрғыр көп екен,
Ауыр әскер, қол екен —
Қарусыз соғыс салады.
Орақтың жетім баласы-ай,
Үш мың кісідей қалмақтың шамасы-ай,
- 590 Жарма жарын алады,
Жарма жары қалады.
Қызыл жарлы түбекке
Қарасайды қамады.
Бір жағы терең су екен,
Бір жағы биік жар екен.
Әдіра қалғыр, сол жердің
Оппа балшық бар екен.
Жамалдағыр Тайқара ат
Жалтақтап шауып жүргенде
- 600 Оппаға барып құлады.
Асыл туған Қарасай
Аттан түсе қалады.
Жалаң аяқ, жалаң бас,
Көзінен ағып қанды жас,
Қолында жоқ қаруы,
Жерден алып қара тас,
Қара тас алып соғысып,

- Атын бермей бағады.
Үйде жатып апасы түс көреді:
- 610 Мамық төсек үстінде,
Жатыр еді шешініп,
Жатыр еді көсіліп,
Шошып кетіп түсінен,
Тұра келді өкіріп,
Көзінің жасы секіріп,
Тұра келіп сөйлейді:
— Текемет ойдым, түр салдым,
Қырмызы алдым, зер салдым,
Жасаған Құдай,
- 620 Қайта-қайта зарлатып,
Мен қасқа сенің неңді алдым?!
Басыңды көтер, қу Қази,
Қуарып туған, сен Қази!
Қарағым жауға кеткенде,
Ұйықтағаның нең, Қази?!
Бір түйеде екі өркеш,
Бірінен соң күші жоқ.
Бір биеде екі емшек,
Бірі кетсе сүті жоқ.
- 630 Бір маңдайда екі көз,
Бірінен соң жарық жоқ.
Бір иінде екі қол,
Біреуі кетсе қару жоқ,
Қарасай қарғам нағыш жүр?!
Сәуелім шайтан болмаса,
Қапаланып қамалып,
Қарағым қатты налып жүр,
Ортаға дұшпан алып жүр.
Үсті құтсыз ит еді-ау,
- 640 Тайқара аттың үстінен
Қарағым түсіп қалып жүр.
Атамнан қалған төрт бүркіт
Бауырымды бағып жүр.
Қази көтеріп басын алады,
Кемпірге көзін салады:
— Мен мінетін мамекеай,

- Ат бар ма? — деп сұрады-ай.
Ат сұраған баланы
Жүгіріп келіп Қараүлек,
650 Таяқпенен ұрады-ай.
Салса балта, өте ме
Шағырлы таудың басына?!
Нелер кетіп, не кетпейді,
Ер жігіттің басына.
Қуарып туған қу Қази,
Болат едің, жасыма!
Қарасай атқа мінгенде,
Жау қарасын көргенде,
Жауды көрсе жасқанып,
660 Тұратын ба еді Едігенің тұқымы?!
Қызықпенен кіргенді,
Көп болғанда шіркіннің,
Қаруы жоқ, қапшығы жоқ,
Азырақ сасып жүрген-ді.
Тұра сала қу Қази
Беліне жүген салады,
Қолына тоқым алады,
Жылқыны қарап жөнелді.
Көп құдықтың басында,
670 Көп астаудың қасында
Отыр екен тоқсан құл,
Құлға салып келеді,
Құл бастығы Құлтай құл
Еңіреп қоя береді:
— Жақсыдан қалған тұяғым,
Жетім қалған лағым.
Жалаң аяқ, жалаң бас,
Табаныңа кіріп қара тас.
Жабылып келді-ау қабағың,
680 Қалай болар талабың!
Көп жылқыны жау алды,
Орақ мінген қара атты,
Мамайдан қалған Көкмойнақ,
Сол екеуін жана алды.

- Жаяу Қази келеді,
Қабағын қатты түйеді.
Қабағын қатты түйгенде,
Бет алдына жан келмейді деп еді,
Алмадай мойнын бұрады.
- 690 — Ең болмаса, қолау тай,
Қалған жоқ па? — деп сұрады.
Құлтай құл сонда сөйледі:
— Кешегі Орақ барында,
Кешегі Мамай қанында,
Қойға мінген құла айғыр,
Түйеге мінген кер бие,
Болдырып қалды далада.
Сол екеуі қосылып, құлапты
Құрақты көл деген салаға.
- 700 Жылқыдан кеткен бір бүйірай,
Құланмен болған үйірі-ай,
Айғыр болса жалданып,
Бие болса қоңданып.
Биеге айғыр шауыпты,
Кіл көк бөрте ат тауыпты.
Айдауымызға жүрмейді,
Көп жылқыға ермейді.
Көрінеді қарасы,
Қырық, отыз бар шамасы.
- 710 Аңдып барып бір көрдім —
Кер бие мен құла айғыр,
Кіл көк бөрте баласы.
Мекендеп жүрген жері бар,
Су ішетін көлі бар,
Қолыңа арқан ал, — деді,
Құрақты көлге бар, — деді,
Аяқ тұзақ құр, — деді,
Көрінбей өзің тұр, деді.
Сонда ұстап аларсың,
- 720 Есебін сөйтсең табарсың.
Құлдан енді көп арқан
Қу Қази қолға алады,
Жүгіріп көлге барады,

- Айнала аяқ тұзақ құрады.
Күн сәскеге толғанда,
Күннің көзі қызғанда,
Құла айғыр бастап, жануар
Үйренген жерге құлады.
730 Бір көк бөрте ат су ішті,
Бауырлап суды көп ішті.
Құрып қойған тұзаққа
Арнаулы барып сол түсті.
Қази көріп жүгірді,
Тұзаққа ат ілінді.
Адам көрмеген тағылар
Қазидан үркіп бүлінді.
Арқаннан ұстай алады,
Қази ерді тоқтатпай,
Сүйреп кетіп барады.
740 Сонда Қази ақырды:
— Қырық берен досым-ай,
Келмедің-ау қасым-ай.
Жетімдік, жастық —
Бәрі менің басымда-ай.
Бір тайды ұстап ала алмай,
Үлкендер мұрның кесілсін,
«Арыстаннан күшік туады»
Деген осыма-ай!
- 750 Табанын тасқа тіреді,
Тірегенде табаны,
Табандағы қара тас
Қорғасын бола береді.
Толғай, толғай тартқанда,
Тобығынан тасқа кіреді.
Көкбөрте атты ұстап алады,
Жүгені жоқ ері жоқ,
Күшінің тіпті жөні жоқ —
Ноқталап алып арқанмен,
Аулына қарап шабады.
760 Апасы енді-ау ақ Қымбат
Алтын кебіс жалтылдап,

- Ақ маңдайы жарқылдап,
Алтын шашпау салпылдап,
Маржан тісі тізіліп,
Раушан көзі сүзіліп,
Күмістей қасы тігіліп,
Оймақтай аузы бүріліп,
Орақтан қалған алтын ер,
Алтын ерді құшақтап,
770 Үйден шықты-ау жүгіріп.
Көкбөрте атты көреді-ау,
Сауырынан сипалап,
Маңдайынан төу етіп,
Танауынан сүйеді,
Ақ Қымбат толғай қоя береді:
— Айналайын, Көкбөрте ат,
Төрт аяғың сом болат,
Қолтығыңда қос қанат,
Үстіңде Қазі — аманат!
780 Айналайын, Көкбөрте ат,
Мен қасқа сені білмедім,
Арпаменен сұлы ілмедім,
Сусынға сүтті бермедім,
Түгіңді күнге күйгіздім,
Етіңе ыссы-салқын тигіздім,
Мақпалдан жабу жаппадым,
Алтыннан қазық қақпадым.
Жал құйрығың шашақтап,
Жібектен арқан тақпадың.
790 Құдай-ау, айналайын құдіретің,
Болғанда Хақ Пайғамбар Мұқамбетім.
Бар еді-ау жетім бағар шын міндетің,
Зарлаған жетім-жесір біз үмбетің.
Әйелдің пірі сен едің,
Бипатима Бибісі-ай!
Иә, Қадиша, Мәрия-ай,
Қос қарғам саған аманат!
Ердің бірі сен едің,
Қазіреті ер Гали,
800 Дүлдүл мінген, Зұлпұқар,

- Сәм-сәм қамқам қылыш ілген —
Қос қарғам саған аманат!
Әулие саған ат айттым,
Құдай жолы қой айттым,
Қос қарғамның жолына
Шыбын жанымды тағы айттым!
Үйден шықты Қараүлек,
Көзсіз жерлер көл емес,
Зейілді болмай би емес,
810 Тәуекел болмай ер болмас.
Бірің ердің баласы,
Бірің ханның баласы —
Ұлым менен қызым-ау,
Қайғыланып, зарланып,
Жылауларың жөн емес.
Үзеңгісі үзбе алтын,
Сағалдырық сары алтын,
Доғасының бәрі алтын,
Қамшысының сабы алтын,
820 Қырмызыдан терлігі,
Шұғадан желдігі.
Жасы да жас демесең,
Әкесінен кем емес
Тап осының ерлігі.
Ұзын бойлы, терең ойлы,
Шүңірек көз, жар қабақ,
Ат жақты, қыр мұрынды,
Көзі көк, түсі шұбар еді,
Соғысқа жас күнінен құмар еді.
- 830 «Шу» деді де жөнелді,
Шаңды-шаңға қосады,
Шаң аспанға жосады.
Қашырған соң тоғын-ай,
Кетірген соң боғын-ай,
Астындағы Көкбөрте ат
Ор қояндай жосады,
Арандай аузын ашады.
Көлденең ұшқан дуадақ,

- Секіріп үстінен асады.
840 Сайлы жерден ырғытып,
Тегістеу жерден зырғытып,
Алқайлы алқылдап,
Құйысқаны жарқылдап.
Аузынан аққан ақ көбік
Омырауда жалпылдап.
Басын тартса құрғырдың,
Бөксесі кетті қырындап,
Қос танауы пырылдап.
Көк найзасы жылтылдап,
850 Ақ алмасы жалтылдап,
Бес қаруы сартылдап —
Ұлы бесін болғанда,
Қарасын жаудың көреді,
Ә, дегенше келеді.
Жетіп келсе, Қарасай,
Суарып оғын алыпты,
Бабалары бағыпты.
Қарасай соғыс салып жүр,
Омыртқада он жара,
860 Қабыртқада бес жара,
Шұрқылтайда бір жара,
Шүмектеп қаны ағып жүр.
Өлетін екен Қарасай,
Бабалары бағып жүр.
Анда-санда қара аттың,
Жалын құшып қалып жүр.
Басы айналып батырдың,
Екі қары талып жүр.
Басы айналмай не қылсын,
870 Сорғалап қаны ағып жүр.

Қази батыр келеді,
Қарасай сөйлей береді:
— Келдің бе жалғыз, бауырым,
Иесіз қалды-ау ауылым.
Көзді жерлер көл еді,
Шыныменен тілесек,

- Тілекті Құдай береді.
Жеті атадан бері қарап,
Тұманға елді шалдырмай,
880 Табасына қалдырмай,
Үзілмей әруақ келеді.
Аз кісіге көп олжа —
Жаудан малды қайырдық,
Қайтқанымыз жөн еді,
Қалмақтың қолы қатты ғой,
Сарқырап қандар ақты ғой,
Жаны құрғыр төтті ғой,
Кел, қайтайық, — деп еді.
Қази сонда сөйледі:
890 — Ұрды ма Құдай өзіңді?!
Естімеймін сөзіңді.
Орақтан енді ұл туып,
Екі бөрі тең туып,
Жаудан қорқып қайтар ма,
Аттың басын тартар ма?!
Жарау атқа мінген соң,
Қару-қапшық ілген соң,
Жау қарасын көрген соң,
Қайғыны жігіт айтар ма?!
900 Онысын бізге кім айтар,
Қази менен Қарасай,
«Жаудан қорықты» демей ме,
Орақтың екі баласы-ай.
Қорықсаң, тұр сен, — деді,
Қорықпаймын мен, — деді,
Қызығымды көр, деді.
- «Шу» деді де, жөнелді,
Қалмаққа келіп тиеді.
Ай мүйізді ақ қошқар,
910 Қасқыр тартты қоңынан,
Күні туып оңынан,
Қази келді соңынан.
Кірген жері есіктей,
Шыққан жері тесіктей.

- Қази тиді ақырып,
Әруағын судай сапырып,
Қалмақтың туын жапырып,
Айқай-сүрең салады,
Арқыратып салады,
920 Қиқу сүрен салады,
Қызықпенен қырады.
Ақ алмасты сермеді,
Сермесе қолы дендеді.
Қарсыласып, қағысуға
Қазиға кісі келмеді.
Сол кездері Қазидің
Көкпеңбек болып беттері,
Бетінен шығып түктері —
Екі көзі қанталап,
930 Әруағы анталап,
Жау қарасын көрген соң,
Қызыл қанға кірген соң,
Қойға тиген бөрідей
Құтырып кетті зәнталақ.
Қылышпенен шапқылап,
Көк найзамен сұққылап,
Тағы атты мылтықты,
Қалмақтың туы жығылып, ынтықты.
Қалмақтың ісі оңбады,
940 Қарсыласып қағысқан,
Қылышпенен шабысқан,
Кезекпен найза салысқан
Жауда кісі болмады.
Бес мың әскер қол еді,
Тапжылмайтын неме еді.
Бес жүз-ақ кісі қалыпты,
Қызылбас жаман тарықты.
Өлеміз деп қорықты,
Мінген аты зорықты.
950 Тасқанменен көшпін деп,
Бір апатқа жолықты.
Қолдың басы Көкеман —
Ақылды қалмақ бұл еді,

- Ақылы көп ер еді.
Әскерін жауға алдырмай,
Көптен әскер басы болып жүр еді,
Көкеман сөйлей береді:
— Әй, Қази менен Қарасай,
Жау үшін туған Орақтың екі баласы-ай!
- 960 Жеті атадан шынжырлы,
О, сендерге кімнің шарасы-ай!
Үйрек ұшып, қаз қонған,
Мамайдың қара сабасы-ай.
Көтіміз қысып тек жүрмей,
Өлімізді бір білмей,
Аламын деп жылқыңды,
Бастың келіп сылқымды.
Тыйдырдың ойын-күлкімді.
Енді қалған жеріме,
- 970 Көзімнің жасын көр, — деді,
Тілегімді бер, — деді,
Сұлуым болса, сүй, — деді,
Қырмызым болса ки, деді.
Жорға да көп, жүйрік көп,
Қалауыңды мін, — деді.
Айналайын, Қарасай,
Қолдарың сенің қатты ғой,
Жаны құрғыр тәтті ғой.
Батпансыған ерлердің
- 980 Талайы өліп жатты ғой.
Жылады қатын баламыз,
Иесіз қалды қаламыз,
Алыс емес арамыз,
Дегеніңе көнемін,
Айдауыңа жүремін,
«Өл» деген жерде өлемін.
Өкпе-бауырым ем болса,
Қарағым, саған беремін.
Ендігі қалған жерлерде,
- 990 Тілегімді бер деймін,
Көзімнің жасын көр деймін,
Бір шыбындай жанымды,

- Сауғаға сұрап еңіреймін.
 Қарасай өзі ер еді,
 Кеудесі де кең еді.
 Артын ойлап, Қарасай:
 «Тілегің бердім», — деп еді.
 Қуарғыр Қази сөйледі:
 — Қарағай садақ, қырық кез оқ,
- 1000 Буынып алсам белге тоқ.
 Қарасай атты көеке,
 Қайратың көп те, ақыл жоқ,
 Мен сорлыда ғапыл жоқ.
 Етекті кессе, жең болмайды,
 Ежелгі дұшпан ел болмайды.
 Дария құяр теңізге,
 Бай қуанат егізге.
 Нәсілі жаман қызылбас,
 Түбінде тартат негізге.
- 1010 Бізбен осы дос болмайды,
 Бізбен осы дос болса,
 Күндердің күні болғанда,
 Көңіліміз ашық қош болмайды.
 Уәде бұған бермелік,
 Сөзіне мұның сенбелік.
 Біз түгіл Орақ- Мамай ақыл сұраған,
 Әлемге ақылы ұнаған
 Анамызға баралық,
 Құлағына салалық,
- 1020 Сонан ақыл сұралық,
 Не дер екен анам-ай,
 Біз баралық соған-ай.
- Қалмаққа Қази сөйледі:
 — Әй, қалмағым, қалмағым,
 Мен ауылға барамын.
 Қараулектей анамның,
 Құлағына саламын.
 Не дер екен сол анам,
 Шешемнің тілін аламын.
- 1030 Он бес күнде келемін,

Оған дейін тырп етпе,
Жауабын сонда беремін.

- Аулына келеді,
Қази сөйлей береді,
Сөйлегенде не деді:
— Айналайын анам-ай,
Арнап келдім саған-ай.
Қарасай балаң туышты-ай,
Атаға тартпай жаман-ай.
- 1040 Барсам, балаң қашып жүр,
Қара тұман басып жүр.
Ер жігіттер тұра ма,
Жаудың көріп қарасын?!
Жігіттер бұйым көре ме
Жаудың салған жарасын?!
Балаң сонда шын айтты,
Қайтайық деп сөз айтты,
Қайтпадым сонда мен, — деді.
- 1050 Жау қарасын көрген соң,
Қайтама екен ер! — деді.
Жауға салған қырғыным,
Қайратымды көр, — деді.
Жеңіліп қалмақ жылады,
Шыбын жанын сұрады,
Талай қалмақ құлады.
Қалмақ бізге бағынды,
Қыздарын беріп жалынды.
Қарасай сонда күлді деп,
Олжаны тәуір көрді деп,
- 1060 Қыз беремін дегенге,
Қарасайдың жаны кірді деп,
Не қыл дейсің, анам-ай,
Қаратып келдім саған-ай?!
Сонда кемпір сөйледі:
— Мен садағаң кетейін,
Жанымды құрбан етейін.
Қос ботам кеткен мен мая,
Садаға етпей не етейін?!

- Орақ-Мамай тірілді-ау,
1070 Тірілгені білінді-ау.
Екі орданың ішінде,
Екі қарғам көрінді-ау.
Еділ, Жайық екі өзен —
Ел орнаған жер еді.
Алпыс екі саласы —
Мал орнаған жер еді-ау.
Шөлге шыққан суларға
Қарағай, қайың, тал орнаған жер еді.
Айдын-шалқар көлдерге,
1080 Қараша қаз, үйрек, қу орнаған жер еді.
Ел қорғаны кеткен соң,
Сол қоныстан көтеріліп,
Он екі баулы ноғайлы —
Көшіп кетті еліміз.
Көшті дағы ел кетті,
Бармағын тістеп ер кетті.
Қайғыменен би кетті,
Қаралы болып қыз кетті.
Қоныстан тайып мал кетті,
1090 Ботасын тастап нар кетті.
Бәрі кетіп қалған соң,
Қарасынсыз болған соң,
Мен сорлыны еңіретті.
Қарасайға «атқа мін», деді,
Мамайыма тартып ең,
Сөзің жұмсақ, қарағым,
Көкірегің кең, — деді.
Елеулі болсаң, ел ерер,
Басшылық қылсаң, көп ерер,
1100 Басшысыз болсаң кім ерер?!
Қамқор болсаң ел келер,
Қорғамасаң кім келер?!
Мырза болсаң кім келмес,
Сараң болсаң дым келмес?!
Қарасай атқа міне көр,
Беліңе қару іле көр.
Түн ұйқыңды бөле көр,

- Түнделетіп жүре көр.
 Кешегі кеткен ноғайды,
 1110 Қайтарып қонысқа алып келе көр.
 Қарасай атқа мінеді,
 Бес қару белге іледі.
 Үріккен елдің артынан
 Қарасай қуып жөнелді.
 Шынтемір тіккен ордаға
 Қарасай салып келеді.
 Төрде отырған ханына
 Иіліп сәлем береді.
 Құдай ұрсын, Шынтемір,
 1120 Балаға көзін салмады-ау,
 Сәлем берсе алмады.
 Қарасай атты беренді,
 Боқтап келіп, қарғады:
 — Белде, белде, белдің бе,
 Белдерден асып желдің бе?!
 Түн ұйқыңды бөлдің бе,
 Түнделетіп жүрдің бе?!
 Қан үшін ханды берем деп,
 Арнайы маған келдің бе?!
 1130 Қыршыныңнан қиылғыр,
 Мен Ораққа ердім бе?!
 Қалмақтан барып олжа алып,
 Орақпен бірге келдім бе?!
 Сөйледі сонда Қарасай,
 Орақтың үлкен баласы-ай:
 — Мен келмейін деп ем саған-ай,
 Сенің керегің жоқ маған-ай.
 Сен кеткенмен, Орақтың қатын-баласы
 Қалған жоқ қой қараң-ай.
 1140 Саған мені жұмсаған
 Қараүлек деген анам-ай.
 Сен кеткен соң қалғанбыз,
 Әуелден жауға бола туған жазғанбыз.
 Жылқымызды жау алып,
 Жылқыны жау алғанмен,
 Кетпеген екен әруақ бірден жоғалып.

- Біз қалмақпен соғыстық,
Қалмақты жеңіп біз алдық.
Көзді жерлер көл-ау деп,
1150 Көзсіз жерлер жол-ау деп,
Балалы адам тең-ау деп,
Баласыз адам кем-ау деп,
Сіз сияқты хандарды,
Перзентсіз болып жүр-ау деп.
Қызылбастың қорыққанда,
Батасы қабыл ел-ау деп,
Жеңгең саған жіберді.
Шынтемір сонда толғады:
— Батасы құрсын, алмаймын,
1160 Баласы құрсын, бармаймын.
Қартайғанда қалмақтың,
Алдаумен еріп мен саған,
Қолына түсіп қалмаймын.
Қарасай сонда ақырды,
Қатуланып қамданып,
Шамырқанып шамданып:
— Келіп едім елдікпен,
Айтып едім кеңдікпен.
Мен Орақтан туғасын,
1170 Көрмейтін бе едім теңдікті?!
Өзім атқа мінген соң,
Артыңнан қуып келген соң,
Сөзіме неге сенбейсің,
Жүр десем неге жүрмейсің?!
Қайғыңды сенің жегенде,
Неге достықты көрмейсің?!
Есіктің алды қыршын тал,
Қыршылдама, кәрі шал.
Бұл сөзіме құлақ сал,
1180 Айтқан менің тілімді ал,
Қонысыңды қайта сал.
Жылқы, түйе, қойыңды,
Мен табармын ойыңды,
Барсаң да, соған барасың,
Бармасаң да барасың,

- Бұл тілімді аласың.
 Ұялмай, жұртқа тастап кеткен соң,
 Орақтың қатын-баласын,
 Білдің бе бала шамасын?!
 1190 Шынтемірдің қатыны-ай,
 Жасынан-ақ көп еді
 Білік пенен ақыл-ай.
 Ақтолқын толғай береді:
 — Есіктің алды кең өзек,
 Сөйлеуінші-ай тіл безеп.
 Тай-құлыным ат болып,
 Қартым бар деп келген соң,
 Ағайын-тума, осы жақта
 Ұлтым бар деп келген соң.
- 1200 Қатар-құрбы, аға-іні
 Жұртым бар деп келген соң,
 Қайғы бізге не керек?!
 Қарасай атқа мінген соң,
 Қази атқа мінген соң,
 Дұшпанды жеңіп берген соң,
 Кел, көшелік, шалым-ай,
 Ақылсыз болма ханым-ай.
 Ел қорғаны қос жайсаң,
 Жастығына сене алмай,
 1210 Азғырғанға шыдамай,
 Қоныстан кеттік тайып-ай.
 Шынтемір атқа мінеді-ай,
 Көзінің жасын төгеді-ай.
 Аузы-басы балпылдап,
 Ақ сақалы салпылдап,
 Қартайғанда қалмаққа
 «Қорқам, ұстап бере көрме» деп еді.
 Қарасай тұрып ақырды-ау,
 Қасым би мен Қалу би,
 1220 Мұнда кел деп шақырды-ау.
 — Ормамбет ата қартым-ай,
 Айтамын сөзді, халқым-ай,
 Ноғай, қазақ жалпыңа-ай,
 Тыныштық қой артың-ай.

- Көшіңдер қайта жеріңе,
Көшіруге мен келдім —
Ноғайлы деген еліме,
Билік бермей көштіңдер,
Ормамбет, Қасым биіме.
- 1230 Орақтан тұған қос бала —
Біздер аман тұрғанда,
Келе ме дұшпан шеніңе?!
Шынтемірді ерітіп,
Қарасай батыр жөнелді.
Үркіп көшкен қалың ел,
Қайта көшті деп еді.
Шынтемір еріп келеді,
Жау қарасын көреді.
«Мені қалмаққа ұстап,
1240 Берейін деп келе жатыр» деп еді.
Атқа қамшы басады,
Қарасайдың қасынан
Бұрыла келе қашады.
Қарасай қуды жалынып,
Аузы-басы балпылдып,
Етек-жеңі салпылдап,
Алтын кісе жарқылдап.
Қазидың өзі ер екен,
Қанды ауызды бөрі екен.
- 1250 Қойға тиген бөрідей,
Көк найзасын шүйіріп,
Қызылбасты иіріп,
Қызыл жарлы түбекте,
Қызыл жардың қасында
Жалғыз өзі тұр екен.
Қази оны көреді,
Бірі қашып, бірі қуған,
Бұл немене деп еді?!
Айтқан ауыз жұмғанша,
- 1260 Қу Қази салып келеді .
Жетіп келді қу Қази,
Түсі шұбар, көзі көк, сұр Қази.
Қазидың кейігенін біледі,

- Қарасай езу тартып күледі.
 Жаудан қорқып жасқанып,
 Бармай жүр атаң деп еді.
 Қази оған болсын ба,
 Ықтиярға қойсын ба,
 Сүйреп ала жөнелді,
 1270 Қалмаққа алып келеді.
 Қолдың басы Көкеман,
 Қази келіп шабады.
 Шабақтап найза салады,
 Ат баурына алады.
 — Өлтіремін өзінді,
 Оямын екі көзінді.
 Ту сыртыңнан соямын,
 Екі көзінді оямын.
 Дегеніме көнесің,
 1280 Айдауыма жүресің.
 Жыл тәулігі болғанша,
 Осы мезгіл толғанша,
 Шынтемірдей ханыма,
 Кәтепті қара нарыма,
 Бір ұл мен бір қыз бересің.
 Ұл мен қызды бермесең,
 Келесі жыл болғанда,
 Осы мезгіл толғанда,
 Қызығымды көрерсің.
 1290 Көкемандай бейшара
 «Бір ұл бір қыз берем» деп,
 Ақыреттік дос болып,
 Сеніменен жүрем деп,
 Қазидың қолын алады-ау,
 Қалмақтар кетіп қалады.
 Түйе боздап, қой маңырап,
 Жылқылары шырқырап,
 Шаңдары ұшып бұрқырап,
 Құлын-тайлар бұлтылдап,
 1300 Қонысқа малдар құлады.
 Мамайдың кіші шешесінің баласы —
 Смайыл мен Тобаяқ,

- Әли менен ер Сидак —
Тәртеуінің қатыны-ай,
Мамайдың тума жақыны-ай.
Төрт қатынның жоқ екен,
Билік пенен ақылы-ай.
Бір-бір табақ алып,
Табаққа жеті-жетіден нанын салып,
1310 Орақ пенен Мамайдың барды басына,
Моласының қасына.
Смайылдың қатыны,
Отыра қала жоқтады:
— Балпаң-балпаң басқан, қайнаға,
Алтын Орданың есігін ашқан, қайнаға,
Жетім қалды-ау қайнағаның ауылы.
Қайнаға кетіп, сен қалып,
Құдай ұрған қу шешей,
1320 Құтсыз болды бауыры.
- Тобаяқтың қатыны,
Отыра қалып жоқтады:
— Шешей қалды оң жақта,
Шақшаң қалды шаңдақта,
Өлімнен қолың босанса,
Жеткенше үйге тайрақта.
Қараүлек келді қасына,
Баласының басына.
Қараүлек келіп толғады:
1330 — Әуеде ұшқан шөже құс,
Тұзақты құрсам қолға түс.
Жоқтасам, өзім жоқтайын,
Бөтен қатын, көтің қыс.
Бай, бай Мамай, бай Мамай,
Халық білген, хан Мамай,
Қайғысыз өткен, нар Мамай,
Арманым саған бар, Мамай,
Перзентсіз қылды-ау бір Құдай!
Өлдің Мамай — қор болдың,
1340 Ботасы кетіп боздаған,
Қартайған нар мен болдым.

- Мамайым бойға біткенде,
Ұшарына жеткенде,
Мен түсімде ай менен күн көрдім.
Ай менен күндей қылып,
Астанаға бірдей қылып,
Құдай-ау екі ұл бердің.
Алладан бұйрық келген күн,
Анаңды тастап жөнелдің.
- 1350 Бауыры суық қара жер,
Көңілімді суытып,
Қарағымды иелендің.
Торайғырдай топайлы Мамай,
Аруанадай шоқайлы Мамай,
Қарағаштай бұтақты Мамай,
Сәукеледей шытақты Мамай,
Отырған жерің омақты Мамай,
Молдадан алдың сабақты, Мамай,
Жасыңнан болдың талапты Мамай,
- 1360 Елді жасыңнан иеленген Мамай,
Басыңды мыңға теңеген Мамай,
Дұшпанға табан тіреген Мамай.
Былғарыдан саба ойдырған Мамай,
Алтыннан піскек қондырған Мамай,
Шаңырақ пен уықты
Сары алтыннан жондырған Мамай,
Жарқыраған алтынды
Шаңыраққа қондырған Мамай,
Тәрбие мен байлықты
- 1370 Астанадан оздырған Мамай,
Құлыныңның желісін
Шын жібектен тақтырған Мамай,
Алтыннан қазық соқтырған Мамай,
Ел көшкенде жүгіңді
Жеті нарға арттырған Мамай,
Ал желіңнің қасына
Айнала атты шаптырған Мамай,
Қырмызы киіп қырынған Мамай,
Жорға мініп ұрынған Мамай,
- 1380 Бай Мамай,

- Ер Мамай,
Хан Мамай,
Кең Мамай,
Мен қайтейн, құлыным-ай,
Бермеді-ау перзент бір Құдай!
Мамай, Мамай, Мамай-ай,
Мамайымның барында
Тасыған судай ноғай-ай!
Сол құсаған Мамайға
- 1390 Бермеді-ау перзент Құдай-ай!
Өлдің Мамай қор болдың,
Бүлінген ноғай ел болдың.
Қос жайсаңнан айрылып,
Қуарған кемпір мен болдым.
Зарыққан, зарланған,
Мен уақытқа кез болдым.
Бұл адасып айтқан сөзім-ай,
Ортақ екен өлім-ай,
Кім дүниядан өтпеген,
- 1400 Кімге ажал жетпеген?!
Он сегіз мың ғаламды билеген
Жын-шайтанды өргізген.
Суда жүзген балықты
Кереметпен жүздірген.
Құмырсқаның тасты басқанын
Аллаға айқын білгізген —
Дәуіттің ұлы Сүлеймен.
Бұларға да бұл дүния
Екі айналып келмеген.
- 1410 Батыр өтпес деп едім,
Қазіреті ер Ғали —
Жұмақтан шыққан дүлдүлі,
Оқ жыланнан жүгені,
Айдаһардан шылбыры,
Қам-қам, сәм-сәм сермеген,
Жеңіліп жаудан көрмеген.
Бұларға да дүние боқ
Екі айналып келмеген,

- Пенде бар ма өлмеген?!
 1420 Жалғыз өтпес деп едім
 Ыбырай ұлы Смағұл
 Ғарапа таудың басында,
 Әкесінің қасында.
 Ата міндет борышын
 Құрмандық болып шалынған.
 Әуеден түсіп көк қошқар,
 Сол себептен қалынған.
 Құрмандыққа қой шалған,
 Бұлар да өткен дүниядан.
- 1430 Байлар өтпес деп едім,
 Қырық түйе кійіт артқан,
 Қайырымсыз Қарын да өтті дүниядан.
 Бұл дүние тұрмайды,
 Өлімге себеп болмайды.
 Аман болсын артында
 Қазі менен Қарасай.
 Өксімеймін Орақты,
 Қалғасын екі баласы-ай.
- Ай, Орағым, Орағым,
 1440 Құрбысынан артық шырағым!
 Айда, айда, ай Орақ,
 Айбалтасы қанды Орақ,
 Жарау атқа ер салған Орақ,
 Емен найза қолға алған Орақ,
 Елін жаудан қорғаған Орақ,
 Жай бұлты торлаған Орақ,
 Жасынан аруақ орнаған Орақ,
 Қайырлы басын қайтейін,
 Аман болсын Қарасай-Қазі — қос тұяқ!
- 1450 Айта берсем сөзім көп,
 Қой десеңдер, қайран көп,
 Құр айтудан пайда жоқ.
 Орақ, Мамай кетіп артында,
 Мен қалад деген ойда жоқ.
 Осыменен қояйын,
 Елімді кеткен жияйын,

Қарасай-Қази қарағым
Тілегін соның сұрайын.

- Шынтемірдей ханыңнан
1460 Кәрілігі кетеді,
Жиырмаға қайта жетеді.
Аппақ болған сақал-мұрт
Тапталып қайта бітеді.
Сексенге келген шалыңа,
Аппақ қардай ет бітті,
Нұрланып қайта бет бітті,
Сақал менен мұрт бітті,
Жауырын мен сырт бітті,
Бұғақ пенен ұрт бітті.
- 1470 Жетпіске келген Ақтолқын
Жетпіс жасы кетеді,
Он беске қайта жетеді,
Қыз мүшесі бітеді.
Бойжетті қайта сүйріктей,
Кеуіп қалған қос шандыр,
Қайтадан шықты түйнектеп.
Күні үш айға толады,
Кемпір жерік болады.
Қатыр-қатыр қара тас,
1480 Қатырлатып шайнады.
Қызу алып барады,
Көкше мұзға көлбеді,
Қоңыр күздей көрмеді.
Жатыр еді есіліп,
Қырмызы пешпент шешініп.
Түсіне кірді бабасы,
Келген екен шамасы.
Кемпірдің сөзі дым тәтті —
Алтын кебіс сартылдап,
1490 Ақ маңдайы жарқылдап,
Лашын құстай ыңқылдап,
Қараша құстай сыңқылдап,
Маржан тісі тізіліп,

- Раушан көзі сүзіліп,
 Оймақтай аузы бүріліп,
 Сағағынан үзіліп,
 Исі жұпар аңқыған.
 Жанасқан адамның
 Тамыры еріп балқыған.
- 1500 Шалдың кіріп қойнына,
 Қолын салып мойнына,
 Ақтолқын сұлу оятты.
 Шалға келіп сөз қатты,
 Таңдағы ұйқы тым тәтті.
 Ақтолқын сөйлей береді:
 — Басыңды көтер, халық билеген ханым-ау,
 Құрттайымнан қосылған,
 Тәңірім қосқан шалым-ау.
 Мен жүрмін осы күнде неғып-ау?!
- 1510 Жатқанымнан тұра алмай,
 Көсілген аяқ жия алмай,
 Көкше мұзға көлбеймін,
 Үш айлық баланың,
 Қызуына шыдамай.
 Ақ жүзіктей білегім,
 Қабыл еді-ау тілегім.
 Басылмайды жерігім,
 Жеті басты айдаһар
 Тауып бермей жүрегін.
- 1520 Қартайғанда жасарып,
 Тілеп алған балаң-ай,
 Түсімде айтты бабам-ай.
 Айдаһар түгіл, кесірткеге әлің жетпейді,
 Қайдан іздеп табам-ай?!
 Шынтемірдей ханың-ай,
 Қарқ-қарқ күледі.
 Қуанғаннан бейшара
 Сөйлеп қоя береді:
 — Ой, қатын-ай, қатын-ай,
- 1530 Жоқ пе еді сен де ақыл-ай?!
 Табылмас дүние болмайды —
 Аман тұрса қамқорым,

- Екі бірдей батыр-ай.
Шақыртып Қарасайды алады,
Қарасай үйге келеді,
Ханға сәлем береді.
Қол қусырып әдеппен,
«Шақырдың неге» деп еді
Ханың сөйлей береді:
- 1540 — Қарағым, қалқам, Қарасай,
Еліміздің панасы-ай,
Саған кімнің шарасы-ай?!
Қайтпас қара ақ болат —
Орақтың үлкен баласы-ай!
Сауыт кидім, бойда жоқ,
Қару ілдім, қолда жоқ,
Бүйтемін деген ойда жоқ.
Байтаққа хан атанып,
Балалы болам деген ойда жоқ.
- 1550 Болыпты енді тілегім,
Бердің өзің себебін.
Шешең жерік болыпты,
Үш айына толыпты,
Өзің тауып бере гөр,
Жеті басты айдаһар,
Қарағым, соның жүрегін.
- Қарасай сонда күледі,
Күле сөйлей береді:
— Қарағай садақ, қырық өзек,
- 1560 Арыстан аш та, түлкі тоқ.
Айдаһар болса керегі
Қиын ба еді жылан боқ.
Мен анама барайын,
Құлағына салайын.
Дүнияда бар ма екен,
Шешемнен барып сұрайын.
Дүнияда бар болса,
Тақсыр, оны табайын.
Табылмайды жүрек деп,
- 1570 Құйттай қылма уайым.

- Кемпірге салып келеді,
Үйде тұрып Қараулек,
Шақыртты неге деп еді.
Қарасай сонда сөйледі,
Әңгіме дүкен құрады,
Кемпірге мойнын бұрады:
— Дүнианың жүзінде,
Жеті басты айдаһар
Бар ма екен деп сұрады.
- 1580 Сонда кемпір сөйледі:
— Алпыс күндік жолы бар,
Алты күндік шөлі бар,
Күйген таудың басында
Айдаһардың іні бар.
Жеті басты айдаһар,
Сол арадан табылар.
Тайқара атқа мін, — деді,
Беліңе қару іл, — деді,
Жатпай-тұрмай жүр, — деді,
- 1590 Ем бола қойса айдаһар.
Айдаһардың жүрегі,
Қабыл болса тілегі,
Істің болса себебі,
Әпкеліп, қарғам, бер, — деді.
Ел үшін еңбек етеді,
Халыққа даңқың кетеді.
Халық үшін қайыспас,
Сен сияқты ер деді.
- 1600 Тайқара атқа мінеді,
Орақтан қалған ақ сауыт,
Мұны үстіне киеді.
Орақтан қалған бес қару,
Мұны да белге іледі.
Туғалы тіпті көрмеген,
Адам басып жүрмеген
Күйген таудың басына
Қарасай шауып жөнелді.
Ол күні жүрді күнімен,

- Жана жүрді түнімен,
1610 Кемпірдің айтқан сөзімен.
«Абылай аспас асудан»
Аса жортып барады.
Түлкі жортпас түлейден
Түнде жортып барады.
Қия-қия, қия жол
Қиялап кетіп барады.
Әрі-бері жүрген соң
Астындағы Тайқара ат
От орынды тұяқтай,
1620 Екі көзі шырақтай,
Ойнақтады лақтай.
Күйген таудың басынан
Қиғаштап келіп құлапты-ай.
Он бес күнге толғанда,
Күн төбеден ауғанда,
Қарасай қайтпас ер еді,
Он алтыға шыққан жылы еді.
Жер өртеніп, тас күйген,
Топырақ жанып, аспанға жалын тиген —
1630 Соған салып келеді.
Жүрген сайын қара аттың
Жүрісі енді асады.
Жанып жатқан шоқтарды
Қар үстіндегі басады.
Бір түтін аспанға шығады зырқырап,
Үңірейген тесікті көреді,
Таймай салып келеді.
Жер өртеніп, тас күйген,
Айдаһардың демі екен.
1640 Үңірейген тесік дегенім,
Айдаһардың іні екен.
Шыққан түтін дегенім,
Айдаһардың демі екен.
Айдаһар айбаттанып ысқырады,
Алты таудың тасын құйрығына қыстырады.
Бір тасты бір тасқа ұрып шақылдатты,
Шақпақтай тастың отын жарқылдатты.

- Аузынан қанды көбік бұрқылдатты,
Оғындай найзағайдың жарқылдатты.
1650 Олардың екі елі кез тілдері бар,
Тілдерін найзағайдай жылтылдатты.
Қарасай одан қайтпады,
Уайым шегіп, қайғы айтпады.
Айдаһар сонда сөйледі:
— Айдаһар деген мен едім,
Едігенің тұқымы —
Қарасай деген сен едің.
Дүниеде бір зиян
Қайтпас қара бұлтың бар,
1660 Сенің тұқымың қылар деп едім.
Келетініңді білгенмін,
Топырақты өртеп, тасты жандырдым,
Бұдан да сен қайтпадың.
Құйрығыммен жер сабап,
Жер өртеп, тасты жандырдым,
Бұдан да сен қайтпадың,
Қайтамын деп айтпадың.
Болмай тұр менің тілегім,
Керек болды жүрегім.
1670 Ел айналған ердің баласы
Сенен бір тілек тілейін.
Ер қадірін ер білед,
Ер білмесе кім білед?
Атадан туған жөн білед,
Анадан туған тон білед.
Тірі болса біреуге,
Біреуге-біреу кез келед.
Жанымды шыбын тілейін,
Қарағым, саған не дейін,
1680 Құйрығымнан бір елі кесіп берейін.
Жерігі содан қанар деп,
Мақсатты кемпір болар деп.
Қарасай да ер еді,
Езіле тілегенін береді,
Бір елі құйрығын алады.
Бір елі құйрығын кесіп береді,

- Бір елі құйрығы — он пұт,
он қадақ шықты деп еді.
Құйрығын кесіп алады,
Бөктеріп артына салады.
- 1690 «Алла, тізгінді оңғар!» — деп,
Ауылына қарай шабады.
Он бес күн жүрген жеріне,
Қуанғаннан Қарасай,
Жеті күнде барады.
Ақтолқынға береді,
Нандай шайнап жеп еді,
Жерігі сонан қанады,
Шырадай көзі жанады.
- 1700 Алты айына толғанда,
Қарны болды қабақтай,
Бұты болды таяқтай.
Тоғыз айға толғанда,
Тұруға кемпір зар болды.
Қарны кетті қампайып,
Борбайы кетті талтайып.
Еңкейе алмай кемпірдің,
Басы кетті шалқайып.
Мезгіліне толған соң,
Мезгілді күні болған соң,
- 1710 Кемпір бір күн толғатты.
Толғағы болды тым қатты.
Тоғыз күндей толғатып,
Туа алмады бұл кемпір.
Кемпір жатыр туа алмай,
Тууға себеп бола алмай.
Шақырып Қарүлекті алады,
Кемпірден ақыл сұрады,
Қарүлек сонда сөйледі:
— Ішіңдегі ер екен,
- 1720 Еңіреген ердің бірі екен.
Сырты шойын, сүйегі темір,
Дүзі жарқын, өзі алтын,
Билер халқын.
Жайшы деген кемпір бар,

- Шақырт та енді соны ал.
 Жайшы кемпір келмесе,
 Жайшы жайын білмесе,
 Біле алмадым мен, — деді.
 Қарулек тағы сөйледі:
 1730 — Ай, Қарасай, Қарасай,
 Арыстан туған жігіттің
 Елге тиер пайдасы-ай.
 Үмітін үзіп жүргенде,
 Жеңгең менен ағаңның
 Сағынып көрген баласы-ай.
 Жайшы кемпір келмесе,
 Туа алмайды-ау шамасы-ай.
 Қарасай, атқа мін, — деді,
 Беліңе қару іл, — деді,
 1740 Қақпақты таудың астында
 Жайшы дейтін кемпір бар,
 Жылдам алып кел, деді.
- Қарасай атқа мінеді,
 Осы іштегі балаға
 Тілектес болып жүреді.
 Қақпақты жауға жөнелді,
 Күндіз-түні шабумен,
 Он бес күн кәміл толғанда,
 Қақпақты деген тау екен,
 1750 Қақпақты таудың астында
 Жайшы кемпір бар екен,
 Күркесін кемпір көреді,
 Қарасай салып келеді,
 Кемпірге сәлем береді.
- Сонда кемпір толғады:
 — Қабағыңа болайын,
 Қайтпайтұғын ерсің-ау.
 Қияпатыңа болайын,
 Асылдан туған шерсің-ау.
 1760 Хан Мамайдай қабақты,
 Жауырың жалпақ, кеудең кең,

- Сенің өзің кімсің-ау?!
Қарасай сонда сөйледі:
— Мен, мен, мен едім,
Мен болғанда кім едім —
Ноғайлы деген ел едім.
Атамның атын сұрасаң,
Едіге сұлтан, Нұрадын.
Әкемнің атын сұрасаң,
1770 Орақ пенен Мамай-ай,
Өзімнің атым — Қарасай,
Қарасай деген мен едім.
Іздегенім сен, — деді,
Үлкейген ханым бар еді,
Балаға тым-ақ шөл деді.
Баласын кемпір туалмай,
Тууға себеп бола алмай,
Мені саған жіберді,
Жанынан қорқып шыдамай.
1780 Сонда кемпір сөйледі:
— Су ішінде тортамын,
Ақ қайрандай жортамын,
Бармас едім, Қарасай,
Негізді тұқым ер едің,
Әруақтан қорқамын.
Мына қырдың астында,
Атым бар, атымды алып кел, — деді,
Қарасай шауып жөнелді.
Жетіп келсе, Көкшолақ —
1790 Мойынында жалы жоқ,
Борбайында қоңы жоқ,
Тастаған тіпті жүні жоқ,
Адам көрер сыны жоқ,
Қарны болса қабақтай,
Бұты болса таяқтай,
Жал-құйрығы түсіпті,
Арқадан ірің тамып тұр,
Арқадан аққан іріңі
Тұқайынан барып тұр.
1800 Қалың шыбын гуілдеп,

- Арқаның үстін алып тұр.
 Шолақ құйрық, қылы жоқ,
 Жеткен жерін қағып тұр.
 Қарасай атты көреді,
 Ұстап алды деп еді,
 Атты көріп күледі,
 «Өзі арық, өзі көрі, өзі жауыр,
 Несін мінед, деп.
 Мұнымен қалай жүред, деп
 1810 Қара атқа қалай еред, деп».
- Кемпірге алып келеді.
 Желқомды ерді салады,
 Таңғышпенен таңады.
 Жіп қамшыны қолға алып,
 Кемпір мініп алады.
 Өрі-бері жүрген соң,
 Манағы жауыр көк мәстек —
 Төрт аяғы қара алтын,
 Кесер басы сары алтын,
 1820 Үстіндегі түгінің
- Жары күміс, жары алтын
 Ауыздығын шайнады,
 Екі көзі жайнады.
 Басын тартса, тұрмады,
 Ортекедей ойнады.
 Басын тартса құрғырдың,
 Бөксесі кетті қырындап.
 Жүре-жүре бұл кемпір,
 Бөдене болып жөнелді,
 1830 Аспанмен ұшып пырылдап.
- Мазақ қылған Қарасай,
 Қылпын көрмей қалады,
 Бай Орақтың баласы-ай.
 Кемпірдің аты гуледі,
 Кемпір сонда сөйледі:
 — Аулыңа барып қайтқанда,
 Орта жолда келерсің, —
 Деді де, кемпір жөнелді.
 Тамаша қылып Қарасай,

- 1840 Қарай берді деп еді,
Кемпір үйге кіреді,
Ақтолқынды көреді.
Қатындар отқа май салған,
Сонан қалды деп еді.
«Қарасай батыр келсін деп,
Еңбек еткен ер еді-ау,
Еңбегі тым-ақ көп еді-ау,
Туғанын өзі көрсін», — деп,
Ханның алтын телпегін
- 1850 Кемпір киіп жөнелді,
Орта жолда Қарасайға қайтып келеді.
Қарасай кемпірді ұстады,
Ауылға бармай қайттың, — деп.
Жәдігөй кемпір екенсің,
Тіпті, өтірік айттың, — деп.
Жібермеймін мен, — деді,
Алдағаның нең?! — деді
Сонда кемпір сөйледі:
- 1860 — Ханның алтын телпегін,
Нанбасаң, міне, көр, — деді.
Туатұғын бұл бала,
Өзіңнен де артық ер, — деді.
Дүбірін көрмей тұлпардың,
Туа алмайды бұл бала.
Аулыңа бар, — деді,
Әскерің жинап ал, — деді,
Жауда келіп қалды, — деп,
«Аллалап» ұран сал, деді.
- 1870 Сонда бала туады,
Дауасы сонан болады.

Қарасай аулына барады,
Әскерін жинап алады,
Сәскелік жерге барады.
Туын алып қолына,
Жау да келіп қалды деп,
Ауылға қарап шабады.
Бір ұл менен қыз туды,

- 1880 Өтірік емес шын туды.
Ұл балаға қарасаң,
Басы бақыр қазандай,
Тереңнен шыққан сазандай.
Омырауы есіктей,
Ойынды еті бесіктей.
Саусағына қарасаң,
Құмға біткен көсіктей.
Қыз балаға қарасаң,
Екі көзі жаудырап,
Тұлымшағы жалбырап,
- 1890 Алмадай беті албырап,
Нағыз үш күн болған соң,
Шынтемірдей ханыңыз,
Жаһаннан асқан байыңыз,
Баласы жоқ шалыңыз,
Асау сойып ақыртты,
Мая сойып бақыртты,
Қол астын қоймай шақыртты.
Осы шалың той қылды,
Той малына сойғаны:
- 1900 Ту бие мен қой қылды.
Молдалар келіп қамалды,
Сәлдесі қара қазандай.
Ишан молда қамалды-ай,
Баланың атын таба алмай.
Шариғатпен қоям деп,
Кітабын алып қарады-ай.
Қази түсті көреді,
Қазиға аян береді,
Қази келіп сөйледі:
- 1910 — Ишан, молда, қожам-ай,
Баланың атын таба алмай,
Айтып кетті бабам-ай.
Шынтемір, малың бере бер,
Мен айтқаныма қарамай.
Ұлдың аты Әділ деп,
Қыздың аты — Илия,
Осы екеуі болмаса,

- Неге керек, Шынтемір,
Иесі жоқ жиған дүния?!
1920 Алтыннан болды шүмегі,
Мақпалдан болды түбегі,
Жібектен болды тартқысы,
Қырмызы болды жапқышы.
Әділ алты жасқа келеді,
Қызығын шалың көреді,
Еріні тұшып сүйеді.
Алтыға Әділ келгенде,
Шынтемірге ажал келеді,
Келгенін шалың біледі.
- 1930 Қарасай мен Қазиды-ау,
Шақырып алды деп еді,
Шынтемір ханың сөйледі:
— Қазі менен Қарасай,
Жас болсаң да екеуің,
Елдің болдың панасы-ай,
Ноғайдың болдың ағасы-ай.
Үйрек ұшып, қаз қонған
Мамайдың қара сабасы-ай.
Тағыңа енді өзің мін,
- 1940 Атаңнан қалған тақ еді,
Айналайын Қарасай,
Екі бірдей асылзат —
Алтыда қалды-ау жалғызым,
Екеуіңе аманат!
Туысқан тума жоқ еді,
Жеті атадан бұл шаңырақ
Біреу болып келеді.
Бас өспей, мал өскен
Шаңырақ бұл еді.
- 1950 Сонда Қазі сөйледі:
— Қарағай садақ, қырық өзек,
Буынып алсам белге тоқ.
Арыстан аш та, түлкі тоқ,
Тәуекел ерде қайғы жоқ,
Хандығыңды алмаймын.
Бақытты туған Әділдің

- Бағына көзім салмаймын.
Он бесіне келгенше,
Тағына өзі мінгенше,
1960 Балапанын қорғаған
Көк бүркіттей қорғаймын.
Дүниеден Шынтемір жөнелді,
Алтыдағы баласын
Қарасай мен Қазифа
Аманат қылды деп еді.
Шынтемір дүниеден қайтып кетті,
Тапсырып бала жайын айтып кетті.
Жүргенде үйтіп-бүйтіп сол арада,
Он беске он алты мен бала жетті.
- 1970 Әділ таққа мінеді,
Хан болып елді биледі,
Қамырдай қылып иледі.
Қарасай-Қази, Қобылан болмаса,
Үстіне адам кірмеді.
Әділ таққа мінген соң,
Қарасайға сөйледі:
— Ай, Қареке-ау, Қареке-ау,
Ақылың көп аеке-ау.
Ас берейін әкеме,
- 1980 Көресің қалай сен? — деді.
Таққа мінгенімді білдіріп,
Байтақ елге көргізіп,
Ас берейін, — деп еді.
Қарасай қабыл көреді,
«Істесең істе», — деп еді.
Оң таңбалы Ұрымға
Отыз кісі жіберді.
Қырық таңбалы Қырымға
Қырық кісі жіберді.
- 1990 Сан таңбалы санайға,
Және кісі жіберді.
Қазақ пенен ноғайға
Шақыртты қоймай, — деп еді.
Күндер деген күндерде,

- Күдір деген дөңдерде,
Лай болмас көлдерде,
Бес жүз тоқсан үй тікті.
Үй басына он табақ,
Сырты болды сары алтын,
2000 Сыры болды қара алтын.
Тостағаны, қасығы,
Бақыраштың бәрі алтын,
Соның бәрін соқтырды.
Орта бойлы, терең ойлы,
Кең көкіректі, келбетті —
Тор бесті атты жетектеп,
Қобылан келді бұл асқа.
Қазтуғанның жиені,
Хан Мамайдың күйеуі —
2010 Үзеңгісі үзбе алтын,
Құйысқаны құйма алтын,
Сағалдырық сары алтын,
Жүгенінің бәрі алтын,
Қамшысының сабы алтын,
Алты нарға қос артып,
Ақ боз атты жетектеп,
Телағыс келді бұл асқа.
Қой мойынды, қоян жақ,
Қоймай шапқан, үкі аяқ.
2020 Құла шұбар ат мінген,
Көк болатан тон киген,
Жауатын қардай түнерген,
Жау дегенде жөнелген —
Уәлидің Құбықұл
Құлаша атты жетектеп,
О да келді бұл асқа.
Айсаның ұлы Ахмет —
Хан шақырса бармаған,
Ханның тілін алмаған,
2030 Ерегіссе ханды жаулаған,
Көтеріп қылыш сермесе,
Тірілей адам қалмаған,
Дұшпанның көңілін сындырған,

- Достың көңілін тындырған,
Бір соғыстың ішінде,
Тоқсан бес балта сындырған,
Тарлан атты жетектеп,
О да келді бұл асқа.
Теңгелік судың бойында,
2040 Тіпті, өлім жоқ ойында,
Жаманбайдың Әуезі,
Ала бесті жетектеп,
Бұ да келді бұл асқа.
Елібайдай елшіңіз,
Кертағыны жетектеп,
Бұ да келді бұл асқа.
Бай Тоғанда хан Тоған,
Ақылы көп, ми толық,
Кеудесі сонша кең Тоған,
2050 Желкүреңді жетектеп,
Бұ да келді бұл асқа.
Сары жалаулы жау қалмақ
Жансыз келді бұл асқа.
Көк жалаулы көк қалмақ,
Көбейіп келді бұл асқа.
Қыл жалаулы қызылбас,
Қызығып келді бұл асқа.
Жұрт иіріліп тұрғанда,
Жиналған кісі көреді,
2060 Қарасай, Қобылан ер еді.
Телағыс пен үшеуі
Сол жиналған кісіге
Басшылық қылып жүреді.
Қалмақтың басы Темірхан —
Он екі айлық жер еді,
Алты айшылық шөл еді,
Барса деген ханына
Қағазбен хабар салыпты,
Сонан хабар алыпты.
2070 Қырымның қырық батырын
Алдайын деп ойлады,
Өтірік айтып, сол тесікке айдады.

- Сол жиынның ішінде
Қызыл пешат басулы,
Құс қанаты қоюлы
Бір сәлем хат келеді.
Ноғайда молда көп еді,
Хатты ашып көреді,
Еңіреп қоя береді.
- 2080 Қағазды оқып бере алмай,
Біреуіне-біреуі ұсынып,
Молдалар тұр қысылып.
Он бес жасар хан Әділ
Қағазды қолға алады,
Қырмызы күрең аттың үстінде.
«Оқу ойдан артық емес» деген мақал
Осы арадан қалады.
Әділ патша оқыды,
Оқыды да сөйледі:
- 2090 — Темірхан жазған хаты бар,
Темірханның аты бар.
Әуелі хат жазыпты
Қарасай-Қази ағаға.
Екінші хатты жазыпты
Телағыс, Қобылан саған да.
Үшінші хатты жазыпты
Ахметтей бабаға.
Аяғында жазыпты
Ханы ғой деп маған да.
- 2100 «Мұсылмандыққа көндің, — деп,
Ноғайға бала бердің, — деп.
Тесіктегі Қызылбас —
Олар келсе жан қалмас.
Астарында бедеу ат,
Қолдарында ақ алмас.
Ай, солар шабатын болды менің елімді,
Қиятын болды желімді,
Көрсететін болды көрімді,
Дос болсаң, Қарасай-Қази,
- 2110 Сол жауыма барып кел.
Қайырлы болсын асыңыз,

- Құшақтасқан досымыз,
Сол жауыма бармасаң,
Осы жауды алмасаң,
Барса туырлығымды тоқым қылады,
Керегемді отын қылады,
Қызымды қатын қылады,
Қатынымды жесір қылады,
Баламды жетім қылады,
- 2120 Төгеді [қызыл] қанымды,
Шығарады жанымды,
Талап алад малымды, —
Хатында айтып жалынды.
Хатын оқып, хан Әділ
Қарасайға сөйледі:
— Барамысың, Қарасай,
Бармаймысың, Қарасай,
Еліміздің ағасы-ай,
Ноғайлының панасы-ай?!
- 2130 Қарасай сонда сөйледі:
— Қарағай садақ қырық кез оқ,
Буынып алсам белге тоқ,
Жау десе менде қайғы жоқ.
Достан хабар келгенде,
Досқа зәбір тигенде,
Бармай батыр тұрар ма,
Бармаған батыр оңар ма?!
Қорыққан соң зарланып,
Хат жазған шығар Темірхан.
- 2140 Көп жиналған құралға,
Кел, баралық, — деп еді.
Қу Қазі сонда сөйледі:
— Бәйбіше тағар түймесін,
Көпестер жегер күймесін,
Сендердің тентек болғаның —
Кесірің елге тимесін.
Атаңа нәлет ит қалмақ
Алдап жұмсап жүрмесін.
Бәріңіз кетіп далаға,
- 2150 Кесіріміз тимесін

Ауылдағы қатын-балаға.
Атаның жауы дұшпанға,
Дұшпанға кісі нана ма?!

- Сонда Қобылан сөйледі:
— Қареке мінген Тайқара ат,
Жорға емес жортақ-ау.
Ер Орақтың әруағы,
Бөрімізге де ортақ-ау.
Қанша айтсаң да Қарасайды айт,
2160 Қайғышыл Қазі қорқақ-ау!
Сонда Қарасай сөйледі:
— Ылди қандай, ор қандай,
Шаңқан қандай, боз қандай,
Сендер қандай, мен қандай?!
Кіл ақылсыз, сор маңдай,
Ал жүремін десең, жүре ғой!
Ақ түйе сойып, ант етті,
Көкірекке ұрды Құранды,
Аузына алды Құдайды.
2170 Қырымнан шыққан қырық батыр,
Бәйгеге атты шаптырмай,
Жарауымен мінелік,
Қалмақты шауып келелік,
Сөйдеді де жөнелді.
Қазі сонда толғады:
— Мен аулыма барамын,
Шешемнің құлағына саламын,
Бар десе шешем барамын,
Барма десе қаламын.
2180 Кілең тентек, кесір-ай,
Қыларсыздар баланы жетім, қатынды жесір-ай,
Осы істерің оңбайды,
Көңіліме қонбайды.
Қарасай, Қобылан қосылса,
Елді шаппай қоймайды.
Шынтемірдің Әділі
Әскер басы болады.
Он екі айлық жеріне,

- 2190 Алты айшылық шөліне,
Қызылбас Барса ханның еліне
Кілең тентек жөнелді.
Жөнелгенде кім кетті,
Кілең жайсаң ер кетті.
Ер кеткенде кім кетті,
Қарақыпшақ ер Қобылан,
Тор бесті атпен бұл кетті.
Мың қаралы қол жүрді,
Ахмет батыр сол жүрді.
Телағыс батыр бұл жүрді,
2200 Құбығұл батыр бұл жүрді.
Қару-қапшық бойда жоқ,
Тіпті, өлім деген ойда жоқ,
Әуез тентек бұл жүрді.
Төрт жерден туын байлады,
Әділ әскерін алысқа айдады.
Жүрейін деп тұрғанда,
Әділмен бірге туысқан,
Маржан тісі тізіліп,
Раушан көзі сүзіліп,
2210 Ақ маралдай керіліп,
Аш күзендей бүгіліп,
Іші оттай күйініп,
Қабырғасы сөгіліп,
Қарындасы Блия,
Әділге келді жүгіріп.
— Тауға біткен андызым,
Маңдайдағы құндызым,
Аспанда шолпан жұлдызым,
Әпекемді аңыратып,
2220 Мен сорлыны зарлатып,
Қай жаққа кетіп барасың,
Халық билеген жалғызым?!
Әскерің жауға бармай ма,
Сенен бөтен батыр көп,
Әскер басы болмай ма?!
Әскерін жауға жіберіп,
Хан үйінде қалмай ма?!

- Сонда Әділ сөйледі:
— Сең-сең деме, сең деме,
2230 Еділден көшкен ел деме.
Қарағым, қалқам, бауырым,
Құр далаға сөйлеме.
Сапар еткен жерінен,
Қайтама екен ер неме?!
Қайтатын қатын мен деме!
Мен әуелі айтпаймын,
Айтқанымнан қайтпаймын,
Саған неге тоқтаймын?!
«Қош, аман!» деп күлісіп,
2240 Өзілдесіп, сөйлесіп,
Хан нөкері жөнелді.
Қази үйге келеді,
Кейігенде Қазидың,
Беті-аузы қисайып,
Екі көзі қызарып,
Аузынан көбік бұрқырап,
Аспанға атып зырқырап,
Ажары кетед, — деп еді.
Кейігенін Қазидың
2250 Қараүлек тұрып біледі,
Қараүлек сөйлей береді:
— Жылқы ішінде аласың,
Халық үшін туған баласың.
Шамырқанып, шамданып,
Буырқанып, бусанып,
Қарағым, қайда барасың?!
Сонда Қази сөйледі:
— Айналайын анам-ау,
Тіпті ақылсыз болды ғой
2260 Қарасай деген балаң-ау,
Мен де келдім саған-ау.
Барса деген қалмаққа,
Әскер жинап барам-ау,
Барайын ба, анам-ай?
Бармайын ба, анам-ай?
Өзің айтшы маған-ай.

- Сонда кемпір толғады:
— Табанда, табан, табан жол,
Тәңірі оңдаса аман жол,
2270 Оңдамаса жаман жол.
Талай батыр барған жер,
Ала алмай онан қалған жер.
Әкең Орақ ала алмай,
Тәуекел қылып бара алмай,
Сол Орақтан қалған жер.
Тәуекел бәрің еткен соң,
Әскерді жинап кеткен соң,
Неғыл дейін саған-ай,
Барсаң баршы, балам-ай!
2280 Жолды еді қой Көк бөрте ат,
Төрт аяғы сом болат.
Жалғыз еді-ау хан Әділ,
Екеуіңе — аманат!
Тар жерде, қарғам, қағыспа,
Атадан жалғыз демесең,
Ақ болат еді-ау Қобыланың,
Қарсысына барыспа,
Қош, аман, — деп жіберді.
- Әділ кетіп қалған соң,
2290 Үш күндік жерге барған соң,
Ылия түсті көреді.
Шешесіне зарланып,
Еңіреп қоя береді,
Еңірегінде не деді:
— Айналайын, анам-ау,
Қалыппыз ғой қараң-ау.
Келерін де білмеймін,
Келмесін де білмеймін.
Жалғыз туған, анам-ау,
2300 Көрген түсім жаман-ау,
Айтайын, шеше, саған-ау.
Менің көрген түсімде,
Түнде көрген ісімде
Құбыладан қалың дауыл қаптады-ай,

- Бөтенді Құдай жақтады-ай.
Ұзын арқан таққанмын,
Жуан қазық қаққанмын,
Қазығым қалды омырылып,
Арқаным қалды үзіліп.
- 2310 Орда қалды жығылып,
Шаңырақ қалды бөлініп,
Саба қалды тілініп,
Керегеге ілініп.
«Қарқара ма екен» деп едім,
Басым жағы қара екен.
«Шарайна ма екен» деп едім,
Бетімдегі жара екен.
Көргенімнен, мамеке-ай,
Көрмегенім бар екен.
- 2320 Осы жаудан келмейді,
Құлыным — жалғыз ағекем.
Кемпір тұрып сөйледі:
— Сен де көрдің бір түсті,
Мен де көрдім бір түсті,
Ондырмады Алла бұл істі.
Ар жақ пенен бер жаққа,
Қызғыш пенен тарғаққа
Екеуі сапар етеді.
Кешегі кеткен жаңғыздың
- 2330 Соңынан қуып бармаққа.
Үлкен кісі басшы алып,
Бір баланы қосшы алып.
Құрақты көлдің басында,
Қособаның қасында
Қарасын бір әскердің көреді.
Кемпір толғай береді:
— Жылқыда бар алалық,
Бетегелі далалық,
Мен барған соң артынан,
- 2340 Ойына түсер балалық.
Мал шыдамас жауырға,
Шыдамайды адам бауырға.
«Көкекелеп» сен барсаң,

- Қайтпас па екен ауылға?
Қарасын Ылия көреді,
Жалаң аяқ, жалаң бас,
Табанға кіріп қара тас.
Әділ де, сірә, жоқ еді-ау,
Туысқан, тума, қарындас.
- 2350 «Жалғызымдап!» бақырып,
«Көкекелеп!» шақырып,
Ылия келеді жүгіріп,
Табаны тасқа ойылып,
Табанынан аққан қара қан,
Бес саусағы жуылып.
Сонда Ылия толғайды-ау:
— Ақ үйдегі арыстаным,
Боз үйдегі бостаным,
Сермеп салған құрығым,
- 2360 Алтыннан соққан сырығым,
Атадан туған жалғызым,
Ақ үйдегі ажарым,
Ауылдағы базарым,
Көрген түсім тым жаман,
Не қылып сенен қаламын?!
Сөздің басы Құранды-ай,
Шығарған Құран бір Алла-ай.
Жеке туған, хан Көке-ау,
Қазақ, ноғай ұранды-ай,
- 2370 Кіндіктен жалғыз Көке-ау,
Кімге тастап барасың
Байлық, хандық мұраңды-ау?!
Жүйрігім едің тұмарлы-ау,
Сұңқарым едің шынарлы-ау.
Елде жүрген базарым,
Сен едің менің ажарым,
Айдаһардай қажарым.
Көкеке-ау кетсең, келмейсің,
Мен қасқаны құшақтап,
- 2380 «Бауырым» деп сүймейсің.
Ботасынан айрылған,
Сорлы әжем ақ інген,

- Айқасып сәлем бермейсің,
Күмісте жүген айшықты-ау,
Былтырғы құлын тай шықты-ау,
Сен кеткен соң мен қасқа,
Кімге тұлға боламын,
Садақа қыл да, алып кет,
Мен құсаған қаншықты-ау!
- 2390 Әділ батыр көреді,
Еңірей қоя береді:
— Қайтейін, сені-ай, жалғыздық,
Түбің қылдай деп еді.
Шықпай жатып ауылдан,
Өлгенде көрген, қарағым,
Неге біз көрдің, деп еді-ау.
Сарала туы салбырап,
Шашақтары жалбырап,
Астындағы Көкбөрте ат,
- 2400 Асығып-ақ кетті жауына,
Жетіп келді жанына.
Қуарғыр Қазі сөйледі:
— Атадан жалғыз бұ Қобылан,
Үйінде қалды кім? — деді.
Қарындасы Аққолаң —
О да кімнен кем еді?
Келе жатыр кіл жалғыз,
Тәуекел еткен ер, — деді.
Қатарым болсаң, барарсың,
- 2410 Қатын болсаң, қаларсың.
Әйелді көріп еңкілдеп,
Тұла бойың селкілдеп,
Нәсілің жаман адамсың.
Мен, мен едім, мен едім,
Мен болғанда кім едім?!
Едіге сұлтан, Нұрадын,
Менімен неғып тең едің?!
Әкемнің аты ер Орақ,
Ағамның аты Қарасай,
- 2420 Өзі жалғыз, ұлты аз
Келе жатыр ғой бұл Қобылан,

- Қыдырбайдың баласы-ай!
 Сол кездері Әділдің
 Көкпеңбек болды беттері,
 Сүп-сүр болды еттері.
 Астындағы күреңді,
 Салып кетті сауырына.
 Сауысқан, қарға тойынды,
 Санынан аққан қанына,
 2430 Жаман батты жанына.
 Шу деді де Әділ жөнелді:
 — Қош, аман бол, бауырым,
 Бір Құдайға аманат
 Менің қалған ауылым!
 Аман болсам келермін,
 Келе қойсам, құлыным,
 Хан баласы ханзада,
 Бай баласы мырзаға,
 Таңдауыңа берермін.
 2440 Сонда Бүлия жылады,
 Етпеттей барып құлады,
 Жылағанда не деді:
 — Көеке-ау, тілемеймін сенен байды,
 Жылатпа мен құсаған сұмырайды.
 Ағалы қызда арман жоқ,
 Інілі қызда жалған жоқ.
 Туысқан, тума, ағайын,
 Сүйенер халық қалған жоқ.
 Ішім де жалын, сыртым шоқ,
 2450 Жалғызға көзді-ау сала жүр,
 Қағысқан жерден қайраң көп,
 Жалғызға болар қайлам жоқ.
 Тек жылауым болмаса,
 Енді саған менің пайдам жоқ.
 Орамал бар да, бөркім жоқ,
 Жалғызым кетті-ау, көркім жоқ.
 Артыңнан іздеп баруға,
 Қор қылып Құдай жаратты,
 Қара баста еркім жоқ.
 2460 Жақын екен арасы,

Зарлап келед анасы,
Қайырылмай кетті баласы.
Сонда анасы толғады-ау:
— Өңір жиек таққаным,
Тілегің тілеп қақсадым.
Қорғаным жоқ, панам жоқ,
Өлгенде көрген жалғызым,
Мені қайда тастадың?!

- 2470 Қайырылмады хан Өділ,
Қайырылмасын білген соң,
Баласын анық көрген соң,
Баладан күдер үзген соң,
Ақтолқын кемпір ақырды-ау,
«Қарасай», деп шақырды-ау:
— Ой, Қарасай, Қарасай,
Қарағым жалғыз, сен екеу,
Ер Орақтың баласы-ай.
Астыңда бар-ды Тайқара ат,
Жолыққайсың саламат,
2480 Қарғам саған аманат.
Тілегіңді тілейін,
Егіз туған көк бұйра
Садақаға берейін.

- Қарасай тұрып сөйледі:
— Мен білермін, білермін,
Белдерден асып желермін.
Мен, мен ермін, мен ермін,
Мен белгілі күреңмін.
Алып келіп балаңды,
2490 Қолыңа кемпір берермін.
«Шу!» деді де жөнелді,
Он екі айдай жол жүрді,
Алты ай кәміл шөл жүрді.
Аттарынан жал кетті,
Астына мінген атының
Борбайынан қоң кетті,
Батырлар жаман меңдетті.

- Тасбақа болды азығы,
Темірден болды қазығы.
2500 Мойны болды ырғайдай,
Биттері болды торғайдай.
Өлдім-талдым дегенде
Жапан көлге құлады.
Не күндей әскер шұбады,
Он бес күн жатып сол жерде,
Аты болса аунады,
Өздері болса қунады.
Жал мен жая шайнаған,
Алуа-шекер талмаған —
2510 Кілең байдың баласы,
Ішуіне асы жоқ,
Қоға мен борық қоймады.
Көйлектерін ау қылып,
Судан шабақ аулады.
Дәл он бес күн болғанда
Әскерлерін жинады,
Әскерін көлге қамады,
Басына түртіп санады.
Аман екен әскері,
2520 Әділ ханың сөйледі:
— Әй, бұрынғының арты едің,
Осы күнгі қарты едің,
Көптен қалған көн едің,
Қайыспайтын қайғысыз,
Ахмет аға, ер едің.
Тар жер, тайғақ кешуде,
Саған да сеніп келемін.
Тарлан атқа мін, — деді,
Беліңе қару іл, — деді.
2530 Талай келген өзіңе
Бұл белгілі жер, — деді.
«Қандай екен жерлері,
Қалың ба екен елдері?»,
Ахмет, көріп кел, деді.
Ахмет атқа мінеді,
Бес қаруын белге іледі,

- Қабағын түйіп түнеріп,
Жауған қардай түнерді.
«Алла дізгінді оңғар!» деп,
2540 Қызылбасқа жөнелді.
Ар жағында Темірхан
Он бес күндік жер еді.
Он бес күн кәміл болғанда,
Ахмет салып келеді.
Болаттау деген тау екен,
Төбесі көкке тиіп тұр.
Биіктігін қарасаң,
Көшкен бұлтты іліп тұр.
Төбесінде қара тас,
2550 Күн көзіне шыдамай,
Қорғасын болып еріп тұр.
Төбеден аққан сортағы
Таудың бауырына келіп тұр.
Ол таудың ол шеті мен бұл шеті,
Тоқсан жылдық жер екен.
Ортасында тесік бар,
Болаттан салған есік бар.
Қазулы тұрған көр емес,
Қазулы көрден кең емес,
2560 Жан баратын жер емес,
Ахмет оны көреді.
Қорықпаған батырдың
Қорықты көңілі деп еді.
Ахмет тұрып ойлады:
Орақта кеткен кіре алмай,
Кіруге Орақ сене алмай.
Орақ кірмеген жеріне
Мен-ау неғып кіремін?!
Кірсем бұған өлемін.
2570 Қой, қайтайын, қайтайын,
Әділге барып айтайын.
Кірсе, кірер Қарасай,
Жас неме ғой сол кірер,
Қыдырбайдың баласы-ай.
Сол үшеуі болмаса,

- Адамның келмес шамасы-ай!
 Мен кірермін, кірермін,
 Кіргенменен жау таппай,
 Бұл тесікте өлермін.
- 2580 Ахмет келді қайтып-ай,
 Көргенін түгел айтып-ай.
 Ахмет айтқан сөзіне
 Жұрт тамаша қалады,
 Бәрі де мұның нанады.
- Мен барайын тесікке, — деп,
 Қарасай ханнан сұрады.
 Хан Әділ сонда сөйледі,
 Сөйлегенде бүй деді:
 — Ай, Қарасай, Қарасай,
- 2590 Саған кімнің шарасы-ай,
 Баба Түкті Шашты Өзіз,
 Едігенің баласы-ай.
 Тай қара атқа мін, — деді,
 Шақыр-шұқыр көк болат
 Беліңе орай іл, — деді,
 Қареке-ау, барып кел, деді.
 Қарасай сонда күледі,
 Көк бүркіті келеді,
 Келгенін әруақ біледі.
- 2600 «Алла, бір дізгін оңғар!» — деп,
 Қарасай шауып жөнелді.
 Қарасайдай батырдың
 Алдының бәрі сауық-ай,
 Өлең-әнді салып-ай.
 Жауға тигенде жөнелді,
 Тайқара атпен шауып-ай!
 Он бес күндік жеріне,
 Жеті күнде барады.
 Тар тесіктің аузында
- 2610 Едігенің аты бар,
 Қара таста хаты бар:
 «Бұл араға кім кірер?!
 Жеті атаға келгенде,

Шынжырлы біздің тұқымнан
Егіз туған қос жайсаң,
Тәуекел етсе, сол кірер».

- Қарасай мұны көреді,
Түсе қала қара аттан,
Бабасы жазған қара тас
- 2620 Құшақтап барып сүйеді:
— Әулиеге ат айтып,
Құдайына қой айтып,
Қабағын тастай түйініп,
Ақ сауытын киініп,
Көк найзаны шүйіріп,
Атасына сиынып,
Тесікке кірді Қарасай.
Бұл тесікке кіреді,
Тар тесікке бұл сыймай,
- 2630 Шабылған қақ сал бұл қара,
Төрт аяғын бүгеді.
Ол тесіктің іштері
Қап-қараңғы түн еді.
Ар жағы мен бер жағы
Он бес күндік жер еді.
Он бес күнде тесіктен
Қарасай өтті деп еді.
Ар жағына қараса,
Он екі қабат оры бар,
- 2640 Тоқсан қабат торы бар.
Оған барған батырдың
Маңдайының соры бар.
Тар тесіктің аузында,
Бір тұлпардың ізі бар.
Буы жатыр бұрқырап,
Жап-жаңа тышқан боғы бар.
Қарасай оны көреді,
Қарауыл екен деп еді,
Ізбенен қуып жөнелді.
- 2650 Қызылбас басы Брансуз,
Іннің аузын бағатын.

- Жалби ақысына ант ұрған
Айына бір қыз алатын,
Соның жүрген ізі екен,
Атының тышқан боғы екен.
Қарауылды ұстап алайын,
Артынан қуып барайын, деп,
Қарасай қуып жөнелді.
Атаңа нәлет Брансуз,
2660 Енді артына қарады,
Қараға көзін салады.
Қызылбас сонда сөйледі:
— Құдай болсаң, аяма,
Періште болсаң, қайама.
Өліп қалған ер Орақ,
Тіріліп көрден қала ма?!
Белде, белде белер ме,
Белден асып желер ме,
Бес қару белге ілер ме?!
2670 Қарасай, Қазі қағыңғыр,
Қара көңіл ер Қобылан,
Әлде, солар келер ме?!
Қобылан келсе оңбайды,
Қазі келсе қоймайды,
Қарасай өзі қандай-ды?!
Жалғызбын деп жалығып,
О да жаудан таймайды.
Үшеуінің бірі деп,
Кім болса да ірі деп.
2680 Есебін тауып келгені —
Ит ноғайдың ері деп,
Қара дәу тұрды қалшиып.
Қарасай салып барады,
Қызылбас сонда сөйледі:
— Шауқын бұл-бұл саласың,
Алайын десем оңайсың,
Алмайын десем ноғайсың.
Ел шетінде елбектеп,
Жау шетінде көлбектеп,
2690 Атың жарау, өзің аш,

Жүзің айдай қаламқас,
Ноғай қайда барасың?!

Қарасай сонда сөйледі:
— Мен, мен едім, мен едім,
Мен болғанда кім едім?!
Ежелден енді қан төккен
Едігенің тұқымы,
Менің атым — Қарасай,
Мен Орақтың баласы-ай.

2700 Сен құсаған қызылбас,
Елімнен іздеп келемін.
Екеуі тұрып қағысты,
Жаман сөзге барысты.
«Қашпа балам, қашпа!» деп,
Қашпаласа қалады.
«Тайма балам, тайма!» деп,
Таймаласа қалады.

2710 Қыл жалаулы көк сүңгі
Қақ жүректің басы деп,
Өлер жерің осы деп,
Біріне-бірі салады.
Ұңғысынан омырылып,
Әдіра болып қалады.
Қолға алмас алады,
Шын болаттан соқтырған,
Қызыл қанға суарған.
Өткенін адам білмеген,
Егер де қанға тимесе,
Қынабына симаған.

2720 Жарқылдатып екеуі,
Бірін-бірі шабады.
Тасқа шапқан пышақтай,
Бұ да әдіра қалады.
Кіл болаттан соқтырған,
Шынжырдан бауды тақтырған,
Қолға шоқпар алады,
Ауырлығы жүз пұттай,
Ұңғысынан омырлып,

- Бұ да әдіра қалады.
2730 Замананы қуырып,
Тақымнан балта суырып,
Шын болаттан таптатқан,
Темірші саптатқан,
Бірін-бірі шабады.
Тасқа шапқан пышақтай,
Жерге қаққан жебедей,
Тоңды шапқан немедей,
Бұ да әдіра қалады.
Қой жауырын, қол масақ,
2740 Екеуі тұрып атысты,
Сарыжаны тартысты.
Сауытқа тиіп тақылдап,
Оты шығып жарқылдап,
Бұ да әдіра қалады.
Бес қаруды тауысты,
Ат үстінен алысты,
Екеуінің аты да,
Шөге-шөге қалысты,
Аттан түсе қалады,
2750 Беліне шынжыр салады.
Енді екеуі алысты,
Айғыр, нардай шайнасып,
Жағаласты, шалысты.
Қарасай тұрып ақырды,
Ақырған ащы дауысы,
Тау үстінде қара тас,
Шыққан шөпті жапырды.
Манағы айтқан қызылбасты
Көтеріп алып үйірді.
2760 Етегімен жеңімен,
Қызылбастың лебімен,
Брансуз мінген Көк қасқа ат
Омақа асып жығылды.
Қызылбас жерге торс етті,
Қара жерлер солқ етті,
Топырағы бұрқ етті,
Аузынан қаны жылп етті.

- Салмағымен жығылып,
Көтен шегі үзіліп,
2770 Атаңа нәлет қалмақтың
Іші-бауыры шырқ етті.
Басын кесіп алады,
Қанжығаға таңады.
Тесіктен кіріп еркіндеп,
Ханға келді бүлкілдеп,
Қарасай келіп сөйледі:
— Ахмет те ер екен,
Қайтпайтын ердің бірі екен,
Ахметтің айтқан сөзі —
2780 Өтірік емес шын екен.
Болаттау деген тау екен,
Ол шеті мен бұл шеті,
Тоқсан жылдық бар екен.
Төбесі көкке тиіп тұр,
Көшкен бұлтты іліп тұр.
Төбесінде қара тас,
Күн көзіне шыдамай,
Қорғасын болып еріп тұр.
Төбеден аққан сортағы
2790 Етегіне келіп тұр.
Ортасында тесік бар,
Болаттан салған есік бар.
Тесігіне қарасаң,
Қазып қойған көр емес.
Қазған көрден кең емес,
Ар жағы мен бер жағы,
Он бес күндік жер екен,
Қараңғы іші көр екен.
Ол тесіктен өттім деп,
2800 Ар жағына жеттім деп,
Ар жағына қарасам,
Он екі қабат оры бар,
Тоқсан қабат торы бар,
Әскері тым-ақ көп екен.
Айқай салып ат мініп,
Ат құйрығын шарт түйіп,

- Ерлердің кірер жері екен.
Кіре қойған ерлерге,
Олжасы тым-ақ мол екен.
- 2810 Қызы сұлу, ат жүйрік,
Салтанатты ел екен.
Брансуз деген батыры
Қарауылда жүр екен,
Тым-ақ әлді неме екен.
Жеті күн соғыс мен салдым,
Өле жаздап мен қалдым.
Кейігенсін өлтіріп,
Басын кесіп мен алдым.
Алып келдім, тақсыр, басын-ай,
- 2820 Жаудың ісі осылай.
Басты көзі көреді,
Жиналды әскер деп еді.
Ортасына алады,
Бұл неғылған адам деп,
Таң-тамаша қалады.
Әділ хан тұрып ақырды,
Басты көрген әскерді
Шөптей қылып жапырды.
Ханың сонда оттады,
- 2830 Оттады демей не дейін,
Ахмет пен Қарасайдың
Дымын қоймай боқтады:
— Ай, Ахмет, Ахмет,
Қарт емессің, шайтансың,
Жауға бармай қайтасың,
Өтірік қайғы айтасың!
Сақалыңды күзейін,
Олай демей, не дейін?!
- 2840 Хан шақырса бармаған,
Ханның тілін алмаған,
Айдаһардың тіліне
Қолын салып барлаған.
Айдаһар деп жүргенің,
Кесіртке ұстап алған-ды.
Бір қатынның мойнына

- Алып барып салған-ды.
Тіпті, өтірік қой, Ахмет —
Айдаһарға барғаның,
Ініне қолың салғаның.
- 2850 Рас емес, өтірік,
Соның бәрі жалған-ай.
Ай, Қарасай, Қарасай,
Қарасай, сені кім айтар,
Орақтың деп баласы-ай?!
«Орақ жауға кеткенде
Ақсақ ноғай молдамен
Ойнас болды шешесі» деп,
Рас екен шамасы-ай.
Малды баққан малшының,
- 2860 Інді баққан жалшының
Басын кесіп алдым деп,
Жеті күн соғыс салдым деп,
Өле жаздап қалдым деп,
Мұнан да батыр болар ма?!
Орақтан бүйтіп бала туар ма?!
Қарасай мен Ахметті
Жеті атадан қоймай боқтады.
Қази қылышты қынабынан суырды,
Әділге қарап жүгірді.
- 2870 Кесейін сенің басыңды,
Қияйын сенің шашыңды.
Қарасай айтса нанбайсың,
Ахмет айтса нанбайсың,
Мықты болсаң, сен неме,
Өзің неге бармайсың,
Не қаяды шайнайсың?!
Қарасай саған жетпей ме?!
Жеті атадан қоймай боқтадың,
Әруақ атып кетпей ме?!
- 2880 Жетіп келді Қарасай,
Қазидың жалғыз ағасы-ай,
Әлім жетпей тұр деп пе ең,
Тапсырып еді анасы-ай.
Қазидың келді қасына,

- Қолындағы дойырмен
Қасындағы Қазиды
Тарта бір жіберді басына-ай.
Сонда Қобылан ақырды,
Нар түйедей бақырды:
2890 — Атадан екеу туғанның
Жалғызға әлі келе ме?!
Ханға қарап жүгіріп,
Жаман ырым бастадың.
Ханға қылыш суырып,
Екеу болсаң сен, — деді,
Жалғыз едім мен, — деді.
Мықты болсаң, сен Қазиді,
Жекпе-жекке кел, деді.
Қарасай тұрып сөйледі:
2900 — Қарағым, қалқам, Қобыланым,
Қарағым, неге долдандың?!
Белде, белде беліп пе ең,
Белден асып желіп пе ең?!
Елден шыққан кіл төнтек,
Тас тесіктің аузында
Күш сынасуға келіп пе ең?!
Еділ, Жайық жер қайда,
Ноғайлы, қазақ ел қайда,
Ата қайда ана мен,
2910 Қатын қайда баламен?!
Қайда біздің еліміз,
Аға, іні, теңіміз?!
Біреуге-біреу шамданған —
Бұ да біздің кеміміз.
Қойға тиген бөрідей,
Тар тесіктің аузына
Қарасай, Қазиді жөнелді.
Әскер үшке бөлінді,
Осал мен мықты білінді.
2920 Қызылбасқа өтуге
Жеті батыр бөлінді.
Ең әуелі кім жүрді?
Қарасай, Қазиді ер жүрді.

- Мұның артынан кім кетті?
Тор бесті атты тебініп,
Асау нардай желігіп,
Қобылан батыр бұл жүрді.
Төртінші де кім жүрді?
Телағыс батыр сол жүрді.
- 2930 Бесіншіде кім жүрді?
Тарлан атты тебініп,
Жауға қарап ебініп,
Ахметтей шал жүрді.
Алтыншыда кім жүрді?
Құла шұбар ат мінген,
Көк болаттан тон киген,
Қабағы қалың түнерген,
Құбығұл батыр бұл жүрді.
Жетіншіде кім жүрді?
- 2940 Өлең айтып, өн салып,
Екі дүзді ақ алмас,
Сермегенде жау қалмас,
Өзі кедей, өзі таз
Әуез батыр бұл жүрді.
Жетеуі шықты бөлініп,
Әскерлер қалды шегініп.
Тесікке таман жақындап,
Қарт бурадай сақылдап,
Алшағыр ұлы Көбен-ай,
- 2950 Қарабекұлы Жемен-ай,
Бұл да жүрді қала алмай.
Тоқтап-тоқтап келеді,
Тіке шауып бара алмай.
Алдыңғы кеткен жетеуі
Атының басын тартпады,
Сапарынан қайтпады.
Тесіктен бастап кім кірді?
Қарасай, Қази ер кірді,
Екеуі қатар тең кірді.
- 2960 Екіншіде кім кірді?
Батыр Қобылан сол кірді.
Үшіншіде кім кірді?

- Самарқанды сонда алған,
Мұнанайды мұнда алған,
Қалмаққа бүлгін бүл салған,
Ахмет батыр сол кірді.
Төртіншіде кім кірді?
Жау дегенде жайнаған,
Сай тасындай ойнаған,
2970 Тебінгіден тесе атқан,
Үзенгіден үзе атқан,
Өкпеден оғын өткізген,
Өгізтауда оқ атса,
Шағанға оғын жеткізген,
Құбығұл батыр сол кірді.
Бесіншіде кім кірді?
Ала жолақ бөз байлап,
Шақырып ұран ойбайлап,
Әуез батыр сол кірді,
2980 Артынан Ахмет батыр бұл кірді.
Алдыңғы кірген үшеуі
Тар тесіктен өтеді.
Айбалтасын қолға алып,
Қази менен ер Қобылан
Тар тесікті кеңітіп,
Бұлар да өтіп кетеді.
Он екі қабат орына,
Құрып қойған торына
Үш күн бұрын жетеді.
2990 Кірейін десе есік жоқ,
Сығалауға тесік жоқ,
Алты күн жүрді жағалап.
Жеті күнге толғанда,
Күн сәскеде болғанда,
Қази менен Қарасай,
Орақтың екі баласы-ай,
Қорғанды шауып жағалап,
Алыс жерден жол жүріп,
Тұяғы тозған тұлпардың
3000 Аяғын алды тағалап.
Айқайлап шапты қандаққа,

- «Едіге» деп ұран салады,
Туларын қолға алады.
Екеуінің тұлпары
Он екі қабат орлардан,
Тоқсан қабат торлардан
Зеңбіректтей зырғыды,
Ор текедей ырғыды.
Асыл туған ер Қобылан,
3010 Қандаққа қарап тебініп,
Жауға қарап ебініп,
Секіргенде тор бесті,
Оры менен торынан
Жұқпай кетіп жөнелді.
Әділ келіп қалыпты,
«Баратын ерлер бар ма деп?»
Әскерге көзін салыпты,
«Аллалап» салып ұранды,
Қыздырайын деп әскерді
3020 Айнала Әділ шауыпты.
Әділ ханның кигені,
Қырмызы, мақпал беренді,
Әскердің жүрмейтінін біледі.
Мінген аты күрең-ді,
Жетеуінің соңынан,
Жалғыз шауып келеді.
Әділ келсе алыстан,
Алдыңғы келген жетеуі,
Бәрі де кірді деп еді.
3030 Шауып жүрген шабыс бар,
Айқайлаған дауыс бар,
Мылтық оғы зулаған
Қызылбаста ұрыс бар.
Кіргенін жауға біледі,
Соғысты көзі көреді.
«Жалғыз еді Әділ, деп,
Келсең, бұған кірме!» деп,
Орақтың ұлы Қарасай
Алақандай ақ қағаз
3040 Қыстырып кетті деп еді

- Тобылғының басына,
Қаратастың қасына.
Әділ мұны көреді,
Хан Әділдің ойына
Үлкендік сонда келеді.
«Мен бұлардан кем бе едім,
Кеммін деп жүр ме едім?!
Енесін ұрған Қарасай,
Жалғыз деп зәбір береді
3050 Орақтың екі баласы-ай.
Баба Түкті Шашты Әзіз,
Пері, шайтан
Бұлардың ата-бабасы-ай».
Тоқсан қабат торынан
Аман-есен өтеді.
Он екі қабат орына
Екпінімен аттың жетеді.
Үсті құтсыз ит екен,
Жамалдағыр күрең ат
3060 Өмілдірік үзіліп,
Халық билеген ханыңды
Орға тастап кетеді,
Әділ орда қалады.
Шылбыр жібек шұбатып,
Тізгінін басып ойнақтап,
Екі көзі жайнақтап,
Жамалдағыр күрең ат
Көп қиқуға барады.
Қарасай соғыс салып жүр,
3070 Қази артын бағып жүр.
Қарасай соғыс салыпты,
Қылышын қанға малыпты.
Үш күн соғыс салғанда,
Үш жүз қала алыпты.
Қобылан соғыс салады,
Үш күндіктің ішінде
Бес жүз қала алады.
Телағыс соғыс салады,
Екі жүз қала алады.

- 3080 Құбығұл соғыс салады,
Үш жүз қала алады.
Өуез соғыс салады,
Екі жүз қала алады.
Ахмет соғыс салады,
Тоқсан қала алады.
Сол соғыстың ішінде
Ахмет мінген тарлан ат
Омақаса құлады.
Құлап жатқан жерінде
- 3090 Ахметтей шалыңды
Қызылбастар қамады,
Қара таспен жабады.
Астындағы тарланнан
Айрылып Ахмет қалады.
Екі бұты таяқтай,
Айғыр қуған саяқтай
Ахмет жаяу қашады.
Сүрініп етегін басады,
Өлемін деп сасады.
- 3100 Ахмет сонда ақырды,
Қолтығынан оқ тиіп,
Қара қанды қақырды.
«Қарасай мен Қобылан-ай,
Қайдасың?!» деп шақырды.
«Қобылан» деген бір дауыс
Құлағына келеді.
Барқыраған бұл дауыс
Шалдың даусы екен деп,
Шауып жетіп келеді.
- 3110 Көтеріп шалды жерден,
Қобылан алады.
Тарлан аттың үстіне
Ахметті салады.
Қобылан Ахметке сөйледі:
— Ахмет кейін қайт, — деді,
Өзіңді-өзің бақ, — деді.
Түтеп тұрған мылтық көп,
Шауып тұрған қылыш көп,

- Қызылбаста ұрыс көп.
3120 Пұршасы болмай ер Қобылан,
«Шу!» — деді де жөнелді.
Сол соғыстың ішінде,
Әділдің мінген күрең ат,
Қарасайға көрінді.
Қарасай жылап бақырды,
«Қазижан!» деп шақырды.
Қимылда, Қазиде, қимылда,
Көрінді ғой күрең ат
Анасы мен анамыз,
3130 Етті бізге аманат.
Аманатты баға алмай,
Жалғызға көзді сала алмай,
Бізден болды-ау қатты ұят.
Жамалдағыр күрең ат,
Тоқымың жоқ, ерің жоқ,
Сөйлесер едім тілің жоқ,
Үстіңдегі Әділді
Жаудан өлді дер едім —
Сорғалап аққан терің жоқ,
3140 Үстіңе салған ерің жоқ.
Халық билеген ханым жоқ,
Күрең ат, сенің сәнің жоқ.
Маған неге тимеді-ау,
Әділге тиген ажал оқ,
Тірі десем, хабар жоқ.
Қарасай кетті бір жермен,
Қазиде кетті бір жермен,
Қобылан кетті бір жермен,
Әрқайсысы кетті әр жермен.
3150 Қобыланның жүрген жағынан
Сарқыраған қан шықты.
Қазидең жүрген жағынан
Тырып етпейді, сау шықты.
Қарасай жүрген жағынан
Ойбайлаған шу шықты.
Өңгесінің жүрген жерінен
Ат тозаңы, шаң шықты.

- Күн батқан соң түн болды,
Түнде түн болды,
3160 Күнде түн болды.
Зеңбіректің түтіні,
Аттың тозаңымен
Ат құлағы көрінбейтін
Қап-қараңғы күн болды.
Сол соғыстың ішінде
Телағыс мінген Ақбоз ат —
Ер тоқымы бауырында,
Құйысқаны сауырында
Ойнақтап жүрген көрінді.
- 3170 Қарасай соны көреді,
Еңірей қоя береді.
— Кіл жалғызды оққа ұшырып,
Енді не бетіммен көрем? деп еді.
Әділ менен Ағыстың,
Кеткені ғой намыстың,
Екеуінде де інісі жоқ, аға жоқ,
Тұяқ болар бала жоқ.
Қимылда Қобылан, Қазі, қимылда,
Не болса да, Алланың
- 3180 Еткен ісіне шара жоқ.
- Ағысты Қазі қарады,
Жығылып-тұрып жүр екен.
Тар көшенің ішінде —
Омыртқада он жара,
Қабыртқада қырық жара,
Тек шықпаған жаны бар,
Шүмектеп аққан қаны бар.
Көтеріп аттан алады,
Сонда Қазі ақырды,
- 3190 Әуез-ау! деп шақырды.
Телағыс көзін жұмып-жұмып қалып жүр,
Шүмектеп қаны ағып жүр.
Салып келді ер Әуез,
Қойны-қоншы оққа толыпты,
Жаралы о да болыпты.

- Ағысты қосқа алып қайт, — деді,
 Дәрігерге сәлем айт, — деді.
 Біз қайтпаймыз,
 Оқ тиіп, омақаса құлағанша,
 3200 Қайтамыз деп айтпаймыз.
- Өуез Ағысты алып жөнелді.
 Арада үш күн өткен соң,
 Құбығұл ерге оқ батты,
 Бейбіттің оғы тым тәтті.
 Оққа шауып өшігіп,
 Қызылбас отын өшіріп,
 Құбығұл аттан құлады.
 Үстіне келіп ер Қобылан,
 «Бауырымдап!» жылады.
 3210 Атадан жалғыз қарағым,
 Оңбады салған ұраным.
 Тарады менің құралым,
 Кіндіктен жалғыз қарағым.
 Мирас басар жоқ еді-ау,
 Артыңда да тұяғың.
 Атына Құбығұлды мінгізіп,
 Тізгінін беріп қолына,
 «Ерсің ғой, мықтап бекин!» — деп,
 Қайтадан салып жіберді
 3220 Қосқа қайтар жолына,
 Өуездің ертті соңына.
 Үшеуі қалған долданды
 Ісі келмей оңына.
 Қабырғадан қан болды,
 Тебінгіден тер болды.
 Ылди жерлер көл болды,
 Жердің жүзін қан алды.
 Қаланың ішін
 Зеңбіректің түтіні мен шаң алды.
 3230 Күн сәскеге толғанда,
 Тайқара аттың үстінен
 Өкпеден жеті жерден оқ тиіп,
 Қарасай қанатын жайып құлады,

- Құлап жатып жылады.
«Қазижан, бермен келіп кет,
Мен қасқаны көріп кет.
Ит пен құсқа жем қылмай,
Өз қолыңмен көміп кет!
Жауып кет менің бетімді,
3240 Ит жемесін етімді».
Сонда Қазиді сөйледі:
— Ұрды ма Құдай өзіңді?
Естімеймін сөзіңді,
Жаппаймын сенің бетіңді,
Көрейінші көтіңді.
Қой деп едім қоймадың,
Айтқаныма болмадың,
Қарасай сені кім айтар
Қазидің деп ағасы,
3250 Орақтың деп баласы,
Жігітке бұйым бола ма,
Қорғасынның жарасы?!
Жатамын десең, жатып қал,
Өлмек түгіл, қатып қал.
Сонда Қарасай ойлады:
«Мына залым бақпас, — деп,
Әкесін жұтқан қақбас», — деп,
Орынынан тұрады,
Қол-аяғын жияды.
3260 Он екі қабат ақ жібек,
Орай белін буады.
Тайқара атқа мінеді.
Қылышын алып жарқылдап,
Көк найзасы жылтылдап,
Соғыса берді деп еді.
Тағы тиді қалың оқ,
Бұрынғы құлау, құлау ма?!
Шыныменен құлады,
Әділді жоқтап жылады.
3270 «Қарағым, Қазиді елге қайт,
Сорлы болған анаға,
Іні менен ағаға,

- Қазақ пенен ноғайға,
Сұрағанға сәлем айт.
Әжекем естен кетірсін,
Жолаушы кеткен мырзасын.
Тұлдап тіксін ордасын,
Үш жылға дейін үзбесін
Құран шығар молдасын.
- 3280 Бұйыртпады бұл Құдай
Мұсылманның қыр басын.
Қази аттан түсті өкіріп,
Көзінің жасы секіріп.
Таяуым да сен едің,
Таянышым сен едің,
Еркелеп саған жүремін.
Өзіммен бірге туғанмен,
Әкемменен тең едің.
- 3290 Қарасайды көтеріп,
Қази алдына алады.
Орақтың екі баласы,
Бірін-бірі алып барады.
Қыдырбайдың Қобыланы,
Бір жаңғызға — бір жаңғыз,
Әділ жалғыз, мен жалғыз,
Туысқан жоқ, тума жоқ,
О да мендей қу жалғыз.
Сол Әділді алам, деп,
Сүйегін соның табам, деп,
- 3300 Сүйегін таппай Әділдің,
Елге қалай барам, деп.
«Әділ қайда?» дегенде,
Ел бетін не деп көрем, — деп,
Не деп жауап берем? — деп.
Өзекті жанға бір өлім,
Уақытым жетсе, өлем, деп.
Жеті күн соғыс салады,
Дәл сегіз күн болғанда
Қызылбас Қобыландыны қамады.
- 3310 Үстіне торды жаяды,

- Қайраты көп, аңқау ер еді.
Аңсыз шауып жүргенде,
Торға түсті деп еді.
Торды машинамен бұрады,
Астындағы тор бесті
Тырп етуге жайы жоқ,
Төрт тағандап тұрады,
Қобыланды сонда ойлады.
Жалғыздыққа жарық жоқ,
- 3320 Кедейлікке налу жоқ,
Өттеген-ай жалғыздық!
Ноғайдың бөрі кетті деп,
Басының қамын етті деп,
Атадан жалғыз туды деп,
Тапсырған жоқ еді маған-ай.
Нәсілі бірге ноғай ғой,
Атадан екеу туды деп,
Тапсырып еді Қарасай мен Қазига.
Мен Әділдің жалғыздығына қалдым деп,
- 3330 Бейнетті мұндай болдым деп.
Жалғыз келіп едім ұлтымнан,
Келетін кісі жоқ қой артымнан.
Жалғыздықтың зарпынан,
Осыны айтып долданды.
Сол жіберіп торы атты,
Ат үстінде қозғалды,
Ақырып келіп ырғалды.
Жайып қойған торларын
Шуда жіп құрлы көрмеді,
- 3340 Бір тартуға келмеді.
Торы бесті атты тебініп,
Шыға келді желігіп,
Аулына қайтып жөнелді.
Қази Қарасайды бағады,
Жапалақты жапан көл,
Алып барып салады.
Көлдің беті қан болып,
Қанды су болып барады.
Жау дәрісін жағады,

- 3350 Жазылмай кетіп барады.
 Бір тышқан суға келеді,
 Ол тышқанды талаған,
 Мысық залым деп еді.
 Тышқанның үстінде
 Жарасы көп деп еді.
 Судан келіп ол тышқан
 Көлден шөпті алады,
 Жарасына жағады,
 Жарасы тышқан жазылды.
- 3360 Жүгіріп барып қу Қазиді,
 Шөбін тартып алады,
 Қарасайдың жарасына жағады,
 Қарасайдың жарасы жазылды,
 Дауасы сонан табылды —
 Тышқан емес, Қарасайдың пірі екен.

Шөп емес, «тамыр дәрі» деген шөп екен, жаралы кісі тамыр дәрі ішу содан қалған жөн екен, Қарасай саламаттанды, жазылды,

- Әділ орда қалынды.
 Қарасай тұрып сөйледі:
 — Айналайын, Қазиді,
 Хан Әділге баралық,
 3370 Әділді тауып алалық.
 Әділді жауға біз тастап,
 Елге қайтіп баралық,
 Елге не деп барамыз?!
 «Әділ қайда?» — дегенде
 Не деп жауап табамыз?
 Ұят пен өлім бір еді-ау,
 Ұялып өліп қалармыз!
 Сонда Қазиді сөйледі:
 — Әділдің құрсын, бармаймын,
 3380 Әділді жаудан алмаймын.
 Әділдің сөзі өтті деп,
 Жеті атамнан бері қарай,
 Мені боқтап, сөкті, — деп —

Қарасай үш айтты, Қази үш айтты. Қарасай-Қази аулына қарап жөнелді. Тілін алмаған соң Қарасайдың амалы болмады деп еді, әскерлер елге барулы.

- «Әділ орда қалды, — деп,
 Қарасай-Қази, Қобыландыны,
 Қызылбас ұстап алды,» — деп,
 Ахмет қайтып барады,
 Осыны елге жаяды.
 Әділде бар тоқсан құл,
 3390 Тоқсан құлы кеңесті:
 «Тілекті Құдай берген ғой,
 Көздің жасын көрген ғой,
 Әділ анық өлген ғой,
 Бізге теңдік тиген ғой.
 Жүйрік болса сыналық,
 Семіз болса былалық,
 Жорғасын ханның мінелік,
 Қырмызы болса киелік.
 Ылиядай сұлуды
 3400 Көңіліміз сүйгені —
 Сонымыз барып сүйелік».
- Құлдар жаман есірді,
 Елге салды кесірді.
 Атқа салды тоқымды,
 Елге жүргізем деп үкімді,
 Ылиядай сұлуға
 Құлдар қолды салады.
 Қорғай қойса, шешесін
 Керегеге таңады.
 3410 Ылия бір күн толғады:
 «Кел, кетелік, кетелік,
 Қайырсыз болған дәулетті,
 Біз қайырлап не етелік?
 Ақтолқын мен Ылия,
 Иесіз қалды мал мен мүлік, дүния,
 Ордадан қашып жөнелді.
 Келе жатса екеуі,

- Келе жатыр қос қара,
Атасы әйел демесең,
3420 Блия өзі ер еді,
Ақылға терең неме еді.
Алыстан болжап Ілия,
Сөйлей қоя береді.
Жаман қар қыз, ант ұрған,
Қайғылы жүрек қан тұрған,
Аман екен Орақтың екі баласы.
Ұрған Құдай бізді ұрған,
Түс ауған соң кеш екен,
Еңбегіміз еш екен,
3430 Жалғызға Құдай өш екен.
Қалғаны ғой жұбайым,
Басыма түсті уайым,
Қалайша күнді көреміз?!
Туысқан, тума жоқ еді,
Біз қасқада ағайын.
Ағайын, тума құрысын,
Жалғызымның жолына
Күйейін де жанайын.
Қарасай салып келеді,
3440 Блияны көреді.
Ақ көңіл туған ер еді,
Аңырай қоя береді.
Сонда Блия сөйледі:
— Қолыма алдым шарайна,
Қылыш, мылтық, бар найза,
Аманат қылған жалғызым,
Қарасай, қасындағы хан қайда?
Айта алмайды Қарасай,
Жылай береді еңкілдеп,
3450 Тұла бойы селкілдеп.
Сонда Қази сөйледі:
— Өлген жоқ балаң, тірі-ау, — деп,
Алыш келем мен-ау, — деп,
Келгенше балаң бағамын,
Бабыңды кемпір табамын,
Дұшпаннан кегінді аламын.

- Атымды болса аунатып,
Өзім болсам қунаймын,
Есімді әбден жинаймын.
- 3460 Қайта айналып барамын,
Әділді жаудан аламын.
Әділді таққа мінгізіп,
Бақыттың отын жағамын.
Сонда Ылия сөйледі:
— Өтеді бастан сұм жалған,
Ажал келсе кім қалған?!
Ішімде бар көп арман,
Тіпті, есімнен кетпейді,
Құлдың қолды салғаны,
- 3470 Әжемді керегеге таңғаны.
Мінбесімді мінгені,
Кимесімді кигені,
Құлдың зәбір бергені.
Қарасай өзі ер еді,
Жылқыға қарап жөнелді.
Түсе қалып көк аттан,
Кемпірді мінгізіп,
Аулына алып келеді.
Құл да түсті көріпті,
- 3480 Қарасайдың келетінін біліпті.
Құйысқан жетпес құлаға,
Айыл жетпес алаға
Мініп алып кілең құл,
Қашқан екен далаға.
Мәстектері болдырып,
Тас бұлақтың қасында,
Шұбар төбе басында
Отыр екен жиылып.
Қарасай жетіп келеді,
- 3490 Құлдар еңірей береді.
Қол бастығы Құлтай құл,
Сөйледі сонда деп еді,
Сөйлегенде не деді?

- Айналайын, Қарекем,
Көрмейім бе деп едім?
Көретін күн де бар екен.
Жаныса болат өтеді,
Жалынса, жақсы кешеді.
Бір білместік істедік,
3500 Кешсеңіз нең кетеді?!
Үндемейді Қарасай,
Аулына айдап жөнелді.
Ылияға алып келеді,
Келе сөйлей береді,
Сөйлегенде не деді:
— Әй, Ылия, Ылия
Білмеді ме бұлыңды,
Шашты ма сенің бұлыңды,
Бермеді ме тынымды?!
3510 Неғылсаң да өзің біл,
Алып келдім тоқсан құлыңды!
Құл өлтірсе, сән кетед,
Сән кеткенде мал кетед,
О да бізге қиынды.
Қази шықты қуанып,
Орақ пышақ қолға алып,
Екі білек сыбанып,
Құлға салып келеді.
Ылия толғай қоя береді:
3520 — Айналайын, Қареке,
Халық үшін туған, ағеке,
Мына құлды өлтірсек,
Уақытсыз қаза келтірсек,
Бізге жұрттар күлмей ме?!
«Әділдің өшін құлдан алдың»,
Деген сөзі тимей ме?!
Оспадарсыз оданы,
Құлға жана сөз айтсаң,
Жайына қарап жүрмей ме?!
- 3530 Бұлар кетіп қалған соң,
Қызылбастың баласы —

- Қырғын тапқан ел екен.
Қызылбасқа қырғын тапқызған,
Қобыланды, Қази ер екен.
Қалған ноғай бар ма, деп,
Қызылбастың тірісі
Ор жағалап жүр екен.
Жатыр екен хан Әділ
Екі көзі жаудырап,
3540 Екі беті албырап.
Үстіндегі ақ сауыт,
Шашақтары салбырап.
Қызылбас тауып алады,
Тас кесекпен сабады.
Жіберген тас кесекті,
Әділ қағып алады,
Өзімен соғыс салады.
Жеті күндей соғысты,
Жеті жүз қалмақ алады.
3550 Бір қасық судың жоғынан,
Таңдайы кеуіп хан Әділ,
Етпеттей барып құлады.
Құлап жатқан жерінде
Шынжырдан бұғалық салады.
Алты нарға сүйретіп,
Хан Әділді ордан алады,
Қол-аяғын таңады.
Қырық пұттай тас байлап,
Көк теңізге салады.
3560 Бабалары бағады,
Қанаттарын жаяды.
Шикі өкпедей қалқыды,
Мұнан да өлмей қалады.
Қол-аяғын таңады,
Алпыс түйе сексеуіл,
Алып барып жағады.
Талтаңдаған ханыңды,
Қызыл шоққа салады.
Бабалары су бүркіп,
3570 Мұнан да өлмей қалады.

- Үш жүз тоқсан жасаған,
Азу тісі босаған
Қу мыстан деген кемпір бар,
Мыстаннан ақыл сұрады,
Сонда мыстан сөйледі:
— Екеу емес, бір екен,
Біздің елдің патасынан болған ер екен,
Сүйегі шойын, терісі болат неме екен.
Тоғыз бие сойыңдар,
3580 Тоғыз да ту бие,
Қара көк пен сұр бие —
Тайқазанға салыңдар,
Тас көмірді жағыңдар.
Майға бөлеп балқытып,
Қарын кесіп алыңдар.
Тайқазанға салады,
Тас көмірді жағады,
Кемпірдің сөзі ұнады.
Жеті күн майға қайнатып,
3590 Екі көзін жайнатып,
Зығырын оттай қайнатып,
Қарын кесіп алады.
Жеті бура сояды,
Қабаттап көнін тігеді.
Ұшы біздей ақ болат,
Қу жебені қағады.
Рәшеткі темірді
Жыртылмасын деп жабады.
Көк арбаны жегеді,
3600 Қу жебелі көндерді,
Қамыт қылды деп еді.
Таңертең кетіп далаға,
Кешке келет қалаға,
Мазақ болды хан Әділ
Қалада қатын, балаға.
Мінеміз деп арбаға,
Қатын, бала барады.
Кейіп жүрген хан Әділ,
Алдына келсе шайнады,

- 3610 Жанына барса жалмады.
Бала түгел үлкен кісі
Барса өлмей қалмады.
Өркімге де жан тәтті,
Қасына адам бармады.
Жатыр еді бір күні,
Желкеге жара батып-ай,
Қасына келді бабасы,
Бабасы келіп сөйледі:
— Әділ деген сен, — деді,
- 3620 Сенің бабаң мен, — деді.
Сиынбадың маған-ай,
Мен қайтейін саған-ай?!
Келмейінші деп едім,
Өкпелеп саған жүр едім,
Жылауменен қоймады,
Ақтолқындай анаң-ай,
Ықтиярсыз келдім саған-ай,
Мінемісің үстіме,
Алып кетейін балам-ай?!
- 3630 Сонда Әділ сөйледі:
— Тіліңді бабам алмаймын,
Он саусақ пен қарым жоқ,
Сопайып елге бармаймын,
Осы күні бейне бір
Бұтағы кеткен талдаймын.
Бабам болсаң сен, — деді,
Берменірек кел, — деді,
Қанатыңды бер, деді.
Қасына таман келеді,
- 3640 Қанатына хат жазып,
Жерден асап саз алып,
Тілімен жазып жіберді,
Қара құс ұшып жөнелді.
Күндіз-түні ұшқанда,
Тоқсан бір күн толғанда,
Үш айда бір күн болғанда,
Шынтемір тіккен боз үйдің
Көлеңкеге қонады.

- 3650 Үйден шығып Ылия,
Қарақұсты көреді,
Көре сала келеді.
Жүгіріп келсе Ылияға,
Қанаттағы хатын-ай,
Әділдің танып атын-ай,
Ылия айғай салады-ау.
Амадай піскен екі бет
Он саусақпен алады.
Сонда Ілия не деді?
— Өлген жоқ көкем, тірі екен,
- 3660 Тірі болғанмен қор екен.
Он саусақ, екі қары жоқ,
Қорлықта көкем жүр екен.
Көкеме арба жегулі,
Жалғызым қайғы шегулі,
Көзінің жасы төгулі.
Мен садаға кетейін,
Әділ деген атыңнан,
Тіліңмен жазған хатыңнан.
Қарасай мен Қазидың
- 3670 Жүрем деген күні еді,
Сарайда аты тұр еді.
«Ылия неге жылады деп?» —
Ылияға келеді.
Қарақұс ұшып жөнелді,
Қарақұстың хабарын
Қарасай мен Қазига
Ылия айтып береді.
Таң атуға тұра алмай,
Хабарын естіп шыдамай,
- 3680 Қарасай, Қазиге — қос жайсаң,
«Шу», деді де жөнелді.
О күні жүрді күнімен,
Екеуі жүрді шынымен,
Барып қайтқан ізімен.
Орта жолға келеді,
Қазиге тұрып ойлады.

- «Кел, көке, мінген Қара атты,
Алдап мұнан мінейін.
Жалғыз барып әуелі,
3690 Мен Әділді көрейін».
Қолға пышақ алады,
Таңдайына салады.
Таңдайынан қан кетіп,
Қази аттан құлады.
«Не болып қалды бауырым?» — деп,
Қарасай батыр сұрады.
Сонда Қази сөйледі:
— Асық ойнап жүргенде,
Ескі апанға келгенде,
3700 Ескі апаннан су іштім,
Шөлдеп суды көп іштім.
Жүректің басы толыпты,
Шемен болып қалыпты.
Жаман екен көк бөрте аттың жүрісі,
Шеменімді қозғады,
Қозғамасқа болмады.
Бара бер, көке, сен — деді,
Бара алмаймын мен, — деді,
Аурумын, деп көлбеді.
3710 Қарасай сонда сөйледі:
— Астымдағы Тайқара ат
Жорға емес, жортаң-ау.
Әкемізден қалған соң,
Екеуімізге ортақ-ау.
Жорғадан артық жүрісі,
Тәуекел етіп шыққан соң,
Бармастың болмайд келісі.
Тайқара атқа мінеді,
Мініп алып жөнелді.
3720 «Алдадым, көке!» деп еді
Жарысалық, кел, көке,
Шемен мана қалыңды,
Аурудың бәрі жазылды,
Шипасы аурудың табылды.

- Тайқара атқа мінген соң,
Екі батыр жөнелді.
Әрі-бері жүрген соң,
Шабылып қалған Тайқара,
Алқайлы алқылдап,
3730 Құйысқаны жарқылдап,
Аузынан аққан ақ көбік
Омырауда жалпылдап.
Арандай аузын ашады,
Көлденең келген қара тас
Саз балшықтай басады.
Көк найзасы жылтылдап,
Бес қаруы сартылдап,
Қылыштың сабы жарқылдап,
«Шу», деді де жөнелді.
3740 Өзі кірді тесіктен,
Тесікке кіріп енеді,
Өзінің кірген жері еді.
Тоқтамастан жөнелді,
Қалмаққа салып келеді.
Қаланың бергі шетінде,
Құбыла жақ бетінде,
Көк арбасы көтінде,
Етпеттеп жатыр хан Әділ —
Басы құмға кірулі,
3750 Көзінің жасын төгулі,
Арқасында көп шыбын
Желкедегі жарада
Үлдеп ұшып жүрулі.
Тек шықпаған жаны бар,
Желкеден аққан қаны бар,
Әділ етпеттеп жатып жылайды.
Түсіне алмай ер Қазі,
Аттан түсе қалады,
Дыбысқа құлағын салады.
3760 Сонда Әділ жылайды:
— Көзі құрғыр тартасың,
Қарасайды көрем бе?!
Құлағы құрғыр тартады,

- Елден хабар білем бе?!
 Беті құрғыр тартады,
 Қази көкем сүйе ме?!
 Тақымы құрғыр тартады,
 Жел күреңге мінем бе?!
 Арқасы құрғыр тартады,
 3770 Ақ сауытты кием бе?!
 Әжекемді бір көрсем,
 Ылия бауырымды бір сүйсем!
 Шынымен елге бара алмай,
 Көк арбаның астында,
 Құм шоқаттың қасында
 Арманда болып өлем бе?
- Қази аттан түсе қалады,
 Мойнындағы арбаны
 Көтеріп жерге ұрады.
 3780 Мойнындағы көнін-ай,
 Жебедей қаққан темірді-ай,
 Қылышпенен мен шапсам,
 Ханға өтіп кетер деп,
 Зақымет бұған етер деп,
 Аттан түсе қалады.
 Азу тісі ақсиып,
 Күрек тісі көксиіп,
 Тойтара қаққан шегені,
 Рәшеткі темірді,
 3790 Тісімен дал-дұл қылады.
 Сол мезгілде хан Әділ
 Көтеріп басын алады,
 Жылай қоя береді,
 Жылағанда не деді:
 — Айналайын, ағекем,
 Ағекемді көрсеткен
 Аллаға ісім ақ екен.
 Көрмеймін деп жүр едім,
 Көретін күн де бар екен.
 3800 Кім келед деп ем артымнан,
 Зарландым жалғыздықтың зарпынан!

Қазиды көзім көрген соң,
Қорғандарым келген соң,
Он ай, он күн көтерген,
Омыртқасын бүгілткен,
Қабырғасын сөгілткен,
Тас емшегін еріткен,
Тас құрсағын жібіткен,
Мен тумай тұрғанда қуарған
3810 Мен туған соң қуанған,
Әжемнің дені сау ма еді?!
Қыз да болса қияғым,
Артымда қалған шырағым,
Бауырласым базарым,
Қатар тұрса ажарым,
Тілектесім қарағым,
Ылия дені сау ма еді?!
Еңбегі сіңген Қарекем,
Қамқорым еді-ау ағекем,
3820 Қарекем дені сау ма еді?!

«Бәрі де аман-сау, — деді,
Аман-есен бар», — деді.
Қарасай да келеді,
Көп ұзамай көреді.
Үстінен беріп бір шапан,
Қоржыннан беріп азығын,
Қалаға қарап жөнелді.
Қалың талды аралап,
Суға талды жағалап,
3830 Қазиді салып келеді.
Қалмақтың басы Қанжарбек
Ит жүгіртіп, құс салып,
Қалың талда жүр екен.
Қалмақтар сонда кеңесті,
Бөліп жеді көмешті.
Қалмақтар қашты секектеп,
«Былырғы қара атты
Келіп қалды, көтек!» деп.
Қашқанын Қазиді қойсын ба?!

- 3840 Қара ат оған болсын ба?!
Бәрін де ұстап алады,
Кез келген талға таңады.
Қанжарбек деген хандарын
Ат баурынан өткізіп,
Қази жаман сабады,
Ауылға алып барам деп,
Қарыңды кесіп алам деп.
Ноғайдың жаман арбасын,
Мойныңа салам деп.
- 3850 Арбаға өзім мінем деп,
Борбайыңды тілем деп.
- Қанжарбек хан жылады.
Бір шыбын жанын сұрады:
«Ханыңды сенің жазайын,
Ханыңның қарын салайын,
Алып едім шауып-ай,
Отыр едім бағып-ай,
Дәріге түрлі малып-ай».
Сонда Қази сөйледі:
- 3860 — Шын көңіліңді берсең, деп,
Дегеніме көнсең, деп.
Ақыреттік дос болам,
Әділдің қарын жазып берсең, деп,
Уәзірін аулына жіберді.
«Жылдам ойбай барып кел,
Мыстанды барып алып кел,
Қарын жылдам салсын, деп,
Жан дәріні жақсын, деп,
Осы келген қонақтың
- 3870 Қалай да бабын тапсын», деп.
Бір уәзірі келеді,
Кемпірге сөйлей береді:
— Кемпір, жылдам жүр, — деді,
Шабылатын болды ел, — деді.
Келіп қалды былтырғы
Қарасай-Қази ер, — деді.
Шошып кетті бұл кемпір,

- Түрегелді қу кемпір.
Жан дәрісін алады,
3880 Он саусақ пен екі қар,
Ақ сандыққа салады.
Ақ бураға мінеді,
Кемпір салып келеді.
Әділдің қарын салады,
Жан дәрісін жағады,
Жеті күнде жазады.
Дәл жеті күн біткенде,
Қарасай ер де құлады.
Хан Әділді құшақтап,
3890 Өкіріп келіп жылады.
Екеуінің даусына,
Аспан жерге бір тиді.
Дария шалқып, тас балқып,
Жерде жатқан тасиды.
Сонда Қазі сөйледі:
— Қарасай, Әділ, жылама,
Деңгейден өткен істерің,
Жылағанмен бола ма?!
Қайтпас қайрат, мұқамайтын ер,
3900 Дүнияда болар ма?!
Салса балта өте ме,
Шағырлы таудың тасына.
Нелер кетіп не кетпейді,
Ер жігіттің басына?!
Ақ болат едің, Әділ-ау,
Өзіңнен-өзің жасыма.
Қайғы лайқат болар ма,
Сен сияқты асылға?!
Қайғы кетер күн болды,
3910 Біз келген соң қасыңа.
Әділ тұрып ақырды,
Жанға өлшеген күрең деп,
«Шау»-лап келіп шақырды.
Ақ татырдың басында,
Құланмен бірге жүр еді.
Әділдің ащы дауысы,

- Құлағына келеді.
Тілекті Құдай берді деп,
Көзімнің жасын көрді деп,
3920 Әділ ердің дауысы,
Құлағыма тиді деп,
Күрең ат шауып жөнелді,
Хан Әділге келеді.
Маңдайына төу етіп,
Танауынан Әділ сүйеді.
Сонда Әділ сөйледі:
— Қарасай-Қази, қос жайсаң,
Айтатұғын арыз бар,
Түсіретін парыз бар,
3930 Тілегімді бер, — деді,
Жазылдым ғой мен, — деді.
Қызылбастың жауында
Алатұғын кегім бар,
Кек алатын жөнім бар.
Сонда Қарасай сөйледі:
— Жүр, баралық, — деп еді,
Сонда Қази сөйледі:
— Уәде қылдым мен, — деді,
Уәдені бұза ма, мен сияқты ер деді.
3940 Бұл бейқұт жатқан ел, — деді,
Алдауменен ұрынған біз, деді.
Хан Әділді жазған соң,
Уәде беріп дос болдым,
Кел, елге жүр, — деді,
Қарындасың, шешең,
Зарлап отыр, сағынып.
Соғысамын дегенің,
Қарағым, Әділ, нең, деді.
Қази айтса, амал жоқ,
3950 Гулесіп елге жөнелді.
Тесіктен әрмен өткен соң,
Орта жолға жеткен соң,
Хан Әділ тұрып сөйледі:
— Айналайын, Қареке-ау,
Мінген атың көк, — деді.

- Еңбегің бізге көп, — деді,
Сөзім болмайды шет, деді.
Біреуің елге барыңдар,
Зарланып, сағынып тұрған
- 3960 Шешем менен Ылияның
Құлағына салыңдар.
Қайсысың бұрын барсандар,
Ылиядай қарғамды,
Сүйіншіге ал, — деді.
Қази жолды береді,
«Еңбегің көп қой» деп еді,
Қарасай шауып жөнелді.
Тап сол күні Ақтолқын —
Хан Әділдің шешесі
- 3970 Сол күні түсті көреді.
Ылияға сөйледі:
— Айналайын Илия-ай,
Жалғызымның жолына
Садаға, қара орманым — дүния.
Тілекті Құдай беріп жүр,
Көздің жасын көріп жүр.
Кең көкіректі келбетті,
Жазық маңдай бота көз,
Қаршыға тұмсық, қалың қабақты
- 3980 Сүйіншіге біреу келіп жүр,
Барамысың, қарағым,
Бармаймысың, қарағым?!
Сонда Ылия жылады:
«Көкекемді мен көрсем,
Мойнынан құшақтап,
Ақ бетінен бір сүйсем,
Болмас еді-ау арманым.
Тоқсандағы шалдарға
Тоқалдыққа мен тисем».
- 3990 Айтқан ауыз жұмғанша,
Қарасай шауып келеді:
«Сүйінші, сүйінші!» — деп еді.
Ақтолқын мен Ылия

- Етпеттей барып құлады-ау,
 Жер бауырлап жылады-ау.
 Қайта, қайта Қарасайдан,
 «Рас па?!» деп сұрады-ау.
 «Қорыққан мен қуанған
 Бірдей» деген бір мақал,
 4000 Мінекей, содан қалады-ау.
 Күрең аттың енесі,
 Әділдің қаршыға салар күрең биесі
 Алдынан шауып барады.
 Күрең ат оны көреді,
 Күрең бие иеді,
 Күрең ат соны емеді.
 «Мен түгел, хайуан сағынды-ау,
 Менің мамам неғылды-ау?» — деп,
 Хан Әділ өксіп қоя береді.
- 4010 Бұзылмайтын Қазидың
 Көңілі босап бұзылып,
 Көзіне жас келеді,
 Ауылына келеді,
 Тілегін Құдай береді.
 Шешесі тұрып жылайды-ау:
 — Айналайын, жалғызым,
 Келмей жүрсең қандаймын,
 Сағындым ғой, халқым зарлаймын?!
 Қарағым келмей тұрғанда,
- 4020 Мен — ботасы кеткен нардаймын,
 Әлде де түсім бе деп нанбаймын.
 Келді ме менің түлегім,
 Болды ма қабыл тілегім?!
 Қарағым үйге кіргенде,
 Қарағымды көргенде,
 Тарс етіп кетпейді неге жүрегім?!
 Қарғамнан тілек қалмайды,
 Қарағым, құлын-тайлай-ды,
 Халқына күн мен айдай-ды.
- 4030 Қарғамды көрген соң,
 Құдай неге мені алмайды?!

- Қайта-қайта бұл жылап,
Бойы балқып, ылжырап,
Ақтолқын тіпті қоймады,
Қой дегенге болмады.
Тоқсанға келген Сыпыра —
Ноғайлының жырауы
Домбыра қолға алады,
Оңнан, солдан қағады,
4040 Сыпыра толғап қалады:
— Әй, бәйбіше, Ақтолқын,
Кеткеніңнің келген күн,
Дегеннің бәрі болған күн,
Кемтіктің бәрі толған күн.
Желпініп ұшқан ақ сұңқар
Ұясына қонған күн.
Елдің иесі хан келіп,
Орданың іші толған күн.
Би мен байлар жиналып,
4050 Кең кеңесті құрған күн,
Тұлпарлар шауып озған күн.
Тамырың бәрі иген күн,
Үрпіңе сүтің келген күн.
Боз биенің тайлары
Тайрақдап келіп емген күн.
Боз інгеннің тайлағы
Енесін келіп емген күн.
Құлап қалған терегің
Қайта енді ол тұрып,
4060 Төбесі көкке тиген күн.
Төбесіне қаршыға,
Бұтағына келген күн.
Бүгінгі күн неткен күн,
Төбе көкке жеткен күн,
Қайғының бәрі кеткен күн.
Толқиды жыршың жуатты,
Жана айтып қуантты.
Әділ патша той қылды,
Екі тойды бір қылды.
4070 Осы тойды ірі етті,

Алтын таққа мінеді.
Ылиядай қарындасын
Қарасайға береді.
Шашы бұйра күңменен,
Сақалы бұйра құлменен,
Қатарлаған нарменен,
Есебі жоқ малменен,
Мақсатына жетеді.
Халықтың көңілі бітеді,
Қайғының бәрін кетірді,
Дұшпандары өкінді,
Әділ атты ханыңды
4083 Дегенге Құдай жеткізді.

Қарасай — Қазы

(Сейіт жырау нұсқасы)

- Кешегі өткен заманда,
Қауым халық аманда
Сан санақсыз іс өткен.
Он сегіз мың ғаламда,
Он санлы ноғай ішінде
Мамай атты ханы бар.
Орақ батыр інісі —
Өзінің бүгін сәні бар.
Орақ батыр тұрғанда,
10 Мамайдың кеңіп өрісі.
Қалмақтарды олжалап,
Ноғайдың асты кірісі.
Қалмақтың ханы Темірхан —
Өз елінің ірісі.
Орақ батыр тұрғанда,
Ашылмай жақ кірісі.
Ноғайменен болмады
Жер таластық жұмысы.
Іштегі қайғы жеңеді,
20 Бітпегендей бір ісі.
Асқындырды қайғысы —
Орақтың көзі тірісі.
Одан қатты қорқатын,
Тарылып тіпті тынысы.
Орақтан туған екі ұлдан
Қарасай, Қазы деседі.
Үлкені соның Қарасай,
Нағыз батыр осы еді.
Ақылы мен қайраты

- 30 Орақтай болып өседі.
Шабысқанда қалмақпен
Қайықтайын еседі.
Домалатып бастарын
Бауыздай тұрып кеседі.
Шірене тартып сұр жебе,
Қара тасты теседі.
Толғай салған көк сүңгі
Сауытты бұйым көрмейді.
Тасқындаған қайраты
- 40 Тасқын судай үрлейді.
Кескілескен сайыста
Жауына есе бермейді.
Жарқылдаған ақ семсер
Оңды-солды сермейді.
Орақ батыр көп тұрмай,
Артында қалған көп ноғай
Қалмақтың қарнын теседі.
Мамай ханның сол кезде
Сексен бесте жасы еді.
- 50 Жас күнінен ел билеп,
Осы даудың басы еді.
Темірханның жүрегі
Жібімейтін тас еді.
Орақтан қорқып жүргенмен,
Ноғайға іштей қарсы еді.
Орақ батыр өледі,
Аманатын береді.
Орақ батыр өлді деп,
Темірхан естіп біледі.
- 60 Жер сұратып Темірхан,
Қырық батыр жіберді.
«Асу да асу бел, — дейді,
Аса соққан жел, — дейді.
Темірханның елшісі,
Айтқаныма көн, дейді.
Үш жыл түскен отаудан,
Биыл есеп бер, — дейді.
Биыл есеп бермесең,

- Айтқаныма көнбесең,
70 Жер ортасы — Алатау,
Соғысуға кел, — дейді.
Қарасай мен Қазиды
Байлап тірі бер, — дейді.
Хан айтқанын істейді,
Бұл сөзіме сен», — дейді.
Осылай деп, елшілер
Хан сәлемін айтады.
Қайтерін білмей көп ноғай,
Шулап-шулап қайтады.
- 80 Мамай сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Қарасай мен Қазиды
Қалмаққа ұстап бермеймін.
Жер ортасы Алатау,
Соғысуға кел, — дейді.
Байламға осы келеді,
Жауабын осылай береді.
Қартайған шағы болса да,
Өзіне Мамай сенеді.
- 90 Ноғайлар тарап кеткен соң,
Үйіне Мамай келеді.
Қан майданда қайтпаған,
Нақ сайыста ер еді.
Үйінде Мамай жатқанда,
Ноғайдан хабар келеді.
Хабар ап келген ноғайдың
Сый табағын береді.
Сонда елші не дейді,
Мынадай тілек тілейді:
- 100 — Еліңіз сіздің тілейді,
Айтқанынан қайтсын, — деп,
Өзі барып қалмаққа,
Ауызекі айтсын, — деп.

Мамай бұған көнбеді,
Елшіден жұмыс өнбеді.
Ақылдасты көп ноғай,

- Енді қайтсең жөн деді?
«Онда былай етейік:
Түннен қалмай бәріміз,
110 Осы жерден көшейік.
Қарасай, Қази екеуін,
Әйелі мен Мамайды,
Шешесімен бесеуін,
Жұртқа тастап кетейік.
Қалмақты алдап осымен,
Мұратқа сонсоң жетейік,
Осы ақылға келейік.
Мамай сезіп қалмасын,
Бәлен-пәштуан демесін.
- 120 Осы арқылы оларды
Қалмақтарға берейік.
Қуып барса аржақтан,
Соғысты сонда көрейік».
Бары осыған қосылды,
Аққан селдей жосылды.
Сол күні ноғай қашады,
Қара албасты басады.
Төрт түлік малдың бірі жоқ,
Биік таудан асады.
- 130 «Қалмақтар келіп қалар» деп,
Өлгендейін сасады.
Таң сағағы түріліп,
Күн нұрын жерге шашады.
Осы шақта бейхабар
Ұйқыдан Мамай тұрады.
Көз салып алыс жаққа,
Жан-жаққа мойын бұрады.
Жұрты жатыр, ноғай жоқ,
Қарасайдан сұрады.
- 140 Біле алмай мына жайды,
Таңырқап о да тұрады.
Бесеуі қашып далада,
Алладан медет сұрады.
Ноқталы басқа — бір өлім,
Атының басын бұрады.

- Сексен бесте қарт Мамай
Сауыт-сайман киінді.
Өстіп берсе баласын,
Болар еді тиімді.
- 150 Өлгенім жөн деп біледі,
Баласын беру қиын-ды.
Сол үшін бала бермеді,
Бір Тәңірге сиынды.
Сексеннен асқан кәріге
Соғысу да қиын-ды.
Көкмойнақ деген төл бар-ды,
Мініп жүрген биыл-ды.
Қаптап жүрген көп ноғай
Аяғы бүгін тыйылды.
- 160 Көкмойнаққа мінеді,
Қалмаққа жақын келеді.
Елшісіне Темірдің
Былай деп жауап береді:
— Қарасай мен Қазыын
Темірханға бермеймін.
Атасы Доспанбет қалмақ,
Айтқаныңа көнбеймін.
Тұрысар жерім осы жер,
Соғысуға кел, — деймін.
- 170 Атақоныс жерімді
Тірі күнде бермеймін.
Өлтіріп кетсең, амал жоқ,
Бұл сөзіме сен, — дейді.
- Қалмақтар естіп бұл сөзді,
Дабырласып қалысты.
Мамайды ұстап алмақ боп,
Қырқы бірдей жабысты.
Жебелер кетті зуылдап,
Қылыш, найза салысты.
- 180 Қырып кетті көп қалмақ,
Мамай менен Көкмойнақ
Дүзеді енді шабысты.
Будақтап жердің тозаңы,

- Жақын етті алысты.
Темірханның уәзірі —
Қаныбек шығып алдынан,
Қаныбек-Мамай алысты.
Қарт бурадай иіндеп,
Ойнатып тұлпар шабысты.
- 190 Темірдей қатты шоқпармен
Бірін-бірі салысты.
Семсерменен серместі,
Қылышпенен қағысты.
Болат қалқан шойырылып,
Сықырлатып сауытты,
Ырғап найза салысты.
Ат үстінде сілкісті,
Ат дізесі бүгіліп,
Қабырғасы майысты.
- 200 Шірене жұлқып тартқанда,
Аттың белі қатысты,
Еңкейісе барысты.
Бұлшық еттер дірілдеп,
Білектері қарысты.
- Қармақтай белдер бүгілді,
Әлі құрып Қаныбек,
Пәниден енді түңілді.
Бадана көзді ақ сауыт
Ыдырап-ыдырап сөгілді.
- 210 Ат сауыры ақ көбік —
Бұршақтай терлеп төгілді.
Қайраты асып қарт батыр,
Қаныбекті Мамай байлады.
Томпылдатып торпақтай,
Жолға салып айдады.
Тірі жібермей қырқын да,
Матастырып байлады.
Жер қыртысы ойылып,
Қызыл қан болды майданы.
- 220 Құлағын кесті құнтитып,
Ернін кесті тымпитып,

- Мұрнын кесті таңқитып,
Темірханға жіберді
Қу сүйекті қаңқитып.
Жұрдай болып бәрінен,
Қаныбек ханға келеді.
Адам шошыр түрімен
Иіліп сәлем береді.
Булыға тыңдап Темірхан
- 230 Ноғайдан хабар алады.
Қызыл хан болған Қаныбекке
Темірхан көзін салады.
Басынып мына қарт Мамай,
Қаныбекті қатты қинайды.
Қатуланып Темірхан,
Терісіне симайды.
Орнымен құртпақ Мамайды,
Жеті мың әскер жіберді.
Ат үстінен көз салып,
- 240 Әскер басы Темірхан
Алдында жүрді жер шалып.
Тапыр-тұпыр желеді,
Түн ұйқысын бөледі.
Қабағына қан жауып,
Күндіз-түні суыт келеді.
Сексен бесте қарт Мамай,
Жалғыз ұйықтап жатады.
Ештемеден хабар жоқ,
Тәтті ұйқыға батады.
- 250 Қалмақтан келген көп батыр,
Ел шетін қоршап жатады.
Қаруланып Темірхан,
Ұзаққа көз салады.
Әлдененің барынан
Сонда байқап қалады.
Қолын бастап сол жаққа,
Дүрілдетіп шабады.
Осы түс болса керек, — деп,
Жер түс бойын табады.
- 260 Таяп келіп маңайға,

- Тағы байқап қарады,
Бір қарайған келеді.
Жаудың көңілі бұзылды,
Қаныбекті соған жұмсады.
Жан жолдасы сенімді,
Қаныбек сонда кетеді.
Бармаймын деуге шара жоқ,
Шоқыта шауып жетеді.
Хан айтқан соң амал жоқ,
270 Ұйықтап жатыр қарт Мамай,
Келген жаудан хабар жоқ.
Мамай ұйықтап қалады,
Қамалаған көп қалмақ
Тұлпарын ұрлап алады.
Қылыш, найза, садағын
Оқтап, жақын барады.
Бірақ батпай сонда да,
Төрт жүз оқпен соғады,
Жанбасына қадады.
280 Ұйқыдан Мамай оянды,
Жан-жағына қарады,
Қалмаққа тықыр таяды.
Қатуланған қарт батыр
Садаққа қолын қояды.
Қалып еді арманда,
Шетінен бірден жояды.
Төрт жүз қалмақ қырылып,
Жер беті қанға боялды.
Қорамсаққа қол салды,
290 Оқ таусылып ол қалды.
Таусылғанда амалы,
Жан-жағына қарады.
Еш нәрседен саспады,
Ойланып амал табады.
Өліп жатқан қалмақтың,
Оғынан олжа алады.
Бірде-бірін тастамай,
Қорамсаққа салады.
Жер қайысқан қалың қол,

- 300 Жан-жағынан қамады.
Алатаудың басына
Мамай көзін қадады.
Енді соған шығуға
Тік жүгіріп барады.
Қайраттана қарт Мамай
Қаша соғыс салады.
Кез келгенін жібермей,
Қырып кетіп барады.
Он-он бестен өлікті
- 310 Үйіп кетіп барады.
Екі мың жау өліпті,
Үйіндіні санады.
Екі мың қалмақ біткен соң,
Оқ таусылып қалады.
Қылыш, найза бірі жоқ,
Жағдай қиын болады.
Қайтерін білмей, қарт Мамай
Таусылды енді амалы.
Осылайда, осылай
- 320 Қалмақтар ұстап алады.
Тірі ұстап Мамайды
Сақалынан байлады.
Ат құйрығына тіркеу қып,
Жолға салып айдады.
Қапыда түсіп қолына,
Зығырданы қайнады.
Қаныбек сонда сөйледі,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Жетпіс құлаш зынданға,
- 330 Апарып салу жөн, — дейді.
Мамайды қатты қинады,
Әмір қылып Темірхан,
Қалмақты қалған жинады.
Мамайға ажырық кигізді,
Зынданның тастап түбіне,
Аузын таспен жиғызды.
Бекітеді берік қып,
Шыға алмастай етеді.

- 340 Далаға тастап Мамайды,
Қалмақтар қайтып кетеді.
Жеңдік десіп дұшпанды,
Өз жеріне жетеді.
Дуылдатып дүрлігіп,
Тарап-тарап кетеді.
Тұра тұрсын, енді олар,
Әне-міне, демейік,
Аулына Мамайдың
Қайта айналып келейік.
Бәйбішесіне Мамайдың
- 350 Енді сөзді берейік.
Бәйбішесі Мамайдың
Ұйықтап жатып түс көрді,
Түсінде жаман іс көрді.
Ұйқыдан шошып оянып,
Қарасайға жетеді.
— Балам түнде түс көрдім,
Түсімде қиын іс көрдім.
Мамай мінген көк тұлпар,
Ертоқымсыз бос көрдім.
- 360 Құбыладан соққан қатты жел,
Орданы жығып кетеді.
Бадана көзді ақ сауыт,
Сөзіме ыдырап кетеді.
Жеті қабат сауытын
Үстінен түгел шешеді.
Жау жағының жебесі
Алтауынан өтеді.
Мамай өліп қалды ма,
Қарағым білсең, не етеді?
- 370 Қарасайдың шешесі,
Мұңайып басын шайқады.
Мамайдан хабар әлі жоқ,
О да жылап айтады.
Тұрмысын естіп Қарасай,
Бағымыз бастан тайқады.
Бір қырсық болған секілді,
Көңілім сұм байқады.

- Істің мөнін түсініп,
Қарасай былай айтады:
380 — Қайдан, қалай бармақпын,
Астымда мінер атым жоқ?!
Сауыт-сайман садақтың,
Тым болмаса бірі жоқ.
Төрт тұрманым сай болса,
Сайысқанда көңіл тоқ.
Қарусыз барсақ дұшпанға,
Жаудырар бастан қызыл шоқ.
Қарасайдың шешесі
Үйге қайта кіреді.
- 390 Бадана көзді көк сауыт
Ұзақ сақтап жүр еді,
Алып шығып сандықтан
Шешесі әкеп береді.
Қарасай да жасынан
Өрен өскен ер еді.
Бағулы тұрған көк тұлпар
Оны да ерттеп береді.
Тұлғасынан баланың
Ерлігін анық көреді.
- 400 «Жауын жексен етер», деп,
Оған батыл сенеді.
Бес қаруын толықтап,
Ақ батасын береді.
Қарасай әбден сайланып,
Көк тұлпарға мінеді.
«Оңғарсын Алла жолыңды!» —
Деп анасы тіледі.
Бетке алып жау жақты,
Қарасай енді жөнелді.
- 410 Астындағы көк тұлпар,
Желдей есіп желеді.
Ойпаң жерден орғытып,
Белең жерден сырғытып,
Көлденең жатқан көк тастан
Іркілместен ырғытып,
Екпіндетіп келеді.

- Еті қызып көк тұлпар,
 Аузынан көбік шашады.
 Қыршылдатып азуын,
 420 Ауыздықты басады.
 Асқар-асқар белдерден
 Арындатып асады.
 Сауырдан шыққан ащы тер
 Жаңбырдай жерге шашады.
 Құрыштай жұмыр тұяғын
 Қадап-қадап басады.
 Басқан жерін қопарып,
 Жерошақтай қашады.
 Сенімі артып Қарасай,
 430 Көңілі судай тасады.
 «Ер қанаты ат» деген
 Сөзге құлақ асады.
 Артта қалып талай бел,
 Сан асқардан асады.
 Тоқтады бір кез Қарасай,
 Бір жотаның басына.
 Алыстан танып сол шақта,
 Қаныбек келді қасына.
 Қарап тұрып батырға,
 440 Сөз бастады асыға:

- Қарасай, неге келесің,
 Ажал төнді басыңа?!
 Қыршыныңнан қиылып,
 Кетесің жетпей жасыңа!
 Келдің бе әлде асыға,
 Барғың кеп әкең қасына.
 Батырсынып шірене,
 Тұлпардан түс, жас бала.
 Жалбарынып жалына көр,
 450 Қаруыңды таста да.
 Егер көнсең сөзіме,
 Көрдім демен басқаға.
 Бес қаруды аламын,
 Аман жолға саламын,

- Сөйтсең, аман қаласың,
Үйіңе қайтып барасың.
Екі жесір шешенді
Әйтпесе, қайтіп бағасың?!
Ер жеткен соң әкеңнің
460 Сүйегін іздеп табасың.
Мықты болсаң сонан соң,
Кегінді бізден аласың.
Көнбесең осы сөзіме,
Ажал төнер өзіңе.
Ит-құс мүжіп денеңді,
Көк шыбын тышар көзіңе.
Жалбарынсаң жалынып,
Құлым қылып аламын.
Бұл сөзіме көнбесең,
470 Тас зынданға саламын.
Мойныңа ажырық жектіріп,
Кигіземін шегенін,
Айт, қане, не керегі?!
Қарасайды ашу кернеді,
Қаныбекке есе бермеді:
— Ей, қалмағым, қалмағым,
Таудай менің салмағым,
Суға салған қармағым,
Балықтай оңай алмағым.
480 Не деп тұрсың, сен? — деймін,
Соғысқың келсе, кел, деймін.
Сан мың қолың болса да,
Жайпап өтер желдеймін.
Тамырыңмен сұлатар,
Қара дауыл желдеймін.
Түбімен тауды қопарған,
Дариядан көшкен сеңдеймін.
Керек болса шыбын жан,
Қасыма менің кел, деймін.
490 Күнәңді шәйіп ит қалмақ,
Әкемді тауып бер, деймін.
Көнбесең менің сөзіме,
Терінді жәйіп шелдеймін.

- Басыңды кесіп алармын,
Енді қылыш сермесең.
Мұны естіп Қаныбек,
Буырқанды, долданды.
Қара тамақ сүңгіні,
Тақымынан қолға алды.
- 500 Қоян көрген бүркіттей,
Шын түйіліп қомданды:
— Сені қойып бүктіргем,
Мамайыңдай шомбалды.
Кеше туған жылбысқа,
Аспадың құлақ сөзіме.
Кісімсініп, кіжініп,
Тіл тигіздің өзіме.
Бұрайын қылша мойныңды,
Өз обалың өзіңе.
- 510 Көрсетейін әкеңді
Шырылдатып көзіңе,
Деп ақырып Қаныбек,
Бүретіндей құйылды.
Қабағынан қар жауып,
Қара бұлттай түйілді.
Екі көзі қанталап,
Гүрілдеп найза үйірді.
— Алдың неге мазамды,
Берейін енді жазаңды?!
- 520 Қыршыныңды қияйын,
Тарттырайын сазаңды, —
Деп ұмтылып Қаныбек,
Найзасын қатты сермеді.
Қағып қалып Қарасай,
Әуелде-ақ есе бермеді.
Арыстандай ақырды,
Жолбарыстай атылды.
Көп атысты екеуі,
Қаруларын сермеді.
- 530 Қанша айла қылса да,
Қарасай ерік бермеді.
Қара арғымақ көк тұлпар,

- Ақ көбік боп терледі.
Қалжырады Қаныбек,
Ығына еш келмеді.
Қарасайда күш қайрат,
Барған сайын кернеді.
Жарқылдатып қылышын,
Оңды-солды сермеді.
- 540 Найза қалды опырылып,
Қаныбек, енді мен деді.
Өзінен асып қайраты,
Қас бала енді дендеді.
Бұлдыр тартып барады,
Енді оны жеңбегі.
Жеңеріне баланың
Сондадағы сенеді.
Қылыштасып қағысты,
Қыршылдасып шабысты.
- 550 Семсерлерін сермесіп,
Қанжарларын салысты.
Кіші бесін болғанда
Қарындары қарысты.
Бірін-бірі ырғасып,
Ат үстінде алысты.
Қамшы басып тұлпарға,
Өрлі-қырлы шабады.
Еңкейгенде екінті,
Қаныбектің діңкесі
- 560 Енді әбден құрыды.
Талайды көрген қу залым,
Қашуы енді орынды,
Артына жалт бұрылды.
Құтқармады Қарасай,
Шораяқ жауын жырынды.
Тоқырта басты желкеден,
Аш елі оның үйілді.
Тынысы бек тарылып,
Дені ішке сығылды.
- 570 Ер қасына пиғылын,
Жаны алқымға тығылды.

- Арғымақ белі қайысып,
Ат тізесі бүгіліп,
Шыдай алмай тебінге,
Қара арғымақ сүрінді.
Алты қабат үзеңгі бау
Алтауы да үзілді.
Дулығасы жапырылып,
Сауыты да сөгілді.
- 580 Жұлып алып атынан,
Тақымға сонда басады.
Екі көзі алақтап,
Қаныбек қатты сасады.
«Өлген деген осы», деп,
Бойынан үрей қашады.
Жарық дүние қараң боп,
Бетін қолмен басады.
Осылай да, осылай,
Бір-екі белді асады.
- 590 Алып келіп бір жерге,
Лақтырып тастады.
Шала-жансар толықсып,
Қаныбек көзін ашады,
Қарасай мойын бұрады,
Кідіріп біраз тұрады.
Үш ұмтылып Қаныбек,
Тұра алмай қайта құлады.
Тілге келіп өзірге,
Батырдан «сауға» деп жылап,
- 600 Жанына олжа сұрады.
Қарасай айтты сол шақта:
— Білсең етті өлімді,
Сырың маған мәлім-ді.
Өзіңді басып артыңнан,
Салғызармын өңіңді.
Бетіңді тіліп таңбалап,
Келтірермін сөніңді.
Қағып алам тісіңді,
Көрермін сонсоң күшіңді.
- 610 Танауыңды тесемін,

- Тіліңді де кесемін.
Мыңқылдатып сөзіңді,
Жарығыңды сөндіріп,
Ойып алам көзіңді.
Құлақ сал осы сөзіме,
Тілеп алдың өзіңе.
Көрсетемін жаныңды,
Шырылдатып көзіңе.
Шашамын арам қаныңды,
620 Алла өзі әкелді,
Сені айдап кезіме.
Басыңды кесіп аламын,
Ат көтіне саламын.
Үйіңе де барамын,
Қатын қылып аламын,
Ұрпағыңды құл етіп,
От пен суға саламын.
Соңымнан иттей ермесең,
Әкемді тауып бермесең,
630 Көреріңді көресің,
Нақ табанда өлесің,
Деп ақырып Қарасай,
Қынаптан қылыш суырды.
Қарасай қылыш кезеді,
Қатты састы Қаныбек,
Енді өлерін сезеді.
Келіп еді гүрілдеп,
Қаныбек қорықты дірілдеп:
— Әкеңді тауып берейін,
640 Қия көр күнім, жанымды,
Түгел алсаң өзің біл,
Жиған-терген малымды.
Ағатайым, күнім, — деп,
Аяғын құшып жылайды.
Қарасай сонда «түр», — деді,
«Жолға түсіп жүр», деді.
Құлдық ұрып Қаныбек,
Орнынан әрең тұрады.
Қарасай сынды батырдан

- 650 Жанын олжа сұрайды.
«Ал, қане, баста», — деп еді,
Құдыққа бастап келеді.
Қаныбектің соңынан
Қарасай батыр ереді.
«Әкем тірі болар», — деп,
Қарасай кәміл сенеді.
Біраз ғана жүрген соң,
Зынданға жетіп келеді.
«Осында әкең жатыр», — деп,
- 660 Қаныбек айтып береді.
Зынданның қазып түбіне,
Әкесін Қарасай көреді.
Айтқаны шын болған соң,
Қаныбекке сенеді.
Әкесі тірі болған соң,
Әкесімен көрісіп,
Разы қош болады.
Темірханды жоюға,
Әкеден рұқсат сұрады.
- 670 Разылығын берген соң,
Әкеден бата алады.
Қаныбекті қосып қасына,
Екеуін жолға салады.
Әкесімен қоштасып,
Қарасай батыр қалады.
Түрі қанып қарт Мамай
Ауылға аман барады.
Қуанып кетті ауылы,
Ақсарбас айтып шалады.
- 680 Темірханды құртуға,
Қарасай іздеп барады.
Темірханның артынан
Өкшелей қуып кетеді.
Желмен бірге жарысып,
Құба құмнан өтеді.
Қара тауға іліне,
Көп қалмаққа жетеді.
Қалмақтардың аулынан

- Ойнақтатып өтеді.
- 690 Қарасайды көргенде,
Темірхан қатты сасады.
Тіршілігі мұң болып,
Қайғы-уайым басады.
Жан сауғалаған Темірхан
Жас батырдан қашады.
Жалтақтай қарап артына,
Атына қамшы басады.
Жан ұшыра тебініп,
Үш қырқадан асады.
- 700 Төртінші қырға барғанда
Көк тұлпар жетіп басады.
Құтылмасын білген соң,
Темірхан енді тіл қатты:
— Неге құдың сен мені,
Сыйлағанды білмедің?!
Ажал айдап келді ме,
Осы сенің өлмегің?!
Сендей ақымақ немені,
Бұл жаһаннан көрмедім.
- 710 Шейіттей неме шикі өкпе,
Төтеп берер сен бе едің?!
Ақырып қалды Қарасай:
— Көп сөйлеме сен қалмақ,
Саған қиын болғанмен,
Маған оңай көп қалмақ.
Ұл боп тусаң, ал, қане,
Кезегіңді ал деймін.
Қандай батыр болсаң да,
Көрсін алып Темірхан.
- 720 «Өлер жерің осы», — деп,
«Құндыздықтың тұсы», — деп,
Қара құстан ұрады.
Міз бақпайды Қарасай,
Аттың басын бұрады.
Енді айналып қалмақтан,
Өз кезегін сұрады.
Қарасай кезек алады,

- Қалмаққа көз салады.
Асынулы садағын
- 730 Енді қолға алады.
Қорамсаққа қол салды,
Қол салғанда мол салды.
«Алтын ердің қасы», — деп,
«Қақ жүректің басы», — деп,
Толықсып тұрған батырды
Толғай бір тартып қалады,
Ысқырып жебе барады.
Сасқалақтап Темірхан,
Болат қалқан алады.
- 740 Дарытпауға қарманып,
Қалқанымен қағады.
Қалқан қалды тесіліп,
Жеті қабат көк сауыт
Жетеуі де кесілді.
Іркілместен сұр жебе
Қақ жүрекке барады.
Атынан құлап Темірхан,
Бояды қанға даланы.
Қатулы батыр Қарасай
- 750 Басын кесіп алады.
Көкмойнақты қосарға ап,
Ауылға қарай шабады.
Темірханның жалғыз қызы Айжаны
Аулынан табады.
Айжа көріп батырды,
Разы болып қалады.
Алдынан шығып құрметтеп,
Түсіріп аттан алады.
Өз үйіне кіргізіп,
- 760 Кілем төсеп астына,
Атылас көрпе салады.
Қарасайды Айжа қыз
Жүрегіне балады.
«Қияметтік жарым», деп,
Тең өзіне санады.
Шын көңілмен күтімдеп,

- Түрлі тағам ішірді.
Мұсылман болып сол күні,
Некесін де қияды.
- 770 Жұмысын бір-ақ бітірді,
Заң-законды сидырып.
Мұны көріп бір қалмақ,
Тексінге хабар береді.
«Тексін кім?» деп сұрасаң,
Қалмақ еді сүйегі,
Қас батырдың бірі еді,
Қалмақ-қазақ біледі.
Осы еді қалмақтың
Сол заманда тірегі.
- 780 Қалмақтың ханы Темір де,
«Айжадай сұлу қызыма,
Күйеу осы», — деп еді.
Сол бойынша Айжаның
Құдаласқан жері еді.
Тексін дағы Темірді
Қайын ата қып жүр еді.
Қайраты мен ақылы
Оның дағы тең еді.
Сан сайыста жеңімпаз
- 790 Еңіреген ер еді.
«Айжаны тартып алам», — деп,
Ол да сертін береді.
Қан ойран қып Қарасай,
Қызды алғанын білген соң,
Хан Темірхан өлген соң,
Соғысуға қамданып,
Самсаған қалың қарулы
Жеті мың әскер ереді.
Мұны көріп сайланып,
- 800 Қатуланып Қарасай,
Қан майданға енеді.
Сыйынды төңір біріне
Жалғызбын ғой демеді.
Алла өзі қолдаса,
Жеңеріне сенеді.

- Қайраты мен амалы
Мұның дағы тең еді.
«Өзің оңғар Алла», — деп,
Атына енді мінеді.
- 810 Жан-жағына қарады,
Айғайлап ұран салады.
Көк тұлпарға қамшы сап,
Үдере тартып барады.
Құйысқаны сартылдап,
Өмілдірігі солқылдап,
Алтын ері жалтылдап,
Таралғысы жарқылдап,
Үдей-үдей қарқындап,
Жал-құйрығы суылдап,
- 820 Көсіліп тұлпар шабады.
Бір төбенің баурына
Қарасай туын қадады.
«Жекпе-жек» деп, қалмаққа,
Енді айғай салады.
Пыр-пыр етіп пысқырып,
Ішін тартып ышқынып,
Қанша орғып, осқырып,
Шиыршық атып көк тұлпар,
Тас төбеде қос құлақ
- 830 Шаншылып алға тігеді.
Шідерліктен қан кешкен,
Боларын сайын біледі.
Найзасын алып Қарасай,
Қолына қалқан іледі.
Ақсұңқардай түледі,
Бүркіттей тұяқ тіледі.
Қалмақтан батыр — Балжан ер,
Жекпе-жекке келеді.
Ағындатып шағысты,
- 840 Найзаласып қағысты,
Өрі-бері алысты.
Сонан бір кез болғанда,
«Өндіршектің басы», деп,
«Өлер жерің осы», деп,

- «Шұрқылтайдың тұсы», деп,
Қайраттанып Қарасай,
Балжанға найза салады.
Ат үстіне тіреді,
850 Ырғып-ырғып бұрады.
Бадана кетті сөгіліп,
Арам қан ақты төгіліп,
Балжан басы қайқайып,
Ат саурына сұлады.
Толғап-толғап қалғанда,
Ат үстінен құлады,
Жерге барып тұрады.
Дулығасын Балжанның
Шаншып алып басынан,
Найза ұшына іледі.
860 Мұны көрген екінші
Ерді батыр келеді.
Оның дағы сазайын
Қарасай батыр береді.
Осылай да, осылай,
Он сегіз батыр келеді.
Бәрі дағы жер құшып,
Бірі қайтпай, өледі.
Тағы да сайыс жалғасып,
Он шақты кезек өтеді.
870 Шуылдасып қалмақтың,
Сүрен беті кетеді.
Сүрен салып көп қалмақ,
Барлығы лап етеді,
Қалмақ қаптап кетеді.
Бірін іліп Қарасай,
Бірін түйреп өтеді.
Сансыз сауыт сөгілді,
Қандар сондай төгілді.
Домалап бастар кесілді,
880 Болат қалқандар тесілді,
Қылыш қиып барады,
Талай боздақ, есілді.
Кейбіреулер қан құшты,

- Кейбіреулер жан құшты.
Қан боп ақты жер үсті,
Тілерсектен қан кешті.
Қабырғалар қайысты,
Аттың белі майысты.
Иесіз аттар шұрқырап,
890 Тасыр-тұсыр шабысты.
Тозаң бүркеп күн көзін,
Көрсетпейді алысты.
Қас қарая тоқтатты,
Осы күнгі сайысты.
Болды тағы қан майдан,
Ертеңінде жалғасты.
Міне, осылай күн мен түн
Сегіз тәулік алмасты.
Қарасайды бұл жолы
900 Тәңіріміз қорғады.
Неше тәулік болса да,
Қалжырадым демеді.
Түн ұйқысын төрт бөліп,
Тұшына тағам жемеді.
Сегіз тәулік болғанда
Жал басына түнеді.
Ұйықтап кеткен Қарасай
Бір ғажап түс көреді.
Ақ боз ат мінген әкесі
910 Жанына жақын келеді.
«Жатпа, балам, оян», — деп,
Түсінде аян береді,
Сонда әкесі не деді?
— Дұшпаның көрер көресін,
Сазайын бүгін бересің,
Айжаға аман барасың,
Қырылып қолы Текшінің,
Қыздырарсың егесін.
Жеңісіңе мастанба,
920 Абдыранба, бастанба,
Мамық жастық жастанба.
Алмасаң осы ақылды,

- Қаларсың балам қапыда.
Бір тосқауыл болғанда,
Өр көкірек асқанға,
Жазатайым оқыс көп,
Сасқалақтап сасқанға.
Бұл сөзіме мақұл деп,
Бір қатер бар алдыңда,
930 Балам соған бақыл бол.
Ол қатерден қорықпа,
Үміт үзіп тарықпа.
Садақа сауға бергейсің,
Қаріп-ғасыр жолықса.
Оңғарсын Алла жолыңды,
Бес қаруыңды толықта.
Дейді дағы әкесі,
Ат басын кері бұрады.
Ұйықтап жатқан Қарасай
940 Орнынан атып тұрады.
Маңайына қарады,
Ғайып бопты әкесі
Жанындағы жаңағы.
Ағарып таң келеді,
Есіп қоңыр самал.
Апыл-ғұпыл Қарасай
Атқа тоқым салады.
Ақ жол тілеп Алладан,
Қаруын қолға алады.
950 Ерте қонып атына,
Маңайын енді шалады.
Сыйынып Аллаға,
Майданға енді барады,
Жауға қарсы шабады.
Сүрен салып қалмақпен,
Күн бойы соғыс салады.
Қынадай қырылып көп қалмақ,
Торғайдай тозып барады.
Күн батарда тірісі
960 Жан сауғалап тарады.
Әкесі түнде түсінде

- Жетесің бүгін, — деп еді.
Сол аяны әкенің
Айтқанындай келеді.
Қолдауына атаның
Енді шындап сенеді.
Сене осылай Қарасай,
Соғысқа келген қалмақтың
Сыбағасын береді.
- 970 Күн батқанша соғысып,
Қалың қолын Текшеннің
Ойыстыра жеңеді.
Ойнақтатып тұлпарын,
Кеште қайтып келеді.
Айжа шығып алдынан,
Иіліп сәлем береді.
Қарасай үйде жатады,
Қызыққа әбден батады.
Ауылға батып келе алмай,
- 980 Текшің аңдып жатады.
Түн сағағы сөгіліп,
Сібірлеп таң атады.
Қалаға шығып Қарасай,
Атырапты байқады.
Шалып қалып бір әскер,
Текшінге келіп айтады.
Сонда Текшін шіреніп,
Толғап садақ тартады.
Көздеулі жерден жебесі
- 990 Жаза тайып кетеді.
Таң сәріде осылай,
Батырды жазым етеді.
Қарасайға тиген оқ,
Бұғанадан өтеді.
Жан ұшырып Айжа қыз,
Қасына оның жетеді.
«Не боп қалды, жан қалқам?»
Деп батырдан сұрады,
Көзінің жасын бұлады.
- 1000 Батырды ыза кернеді,

- «Мынаны жұлып ал», — деді,
«Жараны орап таң», — деді.
Сонда Айжа қарады,
Жебені жұлып алады.
Сұлу қатты сасады,
Күйгізіп киіз басады.
Дәрі-дәрмек себеді,
Жарасын таңып береді.
«Енді үйге жүріңіз,
1010 Шықпа батыр», — деп еді.
Оған ырық бермейді,
Ашулы арыс қас батыр
Екі сөзге келмейді.
«Жібер мені, сен», — деді,
Қолды бірақ сермеді.
Қатулана ақырып,
Жасырынып жатқан Текшенге
Алысуға кел деді.
«Қарасай мерт болды, — деп,
1020 Енді сәті келді, — деп,
Осы жолы өлді», — деп,
Кең танауы желбіреп,
Айжа сынды сұлуың,
«Менікі енді болды», — деп,
Текшін шықты атылып,
Қара аюдай бақырып,
Былдыр-былдыр қалмақша,
Өз ұранын шақырды.
Қарасайды басына
1030 Жетіп келіп қасына.
Қарамай ай-шайға,
Тарпа басты асыға.
Қарасай Текшен күресті,
Ойылысып тіресті,
Қолдарымен қағысты.
Қағыса алмай сіресіп,
Арыстандай ақырды,
Бірін-бірі шалысты,
Бурадайын қағысты.

- 1040 Топырақ шашып бұрқады,
Қара жерді тарпысты.
Бұлшық еттер бұлтылдап,
Бірін-бірі қарпысты.
Түске дейін алысты,
Қолдары әбден қарысты.
Тырысады батырлар,
Жібермеуге намысты.
Омыртқалары иіліп,
Қабырғалар қайысты.
- 1050 Жараланған иыққа
Текшін енді жабысты.
Қарасай жүр қорғанып,
Иықтан қаны сорғалап.
Тіркескенде жас бала
Сірескен белі қайысты.
Шытығанда ит қалмақ,
Бұғанасы майысты.
Жаны алқымға тығылды,
Демі қатты сығылды.
- 1060 Басы айналып Қарасай,
Демегенмен жығылды.
Төлтіректеп аяғы,
Үш мәрте сүрінді.
Бұрып барады Текшенді,
Босаңсытпай сығуды,
Қанталады еттері,
Аппақ қардай бұрынғы.
Құлақтары шыңылдап,
Сай-сүйегі сырқырап,
- 1070 Құрығандай буыны,
Қол-аяғы дірілдеп,
Қарауытты көздері.
Сонда есіне келеді,
Әкесінің сөздері.
Батыр сонда селк етті,
Есін жиып селт етті.
Сүрен салған бір дауыс,
Құлағына кеп жетті.

- Орақ батыр ақырды,
1080 Қарасай деп шақырды.
«Жебе, — деді, — Раббым,
Бұл өскен батырды» .
Буырқанып долданып,
Қарасай енді ашынды.
Шақыр-шықыр тістері,
Азуы қатты басылды.
Арыстандай қатулы,
Жер жаңғыртып ақырды.
Қайратын жиып бойына,
1090 Жолбарыстай атылды.
Асаудайын бұлқынды,
Аюдайын жұлқынды.
Айдаһардай бүрініп,
Самұрықтай сілкінді.
Қабағынан қан жауып,
Бүркіттейін түйінді,
Төне түсіп шүйілді.
Айдарынан Текшенді
Ұршықтайын үйірді.
1100 Ауп, деп бір кез Қарасай
Қос қолымен сарт етті.
Текшен сындай батырдың,
Аш белінен қапсырды.
Күрс еткізді Текшенді,
Көтеріп жерге ұрады,
Мойнын қылша бұрады.
Басып тұрып кеудеден,
Алқымға қол салады.
Қолқа, жүрек, бауырын
1110 Суырып бір-ақ алады.
Ұстап тұрып айдарын,
Басын кесіп алады.
Қанын судай ағызып,
Жердің бетін бояды.
Мұны көрген қалмақтар,
Сүйегін алмақ болады.
Айғай-сүрен көтеріп,

- Батырға қарай шабады.
Тірі қалмақ жиналып,
1120 Майданға түгел толады.
Қарасайды өлтіріп,
Кегін алмақ болады.
Қалың қалмақ қаптады,
Қарасай қорқып саспады,
Сасқалақтап қашпады.
Қайраты асып үдеді,
Жапырақтай таптады.
Шошығаннан көп қалмақ,
Жүректерін аптады.
- 1130 Қылыш жетер жерлерін
Қиып кетіп барады.
Найза жетер жерлерін
Іліп кетіп барады.
Садақ жетер жерлерін
Тартып кетіп барады.
Өлексесін қалмақтың
Үйіп кетіп барады.
Дүзден дүзеп аттарын,
Түйіп кетіп барады.
- 1140 Жалғыз батыр айқасып,
Бояды қанға даланы.
Соғыса алмай тірісі,
Түз-түз қашып барады.
Осылай да, осылай,
Зым-зия боп тарады.
Тізгін тартып Қарасай,
Маңайға енді қарады.
Көрінбейді бұл маңға,
Ешнәрсенің бары.
- 1150 Өзі келіп сұратқан,
Жауды осылай қырады.
Алысар жау болмаса,
Несін енді тұрады.
Қайтпақ болып ауылға,
Ат басын кейін бұрады.
Жауын жеңіп бұл жолы,

- Тәңіріміз жебеді.
Айбаттанып жас батыр,
Ауылға қайтып келеді.
- 1160 Кейде шауып ысқырып,
Кейде орғытып желеді.
Алдынан шығып Айжа қыз,
Иіліп сәлем береді.
Басын ұстап атының,
Ордағы ертіп келеді.
Қайтып келіп үйіне,
Есік ашып кіреді.
Енді өзіне қалғанын
Бұл орданың біледі.
- 1170 Қайта шығып, Айжаның
Отауына түседі.
Санатын көріп батырлық,
Түрлі тағам істеді.
Жетпіс күн түстеп қалмақта,
Елі есіне түседі.
Сәтті күні үй жығып,
Өз еліне көшеді.
Айжа түйе жетелеп,
Қарасай жүрді төтелеп.
- 1180 Талай таулар жол жүрді,
Ерте көшіп, жай түнеп.
Сүйген жары Айжаны
Мінгізіп атқа мөпелеп,
Шөліркетіп шөлдетпей
Еліне аман әкелед.
Аман келіп үйіне,
Анасы шашу шашады.
Бауырына басып баласын,
Сағынған мауқын басады.
- 1190 Атынан түсіп Қарасай,
Мамайдікіне келеді,
Қуанып үйге енеді.
Төрде отырған Мамайға
Тағзым қып сәлем береді.
Разы болып қарт Мамай,

- Маңдайынан сүйеді.
Басынан өткен істерді
Түгел айтып береді.
Желілеп бие байлайды,
1200 Еңсесі биік ақ орда
Мұкамал іші жайнады.
Қарасайдың хабары
Жан-жаққа тегіс тарады.
Тастап кеткен көп ноғай
Өкінішке қалады.
«Күнәмізді кешсін», — деп,
Араға елші салады.
Он санлы ноғай ішінде
Баян деген биі бар,
1210 Ақылға соны алады.
Елу кісі бас қосып,
Қарасайға барады.
Баян келіп алдына,
Батырға тіке қарады.
Суырылып шешен тіл,
Сөз жүйесін табады.
Сонда Баян сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Жаңылма, деді, қызыл тіл,
1220 Баққа өскен сіз бір гүл.
Көркіңізге сүйініп,
Сайрап тұрған біз бұлбұл.
Кемшілік болды еліңде,
Бас алсаң да өзің біл.
Жіберіп тұр еліңіз,
Өзің батыр, өзің біл.
Соны айтып Баян жылады,
Көздің жасын бұлады.
— Сәлем айтып еліңіз,
1230 Көп кешірім сұрады.
Өзі болсын елінің
Сүйенер арқа тірегі.
Көшіріп енді еліміз —
Осы еді елдің тілегі.

Батырға айтқан сөз басын,
Соның өзі білінді,
Деп жіберіп еліңіз,
Осыны айт деп еді.

— Баяннан ел тілегін түгел оқытты,
Елімсіз не қыламын батырлықты?!
Деді де Қарасай ертеңінде
Көшуге ел жаққа үйін жықты.
Қарасай сонымен елге көшті,
Қадірлеп ел мен жұрты батыр десті.
Той жасап батыр үшін елі жатты,
1246 Осымен тамам еттік бұл кеңесті.

Қарасай — Қази

(Жақсылық жырау нұсқасы)

- Батыр Мамай, қанды Орақ
Ер Мұсаның ұлы еді.
Баба Түкті Шашты Өзиз
Арғы атасы сол еді.
Одан соңғы атасы —
Едіге менен Нұрадин.
Келе жатқан қашаннан,
Ел қомдаған ер еді.
Қорғаған елі ноғайлы,
10 Байтақ жатқан сол еді.
Еділ, Жайық екі су —
Жағасы ноғай қалың ну.
Ноғайлы халықтың жері еді,
Қанды Орақ асқан ер еді,
Дүниені сұрап жүр еді.
Бұл дүнияның жүзінде
Бармаған жері жоқ еді.
Дүнияны сұрап жүргенде,
Армансыз пенде болар ма,
20 Үш арманы бар екен.
Бір күні Орақ сөйлейді
Қасындағы әйелге,
Жұбайына батыр толғады:
— Некелесім, жұбайым,
Саған да бұны айтайын,
Осы күнде көңілімде
Үш арманды дүниядан
Біткере алмай барамын.
Қарасай, Қази шырағым

- 30 Менен туған ұл болса,
Ұл екені шын болса,
Атқа мінер күн болса,
Камалына келгенсін,
Үш арманды біткерсін,
Тапсырып кеткен сәлемім.
Біріншіні айтайын,
Емшектесім жұбайым:
Бірге туған Мамайым,
Қайғысының зорынан,
- 40 Миығын тартып күлмеді,
Күлгенін көзім көрмеді.
Күлер ме екен, Мамай, — деп,
Теңселтіп жорға мінгіздім,
Мұнда да Мамай күлмеді.
Қара қасты, қанды бет,
Сұлу алып сүйгіздім,
Мұнда да Мамай күлмеді.
Жазығы жоқ, кінә жоқ,
Палуан, сұлтан батыр хан,
- 50 Дін білмейтін көпір хан,
Өлтіріп тағына мінгіздім,
Мұнда да Мамай күлмеді.
Күлмегеннің себебі —
Ізінен перзент ермеді,
Етегін тартып жүрмеді.
Маған ерген екі ұлдың
Біреуін оған бермеді.
Бірге туған Мамайды
Күлдіре алмай барамын,
- 60 Бір арманым сол еді.
Қарасай менің шырағым
Менен туған ұл болса,
Ұл екені шын болса,
Атқа мінер күн болса,
Кемеліне келгесін,
Қайғылы Мамай атасын
Бір күлдірсін деп еді.
Айналайын, шырағым,

- Бәрі сонда бітеді.
- 70 Екінші арманды айтайын:
Орал, Орал, Орал тау,
Орал таудай тау болмас.
Орал таудың басында
Шұбырып өскен бес тұлпар,
Бес тұлпардай мал болмас.
Бес тұлпардың ішінде
Ешкі тұяқ Қызыл ат
Ер Көкшенің аты еді.
Қызыл атты астыма,
- 80 Бір міне алмай барамын,
Екінші арман осы еді.
Қарасай менің шырағым
Менен туған ұл болса,
Ұл екені шын болса,
Атқа мінер күн болса,
Кемеліне келгесін,
Ер Көкшенің Қызыл ат,
Қарасай мінсін атына.
Айналайын шырағым,
- 90 Екеуі сонда бітеді.
Үшінші арман айтайын:
Баба Түкті Шашты Әзиз
Арғы атам сол еді,
Ол бармаған жер еді.
Одан соңғы атамыз —
Едіге менен Нұрадин,
Бұл бармаған жер еді.
Өзімнің атам Ер Мұса,
Бұл бармаған жер еді.
- 100 Қара қыпшақ Қобыланды
Қайраты асқан ер еді.
Мұсылман ері бармаған,
Ат тұяғын салмаған,
Қаһарланып қылыш ұрмаған,
Сондай қиын жер еді.
Бармаған жерді айтайын:
Қиғаш деген — биік тау,

- Қызылбас деген — мықты жау.
Қиғаш тауға бара алмай,
110 Бағындырып ала алмай,
Дүниядан өтіп барамын,
Үшінші арман осы еді.
Қарасай, Қази шырағым
Менен туған ұл болса,
Ұл екені шын болса,
Атқа мінер күн болса,
Кемеліне келгесін,
Қиғаш тауға аттансын,
Шамырқанып шаттансын,
120 Буырқанып бұрсанып,
Мұздай темір құрсанып,
Дербент деген шаһарға.
Соны бір айтып Ер Орақ,
Әйелімен қоштасып,
Үш арманды тапсырып,
Бұл дүниенің жүзінен,
Қош айтысып жөнелді.
Ұзын сөзді қысқартып,
Арманнан хабар берейік.
130 Айлардан айлар өтеді,
Күндерден күндер өтеді,
Күн дәуірі жетеді.
Қарасай, Қази ер жетіп,
Кемеліне келеді,
Ат жалын тартып мінеді.
Бір күндері болғанда
Атасының тапсырған
Үш арманын баяндап,
Қарасайға толғады.
140 Сонда анасы сөйледі,
Сөйлегенде не деді:
— Жақсыдан қалған тұяғым,
Айналайын, шырағым,
Үш арманды атаңнан
Естіп қалды құлағым.
Өлерінде атаңнан

- Арманың не? — деп сұрадым.
Сұрағанда айтайын,
Сондағы берген жауабын.
- 150 Ағасы Мамай мұңды еді,
Мұңды болған себебі —
Онда бала жоқ еді.
Бір баланың жоғынан,
Қайғысының зорынан,
Миығын тартып күлмеді,
Күлдіре алмай кеткені.
Екінші оның арманы —
Ер Көкшенің Қызыл ат,
Қолтығында бір қанат,
- 160 Қызыл аттың үстіне
Бір міне алмай кеткені.
Үшінші оның арманы —
Қиғаш тауға бара алмай,
Арманда өліп кеткені.
Айналайын Қарасай,
Асыл да ердің баласы-ай,
Тапсырып кеткен атаңның
Үш арманын бітірсең,
Өліп кеткен атаңның
- 170 Арманының біткені.
Сонда бала сөйледі,
Сөйлегенде не деді:
— Олай болса, анам-ай,
Ұлықсат еттің маған-ай.
Үш арманын атамыз
Тапсырып кетсе маған-ай.
Біткеруге арманын,
Аттанамын соған-ай,
Келсе менің шамам-ай.
- 180 Бітірмесем арманын,
Туғаным онда жаман-ай.
Ер Көкшенің Қызыл ат
Осы күнде қайда? — деп,
Анасынан сұрады-ай.
Сонда анасы сөйледі,

- Сөйлегенде не деді:
— Бес тұлпардың біреуі —
Ешкі тұяқ Қызыл ат,
Керегі, балам, сол еді,
190 Шұбырып тұлпар жүреді.
Оған барып, шырағым,
Бұлағын тауып ал, — деді,
Бұлағы төтті бал, — деді.
Аңдып жатып қасында,
Бұғалықты сал, — деді.
Қызыл атты, шырағым,
Осылай ұстап ал деді.
Сол күндері Қарасай
Он екі жаста деп еді.
200 Анасынан есітіп,
Қарына құрық іледі.
Жаяу бала жүгіріп,
Өкшесі жерге тимеді.
Жүгірумен Қарасай
Орал тауға келеді.
Шұбырысып бес тұлпар,
Орал тауда жүр еді.
- Ізін қарап табады,
Жібектен арқан алады.
210 Шөлдегенде ішетін
Бар еді балдан бұлағы.
Сол бұлақтың басында
Қарасай аңдып қалады.
Талма-тал түс болады,
Су ішіп жүрген бұлаққа,
Шұбырып тұлпар құлады.
Шөлдеп келген жануар
Суға басын қояды.
Бұғып жатып Қарасай,
220 Қызыл атқа қарады.
Қасындағы тұлпардан
Артық екен сияғы,
Қызыл аттың тұяғы.

- Ұшатын құстай көрінді
Ойнап ұшқан аяғы.
Төбесінде көрінді
Қиылған қайшы құлағы.
Қолтығында көрінді
Ұшатын қанат қияғы.
- 230 Шамшырақтай жанып тұр
Екі көздің жанары.
Алтынменен қаптаған
Бар еді алтын тұмары.
Қызыл атқа қызығып,
Ұстауға болды құмары.
Бес тұлпардың біреуі,
Қази мінген шұбары,
Бұғып жатып Қарасай,
Қызыл аттың мойнына
- 240 Бұғалықты салады.
Жүгіріп ала жөнелді
Он екі жасар баланы,
Шыр айналып Қызыл ат,
Мойнын бұрып қарады.
Қатуланып Қарасай,
Табандап тартып тұрады,
Өкшесін тауға тіреді.
Жас та болса баланың
Күш қуаты көп еді.
- 250 Қызыл атты жүгендеп,
Қарасай ұстап мінеді.
Қызыл атты Көкше қарт
Сыртынан бағып жүр еді.
Баланың ұстап мінгенін,
Үйіне мініп келгенін
Көкше қартың көреді.
Ешкім көзін салмаған
Бұл да атаулы ер еді.
Қызыл аттың соңынан
- 260 Көкше қартың келеді.
Көкше қартың ақырып,
Қарт бурадай бақырып,

- Келе сөйлей береді:
— Орақтың ұлы Қарасай,
Сабырсыз ердің баласы-ай.
Жайылып жүрген атымды
Ұстап неге мінесің?!
Көргенсіз иттің баласы,
Сұрап мінсең болмай ма?!
- 270 Ұстап неге мінесің,
Маған неге тиесің?!
Атаң Орақ батырдан
Мені қалай көресің.
Ұстап мінген атыңды,
Өзіме қайтып бересің!
Сонда бала сөйледі,
Сөйлегенде не деді:
— Не сөйлейсің, Көкше қарт,
Көп сөйлемей тілің тарт!
- 280 Орал, Орал, Орал тау,
Орал таудай тау болмас.
Орал таудың басында
Шұбырып өскен бес тұлпар,
Бес тұлпардай мал болмас.
Бес тұлпардың ішінде
Ешкі тұяқ Қызыл ат,
Жал құйрығы Қызыл ат
Сіздің ат емес, біздің ат.
Бұрын болса сіздікі,
- 290 Енді болды біздікі.
Ат тоныңмен, қартым-ай,
Көп сөйлемей кейін қайт.
Сонда қартың сөйлейді:
— Көкше деген мен едім,
Көп жасаған көл едім.
Дұшпан көзін салмаған
Атым шыққан ер едім.
Атымды ұстап мінгесін,
Ашуменен бір сөзді,
- 300 «Көргенсіздің баласы,
Жылқыда жүрген атымды,

- Неге міндің?» — деп едім.
Көргенсіздің баласы,
Деген сөзім шамасы
Келген шығар көңіліңе,
Ашумен айтқан сөзіме.
Не қылсаң да өзің біл,
Салып тұрмын өзіңе.
Сонда бала сөйледі,
310 Сөйлегенде не деді:
— Көкше деген қартым-ай,
Көтіңнен кейін қайттың-ай.
Ашумен айтқан сөзіңе,
Қартым болсын апу-ай.
Атыңды ұстап мінгесін,
Келген шығар ашу-ай.
Жауға мініп баруға
Жоқ еді менің атым-ай.
Өлерінде атам-ай,
320 Бір арманы — Қызыл ат
Міне алмай кетіп барам, — деп,
Айтып атам кетіпті.
Атамның бітсін арманы,
Сөзімнің болмас жалғаны.
Қызыл атты қартым-ай,
Беріңіз бізге сатып-ай.
Өз қолыңнан бермесең,
Не де болса атыңның
Бағасын тауып беремін,
330 Келгесін жаудан қайтып-ай.
Сонда қартың сөйледі:
— Қызықпаймын малыңа,
Бермеймін бір жүз нарыңа,
Сұраймын бөсін атыма,
Батады айтсам жаныңа.
Қағазға қалам сыз, — деді,
Атымның бөсі — қыз, — деді.
Мінбеймін сенен тартып-ай,
Саған зорлық қылмаймын.
340 Ылайық болса атыма,

- Басқа қызды алмаймын,
Қарындасың Қымбатты
Берсең алып мін деді.
Алдыңдағы Көкше қарт,
Бұл айтқаның жөн деді.
Айтқаным сен деді,
Алеукенің жауынан
Келсем қайтып мін, — деді,
Сонда, қартым, кел, — деді.
- 350 Сені қартаң демеймін,
Сапардан қайтып келгесін,
Қарындасым Қымбатты
Ұзатып сонда берейін.
Сонда қартың не деді,
Ес ақылы кетеді.
Қарасайдың сөзіне
Көңілі қарттың бітеді.
Ат аяғын тұсады,
Қызыл атты балаға
- 360 Беретұғын құсады.
Қымбатты бердім дегесін,
Жетпістегі батырдың
Буындары босады.
Ақ Қымбатты алдым, — деп,
Көкше кетті қуанып,
Отыр еді қыз Қымбат
Шын жібекке оранып.
Жаңа өспірім кез еді,
Жас та болса қыз Қымбат
- 370 Ақылы артық кен еді.
Көкше қарттың сөздерін
Есітіп Қымбат тұр еді.
«Шыныменен ағамыз
Сатқаны ма бір атқа,
Бергені ме бір қартқа?» —
Осылай деп қыз Қымбат,
Өксіп жылап жіберді,
Жылап тұрып сөйледі:
— Орақтың кенже қызы едім,

- 380 Қойында бағлан қозы едім,
Меніменен Қарекен,
Туысты ме екен? — деп едім.
Туысқаны осы ма?
Қайғы салды басыма.
Қарасай менің көкем деп,
Келемін неғып қасына?!
Қарындасың Қымбатты
Атқа сатып мінгесін,
Блайық па осы басыңа?!
- 390 Атым нашар көнгенмін,
Сендер еді сенгенім.
Атқа сатып мінгендей,
Жылатып шалға бергендей,
Жауға барып олжалап,
Алып та келген күң бе едім?!
Бұл қорлықты көргенше,
Аға деп саған ергенше,
Атамыз Орақ батырдың
Моласына бас ұрып,
- 400 Жақсы емес пе өлгенім?!
Деді дағы қыз Қымбат,
Зар еңіреп жылады,
Көзінің жасын бұлады.
Көзінің жасы мөлтілдеп,
Қымбат жылап тұрады,
Қарасай бұны білмеді.
Жылағанын көргенде,
Жылағанын білгенде,
Қарындасы Қымбатты
- 410 Жылатып ермеді.
Ат сағынған бейшара
Қызыл атқа ер салды.
Буырқанып бұрсанды,
Мұздай темір құрсанды.
Өлөукенің жауына
Атқа мініп жөнелді.
Қибаттың жылап тұрғанын,
Бір сұмдықтың болғанын

- Інісі Қази біледі.
420 Жүгіріп үйден шығады,
Көзді салып қараса,
Қарасай кетіп барады.
Ізінен Қази ақырып,
«Тұра тұр», — деп шақырып,
Қази айқай салады.
Қазидың дауысын есітіп,
Аттың басын бұрады.
Қайтып келіп Қарасай,
Шақырғаның шырағым,
430 Себебі не? — деп сұрады.
Сонда Қази сөйлейді:
— Атқа сатып Қымбатты,
Не қылғаның, бұл?! — деді.
Бұл қылығың жөн бе еді?!
Мініп алып Қарасай,
Барасың қайда сен? — деді.
Қарындасың Қымбатты
Атқа сатып мінгенің
Блайық па басыңа?!
440 Қарындасың Қымбатты
Атқа сатып мінгенше,
Әлеукенің жауына
Жаяу барып өлсейші.
Қарасай сонда сөйледі,
Сөйлегенде не деді:
— Ай, Қазижан шырағым,
Белімдегі жарағым,
Маған неге ақырдың?
Мені неге шақырдың?
450 Кейігенің ат болса,
Мәнісін саған айтайын:
Көкшеден алған атымның,
Үш арманның біреуі
Өлген Орақ атаңның.
Бір арманы — Қызыл ат
Міне алмай кеттім дегені.
Бітіруге атаңның,

- Сол еді ұстап мінгенім.
Үш арманын атаңның
460 Бітіруге жүргенім.
Қымбат жанды бір атқа,
Тоқсандағы шал қартқа
Не қылғаным бергенім:
Көз жасынан қорқып Көкшенің,
Сөзбенен көңіл бөлгенім.
Қымбатты неге берейін,
Оны кімге теңейін?!
Атқа сатып бергенше,
Жақсы емес пе онан да
470 Жаяу жүріп өлгенім.
Қарындасым қиналса,
Атты қайтып берейін.
Әлеукеңің жауына
Жаяу кеттім демейін.
Қарындасым Қымбатты
Атқа сатып мінгенше,
Әлеукеңің жауына
Жаяу барып өлейін.
Қарасай айтып жылады,
480 Қазифа атты тапсырып,
Қолына таяқ алады.
Екі етегін түрініп,
Жолға түсіп жүгіріп,
Жаяу кетіп барады.
Жүгіріп шығып қыз Қымбат,
Бұған да көзін салады.
Ағасын көріп шыдамай,
Көзінен жасы ағады,
Қазифа барып жылады.
490 — Қазифа аға, сен, — деді,
Жыламайын мен, — деді.
Көкем жаяу кетпесін,
Күйдірмесін өкпесін,
Қаратпасын өкшесін,
Апарып аға бер, — деді.
Қарасай жаяу кетпесін,

- Жаныма батып тұр еді.
Қибап жылап тұрғасын,
Қази атқа мінеді.
500 Қарасайдың соңынан
Інісі қуып жөнелді.
Ізінен жетіп: «аға!» — деп,
Түсіп атын береді.
Қарындасы ақ Қымбат
Көкшеден алған Қызыл ат
Қарекей мінсін, — деп еді.
Өз атыңды өзіңе,
Алып келдім мін, — деді.
Жаяу жауға барғаның,
510 Бізге болар сын, — деді.

- Мамайды іздеп,
Қарасайдың кеткен жері.
Қызыл атты Қарасай
Мініп те алып жөнелді.
Сол күндері би Мамай
Отыз да ұлмен бірлесіп,
Әлеукенің қолымен
Атысып жатқан күн еді.
Атағы асқан би Мамай
520 Барған жауын ала алмай,
Қайтайын деп жүр еді.
Қызыл атпен Қарасай
Бір жағынан орақтап,
Келе де жауға тиеді.
Жекеме-жеке келгенін
Найзаменен түйреді.
Қаптай келе жатқанын
Алмасппенен сермеді.
Қырып-жойып Қарасай,
530 Жауын алып береді.
Қарасайдың келгенін,
Жауын жеңіп бергенін
Атасы Мамай білмеді.
Қандай уәли болса да,

- Жаңбыршы ұлы Толағыс
Қырған шығар сол деді.
Жеңілгенсін жаулары,
Мамайдың көңілі тынады,
Намаз оқып тұрады.
- 540 Би Мамайдың қасына
Қарасай жетіп келеді.
Келгенінің себебі —
Отыз ұлдың бастығы
Ысмайыл Тобаяқ
Сұмдығы асқан қу еді.
Атам Орақ батырды
Алмасын керіп өлтірген
«Менің жауым бұл», — деді.
- 550 Жауымменен бір жүрген,
Атам болса қайтейін?!
Отыз ұлды қосақтап,
Қырайын бәрін мен деді,
Деді дағы, Қарасай
Суырып алып алмасын,
Мамайға қарсы жүгірді.
Атасына барғанша,
Буыны босап баланың,
Үш сүрініп жығылды.
Жығылып тұрып жүргенде,
- 560 Оны да Мамай көреді.
Қарасайдың келгенін,
Жауын жеңіп бергенін
Мамай сонда біледі.
Өмірінде күлмеген,
Күлгенін ешкім көрмеген,
Баласын көріп қуанып,
Көңілі тынып жұбанып,
Сонда күліп жіберді.
Атасының күлгенін
- 570 Қарасай сонда көреді.
Атасының айтқаны
Есіне енді түседі.
Қайғылы Мамай атасын

- Бір күлдірсін дегенін
 Орындады баласы.
 Би Мамайдың алдына
 Қарасай жылап келеді.
 Қол қусырып ата деп,
 Иіліп сәлем береді.
 580 Баласының қолын алады,
 Тілегі қабыл болады.
 Шырағым, деп би Мамай
 Құшақтады баланы.
 Отыз ұлдың күнәсін,
 Шырағым, бер деп сұрады.
 Отыз ұлдың күнәсін,
 Мамай сұрап алады.
 Жолы болып би Мамай,
 Еліне қайтып келеді,
 590 Тілегі қабыл болады.
 Тозып кеткен көп ноғай
 Қонысқа қайтып қонады.
 Қызыл атты Көкше қарт
 Қарасайдан алмады,
 Атқа көзін салмады.

Енді Қарасай атасының тапсырған енді бір арманын бітіріп, Көкшеге қарындасын бермекші болған еді, бірақ Көкше алмады. Осыдан кейін Қарасай атасының үшінші арманын орындау үшін талаптанады.

- Атасының тапсырған
 Үшеу еді арманы.
 Оның бітіп екеуі,
 Біреуінің қалғаны.
 600 Осы қалған біреуі
 Қатты уайым салады.
 Атасының арманын
 Біткере алмай жүргенде,
 Құса болып сарғайып,
 Қапа болып Қарасай,
 Өңі де кетіп азады.

- Баласының азғанын
Апасы көріп жылады,
Іштегі кегін қозғады:
610 — Ай, Қарасай, Қази шырағым,
Атадан жетім қарағым,
Атаң кегін алдың деп,
Жүруші едім қуанып,
Жылқының міндің пырағын.
Атаңның туын көтеріп,
Беліңе будың жарағын,
Жаудың бұзып қамалын.
Жеңіспен елге келгенде,
Тірілгендей көрінді,
620 Өлген Орақ жұбайым.
Ажарыңа қарасам,
Осы күнде, шырағым,
Жүзің неден солып жүр?
Қайғыға ішім толып жүр,
Жары жасым кеміп жүр.
Кемімей жасым не қылсын?!
Жүдеп кеттің сарғайып,
Бір күлмедім ыржиып,
Мұнша жүдеп, қарағым,
630 Не қылмысың болып жүр?!
Осылай деп анасы,
Баласынан сұрады.
Мен Қарасай балаңмын,
Соған берсем жауапты,
Азып жүрген балаңды
Көріп тұрсың апам-ай.
Азғанымның себебін
Мен айтайын саған-ай.
Ақ сүт берген жан анам,
640 Құлақ салсаң сен маған,
Азуымның себебі —
Үш арманы бар екен
Өлген Орақ атамның,
Айтып едің баяндап.
Үш арманның екеуін

- Бітіріп едім тамам-ай.
Енді қалған біреуін
Біткере алмай жүргенге
Құса болып сарғайып,
650 Азып жүрмін соған-ай.
Бітпей жүрген арманы,
Қиғаштан биік тау еді,
Қызылбасты жау еді.
Бір арманы атамның
Тапсырып кеткен сол еді.
Менен туған ұл болса,
Ұл екені шын болса,
Қызылбасқа барсын деп,
Тапсырып кеткен өзі екен.
- 660 Барайын десем жауына,
Мұсылман ер бармаған,
Ат тұяғын салмаған,
Сондай қиын жер екен.
Бармайын десем атамның
Бітетін емес арманы.
Қызылбас деген қиын жау
Аттану ауыр іс екен.
Алдырмайтын қаласын,
Қорғасаның елі екен.
- 670 Атамның айтқан арманын
Біткермей жүрген себебім,
Сол еді жан шешекем.
Сонда анасы сөйлейді:
— Олай болса, жан балам,
Айтайын ақыл мен саған,
Құлағың сал сен маған.
Қызылбас деген мықты жау,
Қиғаш деген биік тау,
Барсаң да оған өлесің,
- 680 Бармасаң да өлесің.
Түбінде өлім болғансын,
Онан дағы, шырағым,
Қызылбасқа барып өл.
Атаңның айтқан сөзінен

- Құтыларсың қарағым.
Менің айтқан кеңесім —
Барып өлсең, шырағым,
Мәз болар өлген Орағым.
Өлерінде атаңнан
- 690 Қызылбас жауын сұрадым.
Сұрағанда айтайын,
Сондағы берген жауабын:
Қиғаш таудың биігі
Аспанменен тірескен,
Бұлтпен де күрескен.
Қанатты құс басына
Ұшып шыға алмас деп еді.
Аяқ жолын айтайын:
- 700 Асты тас та, үсті тас,
Жалғыз аяқ жолы бар,
Адам батып жүре алмас.
Кіре қойса тар жолға,
Екі адам қатар жүре алмас.
Қатты қиын жол екен,
Кірген қайтып келе алмас.
Елі қандай деп едім,
Он екі қоштам қызыл бас,
Есебін адам біле алмас.
Арымайтын жұмысқа
- 710 Өріп жүрген құмырсқа.
«Жолы қанша?» — деп едім,
«Алты айшылық», — деп еді.
«Елі қанша?» деп едім,
«Үш айшылық», — деп еді.
Менің балам Қарасай
Аттанар егер күн болса,
Қырық мың әскер алсын деп,
Қырық мыңға әскер жетпесе,
Алдырмайтын жау, — деді.
- 720 Қырық мыңға қолы жетпесе,
Бармасын онда деп еді.
Ал енді өзің, шырағым,
Қызылбасқа аттанбай,

- Тұрмассың әскер жинамай.
Жинасаң да қырық мыңға,
Сірә, балам, толмассың.
Қызыл бастың жанына
Бір аттанбай тұрмассың.
Бұл айтуым себебі —
- 730 Бес атаға келгенше,
Шынжырлы ердің сойы едік.
Бара қойсаң жауыңды,
Жоқ қылмай, сірә, қайтпассың.
Едігенің сойысың,
Қанды Орақтың ұлысың,
Барған жауды түгеспей,
Бекер босқа қайтпассың.
Барған жерде, шырағым,
Әскеріңді қырдырсаң,
- 740 Саған әскер ермейді.
Қызылбас деген мықты жау,
Қырылам деп сенбейді.
Керек болса, балам-ай,
Қырық мың әскер саған-ай,
Әділге бұйым сал деді.
Қырық мың әскер халқыңнан
Жинап берем, ал, — деді.
Қырымдағы жас Әділ —
Қияметтік жолдасың.
- 750 Атасы шын Темірхан
Атаңа сенің дос еді.
Қырымнан шыққан әскерге
Әділдің өзін хан қойып,
Аттансаң сонда барарсың,
Қиғаштың биік тауына,
Қызылбастың жауына,
Сүйтіп балам бар, — деді.
Қырық мыңға қолың жетпесе,
Алдырмайтын жау, — деді.
- 760 Қарасай жақсы көреді,
Қырымға қарай жөнелді.
Қырымға барып Қарасай,

Бір бүлікті салады.
 Қарасайдың айтқанын
 Әділ де қабыл алады.
 Қырымға жарлық өтеді,
 Қырық мың әскер ер Әділ
 Елінен жинап береді.

Ер Әділ астындағы алтын тағын өкіл әкесіне тапсырып,
 қызылбастың жауына елімен қош айтысып жөнеледі.

- Қырымдағы шаһардан,
 770 Қыс өткенсін баһардан
 Шымырқанып шаттанып,
 Әділге әскер ереді.
 Қырық мың әскер құралып,
 Көк темірге құрсанып,
 Өңкей батыр жүреді.
 Жас Әділді хан қойып,
 Қырымнан шыққан әскерде
 Қас батырлар көп еді.
 Досының көңілін тындырған,
 780 Дұшпанның көңілін сындырған.
 Қырық мың әскер ішінде
 Айтулы ерлер бар еді,
 Мұсылман арын арлаған.
 Ұйықтап жатқан жерінде
 Қолтығына қол салып ,
 Айдаһарды барлаған.
 Айсадан туған Ахмет
 Батырлығын оздырған,
 Барған жерін тындырған.
 790 Ашуланған күнінде
 Алпыста жебе сындырған.
 Қырымнан шыққан аттанып,
 Қырық мың әскер ішінде
 Аты шыққан Көмек бар.
 Ұзын айдар қоңырат,
 Асынғаны ен болат,
 Ер Сүлеймен бұл да бар.

- Айсадан туған бес батыр,
Бесеуі кетіп баратыр.
- 800 Таққа мініп хан болған,
Қараңғыда шам болған,
Жеті жаста желденген,
Не бол десең, сол болған,
Он бір жасар Әділ бар.
Ата жауын жаулаған,
Атағы оттай қаулаған,
Қырық мың әскер ішінде
Қарасай, Қазі ер де бар.
Көпті көрген көне еді,
- 810 Көрмеген жерін білетін,
Көңілі зерек ер еді,
Көп жасаған Қоянақ,
Жол басшы бұл да бар еді.
Қырымнан құлан шығады,
Қиғаштың биік тауына,
Қызылбастың жауына.
Көп жасаған Қоянақ
Қолды бастап келеді.
Қырымнан әскер аттанып,
- 820 Шыққалы үш күн болады.
Хан Әділдің анасы
Байбикеш ханым түс көріп,
Түсінде ғажап іс көріп,
Орнынан тұра жылады,
Уайым-қайғы шегеді.
Сол түсінен сескеніп,
Көңілі жаман тарықты.
Көрген түсін баяндап,
Қызына айтып жорытты.
- 830 Басыңды көтер,
Тарылды заман дүния.
Осы көрген түсімді,
Жорытамын саған-ай.
Бүгін мен бір түс көрдім,
Түсімде ғажап іс көрдім.
Аспанменен тірескен,

- Бұлтпенен күрескен
Асқар биік Алатау
Алтын сарай үйімнің
840 Үстіне келіп құлап жүр,
Бұл не болар, қарағым?
Арқадан борап қар жауып,
Борасынды жел соқса,
Соққан желді тоқтатқан,
Тіреулі алтын сырығым,
Анасынан айрылып,
Ортасынан морт етіп,
Сынып тұр алтын сырығым,
Бұл не болар, шырағым?
850 Жібектен есіп бау таққан,
Байланбаған асауды
Жібере тартып тоқтатқан,
Ортасынан сынып жүр,
Жібек баулы құрығым,
Құрасам да тұрмайды,
Бұрынғыдай болмайды,
Бұл не болар, шырағым?
Алтын айдар басыңда,
Отыр едің қасымда,
860 Басыңдағы тұлымың
Ортасынан қиылды,
Бұл не болар шырағым?
Сонда Ілия сөйледі:
— Айналайын анам-ай,
Ақ сүт берген қабам-ай,
Алланың салған ісіне,
Көнбесең де болмайды.
Асқар биік Алатау
Тігіп қойған ордаңның
870 Үстіне келіп құласа,
Асқар таудай бақ қонар
Кеткен Әділ балаңа,
Көрінген шығар соған-ай.
Ортасынан морт етіп,
Ашасынан сарт етіп,

- Сынса алтын сырығың,
Осы жерін білмедім.
Аман келсе жақсы еді
Кеткен Әділ құлының,
880 Жібектен есіп бау таққан,
Байлап қойған асау тай,
Жібере тартып тоқтатқан,
Неғып келсін саған-ай?!
Жалғыздық деген жаман-ай,
Жауға кеткен жалғызың,
Осы сапар аман-ай.
Ортасынан қиылса
Алтын айдар тұлымым,
Кеткен Әділ құлының
890 Жоқ шығар саған аман-ай.
Бірге туған ағам жоқ,
Алладан басқа панам жоқ,
Жалғыздықтан жаман жоқ,
Бірге жүрер ағам жоқ,
Тағдыр қылды амал жоқ.
Соңынан қуып бармасаң,
Сапарын тілеп алмасаң,
Енді саған балаң жоқ.
Қуып барып соңынан,
900 Көздің жасын төгеді.
Қызылбасқа барма деп,
Сапарын тілеп келеді.
Сапарын көкем бермесе,
Соңынан жүріп өледі.
Алтын орда тұл қалар,
Бізге ие кім болар.
Жалғыз ағам келмесе,
Мұңды болған біз нашар,
Жылай-жылай қор болар.
910 Ойлап келіп қарасам,
Қызылбасқа кеткен көкемді,
Көп ұзамай шешкей,
Қуғанымыз жөн болар, —
Деді дағы Ілия,

- Қайғыны ауыр шегеді,
Емшен бозға мінеді.
Жауға кеткен Әділдің,
Соңынан қуып жөнелді.
Сол күні жүріп түнімен,
920 Ертең жүріп күнімен,
Екі мұңды бейшара
Келеді қуып шынымен.
Талма-тал түс болады,
Бір төбеден құлады.
Ер Әділге жете алмай,
Екі мұңды жылады.
Алдында белес қыр жатыр,
Соған қарап келеатыр.
Ол белестің артында,
930 Айдынды шалқар көл жатыр.
Жағалай тіккен көк шатыр,
Қырық мың әскер қол жатыр.
Есебі жоқ көп шатыр,
Көп шатырдың ішінде
Жібектен тіккен бір шатыр.
Сол шатырдың ішінде
Баласы Әділ ер жатыр.
Байбикеш ханым кіреді,
Көре сөйлей береді:
940 — Құлыным менің қайда? — деп, —
Әділ менен туғансың,
Тәрбиелеп өсірдім,
Ақ сүтімді ішірдім.
Қауырсыны қатпаған
Балапанды ұшырдым.
Енді қайтіп қолыма
Қондыра алмай өкіндім.
Ашып оқып жүрсін деп,
Жасынан білім білгіздім,
950 Сайлап тұлпар мінгіздім.
Әкесі жастап өлсе де,
Жетімдікті көрген жоқ.
Атадан жалғыз екенін

- Өлі балам білген жоқ,
Алыстағы жауына
Сапар шегіп жүргіздім.
Көп ішінде жалғыздық
Шекесіне тиген жоқ,
Тимегенін біле алмай,
960 Барма десем тіл алмай,
Сапарын маған бере алмай.
Ал, қарағым Ілия,
Алдына барып жылайық,
«Сапарын бер», — деп сұрайық.
Сені көріп тұра алмас,
Барғасын бауырымдайық.
Бұны естіп Ілия,
Есінен шықты дүния.
Атынан түсіп Ілия,
970 Әділге жылап барады:
— Ағакем менің қайда? — деп,
Шатырдан келіп сұрады.
Қарындасы Ілияның
Жылаған даусын есітіп,
Жатқан шатыр ішінен
Жүгіріп Әділ шығады.
Шырағым, менің ізімнен
Келдің деп неге сұрады.
Сонда Ілия сөйледі:
980 — Айналайын ағаке,
Менің қуып келгенім,
Ұзақ жолға мінгенім —
Қызылбастың жауына
Сапар етіп жүргенің.
Алды-артында таяу жоқ,
Ағаке кімге сенгенің?!
Мейірімді анам түс көріп,
Бұл түсінен сескеніп,
Қызылбасқа жібермей,
990 Жолдан алып қалуға,
Осы еді келген себебім.
Сапарымды берсеңіз,

Сапарымды бермесең,
Ізіңнен жылай жүргенім.

Сонда Әділ сөйледі:
— Емшектесім жұбайым,
Мен үшін шекпе уайым.
Жаудан аман келермін,
Сақтаса жалғыз Құдайым.
1000 Уайым айтып, бауырым,
Қайғының салдың ауырын.
Сен жыласаң кетеді,
Менің де хандық дәуірім.
Бауырласым, шырағым,
Ұяда бірге жасадым,
Артымнан жылап келгенсін,
Еріген жердей босадым,
Келермін қайтып, шырағым.
Қызылбасқа барма деп,

1010 Сапарымды сұрама.
Қырық мың әскер ноғайға,
Ноғай түгел талайға
Басшы болған ұқсадым.
Шырағым, неге жылайсың,
Көзіңнің жасын бұлайсың?
Қызылбасқа барма, — деп,
Сапарымды сұрайсың.
Жалғыз көрпе өрмей ме,
Алыс жолға жүрмей ме?!

1020 Жалғыздың жанын әрқашан
Бір Құдайым көрмей ме?!
Ажал келсе Алладан,
Үйде жатып өлмей ме?!
Құдай аман сақтаса,
Жаудан аман келмей ме?!
Исадан туған бес батыр,
Бұлар да кетіп баратыр.
Қарындасы Ақсүңгі,
Бұл жыласа көрмей ме!

1030 Қарасай-Қази қос батыр,

- Бұларда кетіп баратыр.
Қарындасы ақ Қымбат
Ол жыласа көрмей ме!
Егер ажал келмесе,
Құдіреттің ісіне
Салса пенде көнбей ме?!
Сонда Илия сөйледі:
— Туысқаным, туғаным,
Болмайын сенің құрбаның.
1040 Қызылбасқа барма, — деп,
Жылап сұрап тұрғанда,
Ағеке, не деп тұрғаның?!
Басыңа қиын іс түссе,
Кім болар сенің қорғаның?
Жалғыздығың, ағеке,
Атадан жалғыз туғаның,
Исадан туған бес батыр,
Бұларды үлгі қыласың.
Ақсүңгі неге жыласың?
1050 Бір-бірін жауға тастамас,
Атадан бірге туғансын,
Туған түге тастамас.
Қасыңа ерген жолдасың,
Атадан жалғыз туғаның
Басыма қайғы салып тұр.
Қайғының ауыр саудасын,
Сапарыңды бермесен,
Көз жасымды көрмесен,
Саудаға түсер бұл басым.
1060 Бізге түскен сауданы
Еш пендеге салмасын.
Қарасай-Қази қос батыр,
Бұлар да кетіп баратса,
Ақ Қымбат неге жыласың?!
Қарасай жауда қалғанда
Қази барып алмай ма.
Қази жауда қалғанда
Қарасай барып алмай ма,
Туысқан туған болмай ма.

- 1070 Туысқаны болмаса,
Жалғыз шіркін шырқырап,
Жауда басы қалмай ма.
Осы айтқанды, ағеке,
Ойлансаңыз болмай ма?!
Ағасы қалса, іні алар,
Ағайынды екеуі,
Бірі келсе бірі алар,
Сен қасқаны кім алар?!
Осыны айтып Әділге,
- 1080 Қарындасы жылады.
Жалғыз едің, кетпе, — деп,
Сапарын бер деп сұрады.
Қарындасын қия алмай,
Көзінің жасын тия алмай,
Не дерін Әділ білмейді.
Екеуі жылап тұрғанда,
Сол уақытта болғанда,
Күн ортадан ауғанда,
Қайғымен Әділ тұрғанда,
- 1090 Қарасай-Қази жүре алмай,
Әділ достын қия алмай,
Қала ма деген қауіппен,
Қызыл, жасыл екі ту
Қолдарына алады,
Дос Әділдей бола ма?!
Аламаңды жүргізіп,
Құмырсқадай өргізіп,
«Орақ!», — деп ұран салады.
«Орақтаған» дауысқа
- 1100 Сүйегі қызып Әділдің,
Бұл де кетіп барады.
Желке айдары желкілдеп,
Көздерінің жасы мөлтілдеп,
Мұңды болған бейшара
Жылап еңіріп қалады.
Әділ жөнep жатқанда,
Анасы Шауыр келеді.
Баласын сонда көреді.

- Көреді де бусанып,
1110 Көзінің жасын төгеді.
Емшегін төстен суырып,
Шырағым, жүр, — деп жылады,
Көзінің жасын бұлады.
Жылап тұрып анасы,
Сапарын бер, — деп сұрады.
Шешесін көріп жас Әділ,
Мойнын кейін бұрады.
Сонда анасы толғады:
— Айналайын, шырағым,
1120 Қызылбас болды құмарың,
Сапарыңды сұрадым.
Жолы қиын сапар деп,
Есітеді құлағым.
Сен кеткенсін, қарағым,
Күнім болар бір қысым.
Қысым енді жаз болып,
Қашан келер жыл құсым?!
Қорқытып кетті құлыным,
Үйдегі көрген бір түсім.
1130 Барасың қайда, Әділім?
Сен кеткенсін, шырағым,
Болмайды менің сабырым.
Жоқ еді сенің аға-інің,
Жас та болса әр жерге
Кетіп еді дабырың.
Қызыбас мықты ел деймін,
Аламаны зор деймін,
Барған адам келмейді.
Бұрынғы өткен ерлердің
1140 Алалмаған жер дейді.
Жалғыз едің, шырағым,
Сапарыңды беремін,
Көзімнің жасын көремін.
Қызылбасқа кетерсің,
Қиын жолға жетерсің,
Емшегім сүті ақ дария
Болып шықса алдыңнан,

- Одан қалай өтерсің?!
Көзімнің жасы көл дария
1150 Болып шықса алдыңнан,
Одан қалай өтерсің?!
Бара жатқан жолыңның
Талай қиын жері бар,
Үш айшылық шөлі бар.
Аспанменен тірескен,
Бұлтпенен күрескен,
Асқар биік тауы бар,
Астында мықты жауы бар,
Неғып одан өтерсің,
1160 Жауға не амал етесің?!
Ақ сүт берген анаңды,
Қарындасың Ілия,
Толып жатқан дүния
Тастап неғып кетесің?!
Сонда Әділ сөйледі,
Тұр десе де тұрмады:
— Жылама, анам, жылама,
Жыламай көзің тына ма?!
Осы бір ретте, анам-ай,
1170 Сапарымды сұрама.
Қырық мың әскер ергесін,
Бармай балаң тұра ма?!
Қиын да болса бұл жауға,
Бір төуекел етермін,
Бармай қалсам бекермін.
Бара жатқан жерімде,
Алты айшылық жол болса,
Алты ай жүріп жетермін.
Алдымнан шықса қиын жол,
1180 Бұзып-жарып өтермін.
Көзіңнің жасы көл дария
Болып шықса алдымнан,
Қырық мың әскер қолым бар,
Көпір де салып өтермін.
Емшегің сүті ен дария
Болып шықса алдымнан,

Түсіп соған кетермін,
Ішіп те сонда өтермін,
Алты айшылық жол болса.

- 1190 Айсаның ұлы Ахметтің
Сөйтіп жолы болмады.
Айбалтасы сынғасын,
Ахмет қарап тұрмады.
Аузын ашып кереді,
Тісіменен қопарып,
Біраз тасты алады.
Бір уақыттар болғанда
Бір тасқа аузын салғанда,
Тісі сынып қалады.
- 1200 Екеуі сынып қалғасын,
Амалын таппай тұрады.
Аузы болып қызыл қан,
Тұлпарына мінеді.
Тауға лаж таба алмай,
Бұл да қайтып келеді.
Қайтып келіп Ахмет,
Былайша жауап береді:
— Жұмсаған, Әділ, сен едің,
Тауға барған мен едім,
- 1210 Жалғыз аяқ тар жолды
Көріп кел маған деп едің.
Жұмсағансың бұйырып,
Тауға да қарап жөнелдім.
Тау хабарын айтайын,
Тыңдасаңыз, Әділ хан,
Қуанады адамдар
Жеті мүше сауына.
Барып келдім, Әділ хан,
Қиғаштың биік тауына.
- 1220 Бармайтұғын жер екен,
Қызылбастың жауына.
Қарашы менің аузыма,
Балтам сынып қалғасын,
Салып едім аузымды

- Қиғаштың биік тасына.
Таспенен құйып тастапты
Жалғыз аяқ жолын да.
Кірмедім десем сенбессің,
Сөзімнің болмас жалғаны,
1230 Жалған айтар мен бе едім.
Өтірік емес шын деймін
Биіктігі тауының,
Тікелей ұшқан қара құс
Басына ұшып шыға алмас.
Етегін серлеп қарасам,
Биік ұшпа қара құм,
Ат қиялап шаба алмас.
Бұрғымен тескен тесік жол,
Адам оған кіре алмас.
1240 Жалғыз адам болмаса,
Екі адам қатар жүре алмас.
Осындай қиын жол екен,
Жолы қиын мол екен.
Тілімді алсаң қайтайық,
Алдырмайтын ел екен.
Жолды барып серледім,
Жалған айтар мен бе едім.
Батылым барып кірмедім,
Кірейін десем сенбедім.
1250 Мұндай қиын тар жолды
Өмірімде көрмедім.
Жол басшымыз ер Әділ,
Ендігісін өзің біл,
Алдырмайтын ел деймін.
Сонда Әділ сөйледі,
Сөйлегенде не деді:
— Әй, Ахмет құрмағыр,
Қорқақ па едің, оңбағыр.
Айдаһар деп жүргенің,
1260 Кесіртке ме еді, құрымағыр.
Қайта бер енді қосыңа,
Айдаһар деп қол салып,
Қараған болсаң шошымай.

- Айдаһар деп жүргенің,
Кесіртке ме еді, досым-ай?!
Ер деп сені жібердім,
Ертпей адам қасыңа-ай.
Жолға кірмей қайтқаның,
Ылайық па өзіңе-ай?!
- 1270 Жолы қиын екен деп,
Ұятым салдың басыма-ай.
Жауынгер болат дегенім,
Болып жатыр пасық-ай.
Тар жолға барып кіре алмай,
Келгенің кемдік атыңа-ай,
Қайта бер енді қосыңа.
Қарасайға толғады:
— Ей, Қарасай, Қарасай,
Қанды Орақтың баласы-ай,
- 1280 Қайда кеттің Қарасай,
Асыл ердің баласы-ай?!
Жақсы менен жаманның
Ашылып жатыр арасы-ай.
Қарасай өзің болмасаң,
Батырсынып жүргенің,
Белгілі болды шамасы-ай.
Уайым айтып келеді,
Ішіне кірмей тар жолдың.
Енді өзің бар Қарасай,
- 1290 Қарасай, Қазі болмаса,
Құрыды жұрттың шамасы-ай.
Тесік жолға кіре алмай,
Ар жағын серлеп көре алмай,
Болып тұр жұрттың таласы-ай.
Қаратауды көргенде,
Таудай болған батырлар
Болып та қалды аласа-ай.
Өзің барып көрмесең,
Зар болады қалмақтың
- 1300 Қызыл ғана қаласы-ай.
Жаманның кеулі тар, — дейді,
Қызылға тоқым сал, — дейді.

- Орақтан қалған жасыл ту,
Желбіретіп ал, — дейді.
Жасың үлкен болса да,
Жұмсадым сені, Қареке,
Жалғыз аяқ тар жолға,
Барып келгін, сен, — дейді.
Сол уақытта Қарасай,
- 1310 Асыл да ердің баласы-ай.
Айтуына мұң екен,
Жұмсасын, — деп жүр екен.
Жалғыз аяқ тар жолға
Қарасай кетіп барады.
Жалғыз аяқ тар жолды
Мұның да көзі шалады.
Атын кесе қаңтарып,
Жолдың түрін байқады.
Жол қиынын көргенде,
- 1320 Қарасай бір сөз айтады:
— Ақ Жасаған, Құдайым,
Өзіңнен жәрдем сұрайын.
Жігітке пайда бермейді
Көп ойлаған уайым.
Жол үстінде тұрмайын,
Кірмей кетсем тар жолға,
Мен Орақтан тумайын.
Не де болса кірейін,
Айтып кеткен атамның
- 1330 Бітірейін арманын.
Мынау қиын жол екен
Жаны бар адам бара алмас.
Қиын да болса кірейін,
Ауыр жолды көрмесем,
Жол хабарын бермесем,
Қарасай атым оңалмас.
Кірмей қайтсам бұл жолға,
Үлкен атам қанды Орақ
Көрінде тыныш жата алмас, —
- 1340 Деді дағы, Қарасай
Өзін-өзі қайрады,

- Өлімге басын байлады.
Екі көзін шарт жұмып,
Астындағы Қызылды,
Тар жолға айдап салады.
Жалғыз аяқ жолменен
Қарасай кетіп барады.
Екі көзі Қызылдың
Шамшырақтай жанады.
- 1350 Жан-жағына қарамай,
Сол мезгілде кеш болды.
Түніменен жүреді,
Жол азабын көреді.
Бір уақыттар болғанда
Таң белгісін береді.
Таң атқасын Қарасай,
Жолдың шықты шетіне.
Жақындаған құсайды
Қызылбастың кентіне.
- 1360 Қарғасаның дуамен
Оқып салған бетіне,
Біраз ғана келеді,
Өзінің айтқан сертіне.
Осы жерге келгенде
Атын кесе қаңтарып,
Жерін түрін байқады.
Көріп жолдың қиынын,
Қарасай бір сөз айтады.
Көрмегенім көп екен,
- 1370 Жүрер жолым жоқ екен.
Байқап келіп қарасам,
Жолы қиын бұл екен.
Ат бауырын жаза алмас,
Ат қиялап шаба алмас
Орғыл-орғыл құм екен.
Бұның арғы жағына
Көз жібереп қарасаң,
Алты қатар ор екен.
Ордың арғы жағына
- 1380 Көз жіберіп қарасаң,

- Айналасы айшылық,
Көлденеңі күншілік,
Он екі қамтам жер екен.
Қарғасаның қаны екен,
Жолы қиын жер екен.
Он екі жерде мұнара,
Хан белгісі бар екен.
Ханның басы — Қарғаса,
Алдырмайтын жер екен.
- 1390 Асты теңіз су екен,
Үсті биік тау екен.
Арасына салдырған
Дербент деген қала екен.
Дәруазасы темірден,
Он екі пар өгізбен
Қырық күн ашып-жабатын
Дәруазасы бар екен.
Бұл қаланың ішінде
Күзеткен әскер бар екен,
- 1400 Қаласы мықты жер екен.
Бұл қалаға тайсалмай
Баратын жолы жоқ екен.
Ойланып келіп қарасам,
Алдырмайтын ел екен.
Қарасай оған бара алмай,
Баратын жолын таба алмай,
Жаудан белгі ала алмай,
Кейін қайтып барады-ай.
Ертең талтүс болғанда
- 1410 Қарасай таудан шығады.
Әділге шауып келеді,
Келе сөйлей береді.
— Әділ достым сен едің,
Көріп кел жолды деп едің.
Көріп келдім жолыңды,
Жалған деме мұнымды.
Жаудың шықтым бетіне,
Жолдың шықтым шетіне.
Көз жіберіп қарасам,

- 1420 Қызылбастың кентіне,
Асқар биік тау екен.
Қызылбас мықты жау екен.
Жалғыз аяқ тар жолы,
Бұрғымен тескен тесік жол,
Тар тесігі бар екен.
Таудан құлап қарасам,
Көріп қайтқан ерлердің
Айтқан сөзі шын екен.
Құм екен арғы жағы да,
- 1430 Оған келіп қарасам,
Жалпақ жатқан сор екен.
Сорға салған тас өткел,
Жалғыз аяқ жол екен.
Сордан өтіп қарасам,
Сорға жалғас қазылған
Алты қатар ор кен.
Қазған ордың ар жағы
Он екі ханның бас қосып,
Қорған салған жері екен.
- 1440 Дербент деген қаласы
Әр қаладан зор екен.
Жалғыз аяқ тар жолда
Қауіп-қатер көп екен.
Бұдан басқа жүретін,
Бөтен жолы жоқ екен.
Мен қорқытып айтпаймын,
Ақиқатын айтқанда,
Көз қорқатын жер кен.
Сонда Әділ сөйледі:
- 1450 — Орақтан туған, Қарасай,
Асыл ердің баласы-ай.
Өз басыңа бермесе,
Не болады жігітке,
Ата даңқы, Қарасай.
Атаң Орақ болмаса,
Туыпсың жаман шамасы-ай.
Осындай қиын тар жолда
Жақсы менен жаманның

- Айрылады арасы-ай.
1460 Қиын жолды көргенің,
Рас болса Қарасай,
Бір белгіні қолыңа
Ұстап неге келмедің?!
Бір белгіні ала алмай,
Қауіпті жерге бара алмай,
Сенің қорқып келгенің.
Досым болсаң қайтейін,
Бұл сөзіңе сенбедім.
Қарасай, досым сен едің,
1470 Саған сеніп жүр едім,
Қарасай болсаң, бола бер,
Орақтан тусаң, туа бер,
Ахмет, Серік, Қоянақ,
Солардан артық көрмедім.
Қарасай ер Әділ
Осылай сөйлеп тұрғанда,
Құлағын салып ер Қази,
Екеуінің қасында
Жатыр еді жамбастап,
1480 Сөйлемейді бейбастақ.
Көтеріп алды басын-ай,
Қатты келді ашуы-ай.
Қатуланып қаттанып,
Әділдің келді қасына-ай.
Жақындап келді ер Қази,
Сөйлей берді осылай:
— Алдымдағы, жас Әділ,
Құдай дескен досым-ай,
Дос болғаның осы ма-ай?
1490 Қатты-қатты сөз айтып,
Құдай дескен досыңа-ай,
Неге тұрсың ұрыспай?!
Жөнсіз ұрсып тұрғаның,
Өзіңе болар кесір-ай.
Артық көрме өзінді,
Тарта сөйле сөзіңді.
Жасы үлкен ағама

- Тигізе берме тіліңді!
Атаң Орақ батырдан
1500 Жаман тудың дегенің,
Осы сөзің қиын-ды.
Кімнің жақсы жаманын,
Аттың жүйрік шабанын
Болайын деп келеді
Сыналатын заманы.
Жолдың қиын, оңайын
Таудан құлап көресің.
Жалғыз аяқ тар жолдан
Шұбырып Әділ жүресің.
1510 Кімнің еркек, қатынын,
Сол уақытта білерсің, —
Деді дағы, ер Қазиді
Қарасайға келеді,
Келе сөйлей береді:
— Ай, Қарасай, Қарасай,
Асыл да ердің баласы-ай.
Орақтан тудым дегенше,
Орманнан тудым десейші.
Ерден тудым дегенше,
1520 Жерден тудым десейші.
Енеден тудым дегенше,
Желден тудым десейші.
Менімен тудым дегенше,
Ойнастан тудым десейші.
Құр алақан келгенше,
Қызылбаста өлсейші.
Өлмегенің осы ма,
Күлкі болдың досыңа!
Таба қылып дұшпанға,
1530 Кеміттің жарым жасымды.
Тар жолға өзім кірейін,
Тіл әкеліп берейін.
Ұлықсат берші маған да,
Жалғыз өзім барайын,
Ерітпей жолдас қасыма.
Шұбар атқа мінейін,

- Шұбалаңдап желейін.
Талапты Құдай оңдаса,
Бір белгі әкеп берейін.
- 1540 Бір белгі әкеп бермесем,
Сол жақта жатып өлейін, —
Деді дағы, ер Қази
Шұбар атқа мінеді,
Шұбалаңдап желеді.
Қызыл туын көтеріп,
Тауға қарай жөнелді.
Қаратау үлкен күш болды,
Баруға қиын іс болды.
Жолға түскен мезгілде
- 1550 Күн еңкейіп кеш болды,
Қас қарайып түн болды.
Қази бала түн қатты,
Жалғыз аяқ тар жолға
Түсіп алып, жол тартты.
Бір мезгілдер болғанда
Жарық болып таң атты.
Жаудың шықты шетіне,
Келе жатыр жақындап
Қызыл бастың кентіне.
- 1560 Келіп тұрған секілді,
Дәруазаны бекітіп,
Байлап қойған бетінде,
Күркіреп жүр алдында
Жолбарыс пен арыстан.
Көрінбейді қарасы
Қалың тоғай қамыстан.
Ұмтылады Қазифа,
Айдаһар, жылан ысқырып,
Жұтайын деп күш қылды.
- 1570 Астындағы шұбар ат
Секіреді ышқынып.
Алмаспен шауып барады,
Ортасынан қақ бөліп.
Даусы көкті жарады,
Қызылбастан бір белгі

- Табайын деп қарады.
Қараса адам жоқ кен,
Қауіп-қатер көп екен.
Ойлана келіп қарасам,
1580 Адамзаттың баласы
Бара алмайтын жер екен.
Жүре алмады жол тауып,
Бара алмады ой тауып.
Осы жерге келгенде,
Ерге болды бір қауіп.
Қайғы түсті жүрекке,
Қази келіп тірелді
Жан жүрмеген түбекке.
Бара алмады жол тауып
1590 Қызылбастың еліне.
Тірі ұстауға қызылбас
Көрінбеді көзіне.
Келіп тұрған секілді,
Қарасайдың ат алып,
Кешегі қайтқан жеріне.
Осы жерге келгенде
Атынан түсіп ер Қази,
Атты кесе қаңтарды,
Жолды тұрып байқады.
1600 Құр алақан қайта алмай,
Сонда бір жауап айтады:
— Қарасай көкем ер екен,
Көргенін айтып жүр екен.
Қадірін білмей сөйледім,
Айтқанымды көтерді,
Қас әулие пір екен.
Абайламай сөз айттым,
Қас ақылсыз мен екен.
Қызылбастың еліне
1610 Баратын жолы жоқ екен.
Қызылбастан тіл алмай,
Құр келгені сол екен.
Құр алақан қайта алмай,
Жалған сөзді айта алмай,

- Тарығып Қази түр екен.
Жылап жүріп Қазидың
Сондағы айтқан сөзі екен:
— Ақ Жаратқан Құдайым,
Өзіңнен жәрдем сұрайын.
- 1620 Өзің жәрдем бермесең,
Басыма түсті уайым.
Тіл ұстамай құрдан-құр,
Таудан қалай құр шығайын.
Тілді қайдан табайын,
Әділге не деп барайын?!
Құр алақан барғанша,
Осы жерде қалайын.
Көрінетін адам жоқ,
Далаға қалай шабайын.
- 1630 Батыр Орақ ұлы едім,
Бір төңірдің құлы едім,
Ел қайғысын жеп едім,
Қызылбастан бір белгі
Келермін алып, деп едім.
Бұл тілегім болмаса,
Басыма бақыт қонбаса,
Талап етіп келсем де,
Бұл талабым оңбады.
Келіспеді талабым,
- 1640 Өзің сақтап етпесең,
Құрыды менің амалым.
Қызылбастан бір белгі
Қолыма ұстап бармасам,
Әділге не деп барайын?!
Тілегімді берсейші,
Көз жасымды көрсейші.
Қызылбасты алдыма,
Төңірім айдап келсейші.
Осыны айтып тұрғанда,
- 1650 Күн ортадан ауғанда
Тілегін Құдай береді,
Көзінің жасын көреді.
Аруанасын жетектеп,

- Қырық керуенші келеді.
Көміршіні көргесін,
Тілегін Құдай бергесін,
Тарығып тұрған ер Қазиді,
Қабағын ашып күледі,
Шұбар атқа мінеді.
- 1660 Көміршінің алдына
Арыстандай сақылдап,
Қазиді шауып келеді.
Қызылбасқа барады,
Қырқын ұстап алады.
Қызылбасқа жолықты,
Қызылбас мұнан қорықты.
Қызылбастан тіл ұстап,
Хабарына молықты.
Қырқын да ұстап алады,
- 1670 Төгіп тастап көмірді,
Тар жолға айдап салады.
Ер Әділдің алдына
Шұбыртып айдап барады.
Қызылбастан тіл алды,
Әділ көріп қуанды.
Жолы қандай екен? — деп,
Қолбасы жауап сұрады.
Қарасай, Қазиді ердің,
Екі достым сен едің.
- 1680 Қызылбастан бір белгі
Әкелейін деп едің.
Алып келдің белгіні,
Қабыл екен тілегің.
Зор екен батыр жүрегің,
Атаң Орақ ер еді,
Алған жері көп еді.
Ер де болса қызылбас,
Ат салмаған жер еді.
Сенен басқа батырлар
- 1690 Уайым айтып келеді.
Қызылбастан бір белгі
Алып келдің сен деді,

- Көңіл қойдым мен деді.
 Жолы қандай көрінді?
 Барып келген сен деді,
 Хабарыңды бер деді.
 Сонда Қази сөйледі:
 — Оңай деп жолды қуанба,
 Жолды менен сұрама.
- 1700 Өзің барып көрерсің,
 Бармай көңлің тына ма?!
 Издеген жауды бір көрмей,
 Ер құмардан шығар ма?!
 Қарасай көкем ер екен,
 Көргенін айтып жүр екен.
 Басқа уайым салатын
 Жалғыз аяқ жол екен.
 Барып келіп батырлар,
 Шынын айтып жүр екен.
- 1710 Жолдың бардым шетіне,
 Таудың төмен бетіне,
 Жетпесе, ерге уайым,
 Өзінің айтқан сертіне.
 Аттанып едім атпенен
 Қызылбастың кентіне.
 Жолды көріп байқадым,
 Жолы қиын жер екен,
 Жалғыз айтар мен бе едім?!
 Ат бауырын жаза алмас,
- 1720 Ат қиялап шаба алмас
 Орғыл-орғыл құм екен.
 Құмның арғы жағына
 Көз жіберіп қарасам,
 Терең батпақ сор екен.
 Сордың арғы жағына
 Көз жіберіп қарасам,
 Шалқып жатқан көл екен.
 Көлдің арғы жағына
 Көз жіберіп қарасам,
- 1730 Алты қатар ор екен.
 Ордың арғы жағына

- Көз жіберіп қарасам,
Көлденеңі күншілік,
Айналасы айшылық
Он екі қам там ел екен.
Ханның басы Қарғаса
Алдырмайтын ел екен.
Дербент деген қаласын
Салған екен қызылбас
- 1740 Таудың қиын жеріне.
Жалғыз барған ерлерді
Жолбарыс, аю, арыстан
Жүргізбейді еркіне.
Айдаһар қалды жұта алмай,
Арыстан қалды бата алмай,
Қапа болып жүр едім,
Қызылбастан бір белгі,
Қолыма алып қайта алмай.
Сыйынғаным ақ болды,
- 1750 Жолдасым шұбар ат болды,
Қырық көмірші тап болды.
Қапа болған көңілім
Мұны көріп шат болды.
Ұстап алып байладым,
Жолға салып айдадым.
Келе жатып бұлардан
Жол хабарын сұрадым,
Баралмастың жері екен,
Рас екен айтқаны.
- 1760 Қолыма белгі алғасын,
Одан әрі бармадым.
Не қылсаңда, ер Әділ,
Ендігісін өзің біл.
Сонда Әділ сөйледі:
— Қарасай, Қазы, ер едің,
Екі достым сен едің,
Екеуің де Орақтан
Артық тудың деп едім,
Артық емес кем едің.
- 1770 Кемдігіңді айтайын:

- Сенің айдап келгенің
Қаңғып та жүрген көмірші.
Артық тусаң атадан,
Мінгестіріп бір қызды,
Неге алып келмедің?!
Ер деп мақтап жүрсем де,
Қоянақ, Серік, Ахмет —
Солардан артық көрмедім.
Қиын жолды көргесін,
1780 Сенің де қашып келгенің.
Сонда Қази сөйледі:
— Қайдан білдің кемімді
Білмейсің құр тегімді?!
Қатты-қатты сөз айтып,
Қалдырып жүрсің кеулімді.
Ата тегің кім еді?
Қайдан таптың ерлікті,
Бересің кімге кемдікті?
Менің атам — Едіге
1790 Ата жауын жаулаған,
Аруақты ер еді.
Өз дұшпанын өлтіріп,
Басын кесті деп еді.
Сенің де атаң Мейханбет
Тегінде ерлік жоқ еді.
Біреудің өшін аралаған,
Сенің де атаң сол еді.
Осы жерде мен қазір
Шұбар атқа мінейін,
1800 Шұбаландап желейін,
Қолды бастап жүрейін.
Атаң болса шын батыр,
Өлшеуіңді көрейін.
Осыны айтып ер Қази,
Орақтың туын алады,
Оттай лаулап жанады.
Ашуланып Әділге,
Таласып тұрған тар жолға
Әскерін айдап салады.

- 1810 Таудан өтіп болғансын,
Әскерін жиып алады.
Сол уақытта ер Әділ
Жолды тұрып қарады,
Көзі көріп нанады.
Жан ашуы болмаса,
Жалғыздықтың жаманы,
Жалғыздық түсіп есіне,
Тұра алмады табаны.
Қарасай, Қазидосына,
- 1820 Сөйледі Әділ жанада:
— Қарасай, Қазидосына,
Екі достым сен едің,
Екі достым болмаса,
Жоқ еді менің сенерім.
Қиын жолды көргесін,
Қайғыланды жүрегім.
Қайғыланбай не қылсын?
Алды, артымда таяу жоқ,
Менде аға-іні жоқ!
- 1830 Басыма қиын іс түссе,
Екі достым ат салып,
Алып шығар деп едім.
Енді жауға тиерсің,
Ат құйрығын өрерсің.
Екі достым сендерге,
Кеулімді айтып білдірдім,
Өздерің ойлап білерсің.
Сонда Қазидосына:
— Әділ достым сен едің,
- 1840 Сенің достың мен едім.
Қарасай жауда қалса да,
Сені алармын деп едім.
Бұрынғы көңілім сол еді,
Бұл көңілімді білмедің.
Жамансың деп атадың,
Тигізіп қатты тіліңді,
Батырдың айтқан сөзіңді.
Талайыңнан көрерсің,

- Өз білгенің өзіңе,
1850 Жүре бер, Өділ, жөніңе.
«Орақ!» — деп жауға шабармын,
Шұбарды айдап салармын
Мұсылманның ары үшін,
Қара ноғай қамы үшін.
Жауда қалсаң, Өділім,
Сонда іздеп табармын.
Өділ сонда сөйледі:
— Бұл дүниеге келгесін
Аяқ басып жүргесін,
1860 Өлерімді білгенмін.
Атадан жалғыз туғасын,
Белге жарақ бұғасын,
Жалғыздыққа көнгенмін.
Жалғыз да болып жүрсем де,
Қайратыма сенгенмін.
Туысқаным, тәуекел,
Жолдас болып жүргенім,
Кісіге сеніп жүргенім.
Жақсы емес пе бұдан да,
1870 Жауға шауып өлгенім, —
Деді дағы, ер Өділ
Ызаланып, долданып,
Алтын туын қолға алып,
Тас өткелдің аузына,
Көп әскерге қарамай,
Жалғыз шауып жөнелді.
Оның көріп шапқанын,
Атына мініп ер Қазиде,
Бара жатқан шауып Өділге
1880 «Тұр!» деп айқай салады,
Қуып келіп соңынан.
Сонда Қазиде сөйледі:
— Өділ қайда барасың?
Жолға неге шабасың?
Жол менікі шабатын,
Менен қалай аласың?
Аламын деп жүргенде

- Бейнетті болып қаларсың,
Менен бұрын жол алмақ,
1890 Қала бұзып ел алмақ,
Келе ме, Әділ, қолыңнан,
Ере бер Әділ соңымнан?!
Сонда Әділ сөйледі:
— Шапқан Әділ тұра ма?
Атының басын бұра ма?
Өзі білген жігіттің
Ата тегін сұрама.
Қазасы жетпей өлмейді,
Жол менікі дегенде
1900 Қорқып жолды бермейді,
Зорлығына көнбейді.
Қорқып беріп жолымды,
Соңыңа Әділ ермейді.
Құдай дескен досым, деп,
Енді саған сенбейді.
Сендер екеу, мен жалғыз,
Жалғыз да болса тұра алмас,
Қорқып берер мен емес.
Қорқып беріп жолымды,
1910 Болмаймын саған келемеж.
Сенен қорқар мен емес,
Ерлігім сенен кем емес.
Мықты болсаң тартып ал,
Жолымды саған бермедім, —
Деді дағы, ер Әділ
Айрылмады жолынан.
Алтын туын көтеріп,
Тастамады қолынан.
Ұрысайын деп кеселеп,
1920 Қазидың шықты алдынан.
Атайын деп бір жебе
Суырып алды оғынан.
Екеуі жолға таласып,
Салуға қару таласты.
Таласып жолға тұрғанын
Қарасай байқап біледі.

- Өзім барсам тұрмас, — деп,
Екеуі де болмас, — деп,
Қоянақ қартқа келеді.
- 1930 Келе сөйлей береді:
— Қол бастаған бабам-ай,
Көпті көрген данам-ай.
Қази менен Әділдің
Таласып жолға тұрғанын
Тапсырамын саған-ай.
Екеуі де ер еді,
Екеуінің біреуі,
Болмаса еді жаралы.
Қойеке, жылдам бара көр,
- 1940 Көңіліне сана сала көр.
Ұрыстырмай екеуін,
Тату қылып ала көр.
Екеуі де көзім-ай,
Менің айтқан сөзім-ай.
Бара қойсам өзім-ай,
Інісіне Қарасай
Болысуға келді дер,
Досымның келер көңіліне.
Көпті көрген көнеден
- 1950 Сен ақылға кен едің.
Ұрыстырмай, Қойеке,
Жарастырар деп едім.
Мұны естіп Қоянақ,
Бозтұлпарға мінеді.
Әділ менен ер Қази
Табан жолға таласып,
Ұрысайын деп тұр еді.
Ұрысайын деп тұрғанда
Қартың жетіп келеді.
- 1960 Алдыдағы Әділге
Келе сөйлей береді:
— Қырымның ханы жас Әділ,
Қырық мың қолға бас Әділ,
Табан жолға таласып,
Достыңменен, шырағым,

- Болып тұрсың қас Әділ.
 Өр жерге жетті дыбысың,
 Қырық мың әскер қол еді,
 Қол бастаған ер еді.
- 1970 Жол менікі дегенің,
 Сенікі де жөн, — деді.
 Жөн де болса досыңа,
 Жолыңды, Әділ, бер, — деді.
 Басына қиын іс түссе,
 Пайдасы тиер ер еді.
 Әділді сөзбен тоқтатып,
 Қазіға жетіп келеді.
 Келе сөйлей береді:
 — Орақтың ұлы ер Қазі
- 1980 Ашуыңды бер деді.
 Ашуын тастап ер Әділ,
 Жолды берді ол саған.
 Арғы атаңды сұрасаң,
 Баба Түкті Шашты Әзиз,
 Әулие, шайық, пір еді.
 Онан туған Едіге
 Кереметті ер еді.
 Едігенің тұрғаны
 Қарулы тұрған жебе еді.
- 1990 Кейінгі атаң ер Орақ
 Едігенің сойы еді.
 Қарсы болған хандарды
 Тай-құлындай тыпыртып,
 Басын кесті деп еді.
 Атаң Орақ ер еді,
 Жолыңды алдың ер, — деді.
 Жолың болсын, қарағым,
 Ашуды тастап көрісіп,
 Достықпен тату бол, — деді.
- 2000 Қызылбастың жауына,
 Қолыңды бастап жүр, — деді.

Қоянақ екі батырды ұрыстырмай сөзбен татуластырып, қайтадан көрістіріп, дос қылады. Қырық мың әскер тар жолға

сыймайтан болғандықтан, әскерлерді үшке бөледі. Он төрт мың әскерге Қарасай, Қазиді бас болып жалғыз аяқ тар жолдан өтіп кетеді. Он үш мың қолға басшы болып жас Әділ жалғыз аяқ тар жол өткелге түсіп кетеді. Енді он үш мың қолға Исаның ұлы Ахмет батыр бас болып, тас өткелге бармай, орта жолда тұрып қалады. Жас Әділ жалғыз аяқ тар жолға түсіп жүре тұрсын. Енді тұрып қалған Ахмет батырдан сөз есіткің. Ахмет ойға қалып, жалғыз аяқ тар жолға түспей, кейін қайтты. Сөйтіп, әскеріне толғап тұрғаны:

- Ахмет тұрып сөйледі,
 Сөйлегенде бұй деді:
 — Қол бастаған, Қоянақ,
 Құладың таудан қиялап.
 Жалғыз аяқ тар жолға
 Әскерімді түсірмей,
 Қайтуға тұрмын ой ойлап.
 Осы жерге келгенде,
 2010 Тас өткелді көргенде,
 Әскер болды үш бөлек.
 Ақылдасып қайтуға,
 Болашақ істі айтуға
 Өзіндей бір ер керек.
 Жау қамаса тар жолда,
 Бұзып-жарып өтуге
 Сонда бізге күш керек.
 Он төрт мыңға қолға бас болып,
 Қарасай-Қазиді ер кетті.
 2020 Әскерін қойдай шұбыртып,
 Жая бұлттай сұр еді.
 Жаман, сірә, аталмас,
 Орақ пенен Мамайдың
 Қарасай-Қазиді ұлы еді.
 Өздері аман жүргенде,
 Әскерін жаудан қашырмас.
 Тасқа шапса, қайтпайтын
 Шар болаттың сойы еді.
 Қызылбастың жауынан
 2030 Жеңілем деп ойламас.

- Қаһарланып шабар қалаға,
Қаланы бұзып алады.
Соңынан кеткен Әділдің
Қамауда қолы қалады.
Шығармас қолын далаға,
Ата тегі төре еді,
Тегінде ерлік жоқ еді.
Қара басы Әділдің
Жеке туған ер еді.
- 2040 Жауда қалса, алатын
Туысқаны жоқ еді.
Осы сапар ер Әділ
Асылық айтып келеді.
Әділ тауда қалғасын,
Қарасай-Қази қос батыр
Қызылбасқа барғасын,
Қызылбастың әскері
Тауға қарай салмасын.
Жалғыз аяқ тар жолды
- 2050 Бізден бұрын алмасын.
Қырымнан келген көп әскер
Қамауда сөйтіп қалмасын.
Осы жерден қайталық,
Болатын істі айтайық.
Бұрын барып тар жолдың
Аузын көріп қайталық.
Тауға жылдам баралық,
Тау басына қаралық.
Қызылбас көрер күн болса,
- 2060 Бұл айтқаным шын болса,
Үш жерден ұрыс салалық.
Аламанды алдырмай,
Біреуін жауда қалдырмай,
Аман алып шығалық.
Бәріңе айтқан кеңесім —
Басалық жаудың жебесін.
Қол бастаған, Қоянақ
Қартым, қалай көресің.
Мақұл десең Қойеке,

- 2070 Кейін қарай жүресің.
Сонда Қоянақ сөйледі:
— Қоянақ қартың мен едім,
Көпті көрген көне едім.
Бұл сөзіңді, Ахмет,
Мен де тәуір көремін.
Көрсем дағы батыр-ай,
Бір қарамай артыңа-ай,
Кейін қарай кеткенің,
Лайық па атыңа-ай?!
- 2080 Қарасай-Қази қос батыр,
Қырымның ханы жас Әділ
Жан жолдасың емес пе?!
Хабар алмай солардан,
Барасың кейін, қайтып-ай?!
Бір хабарын калсайшы.
Ахмет онда сөйледі,
Сөйлегенде не деді:
— Ай, Қоянақ, қартым-ай,
Аманат ерге артық-ай.
- 2090 Жау қамаса тар жолда,
Жолға түсіп қырылар,
Бізге ерген халқың-ай.
Әскерің қалар тұтылып,
Боз тұлпармен, Қойеке,
Кетерсің өзің құтылып.
Өзің аман шығарсың,
Әскеріңді қырарсың,
Қас масқара боларсың,
Бізге ерген әскердің
- 2100 Обалына қаларсың.
Қартым, аңдап қарашы,
Осы айтқанды қыларсың.
Ахмет ақыл айтады,
Ақылмен алдын байқады.
Қоянақ қартың түсініп,
Бұл да кейін қайтады.
Қарасай, Қази барады
Қазбан деген қалаға.

- Қаланы бұзып ханды алды,
2110 Шулатып жесір жанды алды,
Алды малға толады.
Қызылбастың көп қолы,
Шабылған елге қарамай,
Тауға қарап қашады.
Исаның ұлы Ахмет,
Әулие десе болмай ма.
Айтқанындай болады.
Жалғыз аяқ тар жолға
Екі әскер таласып,
2120 Үш күн ұрыс салады.
Исаның ұлы Ахмет
Қызылбасты қиратып,
Жолды тартып алады.
Қызылбас тағы көбейіп,
Жолды тағы қамады.
Сол уақытта Ахмет
Және бір толғап қарады.
Қоянақ қартым, көрдің бе?
Енді маған сендің бе?
2130 Қызылбас жауы қайтадан
Қаптағанын көрдің бе?
Көз жіберіп қарасам,
Мына жаудың көбін-ай.
Қызылбастың көбінен
Қорқайын деді көзім-ай.
Жолға түсіп жөн тартып,
Жүре де бергін көбің-ай.
Ағайынды бесеуміз
Жаудың алдын кеселеп,
2140 Тоқтатайын өзім-ай.
Жаудан қолды қорғайын,
Келсе менің шамам-ай.
Әскерімді түсіріп,
Көп ұятқа қалмайын.
Ұзын айдар қоңырат,
Қайрат қылсаң бүгін-ай.
Әскерімді алдырсам,

- Осы бүгін шалдырсам,
Бізге де болар өлім-ай.
- 2150 Осылай деп Ахмет
Көпке толғап қарады.
Қартайса да Қоянақ,
Жауды көріп тұрмады,
Боз тұлпары тулады.
Үзеңгісін ұзартып,
Құйысқанын қысқартып,
Қолдың артын қорғады.
Көп Қызылбас ізінен
Құрдай шулап қалмады.
- 2160 Исаның ұлы Ахмет
Алабас атты қамшылай,
Қиялап жолды қорғады.
Осы бүгін батырлар
Бір тарқатты құмарды.
Жалғыз жарым болмаса,
Көп әскерді түсірмей,
Жаудан алып шығады.
Ахметті ала алмай,
Қызылбас таудан құлады.
- 2170 Ахмет шығып кеткесін,
Жолдың аузын жабады.
Биіктегі қырық аршын
Басына қала салады.
Шетте қалған көп әскер
Осы жолға шығар деп,
Күтіп жатты жағалай.
Осы жолдан шығар деп,
Ер де болса Қарасай,
Бұзып-жарып шығад деп,
- 2180 Бізіңменен Қарасай
Бір кете алмас алыспай.
Сол уақытта қамалық,
Таспен ұрып жығалық.
Қол бастаған батырды
Қамап ұстап алалық.
Осы жолдан шығармай,

- Әскерін қамап қыралық.
 Көп Қызылбас кеңесті,
 Ақыл, айла табады,
 2190 Жолды мықтап жабады.
 Жалғыз аяқ тар жолды
 Қызылбас алып қалады.
 Көп Қызылбас жиылып,
 Салды мықты қаланы.

Қызылбас жолдың аузын алып жата берсін, Қарасай—Қазидың Әділ досынан хабар берейін. Қарасай—Қази Қазбан деген қаланы алып, алты күндей сол жақта болады. Енді Әділден хабар берейік. Әділдің әскері жалғыз аяқ тар жолда келе жатқанда Қарғасаның көп әскері келіп, жолдың екі жағын алып қалады. Әділдің әскері осылай қамауда қалады.

- Қарасай-Қази қос батыр
 Тас өткелден өтеді.
 Қазбан деген қалаға
 Бұлар да барып жетеді.
 Қазбанды шауып алады,
 2200 Алты күн сонда болады,
 Олжаға алды толады.
 Қызылбаспен ұрысып,
 Ахмет шығып кетеді.
 Қамауда қалып ер Әділ,
 Бұған не амал етеді.
 Жолдан шығып бұрылса,
 Сорға батып кетеді.
 Қызылбас жауы көп еді,
 Өзіне мәлім ел еді.
 2210 Батпақ сордың ішінде
 Қара таспен бастырып,
 Құлып салған жер еді.
 Жеті жерден ту алып,
 Әділді көріп қуанып,
 Шығар аузын бөгеді.
 Келе жатып ер Әділ,
 Аңдып тұрған алдында

- Көп дұшпанды көреді.
Не де болса көндім деп,
2220 Қарсы жүріп келеді.
Атқа мініп ұрысар
Ашық жері жоқ еді.
Бұрыла түсіп кететін —
Екі жағы сор еді,
Жүретін жолы жоқ еді,
Енді амалы құрыды.
Түсе қалып атынан,
Табанын жауға тіреді.
Сол күндері Әділдің
2230 Пірі есінде жоқ еді.
Жеті жаста желденген,
Оқ атып жаста үйренген,
Жүрегі тастан жаралған,
Бір өзі мықты жаралған
Жеке туған ер еді.
Ер Сүлеймен дейтұғын,
Жан жолдасы сол еді.
Екі жерден оқ атып,
Қиратып жауды жүр еді.
2240 Кіші бесін болғанда,
Атысып жаумен тұрғанда,
Ер Сүлеймен оққа ұшып,
Қайтыс болды дүниеден.
Досы оққа ұшқасын,
Атыса берді бір өзі.
Қасындағы көп әскер
Енді өлерін біледі.
Тұрған жері батпақ сор,
Әскері жаман жүдеді.
2250 Күн кеш болып барады,
Қызылбас жауы қамады.
Әділдің қолын шығармай,
Жолдың аузын алады.
Ер Әділдің басына
Ақырзаман салады.
Атысып тұрған Әділдің

- Ортасынан сарт етіп,
Саржасы сынады.
Сол уақтары жас Өділ
2260 Бармағын тістеп жылады.
Атайын десе жағы жоқ,
Енді не амал қылады.
Сонда тапқан амалы —
Тұлпарына мінеді,
Алмасын Өділ суырып,
Қызылбасты шабады.
Қылышын Өділ сермеді,
Жауды көзі көрмеді.
Жалғыз өзі ұрысып,
2270 Әскерін жауға бермеді.
Жазылып ұрыс салғанда,
Жауға алдырар ер ме еді!
Таусылатын жау емес,
Толып жатыр өлгені.
Қабат-қабат әскерге
Өділ шауып кіреді.
Кейін қайтып шығуға
Терең қабат сор еді,
Бір жағы батпақ көл еді.
2280 Көлге жалғас бір жағы
Алты қабат ор еді.
Ат жазылып шабатын
Ашық жері жоқ еді.
Жолын алып тұр еді,
Қолын қорғап ер Өділ,
Жалғыз ұрысып жүреді.
Ақ шалмалы бір қожа
Ер Өділдің пірі еді.
Жеті пірдің ішінде
2290 Кәрәматты пір еді.
Осы күнде Өділдің
Пірі есінде жоқ еді.
Пірден жәрдем сұрамай,
Күшіне сеніп жүр еді.
Іскенжедей қысылып,

- Жан базары құрылды.
Әділдің ұрысқан жерінде
Көп қызылбас қырылды.
Жалғыз аяқ тар жолдан
2300 Ұрысып жүріп бұрылды.
Астындағы тұлпардың
Тайып кетіп тұяғы,
Батып сорға жығылды.
Батпақ сордың ішінен
Боз тұлпардың күшімен
Шығайын деп ұрынды.
Шыққан сайын түседі,
Бауырлап сорды кешеді.
Соныменен жүргенде,
2310 Болдырмай тұлпар не етеді!
Жазылып ұрыс сала алмай,
Күн батуға таялды,
Аты қалды жарамай,
Қас қарайып, күн батты,
Алды болды қараңғы,
Атына басты қамшыны.
Маңдайдан тер тамшылап,
Атына көңілі қалады.
Әділ мінген Қызыл ат
2320 Әбден қалды қалжырап,
Шабысынан танады,
Тарығып Әділ жылады.
Арманы күшті ерлердің,
Бармағын тістеп өлгені —
Асудан-асу, бел жерге,
Алты айшылық жол жерге,
Белгісіз тұлпар мінгені.
Жалғыз болса атадан,
Қапа шегіп жүргені,
2330 Арманда ердің өлгені.
Тұлпар атым болдырды,
Атты кімнен мінемін?
Жалғыздық түсіп басыма,
Кімнен көмек тіледім?

- Туысқан аға менде жоқ,
Енді кімге сенемін?
Жалғыздықтан жаман жоқ,
Ел көретін заман жоқ.
Құдай Тағалам жаратты,
2340 Бұған қылар амал жоқ.
Қарасай-Қази болмаса,
Жаны ашитын маған жоқ.
Ар-намысты бастайтын,
Елді аяққа баспайтын.
Екі достым болмаса,
Жалғыз туған қасқамын.
Аламанды алдырып,
Басымды алып қашпайын.
Тазадан тұлпар мінейін,
2350 Қолыма қайтып барайын,
Аңдыған жауды көрейін.
Қамалып тұрған әскердің
Жолын ашып берейін.
Бере алмасам алдымен,
Ұрысып өзім өлейін, —
Деді дағы, ер Әділ
Атына қамшы басады,
Ат болдырып шаршады.
Төңірегі Әділдің
2360 Қызылбас жауы қалмаған,
Адасқанын біледі.
Әділ жылап келеді,
Жылағанда не деді:
— Сапарым менің оңбады,
Басыма бақыт қонбады.
Жығылдым тайып басынан,
Жолдасым кетті қасымнан.
«Әділ жауда қалды» деп,
Әрбір жерге ат кетті.
2370 Кетті демей не дейін,
Тұлпарымнан әл кетті.
Адастым мен жолымнан,
Шеттеп кеттім қолымнан.

- Алты қатар қандекке
Астымдағы Қызылды
Айдап салдым, төуекел,
«Шу, жануар, қарғы!» — деп.
Жануар, тұлпар Қызыл ат —
Жал-құйрығы ұзын ат.
- 2380 Алты қатар қандектен,
Осыдан сені қарғытсам,
Болар ма екен себебің?! —
Деді дағы, атына,
Екі көзін ер Әділ
Тарс жұмып алады.
Қамшы басып Қызылға,
Орға айдап салады.
Қамшының тиген жерінен
Қан сорғалап ағады.
- 2390 Жанға батса жалтаң жоқ,
Қызыл ат қарғып қарады.
Алты қабат қандектен
Созылып қарғып барады.
Алдымен қысқа жазады,
Төртінші орға кідірмей,
Мұнан да өтіп барады.
Бесінші орға барады,
Мұнан да қарғып қарады.
Алтыншы орға кіргенде,
- 2400 Одан қарғи бергенде,
Сүрініп кетті тұяғы,
Тайып кетті аяғы,
Орға барып түседі.
Артқы екі өкшесі,
Орға түсті бөксесі.
Өмілдірік үзіліп,
Еріменен сыпырылып,
Әділ орға түседі.
Әділді тастап Қызыл ат,
- 2410 Ордан шығып барады.
Қол бастаған ер Әділ
Жалғыз өзі шырқырап,

- Орда осылай қалады.
Түскенін ешкім білмеді,
Қарасай-Қази көрмеді.
Енді мұны қандектен
Кім шығарып алады?!
Әділдің түсіп қалғанын
Қызылбастар көрмеді.
2420 Қамап тұрып ноғайды,
Тар жолға әкеп қырады.
Бірсыпырасын бұлардың
Тірілей ұстап алады.
Дербентте әскер көп еді,
Қаласы мықты зор еді,
Аламын деп келеді,
Әділдің түсіп қалғанын
Қарасай-Қази білмеді.
2430 Тас өткелге келгенде,
Әділге ерген әскердің
Қырылғанын көреді.
Жоқ болғанын Әділдің
Енді досты біледі.
«Досым жоқ», — деп, ер Қази
Қарасайға сөйледі:
— Қарасай аға, туғаным,
Білдің бе Құдай ұрғанын?!
Дұшпанның кеулі тынғанын,
Досымның белі сынғанын.
2440 Шұбар атқа мінейін,
Жауда қалған досымның
Өлі-тірісін білейін,
Өлмесе тауып келейін.
Досымды іздеп келмесем,
Өлі-тірісін білмесем,
Таңда мақшар күнінде,
Жүзін неғып көрейін!
Қырымға қайтып барғанда,
Шешесі сұрап тұрғанда,
2450 Не деп жауап берейін?!
Өлді деп күдер үзбейін,

- Жауап бер, аға, іздейін.
Аман болсам, келермін,
Қазам жетсе өлермін.
Жазатайым іс болса,
Ақыретте көрермін.
Қарасай сонда сөйледі:
— Ау, Қазыым, туғаным,
Сен едің менің қорғаным.
- 2460 Сені жалғыз жіберсем,
Көңіліме сыймас арманым.
Алдыңда биік тауың бар,
Тауда мықты жауың бар.
Қырғанменен таусылмас,
Көрмеген жауың тағы бар.
Қаратауға баралық,
Құдай берсе тілекті,
Сонда бір жауды алалық.
Жалғыз аяқ тар жолдан
- 2470 Сонан арман өтелік.
Жауда қалған досыңды
Сонан соң іздеп табалық, —
Деді дағы, Қарасай
Қазиды ұстап жібермей,
Жетегіне алады.
Қаратаудың баурына,
Бұл жетелеп барады.
Үш күншілік жол еді,
Тынбай жүріп келеді.
- 2480 Намаздыгер уақытта
Жау қарасын көреді.
Қарасай тағы сөйледі:
— Қази, жаным, қарағым,
Алалық жаудың бұлағын.
Суға барып алғасын,
Бұзалық жаудың қамалын,
Жатқанын жаудың көрдің бе,
Табан жолдың шетінде?
- 2490 Осы жолдан шығар деп,
Жатқанын аңдып көрдің бе?

- Жау екен, мықты қауіпті,
Жолдың аузын жауыпты.
Жалғыз аяқ тар жолды
Бізден бұрын алыпты.
Жалғыз аяқ тар жолға
Қаланы мықтап салыпты.
Қас қарайып, күн батсын,
Қаласына жау жатсын.
Қызылбасқа тигенде
2500 Қызығына тау батсын.
Атаның тауын алайық,
Түнге қарай шабайық.
Екі жерден құйылып,
«Орақ!» деп айқай салайық.
«Орақ!» деген даусымыз
Қара тасты жарсын-ай.
Қалада жатқан әскердің
Құлағына барсын-ай.
«Қарасайдың қолы» деп,
2510 Дұшпан сасып қашсын-ай.
Қаланың ішін босатып,
Қызылбас кетсін қашып-ай.
Жаудың кетіп амалы,
Қашып болсын түнімен,
Тарылғасын заман-ай,
Босып болар түнімен.
Таудан шыққан самалдай
Тастап қашар қарамай,
Еңбекпен салған қаланы-ай.
2520 Таң атқанша тар жолды
Ұрысып, тартып алайық.
Екі батыр кеңесіп,
Әсерді болды үлесіп,
Түнде барып тиюге,
Қолын алды бөлісіп.
Көтеріп туын бұлғады,
Қази тұрып толғады:

- Қас қарайып, түн болды,
Енді бізге іс болды.
- 2530 Қарасай аға, сенімен
Екі айрылар күн болды.
Жауға жалғыз тиемін,
Жау ілімін білетін
Маған сүйеу сен едің.
Екеуіміз бірге жүргенде,
Жау ала алмас деп едім.
Енді айрылар күн болды,
Екі талай жер болды.
- 2540 Құлағың салып жүргейсің,
«Қази қайда?» дегейсің!
Мен қалатын күн болса,
Шақырамын «аға!», — деп,
Сонда аға келгейсің.
Сен қалатын күн болса,
Шақыруға ар етпе,
Ініңді аға зая етпе.
«Қарағым» деп шақырсаң,
Қиын да болса табармын.
Бауырым деп ат қойып,
- 2550 Айырып жаудан алармын, —
Деді дағы, екеуі
Екі айрылып барады.
Көтеріп алған қызыл ту,
Мысалы, оттай жанады.
Күншығыстан Қарасай,
Күнбатыстан ер Қази
«Орақ!» деп жауға шабады.
«Орақтаған» дауысы
Жер дүнианы жарады.
- 2560 Қалада жатқан әскердің
Құлағына барады.
«Қарасай-Қази келіпті,
Екі жақтан тиіпті.
Қаладан шығып кетейік,
Бізге салар бүлікті.
Келсе, бізді қоймас, — деп,

- Мұнда тұрып болмас», — деп,
Түнімен қашып болыпты.
Қашып барып тығылды
- 2570 Таудағы ылғи жыраға.
Иесіз тастап кетіпті
Еңбекпен салған қаланы.
Қызыл-жасыл туларын
Қолдарына алады.
Жалғыз аяқ тар жолға
Ноғайлар түсіп барады.
Тауды тастап қызылбас,
Қайтқан екен қалаға.
Орта жолда екеуі
- 2580 Жолығыпты далада,
Қалаға кіріп шабады.
Қызылбастың ішінен
Әділ достын қарады.
Менің достым қайда? — деп,
Қызылбастың біреуін
Ұстап алып сұрады:
«Тауып бер», — деп қырады,
Найзасы түспей қолынан,
Екі батыр тиеді,
- 2590 Кіріп-шығып жүреді.
Оңы менен солынан
Қарулары жарқылдап,
Тебінгісі сартылдап,
Қырып-жойып келеді.
Қызылбасты алқымдап,
Таялыпты сол кезде,
Жау жағаға жақындап,
Досын іздеп екеуі,
Басын салды ортаға.
- 2600 Ердің сойы болғасын,
Бұлар жаудан қорқа ма?!
Қызылбасты шабады,
Әділ достын қарады.
Соңғы ұрыс зор болды,
Көргендер қайран қалады.

- Қараңғы тұман шаң болды,
Шаңға аралас қан болды.
Қала өртеніп жанады,
Алты күндей соғысты
- 2610 Зор соғыс деп санады.
Жауда Әділ ер қалды,
Енді өлмеген не қалды?!
Қарасай-Қази қос батыр
Әділ досын таба алмай,
Қызыл қанға боялды.
Алты күндей соғысты,
Аспан менен жерден де
Әділ досын таба алмай,
Қайда екенін біле алмай.
- 2620 «Әділмісің, сен?» — деді,
Қызылбасты танымай.
Қорыққанынан қызылбас:
«Әділ досың — мен», — деді.
«Әділ болсаң, досыма-ай,
Кел, артыма мін», — деді.
Алып шығып қараса,
Қызылбастың адамы.
«Өлер жерің осы», — деп,
Қақ жүректен шаншыды.
- 2630 Әділ досын екеуі
Алты күндей іздейді.
Табылар деп бір жерден
Өлде де үміт үзбейді.
Екі тұлпар жануар
Сүйегі қызып ойнады,
Секіруді қоймады.
Соғыс болды алты күн,
Екі батыр аянбай,
Таусылатын жау емес,
- 2640 Жау жағаға таялды.
Алты күндей соғысты,
Қарасай болды жаралы,
Аяқ-аяқ қан құсты.
Шыбын жаннан баз кешіп,

- Тұрған екен таба алмай.
«Шырағым, Қазиді қайда?» — деп,
Найзасына таянып,
Жарасынан қан ағып,
Тұрған екен шақырып,
2650 Жүр екен Қазиді таба алмай.
Зарлап тұрған ағасын
Қазидің көзі шалады.
Шұбар атты қамшылап,
Көзінің жасы тамшылап,
«Бауырым!» деп шабады.
Жетіп келді қасына,
Ойлады Қазиді осылай:
Енді бір қайран көресің,
Асыл ердің сойы деп,
2660 «Жамансың» деп қыздырсам,
Көтерер ме екем басын-ай?!
Жанына келіп қарасам,
Түзеліп батыр кетер ме,
Жай-бұлттың сойы еді,
Ашуланып, долданып,
Түзеліп батыр кетер ме?
Қолтығынан демесем,
Бір жағынан сүйесем,
Тау басына жетер ме.
2670 Ашуын қайрап келтірсем,
Жарағы себеп етер ме, —
Деді дағы, ер Қазиді
Қасына жетіп келеді.
Қамап тұрған қызылбас
Қазидан қашып кетеді.
Қан құсып тұрған ағасын
Қазиді сонда көреді.
Жараны Қазиді көргесін,
Көзінің жасын төгеді.
2680 «Неғып тұрсың, аға? — деп —
Қызылбастан жапа жеп».
Келіп сөйлей береді:

- Неғып тұрсың, Қарасай?
Батып тұрма жаныңа,
Жаудың салған жарасы-ай?!
Жауға сырын алдырмас,
Жетпесе ердің қазасы-ай.
Аз да болса, көп болар,
Сабырсыз ердің жазасы-ай.
- 2690 Шыдамсыз боп жараға,
Мұнша неге кем болдың,
Ер кісінің баласы-ай?!
Осындайда айрылар
Жақсы менен жаманның
Екеуінің арасы-ай.
Атадан бірге тусаң да,
Туыпсың жаман шамасы-ай.
Қылыш тисе, шорт сынып,
Найза тисе, морт сынып,
- 2700 Жасық болып атадан,
Туыпсың жаман шамасы-ай?!
Айтушы еді анам-ай,
Ана сыншы деп еді,
Өзінен туған балаға-ай.
Атадан бірге туса да,
Бәрі бірдей бола ма?!
Атамыз Орақ ер еді,
Ақылға атам кен еді.
«Қарасай адам болмас», — деп,
- 2710 Атам сондай деп еді.
Қази жауға тигенде
Бұзар деп еді жебені.
Қарасайды туғанда
Кем болғанның себебі:
Есердің қара тасына
Жерік еді ол деді.
Сол себепті Қарасай
Кем болып туған, — деп еді.
Қарасай сонда сөйледі:
- 2720 — Айналайын, шырағым,
Жаудан аман шығармын.

- Айналайын, Қазижан,
Мені мінесең боларсың.
Мені қорғап жүргенде,
Өзің түсіп қаларсың.
Жауда қалған ағанды
Бұл дүниеден таппассың,
Ақыретте табарсың.
Қарасай қандай ер еді?
2730 Менен күдер үзеді,
Үміт үзбей не қылсын,
Жарасы мықты бар еді.
«Қайғыны жаман жама» деп,
Ағасының жарадан
Қуатының кеткенін,
Сонда Қазі біледі.
Қолтығына қол салып,
Келіп басын сүйеді.
Осындайда болмаса
2740 Жақынды неге тіледі?!
Туысқанның себебі
Тар жерде тиер көмегі.
Туғаны жоқ жалғыздың
Жауда қалар сүйегі.
Қарасайды қалдырмай,
Қазі сүйеп келеді.
Жауға көзін салады,
Қаны судай ағады.
Ағасын сүйеп жетелеп,
2750 Жаудан алып шығады.
Ағасын алып аяңдап,
Айдын көлге келеді.
Ағасының жарасын
Көлде жатып бағады.
Ақ дөрісін аюдың
Жарасына жағады.
Он күн бағып ағасын,
Жарадан жазып алады.
Енді қайтып бара алмай,
2760 Досын іздеп таба алмай,

Арманда болып екеуі,
 Қайтып кетіп барады.
 Әділ досы шырқырап,
 Баяғы орда қалады.

Енді ер Қазиге қызылбаста ағасын қалдырмай, өздері де жауға алдырмай қайтады. Қарасай жаралы болып елге екеуі қайтқасын, қызылбас та еліне қайтады. Тас өткелге барғанда ер Әділдің қолын көреді. Өлген адамның қалған олжасын тереді. Олжасын теріп жүргенде орға түскен Әділді көреді. Қараңғы ордың ішін жарық қылып тұрған Әділді қызылбастар көріп «мен ұстаймын, мен ұстаймын» деп таласып, орға түсіп қалады. Сол уақытта ер Әділ қолындағы қорамсақпен жақындағанын ұрып жығып, ұстатпай жүреді.

Қамап тұрып қызылбас,
 Әділден жауап сұрады.
 Орға түскен сұм болса,
 Шыныңды айтшы, бейшара,
 Бұл не деген жер еді,
 2770 Әрбір жерден зор еді.
 Ердің сойы Едіге
 Бұл келмеген жер еді.
 Едіге ұлы Нұрадын —
 Бұл келмеген жер еді.
 Нұрадын ұлы ер Мұса,
 Бұл келмеген жер еді.
 Орақ, Мамай, Қобыланды,
 Бұл келмеген жер еді.
 Ыспандияр, Төреқұл,
 2780 Бұл келмеген жер еді.
 Он екі ханның елі еді,
 Әр патшадан зор еді.
 Аттаныс салған жеріме,
 Бүлік салған еліме,
 Жылатқан қатын, баламды,
 Қазбан деген қаламды
 Шауып кеткен әскердің
 Қолбасшысы кім еді?

- Сонда Әділ сөйледі:
2790 — Қамап тұрған қызылбас,
Қолыңа түсті біздің бас.
Аяқ-қолым босатып,
Жіберер деп жалынбас,
Аяғыңа бас ұрмас.
- Менің атым — ер Әділ,
Қорқып атын жасырмас.
Қырық мың әскер қолменен,
Жалғыз аяқ жолменен,
Үш бөлініп, үш жерден
2800 Тиіп едік қолыңа.
Алдыңғы тиген көп әскер —
Қарасай-Қази қос батыр.
Қазбан деген қаланы
Шапқан шығар солар-ай.
Екінші әскер мен едім,
Жалғыз аяқ тар жолға
Түскенімде, қызылбас,
Ортаға алдың қамалап.
Қамап алдың жолымды,
2810 Қолымды қорғап тұрғанда,
Ортасынан сарт етіп,
Садағым екі бөлінді,
Тұлпарым орға жығылды.
Секіріп шыға бергенде,
Өмілдірік үзілді.
Сыпырылып мен түстім,
Қараңғы ордың ішіне,
Таба алмадым жөнімді.
Қыдырып жүріп, қызылбас,
2820 Мені көріп жүгірдің.
Ұстаймын деп тұрғанда,
Талайыңды қырғанмын.
Орға түсіп, қызылбас,
Ақыл тауып тағы да,
Қазған ордың ішіне
Топырақты суырдың.

Көрсетпедің көзімді,
Ұстап алдың өзімді.

- 2830 Әділдің түскен орына
Көп қызылбас келеді.
Қараңғы орды шамшырақ
Қылып тұрған Әділді,
Олжа қарап жүргенде,
Көп қызылбас көреді.
Осы келген қызылбас
Бұл соғыста жоқ еді.
Әділді қырған қызылбас
Қарғасаның қолы еді.
Қарғасаның батыры
- 2840 Баршасынан зор еді.
Үш бөлініп, үш жерден
Соғыс қылды деп еді.
Көп олжаға тап болып,
Олжа теріп жүргенде,
Әділді көріп қалады,
Таласып орға түседі.
Бірінен-бірі қызғанып,
Мен ұстайын десе де,
Сол уақытта ер Әділ
- 2850 Қызылбастың үстіне
Топырақты шашады.
Қасына түссе жібермей,
Жолбарыстай басады.
Ұстай алмай қызылбас,
Ордан шыға қашады.
Оң келгенін оң ұрып,
Сол келгенін сол ұрып,
Терең ордың ішінде,
Сала берді ұрысты.
- 2860 Әділді ұстап ала алмай,
Қасына жақын бара алмай,
Қызылбас жаман сасады.
Көп қызылбас қамады,
Жүгіріп жүрген ер Әділ

- Қолына кесек алады,
Жіберіп келіп қалады.
Бірінің көзін шығарып,
Бірінің басын жарады.
Ұстай алмай қызылбас,
2870 Бір бөлеге қалады.
Көп қызылбас сөйлесіп,
Ақыл-айла табады.
Қолдарына қызылбас,
Бір-бір белден алады.
Топырақты құлатып,
Төбесінен құяды.
Топырақпен бастырып,
Әділді ұстап алады.
Мықтылығын білген соң,
2880 Екі қолын артына
Шегелеп құрсау салады.
Шынжыр тағып мойнына,
Ордан алып шығады.
Қолға түскен жас Әділ —
Екі қолы байлаулы,
Енді не амал қылады?!
Қолға түсіп қор болып,
2890 Көзі жайнап тұрады.
Атаңа нәлет қызылбас,
Білгенің болса, аяма!
Мен де саған бір күні
Жеткіземін өлімді,
Көрсетемін көрімді.
Босатса Құдай қолымды,
Сұрасаң менің жөнімді,
Қырымның ханы мен едім,
Қол бастаған ер едім.
2900 Қызылбасты қиратып,
Жесірін қойдай шулатып,
Шауып алсам деп едім.
Тұлпар орға жығылып,
Болмады қабыл тілегім.
Өлсем, өліп кетермін,

- Егер өліп кетпесем,
Білгенімді етермін.
Екі достым сау болса,
Түбіңе ақыр жетермін.
- 2910 Қызылбас ханы сөйледі:
— Қол бастаған хан болсаң,
Әділ деген шын болсаң,
Мойныңа қамыт ілесің,
Алты арбаны жегемін.
Алты арбаның үстіне,
Толтырып тасты үйемін.
Мықтысынған батырдың
Күшін сүйтіп көремін.
Әділ хан болсаң сен өзің,
- 2920 Жазанды сөйтіп беремін.
Осыны айтып қызылбас,
Қолын байлап әкелді.
Қазбан деген қалаға
Әділді айдап келеді.
Мойнына қамыт іледі,
Алты арбаны жегеді.
Алты арбаның үстіне
Бір қызылбас мінеді.
Арбаға жеккен Әділді
- 2930 Шыбықтап айдап келеді.
Қарасай бұзған қаланы
Әділді жегіп түзеді.
Айдап жүрген қызылбас,
Қолына алды көк шыбық,
Әділге болды көп қызық:
Арбаға тас тиеді,
Алты арбаны ер Әділ
Өгіздей өрге сүйреді.
Қаһарланып тартқанда,
- 2940 Үзіледі арқаны.
Арқан қиып арқасын,
Жанына қатты батады.
Жанына жақын келуге,
Қызылбас та қорқады.

- Бұрынғыдай Әділдің
Еркелейтін елі жоқ —
Алты арбаны сүйретіп,
Жолға түсіп жортады.
Қарасай бұзған қаланы
2950 Әділге жегіп арбаны,
Алты айда түзеп алады.
Қаланы түзеп алғасын,
Тағы да қастық ойлады.
Әділге тезек тергізіп,
Қол-аяғын тұсады.
Тісімен тезек тереді,
Қорлықты Әділ көреді.
Бір қызылбас жасауыл,
Тергізіп тезек жүр еді.
2960 Арбаға тиеп тезегін,
Кеш болғанда келеді.
Өліп-талып келгенде,
Жана бір азап береді.
Мұндай азап-қорлықты
Көремін деген ойда жоқ,
Басқа түссе амал жоқ.
Және бір жерге айдайды,
Бір азапты сайлайды.
Табанына тас салып,
2970 Бекітіп мықтап байлайды.
Күні-түні азапта
Әділдің соры қайнайды.
Қимылдарға дәрмен жоқ,
Екі көзі жайнайды.
Бұл да қылған Әділге
Қызылбастың қастығы —
Қызылбастың баласы
Қозы-лақтай секіріп,
Басына шығып ойнайды.
2980 Қуалап ұстар халі жоқ,
Жамбастап жатып жайменен,
Қолына түскен баланы
Қашырлатып шайнайды.

- Қызылбаста көп екен,
 Алма деген бір жеміс.
 Тамағына Әділдің
 Ол кеш пенен бұл кешке
 Жарым алма жейді-міс.
 Қадірін білген жақсылар:
- 2990 «Қолға түсіп қор болды —
 Ардақтаған ер екен.
 Еркелетіп өсірген,
 Шырақ-ай өзі» дейді-міс.
 Қадірін білмес жамандар:
 «Жарты алмаға тоймайды,
 Бір жаман ғой» дейді-міс.
 Күні-түні азапта,
 Болып жүрді еңбегі еш.
 Әділ жүрді азапта,
- 3000 Тыныш көрмей жазы-қыс.
 Сөйтіп жүрген сорлыға
 Қырым жақтан келеді,
 Ұшып та жүрген қара құс.

Қырымдағы Байбикеш ханымнан сөз. Әділ жауға кеткелі біраз айлар өтті, жылдардан жылдар өтті. Жауға кеткен жалғыз келмеді. Не болғанын білмеді. Екі мұңдының басынан билік кетіп, Омар мен Оспан құл дүниеге билік етеді. Сөйтіп, екі нашардың басына қорлық жетеді.

- Келмегесін жас Әділ,
 Екі мұңды нашардың
 Қорлығы жоқ көрмеген.
 Зәбірі жоқ бермеген,
 Тек жаны бар өлмеген.
 Қырық мың қолға бас болып,
- 3010 Кеткелі Әділ келмеген.
 Омар менен Оспанқұл
 Мал мен басты билеген.
 Қызығы жоқ көрмеген,
 Жорғасы жоқ жүрмеген.
 Ер Әділдің барында,

- Мінбек түгіл жорғаны,
Орынсыз қатты күлмеген.
Құдіреттің ісіне
Салса пенде көнбей ме?!
- 3020 Екі мұңды жыласып,
Төңірекке қарасып,
Төбеден түспей еңіреп.
Еңіремей не қылсын,
Жауға кеткен жалғыздың
Не болғанын білмеген.
Қызы жылап тұрғанда,
Қызылбас жақтан келе жатқан,
Ауыр әскер қол көрді,
Қол бастаған ел көрді.
- 3030 — Келе жатқан Әділ жоқ,
Айналайын анам-ай,
Маңдайдағы панам-ай.
Келе жатқан әскердің
Ішінде Әділ балаң жоқ,
Мен қайтейін жыламай?!
Құлағанға ұқсайды,
Алтын сарай қалаң-ай.
Жауға қалғанға ұқсайды,
Жалғыз Әділ балаң-ай.
- 3040 Тапшы қылды Құдайым,
Іні менен ағаға.
Қарасай-Қази қос батыр
Келе жатқан қолда жоқ.
Әділ түсіп қалғасын,
Қайырылған шығар соған-ай.
Атадан бесеу туғасын,
Жоқ шығар, ана, арман-ай.
Жолдастары қасында,
Көп жолдасы маңында.
- 3050 Айсаның ұлы Ахмет
Келе жатыр аман-ай.
Алдынан шығып Ахметтің,
Білейін сұрап анам-ай, —

- Деді дағы, Ылия
Екі етегін түрінді,
Аш күзендей бүгілді.
Ахметтің алдынан
Екі мұңды жүгірді,
Көзінің жасы төгілді.
- 3060 Ахмет көріп, тұра алмай,
Атының басын бұра алмай,
Қарамай кетіп барады.
Екі мұңды жүгіріп,
Көзінен жасы төгіліп,
Алдынан шығып оралды.
Қарсы шығып алдынан,
Ағасының хабарын
Ылия келіп сұрады:
— Ахмет батыр, ағамсың,
- 3070 Басыма қайғы салғансың.
Хабарын айтпай ағамның,
Қайда қашып барасың?
Бірге кеткен жолдасың,
Жұрт сыйлаған қолбасың —
Менің ағам Әділдің
Неге айтпайсың хабарын?!
Қарасай-Қази ер қайда?
Оған ерген қол қайда?
Қол бастаған ер Әділ,
- 3080 Жалғыз көкем бұл қайда?
Жан жолдасың бұл да жоқ,
Әскеріңмен есен-сау,
Бесеуің аман келесің.
Келгеніңнен не пайда?!
Сендердей болып көкемді,
Бір көретін күн қайда?!
Келеді аман туғаның,
Ахмет батыр, айта кет,
Көкемнің қайда қалғанын?
- 3090 Ахмет сонда сөйлейді:
— Көкең аман, жылама,
Жыламай кеулің тына ма?!

- Көкең аман келгенше,
 Жыламасқа бола ма?!
 Көкең аман келеді,
 Қосыласың аман-сау
 Кеткен Әділ ағаңа-ай!
 Ілия жылап мұңайып,
 Сыйына берді Құдайға.
- 3100 Қарасай-Қази жолдасы,
 Жалғыз ағаң ер Әділ,
 Басшы болып келеді,
 Кейінгі әскер ноғайға.
 Қарасай-Қази жолдасы,
 Жалғыз ағаң ер Әділ,
 Басшы болып келеді,
 Кейінгі әскер маңайда.
 Қарасай-Қази маңайда,
 Алды толы асылға.
- 3110 Қызыл басты бүлдірген,
 Жүректен найза ілдірген.
 Аман-сау Әділ келеді,
 Хабарым осы білдірген.
 Сонда Ылия сөйледі:
 — Ахмет, жалған айтасың,
 Белгілі ойлап байқасам,
 Қиғаштау, Қаратауды алсаң,
 Қызылбастай жауды алсаң,
 Алып қайтқан олжаң жоқ.
- 3120 Неге босқа қайтасың?
 Жалған неге сөйлейсің?!
 Сөзбен көңіл демейсің,
 Рас болса айтқаның,
 Неге озып келмейсің?!
 Сүйіншіге, Ахмет,
 Мені алып неге сүймейсің?!
 Ойлап тұрмын, Ахмет,
 Осы сөзің бекер, деп,
 Қайғымен көңіл өтер, деп.
- 3130 Қарындасы Ылия
 Көрінгеннің қолында

- Олжа болып кетер, — деп,
Ілия толғап еңіреп,
Ахметке сенбеді.
Осы сөзді айтты да,
Ахмет батыр жөнеді.
Екі мұңды жылады,
Қайғыланып толғады.
Қарасай менен Қазидың
3140 Жолын тосып тұрады.
Бір күндері болғанда,
Қосарланған зор қатар
Қызылбас жақтан шығады.
Екі мұңды пақырдың
Алыстан көзі шалады.
Анасына Ылия
Сонда толғап қарады:
— Айналайын, анама-ай,
Көрдің бе анау қараны-ай?!
- 3150 Қарасай-Қази сықылды,
Келе жатқан солар-ай.
Өздері аман келатыр,
Көрінбейді балаң-ай.
Өзі жалғыз болғасын,
Жауға түсіп қалғаны.
Келе жатыр қасында
Туысқан Қази інісі.
Тастап кеткен білемін,
Жалғыз туған қасқаны, —
- 3160 Деді дағы, бейшара
Зар жүгіріп жылады,
Көзін жасқа бұлады.
Қарасай-Қази досынан
Әділді жоқтап сұрады:
— Дос болғаның осыма-ай,
Жалғыз көкем Әділді
Ертіп кетіп қасыңа-ай,
Жауға тастап досыңды,
Өздерің аман келгенің,
- 3170 Ылайық па басыңа-ай?!

- Не де болса хабарын
Айта бергін жасырмай.
Қарасай сонда сөйледі:
— Жалғыз бала Әділді
Құдай артық жаратқан.
Қырық мыңға қолға бас болып,
Жұртты аузына қаратқан,
Әділ аман келеді.
Тәңір ақтан жаратқан,
3180 Сапары болып оң деймін,
Жолдастарын қуантты.
Сол уақтары болғанда,
Қарасай толғап тұрғанда,
Қази тұрып ақырды,
Батыр еді батылды.
Ағасына Қазидың
Қатты келді ашуы.
Ашуы қатты келсе де,
Қия алмады жақынды.
3190 — Ау, Қарасай не дейсің?!
Жалған неге сөйлейсің?!
Іздеймін деп Әділді,
Алты күндей соғысып,
Болып едің Қарасай
Жеті жерден жаралы.
Мұнда да неге өлмейсің?
Жаралы болып тұрғанда,
Сүйеп жатқан ініңді,
Сүйеп шыққан ініңді,
3200 Сұрағанда бұларға,
Неге айтпайсың шыныңды?!
Дұрыс айтсаң болмай ма,
Ер болғасын шыныңды!
Жалған айтқан өлімді,
Әділ достың, жолдасың,
Жауда қалды дегенде
Жаныңды алар дейсің бе?!
Өтірік сөзді айтқанмен,
Бұлар нанар дейсің бе?!

- 3210 Әділдің түсіп қалғанын,
Мені айтпас дейсің бе?!
Жалған сөзді айтқанмен,
Бұлар да нанар дедің бе?!
Әділ жауда қалулы,
Басынан бақыт таюлы.
Досымды жауға түсіріп,
Осы сапар Құдайым,
Әділді жауда қалдырып,
Мені де Құдай ұрулы,
- 3220 Ақ үйге қара тігулі.
Ақ үйге қара тіге бер,
Әділден үміт үзе бер,
Қайғы түрін шеге бер.
Әділ мінген жорғаның,
Жал-құйрығын кесе бер,
Қайғыменен өте бер.
Әділ қалды, біз келдік,
Етеріңді ете бер.
Күйгенменен көрмек жоқ,
- 3230 Қазасы жетпей өлмек жоқ.
Ой түбіне жетпек жоқ,
Жерге батып кірмек жоқ.
Бір Құдайдың ісіне
Басқа амал етпек жоқ.
Екі мұңды бейшара
Жер бауырлап құлады.
Құдай-ай деп жылады,
Оныменен өле ме,
Таусылмаса қазасы.
- 3240 Әділді жауда қалды, — деп,
Екеуі жылап жатқаны,
Алты күн түгел өтеді.
Қасындағы қызына,
Тұр, шырағым жатпа! — деп,
Шешесі тілек етеді.
Басыңды көтер түргеліп,
Алла ісіне көне бер,
Кімге еркелеп жатырсың?!

- Шырағым, тұр, — деп айналып,
3250 Тұрғызатын ағаң жоқ.
Саған түгіл, шырағым,
Ішімнен шыққан маған жоқ.
Бір Құдайдың ісіне,
Пендеге салса, амал жоқ.
Аға түгел інің жоқ,
Енді бізге тыным жоқ.
Алты күн жаттың дәм татпай,
Ажалдан бұрын өлім жоқ,
Ордамызға кірмек жоқ.
- 3260 Ақ ісіне көнелік,
Жатқанменен келе ме,
Жұр, шырағым, жүрелік?!
Жылап жатқан қызына
Тұр, шырағым дегені
Құлағына келеді.
Ылия қыз түргеліп,
Шешесіне ереді.
Иесіз қалған ордаға
Екі мұңды келеді.
- 3270 Омар менен Оспанның
Тілегін Құдай береді.
Әділ жауда қалғасын,
Қуанып жайнап күледі,
Екі құл билеп жүреді.
Екі құлдың мұнысын
Екі мұңды біледі.
Басында билік болмады,
Ардақтаған Ылияны
Аламын деп зорлады,
- 3280 Бірін-бірі қинайды.
Екеуінің бір жерге
Енді басы сыймады,
Көздері жаман аларды,
Бір күндері екі құл
Ілияға таласып,
Төбелесті салады.
Бірін-бірі өлтіріп,

- Илияны алмақ болады.
Күндерден күндер өтеді,
3290 Айлардан айлар өтеді.
Пенде болған Әділдің
Ес-ақылы кетеді.
Сүйретіп арқан мойнына,
Жас сорғалап қойнына,
Іздейтін туған бауыр жоқ,
Жеке туған ер еді.
Алты арбасы мойнында,
Күні-түні азапта,
Жылай-жылай жетеді.
- 3300 Амалы құрып Әділдің,
Пірі түсті есіне.
Бір күні зарлап жылады,
Тарыққанда ерлерге.
Келіп жәрдем бере гөр,
Ғайып ерен, қырық шілтен,
Жеті пірдің ішінде
Ақ шалмалы пірім бар,
Пірім етің жәрдем-ай,
Сенен медет сұраймын,
- 3310 Енді не амал қылайын?!
Сүйретіп жүрмін шынжырды,
Босатып қайтып шығайын?
Қол өткел бар қалымда,
Мұны қалай бұзайын.
Анамның айтқан бір сөзі
Жаңа түсті ойыма.
Жеті пірдің ішінде
Ақ шалмалы пірім бар.
- 3320 Шарапатты пір едің,
Пірден медет болмаса,
Кетті қуат күшім-ай.
Қары бойы қат болды,
Әділдің жазған сөлемі.
Қарасай-Қази жан достым,
Пенде болдым мен достым.
Бір іздемей Әділді

- Неғып шыдап жатырсың?
Екі достым көп сәлем,
Тісім болды хат, қалам,
3330 Қимылдарға жайым жоқ.
Қарасай-Қази досым-ай,
Дос болғаның осыма-ай.
Қызыл басқа тұтқын қып,
Сауда салдың басым-ай.
Жылағанда көл болды,
Көзден аққан жасым-ай.
Қарасай-Қази досым-ай,
Сендерді дос деп кім айтар?!
Осындайда көрініп,
3340 Бір келмедің қасыма-ай.
Екі достым сен едің,
Еріп шыққан мен едім.
Жауға түсіп қалғанда
Алып шығар деп едім.
Достым жауда қалды деп,
Бір қайрылып келмедің.
Келмесең де досым-ай,
Сендерден үміт үзбедім.
Үзбесем де досым-ай,
3350 Мені іздемей жатқаның,
Ылайық па басың-ай?
Қызылбастың қолында
Алты арбаны сүйретіп,
Өгіздей өрге сүйреймін.
Және дұғай көп сәлем,
Қырық сан қырым еліме,
Қаралы құрдас, теңіме.
Жететұғын күн қайда,
Туып өскен жеріме?!
3360 Қарасай-Қази досым-ай,
Қызылбас ауыз бірлеулі,
Күні-түні тергеулі.
Қимылдауға әлім жоқ,
Екі қолым сірілеулі,
Мойныма шынжыр тағулы.

- Жасауыл болып күні-түні,
Бір қызылбас бағулы.
Аяғыма түн болса,
Тағы шынжыр тағулы.
- 3370 Осындайда келмеген,
Досының жайын білмеген
Екі достым сендерге
Менің кеулім қалулы.
Маған жегіп арбаны,
Зорлап маған салдырды,
Сендер бұзған қаланы.
Қаланы салып болғасын,
Тісіммен тезек тергізді,
Тірі азап көргізді.
- 3380 Шыбықтатып айдатып,
Бір қызылбас мінгізді,
Далада күнде жүргізді.
Тісіммен тезек теремін,
Алты арбаны сүйретіп,
Тезек теріп қойныма,
Қор болдым-ау, қайтейін?
Ақ меруерттей тісім-ай,
Ең болмаса пірлерім,
Берсейші аян түсін-ай,
- 3390 Қарасай-Қази батырға.
Заманым менің тарылды,
Басымнан бақыт арылды.
Әділ ғаріп балаңыз,
Пірлер, сізге жалынды.
Жылаған даусы баланың
Жеті кәміл пірінің
Құлағына келеді.
Қысылғанын Әділдің
Енді пірі біледі.
- 3400 Жылап жүрген Әділдің,
Бір қара құс болды да,
Пірі ұшып жөнеді.
Қанаты күміс, мойны алтын,
Мысалы болды қара құс.

- Кереметті пір болса,
Қара құстай болып ұш.
Бір Құдайдың пәрмені,
Қанаты ұшып талмады.
Жерге түсіп қонады,
3410 Әділге ұшып келеді.
Ұшып келген қасына
Қара құсты көреді.
Көре сөйлей береді:
— Әдірә қалғыр, Қаратау,
Болып тұрсың маған жау.
Бір қарақұс үстінен
Қиялап ұшып келеді.
Қолыма келіп қонсайшы,
Тілегім қабыл болсайшы.
3420 Осы келген қарақұс,
Қасыма келіп қонсайшы.
Төс қалтамнан еңкейіп,
Алар едім қаламды.
Тісімменен Қырымға
Жазар едім саламды.
Жас Әділ тұрып жылады,
Қарақұс емес пірі еді.
Өзі ұшып келеді,
Пірінен жәрдем болады.
3430 Көңілі нұрға толады,
Төс қалтаға еңкейіп,
Қағаз-қалам алады.
Тісіменен тістеді,
Ерніменен күштеді.
Әділ байқұс амалдап,
Қырымға сәлем жазады.
Әуелі бастап жазады,
Бір жаратқан Алланы.
Екінші бастап жазады,
3440 Қарындасы Блияны.
Үшінші жаңа жазады,
Ақ сүт берген ананы.
Бара жатыр жазылып,

- Тісімен жазған қаламы.
Күн батқасын келемін,
Ол кешпенен бұл кешке,
Жарым алма береді.
Қызылбастың қолында
Жары жасым кеміді.
- 3450 Қарасай бұзған қаланы
Қайта салған мен едім.
Осындай ауыр тұрмыста
Әділ азап шегеді.
Басыма Құдай салғаны,
Амалым жоқ көнемін.
Оныменен тұрмайды,
Алып барып бір жерге,
Тасқа мықтап байлайды.
Таң атқанша Әділдің
- 3460 Соры да сүйтіп қайнайды.
Қызылбастың баласы
Төбеке шығып ойнайды.
Қуалап ұстар дәрмен жоқ,
Екі көзім жайнайды.
Қолыма түскен баласын
Қышырлатып шайнаймын.
Осы сәлем барғасын,
Бір іздер деп ойлаймын.
Қарасай-Қази жан досым,
- 3470 Сендер едің сырласым.
Досым десең Әділді
Бұл азапта қоймассың.
Осы сәлем барғасын,
Тірі екен деп ойларсың.
Ақташ ханнан бата алып,
Қырымнан әскер жинарсың.
Екі достым сау болсаң,
Достығың маған шын болса,
Әскер алып Қырымнан,
- 3480 Қызылбасқа аттаның.
Мені жаудан шығарып,
Қарасай-Қази досым-ай,

- Сол уақытта мақтаның,
Қырымнан әскер шықпаса,
Өздерің атты баптарсың.
Екі тұлпар қоса алып,
Азығына малта алсын,
Жібектен тігіп қалта алсын,
Тұлпарға балдан жем алсын,
- 3490 Мен сорлыда туған жоқ,
Екі достым болмаса,
Мені жоқтап кім алсын?!
Қызылбас ұстап тіл алсын.
Ақ сүт берген, анам-ай,
Аман жүр өлмей балаң-ай.
Аман болсам, көрерсің,
Сабыр ет, анам, жыламай.
Бақыт пенен азапқа
Әуелі бастан Құдайым
- 3500 Жазған шығар маңдайға.
Екі қолымды сіргілеп,
Мойныма ілді арбаны.
Тісіммен тезек тергізіп,
Кездіріп қойды даланы.
Және дұғай сөлем де,
Емшектесім жұбайым,
Мен үшін шекпе уайым.
Жалғыз бауырым Ылияжан,
Айырды сенен Құдайым.
- 3510 Құдіреттің ісі ғой,
Бұған не амал қылайын?!
Екі қолым сергеулі,
Бұзып қалай шығайын?
Аман болсаң, шырағым,
Қапа болма, қарағым.
Тісімменен хат жазып,
Айтқан осы сәлемім.
Бұдан басқа айтар жоқ,
Қимылдауға лаж жоқ.
- 3520 Зарлаған сенің даусыңды
Есітеді құлағым.

- Есіме түссе, қалмайды
Менің сабыр қыларым.
Тапсырған біздің аманат,
Осы жазған қағазым.
Ұстап жазар қалам жоқ,
Тісім болды қаламым.
Осы хаттан білерсің
Аман жүрген хабарды.
- 3530 Ағанды аман көрерсің,
Және дұғай сәлем де,
Омар менен Оспанға.
Жақсылық етсең, шығарсың
Екеуің де бостанға.
Жамандыққа бет бұрсаң,
Азып, шайтан дұшпанға,
Тірі болсаң қоймаспын.
Кетсең де ұшып аспанға,
Айтып жазып сәлемді,
- 3540 Омар менен Оспанға.
Жылатып зәбір бермесін
Ілия менен анама.
Өкпелеймін саған да,
Алтын орда үйіме
Тығып басың кірмесең.
Екі бірдей мұңдыға
Жылатып зәбір бермесін.
Кім біледі өлермін,
Барар күнім бар болса,
- 3550 Сонда мені көрерсің.
Және дұғай сәлем де
Он екі баулы өзбекке,
Бәрі де шықсын көмекке.
Үштаңбалы ноғайлы,
Тәуекел етіп Құдайға,
Екі достым сау болса,
Ісім шығар оңайға.
Және дұғай сәлем де
Ел билеген биіме.
- 3560 Ал, қарақұс жануар,

- Ұлықсат бердім өзіңе.
Осы жазған қағазды
Тапсырғайсың еліме.
Қарақұс емес пірі еді,
Қағазға қарап тұр еді.
Тіспен жазып болған соң,
Қар бойындай қағазды,
Қанатына қыстырып,
Қарақұс ұшып жөнелді.
- 3570 Құдайға Әділ жылады,
Тілегі қабыл болады.
Қырымға қағаз жіберіп,
Әділдің көңілі тынады.
Кеш болғасын ер Әділ,
Алты арбасын сүйретіп,
Қаласына барады.
Айдап жүрген қызылбас
Осындай нәрсе көрдім деп,
Ханға қабар салады.
- 3580 Хат кетті деп еліне,
Өлтіруге Әділді
Ханы бұйрық қылады.
Атса, мылтық өтпеді,
Шапса, қылыш кеспеді,
Отқа салса, күймеді,
Суға салса, батпады.
Пірі себеп болғасын,
Бәрінен Құдай сақтады.
Өлтіремін десе де,
- 3590 Қызылбас амал таппады.
Екеуі тапқан амалы,
Амалының жаманы,
Жеті қабат зынданға
Шықпастай етіп тастады.
Қарақұс ұшып жөнелді,
Бұл құстың тегін байқасаң,
Қарақұс емес пір еді.
Қырым деген қалаға
Қарақұс ұшып келеді.

- 3600 Екі мұңды бейшара
Отырған жылап күн еді.
Жыламай неғып шыдайды,
Көреді зәбір жапаны,
Жалғыздықтың қайғысы
Және де мықты батады.
Бір уақтары болғанда,
Таң сарғайып атады.
Екі мұңды егіліп,
Көзінің жасы төгіліп,
- 3610 Отыр еді түңіліп,
Бір қарақұс аспаннан,
Қанатына қыстырып
Әділдің берген қағазын,
Анасының алдына
Тастап ұшып барады.
Құс тастаған қағазды
Ашып оқып қарады.
Ханым оқып қараса,
Өзінің жалғыз баласы —
- 3620 Әділінің жазғаны.
Екі мұңды қуанып,
Жүректері жарылып,
Жылағанын қояды.
Жауда қалған Әділдің
Көргендей жүзін болады.
Қайта жанды мұңдының
Өліп қалған шырағы.
Хатты оқып көрген соң,
Жауға түскен Әділдің
- 3630 Сау екенін білген соң,
Қарасай-Қази досына
Хатын алып Әділдің,
Еліне қарап шығады.
Қарасай-Қази ер еді,
Артық туған шер еді,
Жауда қалған досының,
Өлі-тірісін біле алмай,
Қапа болып жүр еді.

- Қапа болып жүргенін
3640 Екі мұңды біледі.
Досының жазған қағазын
Қарасайға береді.
Әділдің жазған қағазын
Ашып оқып көреді.
Жауға түскен Әділдің
Тірі екен біледі.
Сонан Қази сөйледі:
— Бүгін өлсем арманым,
Бір шыбындай жанымды,
3650 Досыма құрбан қыламын.
Достым үшін өмірді,
Сарп етуге тұрамын.
Кәріптер енді жүре бер,
Қызық дәурен сүре бер,
Ордаға барып кіре бер.
Құдайға тілек бергесін,
Қабағыңды ашып күле бер.
Өлсем өліп кетермін,
Достым үшін өткенім,
3660 Егер өліп кетпесем,
Балаңды алып жетермін.
Әділ тұрмас азапта,
Қызылбасқа жүрелік.
Қарасай аға, мін атқа,
Көңіліңді қош қылып,
Қайта бер, ханым, үй жаққа.
Қасыңдағы қызыңды
Қайғы беріп жылатпа.
Қызылбастың еліне,
3670 Әділдің жатқан жеріне
Екеуі атқа мінеді.
Ақташ ханға келеді,
Іздейміз деп Әділді
Ханнан әскер сұрады.
Қызылбасқа баруға
Қырымға әмір етеді.
Хан әмірі болмады,

- Бұрынғы барған Қырымдар,
Қырылам деп бармады.
3680 Досынан хабар келгесін,
Қарасай-Қази тұрмайды.
Қиғаш деген биік тау,
Қызылбас деген мықты жау,
Келе алмаймыз аман-сау.
Қарасай-Қази екеуің,
Біздерден күдер үз, — деді.
Қызылбаста өлгенше,
Өзің бізді қыр, — деді.
Сонда Қази сөйледі,
3690 Ашуы келіп долданды,
Шымырқанып шамданды.
Орақтың туын қолға алды,
Қырымнан көмек сұраған.
Сонда Қази толғанды:
— Ау, Қареке, оңбаған,
Неғып тудың оңбағыр?!
Көп жаманға жалынып,
Не қылып тұрсың құрмағыр?!
Туғаның сенің осы ма?!
3700 Кетемін өзім досыма,
Неге бардың қасына?!
Жалынғанмен көп жаман,
Келе ме сенің қасыңа?!
Болады бейнет басыңа,
Жалғыз аяқ тар жолға
Қамағанда қызылбас,
Көргенің жоқ па осыны?
Жалынғанша жаманға,
Тұлпар атты тағала,
3710 Мұзға тиіп таймастай,
Тасқа тиіп сынбастай,
Болаттан тағы тағала.
Ағайынды екеуміз,
Қызылбасқа баралық,
Қырымнан көмек сұралық,
Барып сойқан салалық.

- Сапарды Құдай оңдаса,
Атам Орақ бар болса,
Шығарып жаудан алады.
- 3720 Осы сапар алармыз
Дербент деген қаланы.
Қызылбасты қиратып,
Бағындырып бір алсақ,
Атаманның бітер арманы.
Осылай деп ер Қази
Қарасайға қарады.
Қарасай мұны тыңдады,
Қырымнан әскер алмады,
Жаманға бүлік салмады.
- 3730 Қарасай-Қази екеуі
Еліне қайтып барады.
Ноғайдан көмек сұрамай,
Тұлпар атты бағады.
Аттың күйін табады.
Саны күнге күйместей,
Мақпалдан жабу жабады.
Табанын тас қағар деп,
Болаттан таға қағады.
Ат-жарағын сай етіп,
- 3740 Қызылбасқа жүреді,
Күн дәуірге жетеді.
Қызылбас биік тауына,
Қызылбастың жауына
Жүруге талап етеді.
Қызылбасқа баруға
Қырым жұрты қорықты,
Қырғаннан көңілі торықты.
Қызылбасқа түзеді
Екі батыр жорықты.
- 3750 Бара жатып екеуі,
Ханымға келіп жолықты:
— Байбикеш ханым, қайдасың?!
Семіртіп қой байласын.
Тарыққанда көрмесе,
Құдай дескен досының

- Көерерсің қашан пайдасын?!
Қарындасы Ілия қыз
Гүлдей болып жайнасын.
Қызыл гүлдің ішінде
- 3760 Бұлбұл болып сайрасын.
Жиырма күннен қалдармай,
Әкелемін ағасын,
Қуантамын ағасын.
Сол уақтары анасы,
Сүйінші сұрап келгенде,
Беретұғын нәрсесін
Осы бастан сайласын.
Арғымақ аттың аяғын
Жібекпенен тұсатар.
- 3770 Әділ достың шығарып,
Жаудан қолын босатар.
Екі досы аттанып,
Әділді іздеп баратыр,
Қолыңды жайып бата бер,
Дуасы қабыл мүсәпір.
Әділдің жатқан жеріне,
Қызылбастың еліне
Сапар етіп баруға,
Тұтқындағы Әділді,
- 3780 Шығарып жаудан алуға.
Досының естіп хабарын,
Тына ма кеулі бір бармай.
Жиырма күннен қалдырмай,
Әділді алып келермін.
Бүгіннен бастап санай бер,
Сөзімнің болмас жалғаны.
Жиырма күннен қалдырсам,
Алланың ісі болғаны.
Егер тірі болса ол,
- 3790 Қызыл басты қиратып,
Бағындырып аламын.
Сонда ханым сөйледі
Сөйлегенде бүй деді?
Көңілді болып барың, — деп,

- Әділді жаудан алың, — деп,
Ақ батасын береді,
Ақ тілегін тіледі.
Өзінің айтқан жолымен,
Белгілеп кеткен жерімен
3800 Қарасай кетіп барады.
Екі батыр жөнелді,
Күн-түн түсіп тынбастан,
Қатты жүріп келеді.
Бірде шауып желеді,
Тау қарасын көреді.
Екі тұлпар жануар
Бауырынан жарады.
Сылап-сипап батырлар,
Жал-құйрығын тарады.
3810 Таң сарғайып атқанда
Жалғыз аяқ жолменен,
Өзінің көрген жерімен
Қаратаудан құлады.
Күн қызарып шыққанда
Тас өткелге барады,
Бұнан да өтіп шығады.
Сәске уақыт болғанда,
Сонда келіп тұрады.
Өзі шапқан қалаға,
3820 Қаланы көріп қараса,
Қызылбас ақыл тауыпты,
Қаланы мықтап жауыпты.
Екі жерден ашылған,
Дарбазасын салыпты.
«Қарасай-Қази келер, — деп,
Қаланы шауып кірер», — деп,
Болған екен қауіпті.
Қас қарайып күн батсын,
Қаласына жау жатсын.
3830 Қаланы түнде шабалық,
«Орақ!» деп ұран салалық.
Тастап қашар қаланы,
Қаласынан шығарып,

- Қызыл басты қырайық.
Сонда Қази сөйледі:
— Ау, Қарасай, ағамыз,
Өзіміз көрген қаламыз.
Алдымыздан шыққан соң,
Шыдап қалай тұрамыз?
- 3840 Қарасай аға, білмеймін,
Өнемейін түн дейсің.
Батыр болсаң, Қареке,
Күндіз неге тимейсің?!
Бұл айтқаның жөн емес,
Қорқыныш салма уайым.
Қорықсаң, өзің қайта бер
Осы жерден елің-ай.
Қиын да болса қоя бер,
Бұл сапарды өзім-ай,
- 3850 Жасырынып жау алсаң,
Ұяламын мен, аға,
Шыдамады сөзіне.
Айтқан тілін алмады,
Сөзіне құлақ салмады.
Кіремін деді қалаға,
Ат маңдайын қаратып,
Құдай салды аузына,
Қарасайға көнбеді,
Қорқып тұрар ер ме еді?
- 3860 Інісінен қала алмай,
Талма-тал түс болғанда
Екеуі шапты қалаға.
Қаланың ішін қандатып,
Екеуі салды былағай.
Екі жерден екеуі,
«Орақ!» деп ұран салады.
Қызыл-жасыл екі ту
Көтеріп жауға шабады.
Қызылбастың жауына
- 3870 Ақыр заман салады.
Көп те болса қызылбас,
Жаман тайды табаны,

- Құрыды енді заманы.
Екі жерден екеуі,
Аралады қаланы.
Қызылбасты шулатып,
Қойдай айдап шығады.
Қала іші сыртынан,
Әділ досын қарады.
- 3880 Іздеп досын таба алмай,
Амалы құрып тұрады.
Бұл қаладан таба алмай,
Дербент деген зор қала,
Соған қарай шабады.
Бұдан бұрын қызылбас
Дербент деген қалаға
Қашып барып, қамалды.
Алдырмауға қызылбас
Қылып жатыр амалды.
- 3890 Сонда тұрып ер Қазі,
Қарасайға толғады:
— Қареке, менің ойым бар,
Істейін деген ісім бар.
Осы жерден таппасақ,
Онда менің сорым бар.
Саған ойды айтайын,
Таққа мінген хан болсаң,
Мырза болсын, би болсын,
Алдап ұстап алайық.
- 3900 «Тауып бер» деп Әділді,
«Өлтірем» деп сұрайық.
Қорыққаннан қызылбас
Шынын айтар жасырмай, —
Деді дағы, екеуі
Қызылбасты табады.
Бір төре мен мырзасын
Табанда ұстап алады.
«Өлтірем» деп қорқытып,
Әділ қайда жатыр? — деп,
- 3910 Қызылбастан сұрады.
Сұраса да айтпады,

- Өлсе де тілін тартпады,
 Дініне мықты ер екен,
 Айтқанынан қайтпады.
 Қаланың ішін шарлады,
 «Енді қайдан табам?» — деп,
 Қарасай еңіреп жылады.
 Бір Жаратқан Құдай-ай,
 Бір өзіңе жылайын.
- 3920 Іздеп келген досымды
 Таба алмадым қаладан.

Қарасай Әділді іздеп таба алмай тұрғанда өзінің атасы пір болып ұшып келіп, Әділдің жатқан жерін көрсетеді.

- Жеті қабат зынданға
 Қарасай-Қази келеді.
 Тауып алып досын-ай,
 Дауыстап сәлем береді.
 Бекітіп қойған есігі.
 Есігінде бар екен
 Бір кішкене тесігі,
 Сол тесіктен келеді.
- 3930 Әділ досын шақырып,
 Жолбарыстай ақырып,
 Ақырған даусы Әділдің
 Құлағына барады.
 Даусын танып Қазидың,
 Көтеріп басын алады.
 Сонда Қази сөйледі:
 — Әділ достым, аман-сау
 Жатырмысың түбінде,
 Досың іздеп келгенде,
- 3940 Әлің қалай бұл күнде,
 Екі достың келіп тұр,
 Жатырсың, достым, не күйде?
 Келіп едік аттанып,
 Қаланы бұзып алуға,
 Келіп тұрмыз жол салып.
 Әділ сонда сөйледі:

- Жеті қабат зынданнан
Шығарып мені алмасаң,
Тарқамайды құмарым.
- 3950 Мені амалдап шығарсаң,
Екі қолым байлаулы,
Қимылдауға әлім жоқ,
Екі көзім жайнаулы,
Арқан салып қарасаң,
Тісіммен ештеп көрейін.
Мұны естіп екеуі,
Қуанысып қалады,
Жалғап арқан салады.
Досының салған арқанын
- 3960 Тісімен ештеп қарады.
Екі досты амалдап,
Сау-саламат алады.
Шынжырларын сындырып,
Құрсауларын алады.
Бірақ құлпы бұзылмай,
Көп уақыттар тұрады.
Бұзайын десе Әділдің
Екі қолы сынады.
Қарасай-Қази екеуі
- 3970 Амалын таппай тұрады.
Сол уақыттар ер Әділ,
Байлаулы тұрған қолым бар,
Бұны қалай шешесің,
Ақ шалмалы пірім-ай?!
Қолеткіден қолымды,
Шығаруға болсын жар,
Дегенінде ер Әділ.
Пірі келді қасына.
Қонайын деп бақыт жүр,
- 3980 Үш батырдың басына.
Тілегі қабыл болады,
Пірлері жәрдем береді.
Қырық жолбарыс қуатты
Ер Әділге келеді.
Мұны біліп ер Әділ:

- Я, пірім, — деп бұлқынды,
Болаттан салған қолеткі
Жібектей болып үзілді,
Талабы оның түзелді.
- 3990 Алыстан келген досымен
Құшақтасып көрісті.
Әділ мінген Қызыл ат
Хан жайында тұр еді,
Қызыл атты сарайдан
Қази алып келеді.
Әділ досын мінгізіп,
Қаруларын ілдіріп,
Артық туған батырлар
Алға қарап жөнеді.
- 4000 Дербент деген қалаға
Достарын бастап жүреді.
Үш арыстан келеді,
Келіп бүлік салады.
Бір күн бір түн атысып,
Қызылбасты қырады.
Қарғаса ханды өлтіріп,
Бағындырып алады.
Тоғызыншы күн өткенде
Қайтып кетіп барады.
- 4010 Ер Әділдің анасы,
Ылияға сөз айтты:
— Айналайын, қызым-ай,
Туған еркін, қозым-ай!
Шырағым, сені берейін,
Сүйінші деп келгенге.
Жиырма күнге толады,
Екі мұңды бейшара,
Төбеден түспей тұрады.
Қарап тұрса ғаріптер
- 4020 Бір қараны көреді.
Біреу де болса сол қара,
Қатты жүріп келеді.

- Қарасай батыр екенін
Екі мұңды біледі.
Көзді ашып жұмғанша,
Қызыл атпен Қарасай
Салып жетіп келеді.
Келе сөйлей береді:
— Әділді алып келеміз,
4030 «Сүйінші бер» деп сұрады.
Байбикеш ханым толғады:
— Әділді алып қайтқанға
Сүйіншіге мен бердім
Жалғыз қызым Ілияны.
«Әділ қашан келер?» — деп,
Жолын тосып тұрады.
Әділ жетіп келеді,
Ақ сүт берген ананың
Қайғысы бастан кетеді.
4040 Қос жетімді бір Құдай
Тілегін әбден береді.
Омар менен Оспан құл
Таянып бұл келеді.
Қызылбастың қолында
Әділ түсіп қалғанда,
Жамандық қылған құл еді,
Жазасы оның көп еді.
Жататын жері бұлардың
Жеті зындан түбі еді.
4050 Омар менен Оспан құл,
Сол секілді дұшпанның
Күнәсін кешті деп еді.
Қырымды сұрап жас Әділ
Мұратына жетеді.
Атасының тапсырған
Үш арманын біткеріп,
Орақ батыр ұлдары —
Қарасай-Қази қос батыр
4059 Дүниеден сөйтіп өтеді.

Қарасай — Қази

(Белгісіз ақынның нұсқасы)

- Бұрынғы өткен заманда,
Дін мұсылман аманда
Ноғайлының елінде,
Қазіргі Қырым жерінде
Аушыбай деген пір өткен.
Жарлы болып Аушыбай
Аңшылықпен күнелткен.
Бір күндері Аушыбай
Аң аулап жүрген жерінде,
- 10 Қоғалы құрақ көлінде,
Айдын көлдің шетінде,
Күн батыс Арқа бетінде
Қонып тұрған су ішіп,
Үш аққуды көреді.
Жақындап мерген келеді,
Атайын деп аққуды
Суырып алды жебені.
Отырып алып тізерлеп,
Садағын мерген кезеді.
- 20 Осы тұрған үш аққу
Шын атарын сезеді.
Аққу емес, бұл тұрған
Су перінің қызы еді.
Суға түсіп сайрандап,
Кету үшін бой жазып,
Осы көлдің басына
Жылына бір күн келеді.
Ататынын мергеннің
Енді бұлар біледі.

- 30 Үш сілкініп сол жерде,
Қыз кейшіне келеді.
Батыр да болса Аушыбай
Сескенейін деп еді.
Пайда болған перизат
Өзіне қарап жүреді.
Аушыбай да сол күнде
Үйлене қойған жоқ еді.
Аушыбай сонда айтады,
Пері екенін байқады.
- 40 «Неде болса барайын,
Пенде қылып алайын.
Түсінбесе сөзіме,
Барлығын да шабайын.
Пері болсын, жын болсын,
Жүрмін ғой көріп талайын» —
Деді дағы, Аушыбай
Жетіп келеді қасына-ай,
Сөйледі мерген осылай:
— Әуелі аққу едіңіз,
- 50 Айналдың адам пішімге.
Көргенім жоқ мұндайды
Өңім түгіл түсімде.
Аңшылық еді талабым
Өмірімнің ішінде.
Келдің қалай, шырағым,
Мұндай перизат мүсінге.
Ендігі сөздің қысқасы —
Аты жөніңді айтыңыз,
Маған пенде боласыз
- 60 Үшеуіңнің қайсыңыз?

Бұл Аушыбайға кез болған су перінің қызы еді. Жылына бір рет келіп осы суға шомылып, бой жазып кететін еді. Бірақ басқа адамға көрінбеуші болатын. Аушыбайдың әруағы өздерінен артық болғандықтан, қолға түсіп тұрғандығын айтады. Үш түрлі шартпен перілердің үлкені пенде болып қалып, қалған екеуіне рұқсат беруді сұрайды. Шарт төмендегіше болады:

1.Түнде далаға шыққанымды көрме.

2.От жаққанымды көрме.

3.Бас жуғанымды көрме.

Егер осы шарттың біреуін де бұзсаң, мен саған пенде болмаймын, — дейді. Аушыбай бұған келісім беріп, үлкеніне үйленіп, екеуіне рұқсат береді. Бір күндері Аушыбай шартты бұзып, үшеуін де көріп алады, мұны әйелі біліп, Аушыбайға айтады: «Сен шартты бұздың. Мен саған пенде болмаймын, енді менің ішімде алты айлық перзентің бар. Өзі ер бала, тоғыз ай, он күн толғанда Тоқташы хан деген қалмақтың жерінің шегіндегі бір бәйтеректің басына туып кетемін. Ол бұл жерге алты айлық жол, сол балаңды өзің тауып аларсың», — деді де, көзден ғайып болды. Сол баланың аты Едіге қойылды. Ноғайлының ескі жыры осыдан басталады:

- Ноғайлының ескі жыр —
 Ел аузында айтылып,
 Ертеден-ақ келеді.
 Арғы атасы — Аушыбай,
 Алғаны оның пері еді.
 Баба түкті Шашты Өзіз
 Әулие, шайқы пір еді.
 Одан туған Едіге —
 Тас қайнаған деміне,
 70 Келмеген дұшпан шеніне.
 Қару-жарақ асынып,
 Байлаған садақ беліне.
 Бүлік салған секілді
 Тоқташы ханның еліне.
 Одан туған Нұрадын
 Тарқатпаған құралын,
 Беріпті Алла мұрадын.
 Бұ да шарлап шығыпты
 Қалмақтардың сұрамын.
 80 Талай ханды өлтіріп,
 Тарқатыпты құмарын.
 Одан туған ер Мұса —
 Қару жарақ асынып,
 Беліне садақ байлаған,

- Алдына салып айдаған —
Патша болсын, хан болсын,
Өзі батыр жан болсын,
Айдардан ұстап байлаған.
Қарсы келген дұшпанды
- 90 Заманында қоймаған.
Қалмақты қойдай бауыздап,
Ішсе де қанға тоймаған.
Батыр Орақ, хан Мамай
Ер Мұсадан туыпты,
Беліне жарақ буыпты.
Жастайынан жау алып,
Атаның жолын қуыпты.
Ат жетер жерде жау болса,
- 100 Орақ-Мамай келді деп,
Болған екен көуіпті.
Қалмақтың ханы Аюке,
Бұны да олар шауыпты.
Өгізтаудың басында
Палуан, Сұлтан екі хан,
Екеуін де өлтіріп,
Тамағынан шалыпты.
Олардың қатын баласын
Жесір қылып алыпты.
Ұрыста Мамай жүргенде
- 110 Тоқалдан туған көп жаман
Орақ сынды батырды
Көк алмасқа шалыпты.
Күндердің күні болғанда,
Ішіне толып арманы,
Орақ сынды асыл ер
Бір жаманнан өліп қалыпты.
Патша болсын, хан болсын,
Қандай дана жан болсын,
Армансыз пенде жоқ еді.
- 120 Тірісінде көзінің,
Сау күнінде өзінің,
Бітіре алмаған Орақтың
Үш арманы бар еді.

- Өлерінде ер Орақ
Үш арманын баяндап,
Алғанына сөйлейді:
— Некелесім, жұбайым,
Сені қосқан Құдайым.
Бұл жалғанның ішінде
- 130 Үш арманым бар еді,
Саған баян қылайын.
Бірге туған Мамайды,
Емшектесім жұбайды
Бір перзенттің жоғынан,
Қайғысының зорынан
Күлдіре алмай барамын —
Бір арманым сол еді.
Қарасай, Қази шырағым
Ат жалын ұстап мінгесін,
- 140 Қайғылы Мамай атасын
Бір күлдірсін дегенім —
Күлгенін көзім көрмеді.
Күлерме екен Мамай деп,
Теңселтіп жорға мінгіздім.
Онда да Мамай күлмеді,
Күлгенін көзім көрмеді.
Жазық қабақ, қанды бет
Ару алып сүйгіздім,
Мұнда да Мамай күлмеді.
- 150 Күлмеуінің себебі —
Мамайда бала жоқ еді.
Маған берген екі ұлдың
Біреуін оған бермеді.
Осы ма деп ойлаймын
Күлмеуінің себебі.
Екінші менің арманым —
Ер Көкшенің қызыл ат
Міне алмай кетіп барамын.
Қарасай, Қази қарағым
- 160 Сол атты мінсін дегенім.
Үшінші менің арманым —
Арғы атам Едіге,

- Ол бармаған жер еді.
Едіге ұлы Нұрадын
Бұл бармаған жер еді.
Артық туған ер Мұса
Және біз бармаған жер еді.
Қара қыпшақ Қобыланды
Құрметті ер Сұлтан —
170 Қайраты асқан ер еді,
Қыдыр ата пірі еді.
Бармауының себебі —
Қызылбастың жау еді,
Қиғаштың биік тау еді.
Қызылбасты қаратып,
Бағындырып алалмай,
Дүниеден етіп барамын.
Қарасай, Қазі қарағым
Қызылбасты қаратып,
180 Жіберсін елін таратып.
Осы бастан Қарасай
Бақсын атын жаратып.
Осы сөзді айтты да,
Басқаға тілі келмеді.
Орақ сынды асыл ер
Дүниеден өтіп жөнелді.
- Қарасай-Қазі ер жетіп,
Кемалына келеді.
Бір күндері болғанда
190 Үш арманын Орақтың
Қарасай-Қазі анасы
Балдарына сөйлейді:
— Ау, Қарасай, шырағым,
Ақылды туған бұлағым,
Тапсырып кеткен атаңның
Үш арманы бар еді,
Саған баян қылайын.
Бірінші арманы — Қызыл ат,
Жал құйрығы ұзын ат,
200 Міне алмай кетті дүниеден.

- Қарасай, Қази ер жетіп,
Кемалына келгенсін,
Қызыл атты ұстап ап,
Астына мінсін деп еді.
Екінші оның арманы —
Бірге туған Мамайды,
Емшектесі жұбайды
Бір баласы жоғынан,
Қайғысының зорынан
210 Күлдіре алмай өтті дүниеден.
Қарасай-Қази екеуі,
Кемалына келгесін,
Қайғылы Мамай атасын
Бір күлдірсін деп еді.
Үшінші оның арманы —
Қызылбастың жауына,
Қиғаштың биік тауына
Бара алмай өтті дүниеден.
Қызылбастың жауына,
220 Қиғаштың биік тауына
Бір аттансын деп еді.
Атаңның айтқан, қарағым,
Үш арманы сол еді.
Бұл уақтары хан Мамай
Ұрысып жатқан жылы еді.
Қызылбасты ала алмай,
Көп азапты көреді.
Үш жыл бойы ұрыстан
Мамай қатты жүдеді.
230 Ауылда жүріп Қарасай,
Қарт атасы Мамайдың
Қысылғанын біледі.
Ұйқы көрмей түн қатты
Аттанып бала келеді.
Аюкенің көп қолын
Қарасай жеңіп береді.
Қайратын көріп баланың,
Өмірінде күлмеген
Мамай сонда күледі.

- 240 Ер Орақтың өлгенін
Елге келіп біледі.
Бауырласы өлгесін,
Алладан ажал тіледі.
Ауылда Орақ өлгесін,
Жаудан Мамай келгесін,
Құса болып хан Мамай
Күні-түні зарлады-ай.
Өлім сұрап Алладан
Бармаған жері қалмаған.
- 250 Ұйқы көрмей, нәр татпай,
Мамай жатып зарлаған.
Тілегін беріп бір Құдай,
Пір болып ұшып кетуге
Өмір келген Алладан.
Ұшып жүріп пір болып,
Талай жерді шарлаған.
Ең соңында хан Мамай
Маңғыстауда қалуға,
Қолай деп соны арнаған.
- 260 Кем деп айтып бола ма,
Бір Жаратқан Иені?!
Қолына алған қамшысы —
Құладынның сүйегі,
Әулие болған киелі.
Жазады дейді осы күн,
Топалаң болған қой менен
Жамалдат болған түйені
Маңғыстаудың ойында,
Көлденең діңнің бойында,
- 270 Сол жерде қалған секілді
Мамайдай ердің сүйегі.
Артта қалған жас балдар,
Енді соған келелі.
Бұл жердегі бір тарау,
Қарасай-Қази батырдың
Атасының ары үшін,
Өз елінің қамы үшін
Жауға аттанған жері еді.

- Орақ сынды батырдан
280 Қарасай-Қази ұл қалды,
Қарашаш сұлу тұл қалды.
Мамайда еркек бала жоқ,
Қымбат сынды қыз қалды.
Нарлар өліп, бұл күнде
Жас тайлаққа күн қалды.
Ел қорғаны ерлер өлгесін,
Ноғай халқы мұңданды.
Асылдан туған жетімдер
Адам болып кетер деп,
290 Ат жалға қолы жетер деп,
Осылар қолда тұрғанда,
Өкінгенім бекер деп,
Екі бірдей жетімді
Бағыпты кемпір шекерлеп.
Сүйтіп бағып жүргенде,
Қарасай келді жетіге,
Ер Қази келіп алтыға.
Жас та болса балдары
Орақтан тартып салтына,
300 Басшы болды халқына.
Көмегі тиді әр жерде,
Жалғыз бенен жартыға.
«Көп жаманды табың», — деп,
Жар салдырды халқына.
Тоқалдан туған жамандар
Өлтіргенсін Орақты,
Түсетін болды талқыға.
Жамандар сонда кеңесті,
Кеңескенде не десті?
310 «Ісіміз еткен күнәлі,
Барлық жұртқа мәлім-ді,
Қарасай-Қази ер жетсе,
Көре алмаймыз жарықты.
Бір хабарын білсеңіз,
Жамандарды ұстаң», — деп
Елге хабар салыпты.
Осылайша кеңесіп,

- Бір қарамай артына,
Қалмаққа қашып барыпты.
320 Сыйыса алмай халқымен,
Сол кеткеннен көп жаман
Қалмаққа қашып барыпты.
Қондыкердей ханына
Былайша хабар салыпты:
— Біз — Қырымнан келген мұсылман,
Өз әкемізді өлтіріп,
Қашып келген жұртынан.
Ісіміз еткен қаралы,
Бетіміз құрсын жаралы.
330 Артық көрді біздерден
Қарасай-Қази баланы.
Ноғайлыда біз болдық
Адамның натық жаманы.
Ноғайлы — дұшпан, сіздер — дос,
Ашып келдік араны.
Неде болса, Қондыкер,
Құдай сүйер іс емес
Біздің еткен ісіміз.
Алуға сізге дөп болды,
340 Бар болса егер күшіңіз.
Орақ, Мамай батырлар —
Екеуі де жоқ болды.
Осы уақтары барсаңыз,
Алуға сізге дөп болды.
Орақ сынды батырдан
Қарасай-Қази ұл қалды,
Қарашаш ару тұл қалды.
Мамайдан еркек бала жоқ,
Қымбат деген қыз қалды.
350 Нарлар өліп бұл күнде
Жас тайлаққа күн қалды.
Ел қорғаны ерлер өлгесін
Ноғай халқы мұңданды.
Біз айтпаймыз жалғанды,
Көреміз тәуір, Қондыкер,
Ноғайды шауып алғанды.

- Аттансаңыз, барасыз,
Барсаң, шауып аласыз.
Ендігісін өзің біл,
360 Білгеніңді қыласыз.
Қорғайтын ерсіз, панасыз,
Осы сапар барсаңыз,
Бұрынғы кекті аласыз.
- Қалмақтың ханы Қондыкер
Кегі кеткен ноғайға —
Келді деп енді оңайға
«Бір аттансам, — деуші еді, —
Орақ пенен Мамайға».
— Мен елімді жинайын,
370 Аттану керек қалайда.
Біздің қалмақ елінде
Көрсеткен зәбір талайға, —
Деді дағы, Қондыкер
Халқын тегіс жинады.
Жалғанда естен кетпейді
Мұсылманның қылғаны.
Қондыкер сонда сөйлейді:
— Осы күні, халайық,
Орақ-Мамай жоқ болып,
380 Қарасай-Қази ұл қалған.
Атақты ерлер өлгенсін,
Ноғайлы халқы мұңданған.
«Аттансақ қалай болар» деп
Ханыңыз сізге сөз салған.
Жиналған қалмақ ерлері,
Билері мен беглері
Бұл сөзді мақұл тыңдаған.
— Аттану керек ноғайға,
Келген екен қолайға.
390 Он екі баулы ноғайды
Кіргізейік сұрамға.
«Қалмақ — күшті ел» деген
Атымыз шықсын, ұранда!
«Мақұл» деп халқы ұйғарды,

- Қондыкер әскер жинады.
Ат шаптырып әр жерге
Шыбын жанын қинады.
Қондыкерде әскер көп,
Он екі ханның құрамы.
- 400 Бәрінің де жетеді
Қару-жарақ, құралы.
Бір неше мың әскермен
Қондыкер жолға шығады.
Кетіп бара жатқанда,
Алдынан шығып бір кемпір,
Қондыкерге жылады,
«Жолыңды бер», деп сұрады:
— Аттанып, ханым, таспаңыз,
Болмай ма тыныш жатсаңыз.
- 410 Ерлерден қалған ер бар-ды,
Бөрілерден қалған бөрі бар-ды.
Жайына жатқан жыланның
Құйрығын барып баспаңыз.
Тілімді алмай кетсеңіз,
Артта қалған көп халық —
Бәріміз де қасқамыз.
Қарасай-Қази батырдың
Арғы атасын көргенмін.
Тірі де болсам бүгінде,
- 420 Зардабынан өлгенмін.
Атасы бізге бас ұрған,
Қонысымыздан аударған,
Бұйаққа бізді аударған.
Жеңілген емес қалмақтан,
Көріп жүрмін жасымнан.
Жесір алған еліңнен
Нелер ару асылдан.
Қарасай-Қази батырды
Жас бала деп басынбаң.
- 430 Қорқақ бала тумайды
Орақ пенен Мамайдан.
Ноғай теңдік бермейді,
Аттанып барған көп әскер

- Білсең тірі келмейді.
 Жаста болса ол балдар
 Көріп жүр талай сендейді.
 Алдырмайды барғанмен,
 Ұлтанды жатқан ел, — дейді,
 Бұл сөзіме сен, — дейді.
 440 Әділ хандай ханы бар,
 Темір төртіп заңы бар.
 Қарауында Әділдің
 Қырық мың әскер тағы бар.
 Орақ-Мамай батырдың
 Бұрыннан сізде кегі бар.
 Тілімді алсаң, кетпеңіз,
 Мендей көрі мамаңның
 Қарағым, сізге зары бар.
 Тілімді алмай кетсеңіз,
 450 Жоқ жерден бөле табылар.
 Ұрысқың келсе шынымен,
 Жіберіп елші Қырымға
 Әуелі хабар салып ал.
 Тағы жансыз жіберіп,
 Ішкі сырын біліп ал.
 Сенде қандай күш болса,
 Онда да соның бәрі бар.
 Ақылмен ойлап қарасаң,
 Бұл сөзімнің жаны бар.

Қалмақтың ханы ойланып, бұл кемпірдің де айтқаны рас шығар. Себебі, Орақ-Мамай біздің елді қонысынан аударғанда бұл сегіз жастағы қыз екен. Орақ-Мамайдың көрсеткен азабын өз көзіменен көргеннен кейін зарлап тұрған шығар деп, аттануды қойып, Қырымға елші жіберуге кіріседі.

- 460 Қондыкер білгір ер еді,
 Артық туған жан еді.
 Кемпірдің зарлап тұрғаны
 Қызылбастың қамы еді.
 «Алдымдағы, мамам-ай,
 Тілегің болсын, ал енді.

- Хат жіберіп елшімен,
 Көрейін барып сол елді», —
 Деді дағы, Қондыкер
 Әділ ханға хат жазды.
- 470 Қарасай-Қази қос жетім
 Қалмасын деген ат жазды.
 «Ноғайлының баласы
 Қарарыма көнсін, — деп,
 Қолынан есеп берсін, — деп.
 Қарарыма көнбесе,
 Қолдан есеп бермесе,
 Жер ортасы Қиғаш тау[ға]
 Ұрысуға келсін, — деп
 Балалық етіп жүрмесін.
- 480 Өзіне-өзі сенсін, — деп,
 Орақ-Мамай барында
 Біздер болдық жерсіз, — деп,
 Ойламады қалмақты
 Сіздер де тайпа елсіз, — деп,
 Бізден артық емессіз,
 Асып кетсең теңсіз, — деп,
 Ендігі жерде, ноғайлы,
 Күніңіз болмас менсіз», — деп,
 Қондыкер хатты жазыпты.
- 490 Өткендер түсіп есіне,
 Көзіңнің жасы мөлтілдеп,
 «Неде болса ноғаймен
 Бір соғысып өлсем», — деп.

Бұл хатты елші алып, бірнеше ай жол жүріп, Қырымның еліне келеді. Бір күні таң сарғайып атқан кезде Әділ ханның ордасының тұсына келіп, Әділге сөйлеп тұрған жері.

— Бар болсаң жолық, Әділ хан,
 Таң сарғайып, атты таң.
 Іздеп келген елшімін
 Ата жауың қалмақтан.
 Сіздің елдің ерлері
 Біздің елді зарлатқан.

- 500 Жесір етіп шетінен,
Қиядан шауып қандатқан.
Бізде қазір жиналып,
Он екі хандай — ел болдық
Қашып барып жан-жақтан.
Мен бір жүрген хабаршы,
Түсіріп аттан, ардақтан.
Құтылу қиын, хан Әділ,
Дұшпаның құрған қармақтан.
Ау, хан Әділ, хан Әділ,
- 510 Ашып қара қабақты,
Сөз айта келдім сабақты.
Орақ пенен хан Мамай
Біздің елді қамапты,
Қосақтап қойдай сабапты,
Берген екен азапты,
Көрсеткен талай тозақты.
Орақ-Мамай өлді деп,
Сізге де кезек келді деп,
Тартайын деп мен келдім,
- 520 Сойырдан қалған табақты.
Қондыкер патша жіберді,
Қарарыма көнсін деп,
Қолдан есеп берсін деп.
Қарарыма көнбесе,
Қолдан есеп бермесе,
Жер ортасы Қиғаш тау
Ұрысуға келсін деп.
Балалық етіп жүрмесін,
Өзіне-өзі сенсін деп.
- 530 Жіберген саған хаты бар,
Қарасай менен Қазидың
Екеуінің аты бар.
Екі күннен қалдырмай,
Бір жауабын білдіріп,
Хан Әділ, мені жолға сал!

Бұл хабарды естігеннен кейін хан Әділ ойланып; «Қалайда ата-жау қалмаққа ұрыспай берілгеніміз болмас, — деп, — келер

жылға жазға соғысуға барамыз, патшаңа сәлем айт. Ұрыстың дайындығын көре берсін» — деп, елшіні еліне қайтарып жіберіп, Қондыкердің хатын ашып оқыған жері.

- Хатты оқып қараса,
Жазуы хаттың тамаша.
Оқи алмайды бұл хатты
Ханы менен қарасы.
- 540 Бір қосылып жазылған
Екі сөздің арасы.
Әкеліп жатыр әр жақтан
Молла менен песірді.
Жазуға сәйкес келмейді,
Өгіз сиген секілді.
Қалмақтың жазған қағазы
Әділдің есін кетірді.
Бір шетінде Қырымның
Оқыған он жыл қалмақта,
- 550 Барып жүрген жан-жаққа.
Үйренбеген тілі жоқ,
Ол жақ пенен бұл жақта.
Сол молданы әкеліп,
Оқытып хатты көреді.
Мазмұнына бұл хаттың
Түсініп, Әділ біледі.
Батыр да болса Әділдің
Қорқайын деді жүрегі.
Жау көрмеген жас бала
- 560 Есі кетіп жүдеді.
Баяндауға хабарды
Қарасайға жүреді.
Бірнеше күн жол жүріп,
Қарасайдың үйіне
Әділ жетіп келеді,
Келе сөйлей береді:
— Ау, Қарасай, Қарасай,
Сөз айта келдім тамаша-ай,
Азып кеткен заманда
- 570 Жарамайды азаға.

- Арғымақтың баласы-ай,
Атаға тартып ұл тумас,
Енеге тартып қыз тумас.
Жақын күннің ішінде
Көргенім жоқ түсімде.
Қиғаштың ала тауынан,
Қызылбастың жауынан
Ұзындығы үш құлаш,
Көлденеңі бір құлаш
- 580 Жалғыз тартқан хат келді.
Қарасай-Қази қос жетім
«Қалмасын» деген ат келді.
Адам да емес, аң да емес,
Әуре де емес, жан да емес,
Бір қарғадай бала ап келді.
Біздей жетім пақырға
Осындай зат тап келді.
Ендігісін өзің біл
Жаныма менің батты енді.
- 590 Қарасай сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Ау, хан Әділ, саспаңыз,
Ақылды босқа шашпаңыз.
Қырымға тегіс хабарла,
Енді қарап жатпаңыз.
Қалмаққа амал етерміз
Келер жылдың жазына.
Қырық мың әскер қолменен
Аттанып, Әділ, кетерміз.
- 600 Қалмақты шауып алмасақ,
Ер емеспіз — бекерміз.
Бұл қалмақтың тағдырын
Аттанып барып шешерміз.
Ол қашып кеткен қызылбас,
Сол үшін құрбан біздің бас.
Ата жаумен айқасу
Шартты белгі бұзылмас.
Осы келген қалмаққа
Бұрында бүлік салғанмын,

- 610 Қонысын тартып алғанмын.
Қиғаш таудан өткесін,
Қиынға асып кеткесін
Атам Орақ бара алмай,
Елін шауып ала алмай,
Әлі де бар арманым.
Осы сапар аттанып,
Тапсырып кеткен атамның
Бітірейін арманын.
Олжа қылып алайын,
- 620 Сол қалмақтың мал-жанын.
Қорқып келдім дегенше,
Қуанып келіп, Әділім,
Менен сүйінші неге алмадың?!
— Ау, хан Әділ, хан Әділ,
Айырдан туған, нар Әділ.
Біздердей ерге қалмақ не,
Сол қалмақты алмай не?
Жас жетіге толғанда,
Ер азамат болғанда.
- 630 Атамның жауы кез болып,
Соғысып өлсем арман не?!
Мен кетейін алдымен,
Тастама Әділ мені де.
Мен бір бүлік салайын
Қызылбастың еліне.
Өзім барып қайтайын
Өлген атам Орақтың
Бара алмаған жеріне.
Қиғаш биік тауменен,
- 640 Ноғайлы құрақ еліне.

Олай болса, Қырымның қырық батырына тегіс хабар сал,
Қазиды жіберелік деп, екеуі кеңесіп, Қазыны шақырып алып,
Әділдің Қазыға толғап тұрған жері.

Орақтың ұлы Қазиды
Шақырып алды қасына-ай.
Сөйледі Әділ осылай:

- Жақында менің қасыма-ай,
Сен ер едің асыл-ай.
Орақ-Мамай барында
Көп қызылбас бұл жерден
Кеткен екен қашып-ай.
650 Қиғаштан өтіп жер алып,
Жер мөлшерін кең алып.
Қала шауып, ел алып,
Күшейіпті бүгінде
Он екі ханнан құралып.
Хат жіберген біздерге,
Ұрысуды сұранып.
Соның үшін, Қазижан,
Аттанамыз қалмаққа.
Үш-төрт күннен қалдырмай,
Хабарлау керек жан-жаққа.
660 Қырымның қырық батыры
Бір жерде емес, жан-жақта,
Ертеңнен бастап мін атқа.
Қырымның қырық ерінің
Қалдырмай бірін хабарла.
Күндіз жатпа, түн жатпа,
Қызылбасты қиратсақ,
Жетеміз сонда мұратқа.
Қалмақты жеңіп, қаратсақ,
Көрерміз тыныш сол уақта.
670 Тапсырғанды, қарағым,
Құйып ал қазір құлаққа.
Алаулаған қалмақты
Алдына салып айдаған.
Қырық-елуден қосақтап,
Айдардан ұстап байлаған.
Қолтығына қол салып,
Аждарханды барлаған
Айсаның ұлы Ахмет,
О да келсін, қалмасын,
680 Орап шықсын беліне
Алтыннан берен алмасын.
Ертіп шықсын жолдасын,

- Тастамасын молдасын.
Қандай заман күн болад,
Атасыз қалмақ елінде
Имансыз өліп қалмасын.
Бір жиынның ішінде
Алпыс бес балта сындырған,
Дұшпанның көңілін тындырған
690 Ер Әнес пен ер Серік,
Бұларда келсін қалмасын,
Орай шықсын беліне,
Алтын балдақ алмасын.
Ертіп шықсын жолдасын,
Тастамасын молдасын.
Жау жағының бетінде,
Ел жағының шетінде
Қалмақпен талай ұрысқан,
Бар шығар солар есінде —
700 Тұлпар мініп ту алған,
Алмасын ханға суарған,
Жау көрінсе, қуанған,
Жау көрмесе, суалған
Томаға көзді қасқа азбан,
Ертеден шапса, кеште озған,
Қалмақ десе қол созған —
Қартқожақұлы Қоянақ,
О да келсін, қалмасын.
Орап шықсын беліне
710 Қару-жарақ, алмасын.
Ойламасын мал-басын,
Ертіп шықсын жолдасын.
Тастамасын молдасын,
Қандай заман күн болар,
Имансыз өліп қалмасын.
Осылардың бәрі де
Сайлап шықсын қол басын.
Бөріне айтқан сәлемім,
Біреуі де қалмасын.
720 Түсіндіріп, айтарсың,
Қазижан, өзің барғасын.

- Қауіпті жерге кеттік деп,
 Ізіндегі халқына
 Уайым-қайғы салмасын.
 Кететінін ұрысқа
 Өздері ғана аңғарсын.
 Бес күннен қалмай арысы,
 Сарайға біздің жамдансын.
 Елге де керек ер жігіт,
 730 Қарасай менен екеуің,
 Бұл соғысқа бармайсың.
 Сау жүрсеңіз жалғанда,
 Талай жерді шарларсыз.
 Біздер аман, сау келсек,
 Содан кейін, қарағым,
 Атаңның жауын аларсыз.

Осы сөзді тапсыртып, Қазиды жолға салады. Қазиды бес күн дегенде Қырымның қырық батырын қырық мың қолмен жинап, Әділге әкеледі. Енді Әділ Қазиды еліне жіберіп, біз бұл сапар Қарасай-Қазиды білдірмейік, тастап кетелік. Себебі, бұлар бұрын жау көрмеген жас бала еді. Жауға апарып өлтіріп алсақ, азулы ерлердің тұқымын құртып алармыз. Бұл бізге пайда болмас, әрі біздер келгенше елді сақтасын, егер біз жау қолында қалсақ, біздің арымызды арласын және келешекте елге тұлға болсын деп, Қарасай-Қазиды білдірмей, өздері аттанып кете береді. Бұлардың жауға айтпай кеткенін Қарасай біліп, ізінен кетейін деп қамданған жері.

- Өлерінде ер Орақ
 Өзі мінген Қара атты
 Ер Қазыға берді.
 740 «Қазижаным өзімнен,
 Артық туған» — дер еді.
 Қазыым жауға тигенде,
 Бұзар дейтін жебені,
 Өрі ұлының кенжесі,
 Осы болды Қара атты
 Беруінің себебі.
 Ал Қарасайдың аты жоқ,

- Алуға сатып заты жоқ.
Бір күні тұрып Қарасай
750 Шешесіне еңіреді:
— Әділ кетті аттанып,
Бізге айтпай «бала», — деп,
Ат тауып бер, ана, — деп.
Тастап кеткен Әділдің
Қорлығына көне алман.
Атамның жауын жаулатып,
Елде тірі жүре алман.
Әділ ханға алдырмайд,
Бекініп қалған ел, — дейді, —
- 760 Он екі ханнан құралған.
Мен Орақтан туғасын,
Қалғаным айып бұлардан.
Жаяу да болсам кетейін,
Ізінен қуып жетейін.
Тастап кеткен Әділді
Кескілеп жолда кетейін.
Өзімді итке теңгерді,
Достым болса, нетейін?!
Енді қалған жалғанда,
- 770 Доссыз-ақ болып өтейін,
Жауап бер, ана, жүрейін.
Тастап кеткен Әділдің
Кім екенін білейін?!
Бетін теріс қаратып,
Ту сыртынан тілейін.
Мен өзімді танытып,
Ұшырайын, үрейін.
Сонда анасы сөйледі:
— Қарағым, маған ер, — деді,
- 780 Ізіме еріп, жүр, — деді.
Үш күншілік отарда,
Ер Қосайдың көп жылқы
Ішінде бар Қызыл ат,
Соны ұстап мін деді.
Қалмаққа кеткен Әділдің
Ізінен сүйтіп жүр, — деді.

- Көп жылқының ішінде
Ер Қосайдың аты бар.
Қарағым, мені берсең де,
790 Қымбатсынбай сатып ал.
Түсініп сөзге бермесе,
Алдына жылап жатып ал.
Осы сөзді айтты да,
Қарасайды жетектеп,
Сүрініп кетсе, «көтек» деп,
Көп жылқыға келеді,
Үстіне келіп енеді,
Қабыл болды дегені.
Ер Қосайдың Қызыл ат
800 «Ием бе?» деп кісінеп,
Арқаға қарай есінеп,
Бұларға қарап тұр еді.
Қызылды ұстап, жетектеп,
Үйіне жетіп келеді.
Ер Қосайдың ер Көкше
Отарда жатқан жылқыны
Түгендейтін күні еді.
Ер Көкше келсе, Қызыл жоқ,
Түсейін десе, ізі жоқ.
810 Ұры алды деуге Қызылды,
Ұстататын түрі жоқ.
Ізін кесіп жүгірді,
Кетті ме деп бөрі жеп.
Қарай жүріп, ер Көкше
Ізін тауып алады.
Ізге түсіп жүгіріп,
Аш күзендей бүгіліп,
Қарасайдың үйіне
Салып, жетіп барады.
820 Қарасайға сол жерде
Көкшенің айтқан жауабы:
— Атты неге алдың? — деп
Өлекке біраз қалдым, — деп.
Иесі жоқ дедің бе,
Отарда жатқан малдың?! — деп.

Бір жанына теңейтін
Аты еді біздің шалдың, — деп.
Барымта қылып алғандай.
Қарасай неңді алдым?! — деп.
830 Келіп тұрмын ізінен,
Ақ адал менің малым, — деп.
Көп болды ма өзіңе
Бір шыбындай жаның?! — деп.
Алатын болсаң тартып ал,
Болмаса, шалдан сатып ал.
Саған босқа бергендей
Далада жатқан малым жоқ.

Осы сөзді айтты да,
Қызыл атқа таласып,
840 Екі батыр алысты,
Біріне-бірі жабысты,
Жаман сөзге барысты.
Екеуі де суырды
Қынабынан қылышты.
Тағы да алып найзаны,
Итерісіп тұрысты.
Қалмақсыз-ақ, Қарасай
Жақыннан тапты ұрысты.
Кемпірден басқа адам жоқ,
850 Кім қойдырар бұл істі?
«Қой», — деп еді, қоймады,
Істің арты оңбады.
Қарасайдың анасы
Сонда тұрып толғады:
— Ау, Қарасай, қарағым,
Айтқанын қыл анаңның,
Ат тауып бер дегенде
Осы ма еді талабың?!
Ана тұрған Қосағаң —
860 Ноғайдан қалған босағаң.
Бөтен емес Қосекең,
Атаңменен дос адам.
Қосекеңе-ақ бара ғой,

- Қосекеңнің өзінен
Қарағым, сұрап ала ғой.
Көкше билеп бере алмас,
О да, сендей бала ғой.
Қосекең сөзге түсінер,
Көпті көрген дана ғой.
- 870 Естігесін бұл сөзді,
Екі бала тоқтады.
Ер Қосайға баруға
Қызылға салды ноқтаны.
Екі бала керісіп,
Соңынан және келісіп,
Жетекке атты алады.
Кіші бесін уақтында
Ер Қосайға барады.
Мұңын айтып Қарасай,
- 880 Ер Қосайға зарлады.
Аттануым керек ед,
Алалмаған атамның
Қызылбастай жауына.
Бір шығуым керек ед
Қиғаштың биік тауына.
Әділ хан кетті аттанып,
Менің атам жауына
Мінейін десем, атым жоқ,
Алуға сатып затым жоқ,
- 890 Қалып қойдым ауылда.
«Қосекеңнің аты, — деп,
Әкеміздің досы, — деп,
Береді ғой осы», — деп,
Қызылды ұстап мінгенім.
Қызылды мінсем, қалмаққа,
Қайтар деп едім еңбегім.
Қуып келіп, ер Көкше
Атты маған бермеді.
Өз алдыңа, Қосеке,
- 900 Атты сұрап келгенім.
Неғылсаң да өзің біл,
Алдыңа келіп бас иіп,

- Қосеке, саған еңіредім.
Сонда Қосай сөйледі:
— Қарасай, сенің неткенің,
Сұраусыз алып кеткенің?!
Отарда жатқан жылқының
Иесі жоқ қой деп пе едің?!
Атаң Орақ өлгесін,
910 Білмедің бе, қарағым,
Кемеңнің суға шөккенін?!
Мен Қызылды бере алман,
Көзіңнің жасын көре алман.
Керегі жоқ бұл жерде
Орынсыз босқа өкпенің.
Қызылдан дөмең болмасын,
Жасымнан менің жолдасым.
Құлынынан баққаным,
Өзі тұлпар болғасын.
920 Жылқыға биыл жібердім,
Жасы жетіп толғасын.
Бере алмаймын қызылды,
Көрсетпе маған жүзіңді.
Сен бір жүрген ұрысың,
Бұл жерге салма ізіңді.
Өлсем соям асыма,
Өлгенімше қызылды,
Байлап қоям басыма.
Әуес болма, Қарасай,
930 Менің жалғыз атыма.
Ізіңше, балам, қайта бер,
Атымды салмай талқыға.
Тұлпарымды бере алман,
Көзіңнің жасын көре алман.
Сексен жасым жеткенде
Саған беріп Қызылды,
Жаяу көшке ере алман.
Ұрлап, ұстап мінгендей,
Кеткенің бар ма озалдан.
940 Бұл сөзді естіп Қарасай,
Жетімдік түсіп есіне —

- «Келдім деп мұның несіне?
 Өлген атам ер Орақ
 Бірге жүрген досты еді,
 Түспеді-ау деп есіне».
 Көзінің жасы төгіліп,
 Қабырғасы сөгіліп,
 Аш күзендей бүгіліп,
 Қосай шалдан тұңіліп,
 950 Қайтып кетіп барады
 Буыны босап жығылып.

Қарасай кетіп бара жатқанда шақырып алады. Шынында Қосайдың көңілі атты бермеу емес, баланы сынау еді, бұл балаға «атты сатып ал» деп, қымбат бағалар айтайын. Егер шын ер болып жауға барғысы келіп жүрсе, атқа не сұрасам да, алып келер деп, Қосайдың Қарасайға сөйлеген жері:

- Қосай сонда сөйледі:
 — Ау, Қарасай-Қарасай,
 Асыл ердің баласы-ай.
 Кешегі Орақ барында
 Қосайменен әкеңнің
 Жақын еді арасы-ай.
 Соның біліп келіпсің,
 Берер деп маған сеніпсің.
 960 Олай болса, Қарасай,
 Жылап кетпе, күліп кет,
 Сен, Қызылды мініп кет.
 Алмасаң да, қарағым,
 Бәрін естіп біліп кет.
 Ат керек болса, сатып ал,
 Қызылдың сондай даңқы бар.
 Қарыдар болсаң, қарағым,
 Атымды толық бәсіне ал.
 Қусаң жауды жетесің,
 970 Құтылып қашсаң кетесің.
 Бұл тұлпарда өнер көп,
 Ат таниды екенсің.
 Сен қалмаққа барғанда,

- Қиядан қиқу салғанда,
Астыңда тұлпар тұрғанда,
Қалмайсың, балам, арманда.
Ал атымның бәсін айтайын,
Малымның бәсі — қыз Қымбат,
Тоқалдыққа бересің.
- 980 Ат керек болса, қарағым,
Қиналмай бұған көнесің.
Тоғыз сусар тон керек,
Тоғыз тұлпар ат керек,
Сондай-сондай зат керек.
Орақ достым болғасын,
Бір аяғын сонда да,
Атаң саған бос беред.
Толық бәсін сұрасам,
Атыма мал көп керек.
- 990 Керек болса алып кет,
Маған жүрме өкпелеп.
Бұл сөзді естіп Қарасай,
Жыланғаннан жұбанды.
Тірілгендей әкесі,
Сол жерде бала қуанды.
Олай болса, Қосеке,
Қызыл ат болсын біздікі,
Қыз Қымбат болсын сіздікі.
Тоғыз сусар тоныңды,
- 1000 Тоғыз тұлпар атыңды,
Енді қалған затыңды,
Аман келсем қалмақтан,
Өлмей келсем сол жақтан,
Алып келіп берейін.
Өліп кетсем сояқта,
Кебінімнен төлейін.
Өлме, қартым, жасай бер.
Басқа саған не дейін?! —
Деді дағы, Қарасай
- 1010 Қызылға тоқым салады,
Ырғып мініп алады.
Батасын беріп ер Қосай,

- «Аман кел!» — деп қалады.
 Қызылды мініп қиғаштап,
 Құнан қойдай бой тастап,
 Оңды-солға ойқастап,
 Үйіне жетіп барады.
 Қызыл аттың үстіне
 Алтын ерді салады.
- 1020 Алтын тұрман күмістен,
 Мақпалдан жабу жабады,
 Жібектен шынжыр тағады.
 Азық-түлік ат жемін
 Даярлап бәрін алады.
 Жүру болды қалмаққа —
 Қарасайдың талабы.
 Атадан қалған бес қару,
 Бесеуін де алады.
 Орақтан қалған ақ алмас,
- 1030 Есебін тауып сілтесе,
 Ақ алмастан жан қалмас —
 Тиген жері жым-жылас,
 Мұны белге орады.
 Анасымен қоштасып,
 Кеткен Әділ ізінен
 Қарасай кетіп барады.
 «Аман барып, сау кел», — деп,
 Анасы пақыр жылады.
- Қарасай кетіп қалмаққа,
 1040 Тастап кеткен Әділге
 Ақырзаман салмаққа.
 Ертеңгі күн бесінде
 «Бір тайға сені сатты» деп,
 Хабар келді Қымбатқа.
 Ұзын бойлы ақ қатын,
 Өсек десе дым жақын
 Қымбатқа жетіп келеді,
 Келе сөйлей береді:
 — Бикешжан, жатсың нағылып?!
- 1050 Мен келдім саған сабылып,

- Қара терге малынып,
Қарасай кетсін қағынып,
Есіттің бе хабарды:
Өзіңмен туған ағаң жоқ,
Өлген атаң саған жоқ,
Көрерсің ақыр заманды.
Ағам бар деп жүрсің-ау,
Қарасайдай арамды.
Қарасай аман келмесін,
1060 Тілегін Алла бермесін.
Саған жоқ теңдік, қарағым,
Жалғыз атаң өлгесін.
Сексендегі Қосайға
Бір тайға сені сатыпты.
Ат қолына тигесін,
Білдірмей саған асыпты.
Орақтан туды дейді-ау жұрт
Ондай жаман жасықты.
Сексендегі Қосайға,
1070 Нағып қиып берді екен
Сендей алтын асықты?!
Көкірегі гүрілдеп,
Буындары дірілдеп,
Қасына алып жатады-ау,
«Он бес шыққан күнім», деп.
Қосайға әйел болғанша,
Өлгенің жақсы бүгін, — деп.
Бір тайға сатты дегенсін,
Арымыз келді біздің, — деп.
1080 Бүгіннен бастап, қарағым,
Қарасайдан түңіл, — деп.
Ұзап кетпей алысқа,
Ізінен қуып жүгір, — деп.
Бұл сөзді естіп қыз Қымбат,
Не болғанын білмеді,
Қарасайдай батырды
Жаңағы әйел күндеді.
Зар еңіреп қыз Қымбат,
Қарасайдың ізінен

- 1090 Даярланды жүргелі.
Ертең сәске болғанда
Ағасын қуып жөнелді.
Бірнеше күн жол жүріп,
Азғана емес мол жүріп,
Қарасайға келеді,
Келе сөйлей береді:
— Мен жүр едім ағам деп,
Бір тайға мені сатқаның,
Ылайық па маған, — деп.
- 1100 Тоқалдыққа ағеке-ау,
Қосайға қалай барам?! — деп,
Сексендегі Қосайға
Ойладың ба барар, — деп,
Маған алған Қызыл ат,
Адал емес арам, — деп,
Іште кетті-ау арманым,
Тістеулі кетті-ау бармағым.
Кешегі атам барында
Жаратқан, неге алмадың?!
- 1110 Бүгінгі күні мен сордың
Басына қайғы салғаның!
Қарасай беріп қорлықты,
Мен еңіреп зарладым!
Мен ойламадым сізді бөтен деп.
Қарасай-Қази сау болса,
Мақсатыма жетем, — деп.
Сіз екеуің тұрғанда
Өлген атам Мамайға
Өкінгенім бекер, — деп,
- 1120 Ойлап тұрмын мен енді
Қайғымен күнім өтер, — деп.
Қызыл атты бермеймін,
Туған деп саған сенбеймін.
Жалғыз туған екенмін,
Жүзіңді енді көрмеймін.
Кететін болсаң, жаяу кет,
Қызыл ат үшін келгенім.
Қосай шалға сатқасын,

- Жақын деп саған сенбедім.
 1130 Бұл сөзді естіп Қарасай,
 Қымбатқа көңілі қалады.
 Қызыл аттың үстінен
 Сыпырып ерді алады.
 Ер тұрманын арқалап,
 Қарасай жаяу қалады.
 Қызыл атты жетектеп,
 Қарындасы қыз Қымбат
 Үйіне қайтып барады.
 Қараүлектей ананың
 1140 Болмады бұдан хабары.

Қыз Қымбат атты әкеліп қазығына байлап тастап, жайына барып жата берді. Қызыл ат жем жегісі келгенде шыңғырып, ащы дауыспен кісінейтін еді. Бір күні Қызыл ат қатты кісінейді, мұны кемпір есітіп шығып қараса, Қызыл ат байлаулы тұр. Бұл Қарасайдың мініп кеткен аты еді. Қарасайдың жолдан қайтып келетін реті жоқ. Не де болса осы Қымбаттан келген бөле шығар деп, кемпірдің Қымбатқа сөйлеп тұрған жері:

- Тал таяғын қолға алып,
 Ашуға мініп долданып,
 Қымбатқа келіп анасы,
 Сөз сөйлейді зарланып:
 — Қымбат-ау, сенің неткенің,
 Жауға кеткен ағаңның
 Ізінен қуып кеткенің,
 Сексендегі Қосайға
 Шынымен беред деп пе едің?!
- 1150 Ізінен қуып барғаның,
 Рас па атын алғаның?
 Жауға кеткен ағаңның
 Басына сауда салғаның.
 Көрдің бе төуір ағаңның
 Далада жаяу қалғанын.
 Жазираның шөлінде,
 Ата жау — қалмақ елінде
 Өлді-ау тістеп бармағын.

- 1160 Ис қылышсың қолайсыз,
Жәрдемі тисе Алланың,
Ел шетіне жау келсе,
Ашылмастай дау келсе,
Қарасай-Қази сау жүрсе,
Сенің үшін екеуі
Балтаға басын салмай ма,
Айырып жаудан алмай ма?!
Ала алмаса айырып,
Сен үшін өліп қалмай ма?!
Ақылсыз қаншық болмасаң,
- 1170 Соны ойласаң болмай ма?!
Жаяу кеткен Қарасай
Жазираның шөлінде,
Ата жау қалмақ жерінде
Шөлден өліп қалмай ма?!
Қарасай-Қази жоқ болса,
Тап боласың қандайға?!
Ақылға мұнша кем болып,
Тап болыпсың маңдайға.
Хан баласы, бейбағым,
- 1180 Алды-артын ойлап көрмей ме?!
Бере ме, иә бермей ме,
Өзінше ойлап білмей ме?!
Қарасай жаудан сау келсе,
Қалмақтан жесір әкелсе,
Сені берген Қосайға
Қаракөз балыққа ұсатып,
Он бесін тізіп бермей ме?!
Сөйтіп сенің басыңды,
Қосайдан ашып алмай ма?!
1190 Ақылы қысқа, шашы ұзын,
Дүзіқара қаншық болмасаң,
Соны ойласаң болмай ма?!
Қызылға қазір мін деймін,
Апарып атын бер деймін.
Өліп қалса далада,
Сүйегін алып кел деймін.
Жатпай, тұрмай, ағаңның

Тірі-өлісін біл деймін.
 Жете алмасаң ізінен,
 1200 Жолында сен де өл деймін.
 Апарып атын бермесен,
 Жүзіңді сенің көрмеймін.
 Өсек сөзге шын нансаң,
 Мамайдан туды демеймін!

Анасы бұл сөзді айтқаннан кейін Қымбат ойланып, «кем-пірдікі дұрыс екен. Мен ақылсыздық қылған екенмін» деп, атын алып, ағасының ізінен кетеді. Жазира деген шөлде ағасы шөлден өлейін деп жер бауырлап жатқанының үстінен шығады. Қарасайдың оң жағында жүз қарға, сол жағында жүз қарға көзін шұқыйын деп, ұшып-қонып жүр екен. Бірақ пірінің жәрдемі тиіп, қарғаларды ұшырып, Қарасайға қондырмай тұр екен. Қымбат зар еңіреп жылап, ағасының аузына су тамызып, ағасын тірілтпін алады. Қарасай көзін ашып қараса, қасында бір әйел адам пайда болды. «Ау, бұл жерде адамзат болмау керек еді ғой, бұл жын ба, шайтан ба, бұны кесіп тастайын», — деп алмасын суырып алады. Қарындасы шашын алтын тормен қаптап қоятын еді. «Шауып тастар» деп өзін таныту үшін басындағы орамалын жұлып алады. Енді Қарасай қарындасы екенін танып, шауып тастауға көзі қимады. Қанға тимей қайтпайтын ақ алмас қайта салса, қынына симады. Сүйтіп, ағасы бір саусағын кесіп, алмасын соның қанымен майлап, қынына салады. Сол жерде Қымбаттың Қарасайға сөйлеген жері.

Қыз Қымбат сонда сөйлейді,
 Ақылға келіп жөнделді.
 Мойнына алды қатесін,
 Енді сөзі жөн болды:
 — Мен іс қылдым, аға, шарасыз,
 1210 Жоқ екен күнім ағасыз.
 Біреу емес, ағаке,
 Екі шалға қабат сат,
 Барайын даусыз, жаласыз.
 Сіз екеуің сау болсаң,
 Маған қорған, панасыз.
 Ендігісін өзің біл,

- Тілекшімін залалсыз.
Күнәмді кешір, жан аға,
Сеніп лашын, мен қарға.
- 1220 Өкпеңді қойып, атыңды ал,
Болайын, аға, садаға.
Етуге себеп бұл істі,
Бір әйел болды арада.
Атсыз кетіп қалмаққа,
Жаяу қалма далада.
Тапсырдым деп барайын,
Үйде қалған анама.
Туысқаннан тумалас,
Құтылмайды қайда да?!
- 1230 Кімге берсең, оған бер,
Сүріндім енді күнәма!
Алдыңа келіп жыладым,
Көзімнің жасын көр, аға.
Атыңды мініп, алып кет,
Ашуыңды бермесең,
Мені өлтіріп, жарып кет!
Құрбандыққа жолыңа
Бауыздап қойша, шалып кет.
Қарасай сонда сөйледі:
- 1240 — Атыңды ал да кете бер,
Жас жігітке қосылып,
Мақсатыңа жете бер,
Қарғап тым сені нетейін?!
Жаяу-ақ жауға кетейін,
Бұл жалғанның жүзінде
Көрмей-ақ сені өтейін.
Қымбат жылап егілме,
Қосыла бер теңіңе.
- 1250 Атыңды алып қала алман,
Қайта бер тұрмай еліңе.
Ойлап едім мен сені
Бөтен емес өзім деп,
Мамайдан қалған көзім деп.
Қалайда менің Қымбатқа
Өтеді ғой сөзім деп.

- Неде болса Алланың,
Салғанына көндім деп.
Енді атыңды міне алман,
Бөтен екен көңлің деп.
- 1260 Бұдан басқа сөзім жоқ,
Қарағым айтты болдым, — деп.
Осы сөзді айтты да,
Түсе берді жолына.
Зар еңіреп қыз Қымбат,
Ере берді соңына.

Қарасай қарындасын қимай атын алып, Қымбатпен қоштасып, ауылына қайтарып жібереді де, Әділдің ізінен жүріп кетеді. Орақ, Мамай жауға тиерде, я ашуланса, бұлт шаңыт болып кетеді екен. Әділдің көп қолы дем алып жатса, ел жақтан бір шаң аралас бұлт келеді. Мұны Әділ көріп, Қарасайдың келе жатқанын біліп, ашуын сұрайын деп алдынан шыққан жері:

- «Шаң аралас бұлт болып,
Келатыр екен Қарасай.
Алдынан шығып барайын,
Ашуын сұрап алайын.
- 1270 Алдынан өзім бармасам,
Сапарын сұрап алмасам,
Бастығы Әділ хан қылып,
Қырымнан келген әскердің
Қырып кетер талайын».
- Деді дағы, ер Әділ
Келе жатқан батырдың
Алдынан шығып тұрады.
Толық екен батырдың
Қару-жарақ құралы.
- 1280 Ақ алмасты суырып,
Аспан мен жерді қуырып,
Түсе қалып атынан,
Ер Әділдің қасына
Жетіп келді жүгіріп.
Жетіп келді қасына-ай,
Сөйледі батыр осылай:

- Ажал айдап кетті ме,
Әділ хан, сені, досым-ай?!
Ізіңнен қуып келіп тұр,
1290 Тастап кеткен қойшың-ай.
Жаныңды сенің алайын,
Ту сыртыңнан шабайын.
Етіңді итке жегізіп,
Сүйегіңді отқа жағайын.
Достым болсаң нетейін,
Кескілеп сені кетейін.
Бұл жалғанның жүзінде
Доссыз-ақ болып өтейін.
Неге хабар бермейсің,
1300 Көзіңе неге ілмейсің?!
Атамның ескі жауына
Менімен неге жүрмейсің?!
Өзіңнен басқа білгір жоқ,
Көңіліне келер демейсің.
Мен бір жүрген сақамын,
Сен бір тұрған кенейсің.
Мен Орақтың ұлымын,
Сен бір жүрген кенейсің.
Көп әскерге ер керек,
1310 Ол ерлерді қолдайтын
Қысылған жерде пір керек.
Қиын-қыстау жерлерде
Біле-білсең, біз керек.
Аттанып барад көп әскер
Осы қолдың ішінде,
Қайтарады кім дерек,
Неге тастап кеткенің?!
Ерден тумай біздерді,
Жерден туды деп пе едің?!
1320 Атамның жауын жауламай,
Ауылда қалып неткенім?!
Алайын сенің жаныңды,
Төгейін судай қаныңды.
Мен сенен-ақ алайын,
Қалмақтағы арымды.

- Тастап кетіп ауылға,
Бақтырайын дедің бе,
Отарда жатқан малыңды?!
Не себепті тастадың,
1330 Өтірік айтпай, шыныңды айт,
Алмастан бұрын жаныңды?!
Сонда Әділ сөйледі:
— Айналайын, Қарасай,
Сөйлеген сөзің тамаша-ай.
Асқар таудай қарағым,
Көрмеймін сізді аласа-ай.
Сенің атаң ер Орақ,
Сен азулы ердің баласы-ай.
Кетіп едім мен тастап,
1340 Болсын деп елдің панасы-ай.
Көңілімде кіршік қара жоқ,
Сөзімнің осы ырасы-ай.
Омыртқасы өспеген,
Жау көрмеген балдарды,
Өлтіріп жаудан алам деп.
Біздер жаудан келмесек,
Елге болар панам деп.
Ат жалға қолы жеткесін,
Бізді іздер олар деп.
1350 Кемалына келгенсін,
Қалмаққа ойран салар деп.
Кек алатын іздегі —
Әруақты ерлер солар деп.
Шар болаттың сойы еді,
Елге болар тұлға деп.
Ар жағы пірден дөреген,
Түсінер балдар соған деп, —
Айтпауға себеп сол болды,
Тастамадым жаман деп,
1360 Неғылсаң да өзің біл.
Алдыңа келіп бас иген —
Хан Әділ сынды ағаң, — деп.
Өлтірсең де өзің біл,
Тастап кеткен сазаң, — деп.

Тілек етіп сұрайын,
Ашуыңды бер маған, — деп.

- Олай болса, досым-ай,
Ашуымды берейін,
Кемсінген екен демейін.
- 1370 Ұлықсат берсең, хан Әділ,
Мен де сізге ерейін.
Осы сапар атамның.
Үш арманын бітіріп,
Тыныш тауып келейін.

Әділ бұл сөзді естігеннен кейін, Қарасайдың да баруына ұлықсат береді. Қарасай кеткеннен соң мен ағамнан қалып, не боламын деп ізінен Қазиді да қуып жетіп қосылады. Сөйтіп, бұлар жауға кете береді. Әділ кеткеннен кейін, шешесі түс көріп, қызына жортқан жері:

- Байбикеш ханым түс көрді,
Бұл түсінен сескенді.
Кеткен жалғыз баласын,
Ханым тұрып ескерді.
Тұрып алып төсектен,
- 1380 Қызына түсін шешті енді:
— Айналайын, қызым-ай,
Туған ерке қозым-ай,
Мен бір түнде түс көрдім,
Жорып көрші өзің-ай.
Ашасынан айрылып,
Ортасынан морт сынды
Алтыннан иген құрығым —
Бұл не болар, шырағым?
Жібектен есіп бау таққан,
- 1390 Жібермей тартып тоқтатқан
Ортасынан сынып жүр,
Жібек баулы сырығым.
Құрасам да тұрмады,
Бұрынғыдай болмады —

- Бұл не болар, шырағым?
Алтын айдар басында,
Отыр еді қасымда.
Алтын айдар тұлымым,
Ортасынан қиылды —
- 1400 Бұл не болар, шырағым?
Осы түсті көргесін,
Мен еңіреп жыладым.
Жауға кеткен жалғызға,
Жәрдемі тиген Құданың.
Сонда Ылия сөйледі:
— Айналайын, анам-ай,
Алланың салған ісіне,
Көнбесеңіз болама-ай?!
Асқар биік Алатау,
- 1410 Тігіп қойған орданың
Үстіне келіп жығылса,
Асқар таудай бақ қонар
Кеткен Әділ балаңа-ай,
Көрінген шығар соған-ай.
Ортасынан морт етіп,
Ашасын сырт етіп,
Сынса алтын құрығың,
Осы жері білмедім,
Аман келсе жақсы еді,
- 1420 Жауға кеткен құлының.
Жібектен есіп бау таққан,
Байланбаған асауды,
Жібермей тартып тоқтатқан,
Сынбай жүрсе жақсы еді
Жібек баулы сырығың.
Неғып келсін қыйыны,
Жалғыздықтың жаманы-ай.
Жауға кеткен жаңғызың
Осы сапар аман-ай,
- 1430 Келсе еді, мамам-ай.
Ортасынан қыйылса,
Алтын айдар тұлымың,
Жауға кеткен құлының

- Жоқ шығар саған аман-ай!
Бірге туған ағам жоқ,
Алладан басқа панам жоқ.
Жалғыздықтан жаман жоқ,
Алды-артында таяу жоқ.
Еретұғын елім жоқ,
1440 Жалғыздықтан кемім жоқ.
Соңынан қуып бармасақ,
Сапарын тілеп алмасақ,
Жібермей алып қалмасақ,
Енді саған бала жоқ,
Маған, ана, аға жоқ!
Қуып барып соңынан,
Көздің жасын төгелі.
Қызылбасқа кетпе деп.
Сапарын сұрап көрелі.
1450 Сапарын көкем бермесе,
Соңында жүріп өлелі.
Сонда тілек болмаса,
Алтын орда тұл қалар.
Жалғыз аман келмесе,
Екі мұңды — біз нашар
Жылап-жылап қор болар.
Қалмаққа кеткен көкемді,
Қуғанымыз жөн болар.
Осыны айтып Ылия,
1460 Қайғыны қатты шегеді.
Еріншек бозға мінеді.
Қызылға кеткен Әділді,
Қуып алып жөнелді.
- Сол күні жүрді түнімен,
Ертеңі жүрді күнімен,
Келеді қуып шынымен.
Бір күн тал түс болғанда
Бір асудан құлады.
Ер Әділге жете алмай,
1470 Екі мұңды жылады.
Алдында белес жер жатыр,

- Соған құлап келатыр.
Белеске шығып қараса,
Айдын шалқар көл жатыр.
Көл жағалап тігілген
Жапырлаған көп шатыр.
Сол шатырдың ішінде
Жібектен тіккен бір шатыр.
Бұл шатырдың ішінде
1480 Баласы Әділ ер жатыр.
Байбикеш ханым көреді,
Көре сөйлей береді:
— Әділ менен туғалы,
Тәрбиелеп жүр едім.
Ақ сүтімді ішкізіп,
Қабырғасы қатпаған
Балапанды ұшырдым,
Басыма қайғы түсірдім.
Енді қайтып қолыма
1490 Түсіре алмай өкіндім.
Ашылып оқып білсін деп,
Жасынан білім білгіздім.
Қалмақ жауға мінсін деп,
Сайлап тұлпар мінгіздім,
Жеңсіз берен кигіздім.
Әкесі жастай өлсе де,
Жетімшілік әлі көрген жоқ.
Атадан жалғыз екенін
Әлі балам білген жоқ.
1500 Алыстағы жауларға
Сапар шегіп көрген жоқ.
Көп ішінде жалғыздық
Шекесіне тиген жоқ.
Жалғыздығын біле алмай,
«Барма» десем, тіл алмай,
Сапарын маған бере алмай,
Жүрейін деді жалғызым.
Ал, шырағым, Ылия,
Алдына барып жыласаң,
1510 Сапарын тілеп сұрасаң,

- Сені қиып шыдамас,
Бірге туған бауырлас.
Мұны естіп Ылия,
Есінен шықты дүния.
Атынан түсе қалады,
«Ағекем менің қайда»? — деп,
Шатырдан келіп сұрады.
Сонда Ылия сөйледі:
— Айналайын ағеке,
1520 Келгенімді сұрасаң,
Сапар қылып жүргенің,
Қызылбастың жауы еді.
Алды-артыңда дымың жоқ,
Ағеке кімге сенгенің?!
Анамыз түнде түс көріп,
Сол түсінен сескеніп,
Сені ойлап ескеріп,
Жібермей алып қалуға,
Сол еді менің келгенім.
1530 Сапарыңды бер дедім,
Көзімнің жасын көр, — дедім.

- Сонда Әділ сөйледі:
— Емшектесім, жұбайым,
Қарағым, шекпе уайым.
Жаудан аман келермін,
Сақтаса Жаббар Құдайым.
Жылады сен деп, қарағым,
Қайғы алмайды жүрегім.
Сен жыласаң, қарағым,
1540 Кетеді хандық дәуірім.
Ұядан бірге жасадым,
Артымнан жылап келгесін,
Еріген жездей босадым.
Айналайын, қарағым,
Келермін қайтып жылама,
Сапарымды сұрама.
Қырық мың әскер ноғайға
Басшы қылып қойғасын,

- Енді қайтып бола ма?!
 1550 Шырағым, неге жылайсың,
 Көзіңнің жасын бұлайсың?!
 Қызылбасқа барма деп,
 Сапарымды сұрайсың.
 Жалғыз көпке ермей ме?!
 Алыс жолға жүрмей ме?!
 Жалғыздың жары әрқашан —
 Бір Құдайым демей ме?!
 Ажал келсе Алладан,
 Үйде де болса өлмей ме?!
 1560 Құдай аман сақтаса,
 Жаудан аман келмей ме?!
 Айсадан туған бес батыр,
 Бесеуі кетіп баратыр.
 Қарындасы Ақсүңгі,
 Ол жыласа көрмей ме?!
 Құдіреттің ісіне,
 Салса пенде көнбей ме?!

- Содан кейін Ылия:
 — Туысқаның, туғаның,
 1570 Болайын сенің құрбаның.
 Көріп тұрсың өзің де,
 Қызылбасқа барма деп,
 Анаңның жылап тұрғанын.
 Басыңа қиын іс түссе,
 Сонда түсер есіңе,
 Атадан жаңғыз туғаның.
 Айсадан туған бес батыр,
 Бесеуі кетіп баратса,
 Ақсүңгі неге жыласын,
 1580 Бесеуі бірге туғасын?!
 Кім қайрылар саған-ай,
 Атадан жаңғыз болғасын?!
 Көзімнің жасын көрмесең,
 Жауда қалар сау басың.
 Бізге салған бұл күнді
 Пендеге Құдай салмасын.

- Қарасай-Қази екеуі,
Бұлар кетіп баратса,
Ақ қымбат неге жыласын?!
- 1590 Қарасай жауда қалғанда,
Қази барып алғасын.
Қази жауда қалғанда,
Қарасай барып алмай ма?!
Туысқаны болмаса,
Жалғыз шыбын шырқырап,
Басы жауда қалмай ма?!
Осыларды, ағеке-ау,
Ойласаңыз болмай ма?!
Ағасы қалса, іні алар,
- 1600 Інісі қалса, аға алар.
Қиыншылық күн туса,
Сен байғұсты кім алар?!
Осыны айтып Әділге,
Қарындасы жылады,
Сапарын жөне сұрады.
Қарындасын қия алмай,
Көзінің жасын тия алмай,
Неғыларын біле алмай,
Қайғыланып тұрғанда,
- 1610 Бесін уақты болғанда,
Әділдің досы Қарасай,
Бір қиялды ойлады,
Астындағы Қызыл ат
Секіріп көкке ойнады.
«Аламан!» — деп ақырып,
Әділ ханды шақырып,
Қолды тегіс жинады.
Қызыл, жасыл екі ту,
Көтеріп қолға алады.
- 1620 «Хан Мамай!», — деп ақырып,
«Орақ!» — деп ұран салады.
«Орақ!» деген дауысқа
Сүйегі қызып Әділдің,
Жауға аттанған басшысы
Қырық мың қолдың бөрінің.

- Жаста болсаң әр жерге,
Кетіп еді дабылың.
Қызылбас мықты ел дейді,
Жоқ еді сенің аға-інің.
- 1630 Жауға кетіп барасың,
Екі көзің мөлтілдеп,
Желке айдарың желкілдеп,
Мұңды болған бишара
Шешесі тұр еңкілдеп.
Қол жөнеліп жатқанда
Анасы жылап келеді,
Көзінің жасын төгеді.
Емшектен аққан ақ сүті
Етегіне шұбырып,
- 1640 «Қарағым, тұр!» — деп жүгіріп,
«Жолығып кет!» — деп кідіріп.
Шешесін көріп ер Әділ,
Атынан түсе жылады,
Ананың қолын алады.
Сонда анасы толғады:
— Айналайын, шырағым,
Қызылбас болды құмарың.
Қызылбасқа барма деп,
Сапарыңды сұрадым.
- 1650 Жолы қиын сапар деп,
Барған ерге қатар деп,
Естуші еді құлағым.
Енді маған сен жоқсың,
Көрсетті өзі Құданың.
Сен кеткесін, қарағым,
Күнім болар бір қысым,
Қашан қонар жыл құсым.
Қорқытты мені, қарағым,
Ұйқыда көрген бір түсім.
- 1660 Құлыным едің, Әділім,
Барасың қайда, жалғызым?!
Емшегім сүті алдыңнан
Болып шықса ен дария,
Одан қайтып өтесің?!

- Бара жатқан жауыңның
Алты айшылық жолы бар,
Үш айшылық шөлі бар —
Бұған не амал етесің?!
Аспанменен тірескен,
1670 Бұлтпенен күрескен
Асқар биік тауы бар,
Қалмақтың мықты жауы бар,
Одан қайтып өтесің?!
Салған сарай қалаңды,
Қарындасың Блияны,
Толып жатқан дүнияңды,
Қайтып тастап кетесің?!
Сонда Әділ сөйледі:
— Жылама, ана, жылама,
1680 Жыламай көңіл тына ма!
Осы шыққан жолымнан,
Сапарымды сұрама.
Сұрағанша жолымды,
Сыйына бер Құдаға.
Көңіліне жедел енгесін,
Бармай көңілі тына ма?!
Басшы болып шыққан соң,
Бармай қалып бола ма?!
Бір төуекел өтермін,
1690 Бармай қалсам бекермін.
Осынша қолдың ішінде
Бір жанымнан қорқып,
Қайтіп елге кетермін!
Қызылбастың еліне
Бұрынғы өткен ерлердей,
Алты ай жүріп жетермін.
Алдымнан шықса қиын жол,
Бұзып жарып өтермін.
Көзіңнің жасы көл дария,
1700 Болып шықса алдымнан,
Қырық мың әскер қолменен
Көпір салып өтермін.
Алты айшылық жол болса,

- Алты айшылық азықпен
Қызылбасқа жетермін.
Үш айшылық шөл болса,
Жай бұлтты жаудырып,
Әскерімді қандырып,
Одан да аман өтермін.
- 1710 Аспанменен тірескен,
Бұлтпенен күрескен
Асқар биік тау болса,
Жалғыз аяқ жол болса,
Әскерімді шұбыртып,
Одан да ептеп өтермін.
Қызылбас мықты ел болса,
Қырық мың әскер қолым бар,
Қол бастаған ерім бар,
Сақтайтұғын пірім бар,
- 1720 Барып сойқан етермін,
Қиын да болса сол жолға!
Уайым етпе, анам-ай,
Түс түлкінің боғы еді,
Айтып кеткен бабам-ай,
Қорықпа түстен, анам-ай,
Тапшы қылып жаратты
Іні менен ағаға,
Қайдан іздеп табайын!
Сапарымнан қалмайын,
- 1730 Көп кідіріп тұрмайын,
Ұлықсат берші маған-ай!
Ылияжанды ерітіп,
Қайта бер, ана, қалаңа-ай,
Батаңды берші балаңа-ай,
Қырық мың әскер ноғайға
Басшы қылып қойғасын,
Бармай қайтіп тұрайын?!
Қол жөнеліп барады,
Ұлықсат сізден сұрайын.
- 1740 Жазатайым іс болса,
Қайрылмастай күш болса,
Таңда маһшар күнінде

- Өзім іздеп табайын.
Осылайша ер Әділ
Анасына толғады.
Қанша айтса да екеуі,
Әділ оған болмады.
Сол жерде өліп кетсе де,
Айтқан тілін алмады.
- 1750 Батасын берді анасы,
Болмағасын баласы.
Екеуінің көзінің
Ағы менен қарасы.
— Кеткеніңе жылайын,
Жарылғасын Құдайым!
Жазып қойдың қағазға,
Сақтай көр енді панаңда.
Кетіп барад қалмаққа
Әділ жалғыз балам да.
- 1760 Жеті көміл пірім-ай,
Жеті пірдің ішінде
Ақ шалмалы бір, Әділ,
Пірің еді, шырағым,
Қысылған жерде жадыңа ал,
Ұмытпа, балам, осыны,
Көрмейсің сонда қиынды.
Айтып-айтып тарқаттым,
Ішімдегі шерімді.
Ұмытпа, балам, Әділім,
- 1770 Жеті ғайып піріңді.
Сені қайтып келгенше,
Жүзіңді аман көргенше,
Көре алмаспын тынымды.
Бір Аллаға тапсырдым,
Әділ жалғыз құлынды.
Анасы Аққа қол жайып,
Батасын беріп жылады.
Анасының батасын,
Әділ тұрып тыңдады.
- 1780 Көзінің жасын тимайды,
Екеуін де қимайды,

- Тұруға енді болмайды.
«Орақ!» деп ұран шақырып,
Ағын судай сапырып,
Қиғаш тауға бет алып,
Қол жөнелді жапырып,
«Орақ» деген дауысқа
Әділ шыдап тұра алмай,
Анасымен қоштасып,
1790 Бұ да кетіп барады.
Екі мұңды жыласып,
Блажы құрып қалады.
Кетіп барад ер Әділ
Бұрынғы өткен ерлердің
Бара алмаған жеріне.
Екі мұңды жыласып,
Әділменен қоштасып,
Қайтып кетіп барады
Қырымдағы еліне.
1800 Жасынан-ақ Әділдің
Келмеген дұшпан шеніне,
Жалғыздығы болмаса,
Тас қайнаған деміне.
Әскер де көшіп жөнелді,
Аман жолға келеді.
Көп жасаған Қоянақ
Көпті көрген кәрі еді.
Көрген жерін білетін
Көңілі сергек ер еді.
1810 Адастырмай әскерді,
Қолды бастап келеді.
Бірнеше ай жол жүріп,
Азғана емес мол жүріп,
Бір күн тал түс болғанда,
Алты ай мерзім толғанда,
Қамысты көл, құрғақ көл,
Айналасы қияқ көл,
Қоянақ қартқа сынақ көл —
Осы көлдің басына
1820 Әскер келіп құлады.

- Шаршап келген көп әскер,
Көлге келіп қонады.
Алдындағы Қиғаш тау,
Аспанменен тірескен,
Бұлтпенен күрескен
Мұнарланып тұрады.
Әділдің көзі шалады,
Сонда есіне түседі
Жалғыздықтың жаманы.
- 1830 Жалғыздық түсіп есіне,
Тұра алмады табаны.
Қарасай мен Қазиды
Шақырып Әділ алады.
Достына ақыл салады:
— Екі досым сен едің,
Сіз — атадан екеусіз,
Мен атадан біреумін.
Ендігі жерде, достарым,
Сіз екеуің — тірегім.
- 1840 Әуелде елден шыққанда,
Айтқан сөзің шын болса,
Ердің сөзі бір болса,
Сол сөзінде тұр деймін.
Жалғыз аяқ тар жолға,
Түсейін деп біз тұрмыз,
Достым, жауап бер деймін.
Қарасай сонда сөйледі:
— Әділ достым, сен едің,
Сенің достың мен едім.
- 1850 Осы қырық мың әскердің
Билігін саған беремін.
Жалғызбын деп жабықпа,
Жолды көріп тарықпа.
Сыртыңнан бағып жүрейін,
Біздер достым сау болсақ,
Қысылған жерде көмегің,
Бөтен емес тілегім.
Бұрынғы айтқан сертіміз,
Екі айтпайды ер деймін,

- 1860 Ердің сөзі бір деймін.
Қол билігі өзінде,
Қырық мың әскер ізінде,
Жолды бастап жүр деймін.
Жіберіп бұрын қарауыл,
Жол хабарын біл деймін.
Осылайша келісіп,
Достық көңілін білісіп.
Қарауыл қарап қайтуға,
Жол хабарын айтуға
- 1870 Қоянақ сынды қарыны
Шақырып алды қасына-ай.
Сөйледі Әділ осылай:
— Көп жасаған Қоянақ,
Неспе емес, бәрі нақ.
Қартайсаң да, қартымыз,
Бересің жауға тиянақ.
Қоянақ қартым, кел деймін,
Жолдас алып қасыңа,
Тауды барып көр деймін,
- 1880 Таудан құлап тар жолдың
Хабарын дұрыс бер деймін.
Осы сөзді айтты да,
Серікке және сөйледі:
— Айсадан туған серігім,
Осындай жерде керегім.
Серігім келді дегенде,
Осындай қиын тар жолда
Пайдасы тиер деп едім.
Қоянақ қартқа еріңіз,
- 1890 Таудың қиын бағдарын,
Жалғыз аяқ жолдарын
Өз көзіңмен көріңіз.
Өтірік дәлел таппастан,
Шетіне барып қайтпастан
Шын хабарын беріңіз.
Жұмсағасын екеуін,
Тұлпарына мінеді,
Қаруларын іледі,

- Алладан жәрдем тіледі.
1900 Сәрсенбі күн сәскеде
Қиғаш тауға жүреді.
Бұрынғы келген Қоянақ
Жолды жақсы біледі.
Қиғаш таудың бауырына
Салып жетіп келеді.
Жалғыз аяқ тар жолды
Екі батыр көреді.
Қиын жолды көргесін,
Батыр да болса бұлардың,
1910 Көңіліне қайғы енеді.
Батылы барып кірмеді,
Кірейін десе сенбеді.
Көп жасаған Қоянақ
Мұндай қиын тар жолды
Өмірінде көрмеді.
Кіркесе де ішіне,
Жолдың түрін серледі.
Бұрғымен тескен тесік жол,
Жалғыз аяқ нешік жол.
1920 Ойлап келіп қарасам,
Ерге мүшкіл кесір жол.
Атаңа нәлет, қызылбас
Қалап салған тесік жол!
Кіретін болсақ осыған,
Құрулы екен бізге тор.
Қызылбаспен соғысу —
Маңдайымызға болды сор.
Осы сөзді айтты да,
Атының басын бұрады.
1930 Екі батыр кеңесіп,
Уайым айтып тұрады.
Кіркесе де тар жолға,
Жолдың түрін байқады.
Бұған кіріп болмас, — деп,
Кірген адам оңбас, — деп,
Қоянақ басын шайқайды».
Қасындағы ер Серік,

- О да уайым айтады.
Жолдың көріп бағдарын,
1940 Тау басынан қайтады.
Екеуі қайтып келеді,
Қиғаш таудың хабарын
Әділге келіп береді.
Қоянақ сонда сөйледі:
— Бір жейтұғын жем үшін
Қаршыға барып түседі
Саяттың құрған торына.
Саят аңшы дегендей,
Қуанады адамзат
- 1950 Жеті мүше сауына.
Барып келдім, Әділім,
Қиғаштың Алатауына.
Бара алмайтын жер екен,
Алдырмайтын жау екен.
Қараспанның қарасы,
Есіткеннің бөрі рас.
Қаратауға қарасам,
Биіктігі тағы рас.
Қалықтап ұшқан қара құс
- 1960 Тікелей барып шыға алмас.
Бауырын байқап қарасам,
Төрт тұяқты ат түгіл,
Құс та ұшып қона алмас.
Биік ұшпа, қызыл құж,
Ат бауырлап шығалмас.
Бұрғымен тескен жолы бар,
Адам басып кіре алмас.
Жалғыз адам болмаса,
Екі адам қатар жүре алмас.
- 1970 Сондай қиын жол екен,
Алдырмайтын ел екен.
Тілімді алсаң, қайтайық,
Барса-келмес жер екен.
Бұрын ешкім келмеген,
Аттанып жүрген сен екен.
Жолды барып серледім,

- Жалған айтар мен бе едім?!
Жалғыз аяқ тар жолға,
Батылым барып кірмедім.
- 1980 Кірейін десем сенбедім,
Мұндай қиын тар жолды
Өмірімде көрмедім.
Қол бастаған, ер Әділ,
Ендігісін өзің біл,
Алдырмайтын ел деймін.
Сонда Әділ сөйледі:
— Қоянақ қартым, не дейсің?
Жолды оңды демейсің.
Таудан құлап жолменен,
1990 Көрмей әскер қолменен,
Таудың жолы үңгір деп,
Елге қайтар дермісің?!
Неге түсіп көрмейсің,
Қырық жыл қырғын келсе де,
Ажалдан бұрын өлмейсің.
Кірмегесін ішіне,
Жол мәнісін білмейсің.
Жолдың арғы шетіне,
Қызылбастың кентіне
- 2000 Неге барып келмейсің?!
Тау басынан қайтыпсың,
Және өтірік сөйлейсің.
Анықтап көріп көзіңмен,
Сүйтіп келіп хабарын,
Қартым, неге бермейсің?!
Айсаның ұлы Серігім,
Ертіп сені жібердім,
Қоянақ қарттың қасына.
Ер деп сені жүрсем де,
- 2010 Жоқ ұқсайды керегің.
Енді байқап қарасам,
Қорқақ екен жүрегің.
Осыны айтып болды да,
Ахметке толғады:
— Бұрынғы барған қарауыл

- Көңіліме толмады,
Жауаптары болмады,
Талаптары оңбады.
Айтқандары олардың
- 2020 Құлағыма қонбады.
Ал, Ахмет, Ахмет,
Алладан болсын рахмет.
Жолды байқап келуге
Жаманға қиын ақырет.
Бұйырамын тар жолға,
Айтқанымды мақұл ет.
Өлімге басты байлаған,
Қолтығына қол салып,
Айдаһарды торлаған —
- 2030 Сен қашаннан ер едің,
Артық туған шер едің.
Осындай қиын тар жолда
Пайдасы тиер деп едім.
Қиын жолда болмаса,
Пайдаңды қашан көремін.
Алабас атқа мін деймін,
О да болса ел деймін.
Қоянақ қарт пен ер Серік —
Олар қорқып кірмеді,
- 2040 Хабарын дұрыс бермеді.
Көрмегесін тар жолды,
Сөзіне адам сенбеді.
Ал, Ахмет, сен, — деді,
Бұйырамын мен, — деді.
Жалғыз аяқ тар жолдың
Ішіне кіріп көр, — деді.
Жолдың көріп бағдарын,
Хабарын дұрыс бер, — деді.
Бұйырғасын Ахмет
- 2050 Алабас атқа мінеді,
Беліне қару іледі.
Алабасты қамшылап,
Алтын туы жалтырап,
Тауға қарап жөнөді.

- Қиғаш тауға Ахмет
Салып жетіп келеді.
Тау жағалап шабады,
Оттай қаулап жанады.
Бұрғымен тескен тар жолды
- 2060 Мұның да көзі шалады.
Тау басынан еңкейіп,
Жолды байқап қарады.
Жалғыз аяқ тесік жол,
Адам кірмес нешік жол —
Таң-тамаша қалады.
Кірейін десе сене алмай,
Тау басынан байқады.
Жалғыз аяқ тесік жол,
Мұның да тауы қайтады.
- 2070 Ер де болса кіре алмай,
Кірейін десе сене алмай,
Бұ да уайым айтады.
Қоянақ қартым ер екен,
Көргенін айтып жүр екен.
Жолдың қиын жаманы,
Жалған емес шын екен.
Ағайыннан әл кетпей,
Шыбын жаннан баз кешпей,
Жан жүрмейтін жол екен.
- 2080 Жолды көріп Ахмет,
Батылы барып кірмеді,
Кірейін десе сенбеді.
Кірмесе де тар жолға,
Сыртынан байқап серледі.
Жолды анықтап байқады,
Қатты уайым айтады.
Тар жолға батып кіре алмай,
Жүрегі шыдап тұра алмай,
Ахмет кейін қайтады.
- 2090 Өділге жетіп келеді,
Келіп хабар береді:
— Жұмсаған, Өділ, сен едің,
Жауға барған мен едім.

- Жалғыз аяқ тар жолды
Көріп кел маған деп едің.
Жұмсағасын бұйырып,
Тауға қарап жөнелдім.
Бұрғымен тескен тар жолды
Тау басынан серледім,
2100 Ішіне барып кірмедім,
Кірейін десем сенбедім.
Қоянақтың айтқаны —
Жалған емес, шын дедім.
Тілімді алсаң қайталық,
Алдырмайтын ел деймін.
Ендігісін өзің біл,
Жолдың түрі сол деймін.
Сонда Әділ сөйледі:
— Ай, Ахмет құрмағыр,
2110 Қорқақ па едің, оңбағыр?!
Бүйтіп тірі жүргеннен
Бүгін Құдай оңдағыр.
Ер болғаның осыма-ай,
Қайта бер енді қосыңа-ай.
Айдаһарға қол салып,
Барлаған болсаң шошыма-ай.
Айдаһар деп жүргенің,
Өлген жылан болған-ай.
Ерден сені жібердім,
2120 Жүргенің айтып осыма-ай,
Адам қоспай қасыңа-ай.
Тесіктен қорқып келгенің,
Блайық па басың-ай.
Кірер едің тар жолға,
Ер болсаң егер асыл-ай.
Жаһан болат дегенім,
Болып жатыр жасық-ай.
Тар жолға батып кіре алмай,
Жол хабарын біле алмай,
2130 Келгенің қорқып қашып-ай.
Қанды Орақтың баласы,
Бар болсаң келші, Қарасай.

- Жақсы менен жаманның
Ашылып жатыр арасы-ай.
Қарасай, өзің бармасаң,
Батырмын деп жүргеннің
Белгілі болды шамасы-ай.
Қарасай-Қази болмаса,
Құрыды жұрттың шарасы-ай.
- 2140 Тесік жолға кіре алмай,
Ар жағын серлеп біле алмай,
Болды жұрттың таласы-ай.
Қаратауды көргенде
Таудай болған батырлар
Болып қалды аласа-ай.
Таудың жолы тар, — дейді,
Бүгін жейтін ал, — дейді,
Қызылға тоқым сал, — дейді.
Орақтан қалған қызыл ту
- 2150 Желбіретіп ал, — дейді.
Барғандар қорқып кірмеді,
Тар жолға өзің бар, — деді.
Артық туған Қарасай,
Асыл ердің баласы-ай,
Айтуына мұң екен,
«Жұмсағай» — деп тұр екен.
Табан жолдың ішіне
Кірмейтұғын себебі —
«Барса-келмес» жер екен.
- 2160 Қызылға мініп алады,
Тар жолға кетіп барады.
Тауға жетіп барғасын,
Жалғыз аяқ тар жолды
Мұның көзі шалады.
Атын кесе қаңтарып,
Түріне жолдың қарады.
Таңғалдырды қиын жол
Қарасайдай баланы.
Қайғыланып Қарасай,
- 2170 Орақтың туған баласы-ай,
Сонда тұрып сөйледі:

- Ай, Жаратқан Құдайым,
Өзіңнен жәрдем сұрайын.
Жігітке пайда бермейді
Көп ойлаған уайым.
Тау үстінде тұрмайын,
Кірмей қайтсам тар жолға,
Мен Орақтан тумайын.
Неде болса кірейін,
2180 Маңдайымнан көрейін.
Айтып кеткен атамның
Бітірейін арманын.
Маған намыс ар болар,
Кірмей қайтып барғаным.
Мынау қиын жол екен
Кірген адам таба алмас.
Қиында болса кірейін,
Сақтаса Алла шаталмас.
Жолды кіріп көрмесем,
2190 Әділ хандай достыма
Жол хабарын бермесем,
Қарасай атым аталмас.
Кірмей қайтсам тар жолға,
Өлген атам ер Орақ —
Көрінде тыныш жата алмас, —
Деді дағы, Қарасай
Өлімге басын байлады.
Астындағы Қызылды
Айдап жолға салады.
2200 Жалғыз аяқ тар жолға
Қарасай кетіп барады.
Сол мезгілі кеш болып,
Үңгір болды қараңғы.
Екі көзі Қызылдың
Шамшырақтай жанады.
Түніменен жүреді,
Жол азабын көреді.
Бір уақтары болғанда,
Таң белгісін береді.
2210 Таң атқанда Қарасай

- Таудың арғы бетіне,
Жолдың шықты шетіне,
Жақындаған секілді —
Қорғасанның дуамен
Бекітіп қойған бентіне,
Бір азғана жер қалды.
Әділдің айтқан сертіне,
Сол жерде тұрып Қарасай
Жолдың түрін байқады.
- 2220 Қиын жолды көргенде,
Қарасай бір сөз айтады.
Көрмегенім көп екен,
Ахмет айтқан жөн екен,
Қоянақтікі шын екен.
Айтқанындай солардың,
Адам кірмес жер екен.
Қалмақтың жерін байқады,
Қолына белгі ала алмай,
Одан әрі бара алмай,
- 2230 Қарасай кейін қайтады.
Әділге жетіп келеді,
Келіп жауап береді:
— Көріп кел жолды деп едің,
Көріп келдім жолыңды.
Өтірік деме мұнымды,
Айтайын, Әділ, шынымды.
Бізге қайдан алдырсын
Өлген атам Орақтың
Бармаған жауы бұрынғы.
- 2240 Таудың шықтым бетіне,
Жолдың шықтым шетіне.
Көз жіберіп қарадым,
Қызылбастың кентіне.
Асқар биік тау екен,
Қызылбас мықты жау екен,
Жалғыз аяқ тар жолы
Бұрғымен тескен бар екен.
Таудан құлап қарасам,
Көріп қайтқан ерлердің

- 2250 Айтқан сөзі шын екен.
Одан әрі қарасам,
Жалпақ жатқан сор екен.
Сорға салған тас өткел,
Жалғыз аяқ жол екен,
Ар жағы терең көл екен.
Көлге жалғас ар жағы —
Алты қатар ор екен.
Ордың арғы жағына
Көз жіберіп қарасам,
- 2260 Он екі ханның елі екен.
Он екі ханның бастығы
Қорғасанның ұлы екен.
Дербент деген қаласы
Әр қаладан зор екен,
Жүруге жолың жоқ екен.
Анықтап келіп қарасам,
Жолының түрі сол екен.
Ат бауырын жаза алмас,
Ат омбалап шаба алмас,
- 2270 Орғыл-орғыл құм екен.
Құмның арғы жағына
Көз жіберіп қарасам,
Шалқып жатқан көл екен.
Айналасы айшылық,
Көлденеңі күншілік
Он екі ханның елі екен.
Он екі ханның бастығы
Қондыкердің ұлы екен.
Он екі жерден құрылған
- 2280 Хан белгісі бар екен.
Асты теңіз көл екен,
Үсті биік тау екен,
Ортасынан салдырған,
Дербент деген қала екен.
Дарбазасы темірден,
Күзеткен әскер бар екен,
Қаласы мықты зор екен.
Ойлап келіп қарасам,

- Алдырмайтын жау екен.
2290 Бізден де бұрын бұлармен
Соғысқандар бар екен.
Өткен жылдың жазында
Алпыс мың бар азында,
Қызылбаспен ұрысып,
Қырылып жатқан қынадай,
Жиюлы жатқан сынадай
Қырғыз деген ел екен.
Қызылбаспен ұрысып,
Қырылып қалған жер екен.
- 2300 Нелер асыл ерлердің
Бейіттері бар екен.
Ескерткіштер аман тұр,
Оларға тиген жоқ екен.
Қиғаш таудан тестірген,
Асты тас та, үсті тас,
Қара үңгір деген жол екен.
Алдымызда, ер Әділ,
Көретін азап көп екен.
Көріп келдім көзіммен,
- 2310 Ел көрер заман жоқ екен.
Осындай қиын жолы бар,
Жолдың арғы аузында
Тұлпардың тышқан боғы бар.
Бұған барған батырдың
Маңдайының соры бар.
Жолдың бергі аузында
Тақтайдай қара жолы бар.
Қара тастың бетінде
Арабша жазған хаты бар.
- 2320 Хатты оқып қарасам,
Бұрынғы өткен ерлердің
Бөрінің де аты бар.
«Ала алмадық біздер, — деп,
Келерсіз балдар сіздер, — деп,
Өлген атам Орақтың, —
Қарасай-Қази шабар», — деп,
Жазып кеткен анты бар.

- Өтірік емес біреуі,
Көргенім менің — осылар!
2330 Сонда Әділ сөйледі,
Сөйлегенде бұй деді:
— Сен ер емессің, бекерсің,
Тек бір жүрген есерсің.
Қолыңнан келер бір зат жоқ,
Құрғақ тілге шешенсің.
Тартып тумай Ораққа,
Азып туған екенсің.
Орақтан тудым дегенше,
Орманнан тудым десейші.
2340 Ерден тудым дегенше,
Жерден тудым десейші.
Асылдан тудым дегенше,
Масылдан тудым десейші.
Жаудан қорқып келгенше,
Сояқта жүріп өлсейші.
Ойламадым мен сені
Қорқып қашып келер, — деп.
Сеніп едім мен саған,
Тіл әкеліп беред деп.
2350 Жоқ жерден тауып бөлені,
Келіп тұрсың себеп деп.
Уайым салдың көп қолға,
Барған адам өлед деп.
Қуат берсең болмай ма,
Жауға аттанған ер жігіт,
Маңдайынан көред деп,
Қиын да болса көнед деп.
Ажал келсе Алладан,
Үйде де болса өлед деп.
2360 Жау қайтарар ер жігіт
Осындай жерде керек деп,
Жіберіп едім мен сені.
Кескір алмас ер ед деп,
Қалай да болса Қарасай,
Тіл әкеліп беред деп.
Мұнан дағы көп жақсы

Қой баққаның ауылда,
Жүгіріп жаяу дедектеп.

- Осы уақта ер Қази,
2370 Жатыр еді жамбастап,
Сөйлемейді бейбастақ.
Шыдамады сөзіне,
Қарамады көңіліне,
Сары жайдан атқан оқ
Тигендей болды өзіне.
Буырқанып, бұрсанып,
Көтеріп алды басын-ай,
Қатты келді ашу-ай.
2380 Сөйлеп тұрған Әділдің
Жетіп келді қасына-ай.
Ызаланып-долданып,
Сөйледі Қази осылай:
— Ау, хан Әділ, хан Әділ,
Тарта сөйле тіліңді.
Нашарлығың, хан Әділ,
Осы жерде білінді.
Тигізе берме тіліңді,
Өзімнен үлкен ағама.
Тіл тигізіп орынсыз,
2390 Қолыңды салма жағама.
Айтқаны рас ағамның,
Көзі көріп келіп тұр.
Жау екенін кәуіпті,
Қарасай көкем біліп тұр.
Жанған отқа түсе алмай,
Сол үшін қайтып келіп тұр.
Батырға да жан керек,
Орынсыз сөйлеу не керек?!
Сояқта өліп кеткенде,
2400 Ағаны маған кім беред?!
Орынсыз Әділ ұрындың,
Қорлығыңа кім көнед?!
Кімнің еркек, қатыны,
Кімнің қорқақ, батыры,

- Сыналатын күн жақын.
Белгілі болар ақыры,
Сен болсаң, күшің көрерміз —
Ноғайлының батыры.
Қорқақ болса, қайтейін,
2410 Әйтеуір, менің жақыным.
Қалмаққа өзім кетейін,
Тіл әкеліп бермесем,
Болайын сенің қатының.
Әркімдер де қолдайды,
Өзінің туған жақынын
Келгесін, Әділ, шешермін,
Бұл сөзіңнің ақырын.
Ау, Әділ хан, досым-ай,
Есіңде сақта осыны-ай.
2420 Жалғыз өзім кетейін,
Адам ертпей қасыма-ай, —
Деді дағы, ер Қазиді,
Қара атына мінеді,
Бірде шауып желеді.
Қызыл туын көтеріп,
Тауға қарап жөнелді.
Баруға қиын, кеш болды,
Әжептеуір іс болды.
Қазиді жолға шыққанда,
2430 Күн еңкейіп кеш болды.
Қас қарайып күн батты,
Қазиді бала түн қатты.
Жалғыз аяқ тар жолға
Түсіп алып, жол тартты.
Бір мезгілдер сарғайып,
Жарық болып таң атты.
Таудың келді бетіне,
Жолдың шықты шетіне.
Келе жатыр жақындап,
2440 Қызылбастың кентіне.
Келіп тұрған секілді,
Қорғасанның дуамен
Бекітіп қойған бентіне.

- Осы жерге келгенде
Күркіреп жүр жолында
Жолбарыс, аю, арыстан.
Көрінбейді қараса,
Қалың тоғай қамыстан.
Үстіне келіп қалғанда,
2450 Қазі тұра жабысқан.
Шауып өтіп барады,
Жақындамай алыстан.
Жабысқаны өлгесін,
Қашатын болды арыстан.
Ұмтылады Қазыға,
Айдаһар жылан ысқырып.
Астындағы Қара аты
Қан сиеді пысқырып.
Алмасымен кесіп барады,
2460 Ортасынан үш бөліп.
Қазы кетіп барады,
Ауазы көкті жарады.
«Қызылбастан ұстайтын
Тіл бар ма» деп қарады.
Қараса адам жоқ екен,
Қауіп-қатер көп екен.
Ойлап келіп қараса,
Адамзаттың баласы
Жүре алмайтын жер екен.
2470 Ала алмады жан тауып,
Жүре алмады жол тауып.
Олай-былай жүруге
Ерге болды зор қауіп.
Қайғы түсіп жүрекке,
Ауыз кетті тілекке.
Қазы келіп тірелді
Жан жүрмейтін түбекке.
Бара алмады ел тауып,
Қызылбастың еліне.
2480 Тіл ұстауға қызылбас
Көрінбеді көзіне.
Келіп тұрған секілді,

- Қарғасанның ат салып,
Келіп кеткен жеріне.
Осы жерде ер Қази
Жолдың түрін байқады.
Қиын жолды көргенде
Сонда бір жауап айтады.
Қарасай көкем ер екен,
2490 Көргенін айтып жүр екен.
Әділдің сөзін көтерген —
Қас әулие пір екен.
Абайламай сөз айтқан
Қас ақылсыз мен екем.
Қызылбастың еліне
Баратын жол жоқ екен.
Қызылбастан тіл алмай,
Бос қайтқаны сол екен.
Құралақан қайта алмай,
2500 Жалған сөзді айта алмай,
Тарығып Қази тұр екен.
Жылап тұрып Қазының,
Айтқан сөзі бұл екен:
— Ау, Жаратқан Құдайым,
Өзіңнен жәрдем сұрайын.
Өзің жәрдем бермесең,
Басыма түсті уайым.
Таудан қалай шығайын,
Тілді қайдан табайын?!
- 2510 Әділге не деп барайын —
Көрінбейді адамзат,
Қалыңға қалай шабайын?!
- Батыр Орақ ұлы едім,
Тәңірдің сүйген құлы едім.
Қызылбастан бір белгі
Әкелермін деп едім.
Ол тілегім болмады,
Басыма бақыт қонбады.
Талап етіп келсем де,
2520 Бұл талабым оңбады.
Келіспеді сапарым,

- Тілегім бер деп жыладым.
Өзің жәрдем бермесең,
Құрыды менің ылажым.
Қызылбастан бір белгі
Қолыма ұстап бармасам,
Әділге не деп барамын?!
Тілегімді, Алла, берсейші,
Көзімнің жасын көрсейші.
- 2530 Қызылбасты алдыма,
Тәңірім, айдап келсейші.
Осыны айтып болғанда,
Күн төбеден ауғанда
Тілегін Алла береді.
Көмір артқан түйеге
Қырық көмірші келеді.
Тарығып тұрған ер Қазы
Қабағын ашып күледі.
Атына мініп алады,
- 2540 Қызылбасқа барады.
Қол көтеріп бағынып,
Қызылбастар тұрады.
Қамап қойып қалмақты,
Қазы жауап сұрады.
Қызылбас сонда сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Бұл он екі ханның елі еді,
Әр патшадан зор еді.
Мұсылманның баласы
- 2550 Келе алмай жүрген жер еді.
Ноғайлының елінде
Әділ деген хан бар деп,
Қарасай-Қазы ер бар деп,
Қауіп содан көп еді.
Қызылбастың балгері
«Биыл келер», — деп еді.
Соның үшін біздің ел
Бір жылдан бері күтінген.
Алпыс мың әскер қолы бар,
- 2560 Реңкі жаман түтіннен.

- Он екі жерде ханы бар,
Темір төртіп заңы бар.
Дайындалған соғысқа
Миллиондаған жаны бар.
Тұлпар мініп ту алған,
Алмасын тасқа суарған,
Жауды көрсе қуанған,
Жау көрмесе суалған,
Кеудесі темір, басы тас,
2570 Орта жері шандырбас,
Шайқасқан жауын қалдырмас,
Он сегіз жасар талдырмаш —
Әшке деген дәуі бар.
Біздің елдің, қарағым,
Осындай мықты жауы бар.
Қалаға барып кіретін,
Әруақты ерлер жүретін
Жалғыз аяқ жолы бар.
Осы жолдың бойында,
2580 Қарқаралы ойында
Таутайлақ бар ақырған,
Жезтырнақ бар бақырған.
Бір абжор деген аңдар бар,
Әлемет пен пәлемет,
«Мұнда кел» деп шақырған.
Айдаһар шығар алдыңнан,
Құйрығымен тау сабап,
Дария суын сапырған.
Осы жерден өткенде
2590 Дүние жүзін шаң басып,
Аспан мен жер қарылған.
Бұдан әрі өткенде,
Қалаға барып жеткенде
Бес жүз ұста жыйдырған,
Жалғыз күнде құйдырған,
Он екі пар өгізбен,
Ашып-жауып тұратын,
Қос дарбаза және бар.
Қалмақтың салған қорғаны

- 2600 Бір Құдаймен барабар.
Бұл сөзім емес асырған,
Жасыруға болмайды
Сіздей асыл батырдан.
Патша болсын, ер болсын,
Ат ізін салып келген жоқ,
Көріп жүрмін жасымнан.
Әскерлері қырағы —
Күш жинаған бір жерге,
Он екі патша сұрамы.
- 2610 Биыл сізді келед деп,
Соғысу еді планы.
Біз бір жүрген пұқара,
Шыбын жанды сұраймыз,
Мұсылманның қыраны.
Осы жерде ер Қазидан
Қызылбасқа жолықты,
Хабарына молықты.
Төгіп тастап көмірін,
Айдап жолға салады.
- 2620 Ер Әділдің алдына
Шұбыртып айдап барады.
Қызылбастан тіл алды,
Әділ көріп қуанды.
«Жолы қандай екен», деп,
Ер Қазидан сұрады:
— Қарасай, Қазидан ердің,
Екі досым сен едің.
Қызылбастан бір белгі
«Әкелермін», деп едің.
- 2630 Алып келдің белгіні,
Қабыл екен тілегің.
Атаң Орақ ер еді,
Ылайығың сол еді.
Сенен басқа батырлар
Уайым айтып келеді.
Қызылбастан бір белгі
Алып келдің сен, — деді,
Көңілдендім мен, — деді.

- Жолы қандай көрінді,
2640 Елі қандай көрінді,
Хабарыңды бер?! — деді.
Сонда Қази толғады,
Жол хабарын қозғады:
— Оңай деп жолды иланба,
Жол хабарын сұрама,
Өзің барып көрерсің,
Көрмей көңлің тына ма?!
Тәуекел етпей әр іске
Ер құмардан шыға ма?
- 2650 Барған адам ер екен,
Көргенін айтып жүр екен.
Басқа уайым салатын
Жалғыз аяқ жол екен.
Таудың бардым бетіне,
Жолдың шықтым шетіне,
Жете алмаса, ерге өлім,
Қызылбастың кентіне.
Қиын да болса сол жолды,
Анықтап барып көргенмін.
- 2660 Жалған айтар мен бе едім?!
Зер салып келіп қарасам,
Ат жазылып шаба алмас,
Ат омбалап шыға алмас,
Орғыл-орғыл құм екен.
Құмнан өтіп қарасам,
Терең батпақ сор екен.
Сорға салған тас өткел
Жалғыз аяқ жол екен.
Сордан да өтіп қарасам,
- 2670 Шалқып жатқан көл екен.
Көлге жалғас қазулы
Алты қатар ор екен.
Қазған ордың аржағы,
Айналасы айшылық,
Көлденеңі күншілік
Он екі ханның елі екен.
Он екі ханның бастығы —

- Қондыкердің ұлы екен.
Дербент деген қаласы
2680 Әр қаладан зор екен.
Кірер жерде қалаға,
Көмір артып алдымда,
Қырық көмірші жүр екен.
Қолыма белгі алғаным,
Одан әрі бармадым.
Көргендерім — осылар,
Айтпаймын сөздің жалғанын.
Сонда Әділ сөйледі,
Сөз мәнісін бұзды енді:
2690 — Сен Орақтың баласы —
Асыл ердің данасы.
Өз басына бермесе,
Не болады жігіттің
Атасы менен анасы?!
Атаң Орақ болса да,
Туыпсың жаман шамасы.
Сенің айдап келгенің
Қаңғырып жүрген көмірші,
Мұнан да сендер өлсеңші.
2700 Батыр болсаң, сен, деді,
Қызылбастың елінен
Бір қыз алып келмедің.
Қиын жолды көргесін,
Сенің де қорқып келгенің.
Сонда Қазы толғады,
Сөйлемеске болмады:
— Қайдан білдің кемімді?!
Білмейсің ата тегіңді,
Қатты-қатты сөз айтып,
2710 Қалдырып тұрсың көңілді,
Ата-тегің кім еді?!
Тегіңде ерлік жоқ еді,
Қайдан таптың ерлікті,
Бересің кімге кемдікті?!
Менің атам — Едіге
Ата жауын жаулаған.

- Егескен ханды өлтіріп,
Басын кескен деп еді.
Сенің атаң Махамбет,
2720 Тегінде ерлік жоқ еді.
Перзент үшін зар жылап,
Қаңғып өткен деп еді.
Арғы атаң сенің Махамбет —
Қой бағып қойы құрттаған,
Жұмырдан айран ұрттаған.
Әкеңе байлар ақырса,
Жоқ еді жері ықпаған.
Батырсып маған сөйлейсің,
Түбінде ерлік шықпаған.
- 2730 Осы жерден мен қазір
Шұбар атқа мінейін,
Шұбалаңдап желейін.
Атаң болса батыр-ай,
Мінші Әділ атыңа-ай,
Өлшеуіңді көрейін.
Өз обалың өзіңе,
Сазаңды сенің берейін.
Осыны айтып ер Қазиде,
Орақтың туын алады.
- 2740 Таласып тұрған тар жолға
Қолды бастап барады.
Жалғыз аяқ тар жолға
Әскерді айдап салады,
Зордан құлап болады.
Сол уақтарда ер Әділ
Жолды байқап қарады.
Жолдың қиын екенін
Көзі көріп нанады.
Жанашыры болмаса,
- 2750 Жалғыздықтың жаманы —
Жалғыздық түсіп есіне,
Тұра алмады табаны.
Қарасай-Қазы досына,
Сөйлеп Әділ жылады:
— Қарасай-Қазиде, ер едің,

- Екі досым сен едің,
Сіз екеуің болмаса,
Жоқ еді менің сенерім.
Қиын жолды көргесін,
2760 Қайғыланды жүрегім.
Қайғыланбай қайтейін,
Алды-артымда дымым жоқ,
Жанашырға кем едім.
Басыма қиын іс түссе,
Екі досым ат салып,
Алып шығар деп едім.
Енді жауға кіресіз,
Ат құйрығын өресіз.
Екі досым сендерге
2770 Көңлімді айтып білдірдім —
Ендігісін, достарым,
Өздерің ойлап, біліңіз.
- Сонда Қази толғады:
— Әділ досым сен едің,
Сенің досың мен едім.
Қарасай жауда қалғанда
Сені алармын деп едім,
Бұрынғы ойым сол еді,
Ол көңілді білмедің.
2780 Кем тудың деп атадан
Тіл тигізіп сөйледің.
Қынап салдың көңіліме,
Талабыңнан көрерсің.
Өз обалың өзіңе,
Жүре бер, Әділ, жөніңе,
Келтірме бірақ көңіліңе.
«Орақ!» деп жауға шабармын,
Шұбыртып айдап салармын.
Мұсылманның ары үшін
2790 Жауда қалсаң, Әділім,
Сонда іздеп табармын.
Ер Әділ сонда сөйледі:
— Бұл дүнияға келген соң,

- Аяқ басып жүрген соң,
Өлерімді білгенмін.
Мен атадан туғансын,
Беліме жарақ бұғасын
Жалғыздыққа көнгенмін.
Атадан жалғыз болсам да,
2800 Қайратыма сенгенмін.
Туысқансыз тәуекел,
Жолдас болып жүргеннен,
Жақсы емес пе одан да,
Жауға барып өлгенім! —
Деді дағы, ер Әділ
Ызаланып долданды,
Алтын туын қолға алды.
Тас өткелдің аузына,
Көп әскерге қарамай,
2810 Жалғыз шауып барады,
Досына көңлі қалады.
Қази көріп шапқанын,
Атына мініп алады.
Баратқан шауып Әділге:
«Тұр», — деп айқай салады.
Қуып келіп соңынан,
Сонда Қази толғады:
— Әділ, қайда барасың,
Жолға неге шабасың?!
- 2820 Жол менікі шабайын,
Менен қалай аласың?!
Аламын деп жүргенде,
Құр далада қаласың.
Менен бұрын жол алмақ,
Қала бұзып, қала алмақ,
Келмес, Әділ, қолыңнан,
Аулақ кет, Әділ, жолымнан,
Жолымды беріп өзіме,
Ере бер, Әділ, соңымнан.
- 2830 Сонда Әділ сөйледі:
— Шапқан Әділ тұра ма,
Атының басын бұра ма.

- Өзі болған жігіттің
Ата-тегін сұрама.
Қорлыққа Өділ көне ме,
Қаза жетпей өле ме?
«Жол менікі» дегенге
Қорқып жолын бере ме?
Жолымды қорқып бере алман,
2840 Қорлығыңа көне алман,
Енді саған сене алман.
Сендер екеу, мен жалғыз,
Жалғыз да болсам тұра алман.
Қорқып беріп жолымды,
Ізіңе сенің ере алман.
Сенен қорқар мен емес,
Ерлігім сенен кем емес,
Қорқытар жігіт сен емес.
Қорқып беріп жолымды,
2850 Дұшпанға болман келемеж.
Сенен қорқар мен бе еді,
Ерлігім сенен кем бе еді?!
Мықты болсаң тартып ал,
Ал жолыңды бермеді! —
Деді дағы, ер Өділ
Қайрылмады жолынан.
Алтын туын көтеріп,
Тастамады қолынан.
Ұрысайын деп керісіп,
2860 Қазидың шықты оңынан.
Атайын деп бір жебе
Суырып алды оғынан.
Екеуі жолға таласты,
Салуға қару қарасты.
Достықты бұлар бұзғанын,
Таласып жолға тұрғанын
Қарасай батыр біледі —
Ол ақылға кең еді.
Өзім барсам, болмас деп,
2870 Екеуі де тұрмас деп,
Қоянаққа келеді,

- Келе сөйлей береді:
— Жол бастаған, ағам-ай,
Көрейін бе тұрып ананы-ай.
Қази менен Әділдің
Таласып жолға тұрғанын,
Тапсырамын саған-ай.
Екеуі еді,
Екеуінің біреуі
2880 Болса еді жаман-ай.
Екеуі екі көзім-ай,
Менің өтпес сөзім-ай.
Өзім барсам осыдан,
Інісіне Қарасай
Болысуға келді деп,
Досымның келер көңліне-ай,
Қойеке, жылдам бара гөр,
Көңіліне сана сала гөр.
Ұрыстырмай екеуін
2890 Тату қылып ала гөр.
Көпті көрген көне едің,
Сен ақылға дана едің.
Ақылменен, Қойеке,
Тату қылып жібер деп,
Тапсырып тұрған мен едім.
Ұрыстырмай екеуін
Жарастырар деп едім.
Бұл сөзді естіп Қоянақ,
Боз тұлпарға мінеді.
2900 Қази менен Әділге
Қартың жетіп келеді,
Келе сөйлей береді:
— Қырымның ханы жас Әділ,
Қырық мың қолға бас Әділ!
Табан жолға таласып,
Достыңменен, шырағым,
Болып тұр ма қас, Әділ!
Асыл туған Әділім,
Әр жерге кетгі дабылың.
2910 Ешкім өлшеу ете алмас,

- Алланың берген бағына.
 Қырық мың әскер қол, — деді,
 Қол бастаған сен, — деді,
 «Жол менікі» дегенің,
 Сенікі де жөн, — деді.
 Жөн де болса, ер Әділ,
 Достыңа жолың бер, — деді.
 Басыңа қиын іс түссе,
 Пайдасы тиер ер, — деді.
- 2920 Әділді сөзбен тоқтатып,
 Қазига жетіп келді енді.
 Алдымдағы, ер Қазиге,
 Жолын берді ер Әділ,
 Тұрмаймысың сен, — деді.
 Арғы атаңды сұрасаң,
 Баба түкті шашты Әзиз —
 Әулие шайқы пір еді.
 Одан туған Едіге
 Кереметті ер еді.
- 2930 Нұрадын мен ер Мұса,
 Бұлар кімнен кем еді?!
 Сенің атаң ер Орақ,
 Едіге ердің сойы еді.
 Қарсыласқан хандардың
 Тай-құлындай тамытып,
 Басын кесті деп еді.
 Атаң Орақ болғасын,
 «Жол — менікі» дегенің,
 Сенікі де жөн еді.
- 2940 Жолыңды алдың, ер Қазиге,
 Жолың болсын, оң деді.
 Ашуыңды тастап көрісіп,
 Достыңмен тату бол, — деді.

Ал енді Қоянақ екі батырды татуластарып, дос қылады. Қырық мың әскер жалғыз аяқ тар жолға сыймайды. Соның үшін әскерді үш бөледі. Он төрт мың қолға Қарасай-Қазиге бас болып жолға түсіп кетеді. Он төрт мың қолға Әділ бас болып, Қарасай-Қазидың ізінен кетеді. Он үш мың қолға Ахмет бас

болып, ол сол жерде тұрып қалады. Енді Қарасай-Қази, Өділ үшеуі тар жолға түсіп кете тұрсын, ізде қалған Ахмет жалғыз аяқ тар жолға кірмей, «кейін қайталық» — деп әскеріне қарап айтып тұрған жері.

- Ахмет батыр сөйледі:
 — Қол бастаған Қоянақ,
 Құладың таудан қиялап.
 Жалғыз аяқ тар жолға
 Әскерімді түсірмей,
 Қайтуға тұрмын ой-ойлап.
- 2950 Осы жерге келгенде,
 Тас өткелді көргенде,
 Әскер болды үш бөлек.
 Жау қамаса тар жолда,
 Сонда бізге күш керек.
 Ақылдасып қайтуға,
 Болашақ істі айтуға,
 Өзіндей бізге ер керек.
 Отқа түсу тірідей,
 Қойеке, осы не керек?!
- 2960 Он төрт мыңға қолға бас болып,
 Қарасай-Қази ер кетті.
 Әскерін қойдай шұбыртып,
 Өткелден аман бұл кетті.
 Айқын сордың ішінен
 Жалғыз аяқ жол кетті.
 Қызылбас жауы қамаса,
 Біз көрерміз бейнетті.
 Қарасай-Қази ер еді,
 Едіге ердің сойы еді —
- 2970 Жаумай, сірә, ашылмас!
 Орақ пенен Мамайдың
 Қарасай-Қази ұлы еді,
 Дұшпаны оған бас ұрмас.
 Өздері аман тұрғанда,
 Әскерін жаудан қашырмас,
 Толса да тасып, шайқалмас.
 Шар болаттың сойы еді,

- Қысқа кесіп қайта алмас.
Қызылбастың жауынан
2980 Жеңілем деп айта алмас.
Қарланып шабар қалаға,
Қаланы бұзып алады.
Соңынан кеткен Әділдің
Қамауда қолы қалады.
Қамап алып тар жолға,
Шығармайд қолын далаға-ай.
Осы сапар ер Әділ
Асылық етіп барады-ай.
Осы айтқаным болмасын,
2990 Әділ жауда қалмасын.
Қарасай-Қази қос батыр
Қызылбасқа барғасын,
Қызылбастың әскері
Тауға қарай салмасын.
Жалғыз аяқ тар жолды
Бізден бұрын алмасын.
Қырымнан келген көп әскер
Қамауда, сүйтіп, қалмасын.
Осы жерден қайталық,
3000 Болатын істі айталық.
Бұрын барып тар жолдың,
Аузын барып байқалық.
Тауға жылдам баралық,
Тау басынан қаралық.
Қызылбас көрер күн болса,
Бұл айтқаным шын болса,
Осы жерде іс болар.
Аламанды алдырмай,
Біреуін жауда қалдырмай,
3010 Аман алып шығалық.
Бәріңе айтқан кеңесім
Баспалық жаудың жебесін.
Қол бастаған, Қоянақ,
Қартым қалай көресің?
Мақұл десең, Қойеке,
Кейін қарап жүресің.

- Сонда қартың сөйледі,
Сөйлегенде бұй деді:
— Қоянақ қартың мен едім,
3020 Көпті көрген көне едім.
Бұл сөзіңді, Ахмет,
Мен де мақұл көремін.
Көргенменен апырай,
Бір қарамай артыңа-ай,
Кейін қайтып кеткенің,
Ылайық па басыңа-ай?!
Қарасай, Қазі, жас Әділ
Жан жолдасың емес пе?!
Хабар алмай солардан,
3030 Барасың кейін, қайтіп-ай?!
Бір хабарын алсайшы,
Қарағым, бүгін жатып-ай.
Ахмет сонда сөйледі:
— Ау, Қоянақ қартым-ай,
Амандық ерге артық-ай!
Түспелік деп сор жолға,
Айтып тұрмын ақыл-ай.
Жау қамаса тар жолда,
Сорға түсіп, қырылар
3040 Ізіңе ерген халқың-ай.
Әскерің қалар тұтылып,
Боз тұлпармен Қойеке,
Кетерсің өзің құтылып.
Өзің аман шығарсың,
Әскеріңді қырарсың.
Әскеріңді қырдырып,
Көп ұятқа қаларсың,
Қас масқара боларсың,
Ізіңе ерген әскердің
3050 Обалына қаларсың.
Қартым, ойлап қарашы,
Осы айтқаным — боларсың!
Ахмет ақыл айтады,
Ақылмен алдын байқады.
Қоянақ қарт та түсініп,

- Бұ да кейін қайтады.
 Қарасай — Қазиекеуі
 Қазбан деген қаланы
 Мұны бұзып алады.
- 3060 Қала бұзып, қан алып,
 Шулатып жесір және алып,
 Алды малға толады.
 Қызылбастың көп қолы
 Шабылған жерге қарамай,
 Тауға қарай салады.
 Айсаның ұлы Ахмет
 Әулие десең болмай ма,
 Айтқаны дұрыс болады.
 Жалғыз аяқ тар жолға
- 3070 Екі әскер таласып,
 Үш күн ұрыс салады.
 Айсаның ұлы Ахмет
 Қызылбасты қиратып,
 Жолды тартып алады.
 Қызылбас тағы көбейіп,
 Жолды қайта қамады.
 Сол уақта Ахмет
 Және толғап алады:
 — Қоянақ қартым, көрдің бе?!
- 3080 Енді маған сендің бе?!
 Қызылбас жау қайтадан
 Қаптағанын білдің бе?!
 Көз жіберіп қарасам,
 Мына жаудың көбінен
 Қорқайын деді жүрегім.
 Жолға түсіп жол тартып,
 Жүре берің, Қойеке.
 Ағайынды бесеуміз,
 Жаудың алдын кеселеп,
- 3090 Жаудан қолды қорғайын,
 Шамам келсе зорлайын.
 Әскерімді түсіріп,
 Көп ұятқа қалмайын.
 Ұзын айдар қоңырат,

- Төрт арыстан інімді-ай,
Қайраттандыр бүгін-ай.
Әскерімді қалдырсам,
Маған болар өлім-ай.
Осылай деп Ахмет,
3100 Көпке толғап тұрады.
Қартайса да Қоянақ,
Жауды көріп тұрмады.
Боз тұлпарын бұлады,
Тебінгісін қысқартып,
Үзеңгісін ұзартып,
Қолдың артын қорғады.
Көп қызылбас ізінен
Қойдай шулап қалмады.
Айсаның ұлы Ахмет
3110 Алабас атты қамшылап,
Маңдайдан тері тамшылап,
Айнала қолды қорғады.
Жалғыз жарым болмаса,
Көп әскерді түсірмей,
Таудан аман шығады.
Ахметті ала алмай,
Қызылбас шулап қалады.
Ахмет шығып кеткесін,
Жолдың аузын жабады.
3120 Биіктігі қырық аршын,
Басына қала салады.
«Келгені қайдан шығад» деп,
Жаудың қылған амалы.
Іште қалған көп әскер
Осы жолдан бір шығар.
Ер де болса қырсығар,
«Бұзып жарып шығам», деп,
Біздерге бір ұмтылар.
Сол уақтар қамалық,
3130 Таспен ұрып сабалақ,
Қол бастаған батырын
Қамап, ұстап алалық.
Осы жолдан шығармай,

- Өскерін қамап қыралық.
 Көп қызылбас кеңесіп,
 Ақыл-айла табады,
 Жолды мықтап жабады,
 Жалғыз аяқ тар жолды
 Қызылбас алып қалады.
 3140 Көп қызылбас жиналып,
 Қол ұстасып тұрады.
 Іштегі қалған әскерді
 Қамап қырмақ — құмары.

Ал енді жолдың аузын алып, қаланы сала берсін, Қарасай-Қази, жас Әділден хабар берелік. Қарасай, Қази Қазбан деген қаланы алып, алты күндей сол қалада болады. Енді ер Әділден хабар берелік. Әділдің әскері жалғыз аяқ тар жолмен келе жатқанда, Қорғасанның көп қолы жолдың екі жағын алып қалады. Жалғыз аяқ тар жолдың екі жағы сор болады. Есіл ер жазылып соғыса алмай қор болады. Сүйтіп, намысты қойып соғыса береді.

- Қарасай-Қази қос батыр
 Қазбан деген қалада
 Алты күндей болады.
 Қала бұзып, қан алып,
 Шулатып жесір тағы алып,
 Алды малға толады.
 3150 Қызылбаспен ұрысып,
 Ахмет шығып кетеді.
 Қамауда қалды ер Әділ,
 Енді не амал етеді?!
 Жолдан шығып бұрылса,
 Сорға батып кетеді.
 Қызылбас жауы көп екен,
 Өзіне мәлім жер екен.
 Батпақ сордың үстінен
 Қара таспен бастырып,
 3160 Қиын салған жол екен.
 Жеті жерден ту алып,
 Әділді көріп қуанып,
 Әділді көріп қуанып,

- Шығар аузын бекітіп,
Қызылбастар түр екен.
Келе жатқан ер Өділ
Көп дұшпанды көреді.
«Жайсыз жерден келдім», — деп,
«Неде болса көндім», — деп,
Қарсы желіп келеді.
- 3170 Атқа мініп ұрсатын,
Ашық жері жоқ еді,
Бұрын алып түр еді,
Бұрылса түсіп кететін,
Екі жағы сор еді.
Бір жағы терең көл еді,
Көлге жалғас қазулы,
Алты қатар ор еді.
Жүретін жерін жау алды,
Енді амалы құрыды.
- 3180 Түсе қалып атынан,
Табанын жауға тіреді.
Жеті ғайып пір еді,
Сол күндері Өділдің
Пірі есінде жоқ еді.
Жеті жаста желденген,
Жеке туған ер еді.
Ер Сүлеймен дейтұғын,
Жан жолдасы бар еді.
Екі жерден оқ атып
- 3190 Қиратып жауды түр еді.
Кіші бесін болғанда,
Қиратып жауды тұрғанда,
Ер Сүлеймен оққа ұшып,
Шейіт болып жөнөді.
Ер Сүлеймен өлсе де,
Атыса берді бір өзі.
Қасындағы көп әскер,
Енді өлерін біледі.
Тұрған жері батпақ сор,
- 3200 Әскері жаннан түңілді.
Күн кеш болып барады,

- Қызылбас тағы қамады.
Әділдің қолын шығармай,
Жолдың аузын алады.
Ер Әділдің басына
Ақыр заман салады.
Ұрысып тұрған Әділдің
Ортасынан морт етіп,
Садағы сынып қалады.
- 3210 Сарыжайы сынған соң,
Тарығып Әділ жылады.
Атайын десе садақ жоқ,
Енді не амал қылады.
Тұлпарға мініп алады,
Алмасын Әділ суырып,
Қызылбасқа шабады,
Ақыр заман салады.
Жауды көзі көрмеді,
Жалғыз өзі соғысып,
- 3220 Әскерін жауға бермеді.
Жазылып соғыс салғанда,
Жауға алдырар ер ме еді?!
Таусылатын жау емес,
Толып жатыр өлгені.
Қабат-қабат әскерге
Әділ шауып кіреді,
Кейін қайтып шығуға
Ашық жері жоқ еді,
Терең батпақ сор еді.
- 3230 Бір жағы терең көл еді,
Көлге жалғас қазулы —
Алты қатар ор еді.
Ескен желдей құбылып,
Қан базары құрылды.
Ұрысқан Әділ жерінде,
Көп қызылбас қырылды.
Жалғыз аяқ тар жолдан
Ұрысып жүріп бұрылды.
Астындағы тұлпардың
- 3240 Сүрініп кетіп тұяғы,

- Тайып кетіп аяғы,
Батпақ сорға жығылды.
Батпақ сордың ішінен,
Боз тұлпардың күшімен
Шығамын деп ұрынды.
Шыққан сайын түседі,
Бауырлап сорды кешеді.
Сонымен жүргенде,
Болдырды тұлпар деседі.
- 3250 Бауырын жазып шаба алмай,
Жазылып ұрыс сала алмай,
Діңкесі ердің құрыды.
Күн батуға таянды-ай,
Аты қалды жарамай.
Қас қарайып күн батты,
Алды болды қараңғы-ай.
Атын ұрды қамшылап,
Маңдайдан тері тамшылап,
Тұлпарға «шу» — деп қарады,
- 3260 Атынан көңлі қалады.
Әділ мінген Қызыл ат
Айуан қылды көп ұят,
Шабысынан танады.
Келіспеді сапары,
Ер Әділдің талабы.
Сол уақтар болғанда
Тарығып Әділ жылады.
Арманы күшті ерлердің
Бармағын тістеп өлгені.
- 3270 Асау-асау бел жүрсем,
Алты айшылық жол жүрсем ,
Белгісіз тұлпар мінгенім.
Атадан бірге тумаса,
Жақын деп жатқа сенгенім.
Тұлпар атым болдырды,
Атты кімнен мінермін?!
Жалғыздық түсті басыма,
Кімнен көмек тілермін?!
Бірге туған менде жоқ,

- 3280 Енді кімге сенермін?!
Жалғыздықтан жаман жоқ,
Ел көретін заман жоқ,
Құдай жалғыз жаратты,
Бұған қылар амал жоқ.
Қарасай-Қази болмаса,
Жаны ашитын маған жоқ.
Ар-намысты тастайын,
Ерді аяққа баспайын.
Екі досым болмаса,
- 3290 Жалғыз туған қасқамын.
Аламанды алдырып,
Басымды алып қашпайын.
Тазадан тұлпар мінейін,
Қолыма қайтып келейін.
Ұрысып тұрған әскердің
Жолын ашып берейін.
Бере алмасам, алдымен,
Өзім жүріп өлейін, —
Деді дағы, ер Әділ
- 3300 Қолына қайтып келеді,
Тазадан тұлпар мінеді,
Қамап тұрған қалмаққа
Әділ жүріп келеді.
Атына қамшы басады,
Ат болдырып шаршады.
Төңірегін Әділдің
Қызылбас жау қоршады.
Адасқанын біледі,
Әділ жылап келеді,
- 3310 Сонда Әділ не деді:
— Сапарым менің оңбады,
Басыма бақыт қонбады.
Ықпалым тайып әл кетті,
«Әділ жауда қалды» — деп,
Өрбір жерге сөз жетті.
Жетті демей не дейін,
Адастырып жолымнан,
Қараңғы түннің ішінде

- Айдап келіп көрсетті
3320 Алты қатар қандекті.
Астындағы тұлпарға,
«Шу жануар, қарғы!» — деп,
Қамшы басып қарғытты.
Жануар тұлпар Қызыл ат,
Жал құйрығы ұзын ат,
Алты қатар қандектен
Оқ жыландай болып ат!
Қарғып өтіп шыға алмай,
Қыла көрме мені ұят.
- 3330 Тұлпар атым сен едің,
Сенің есің мен едім.
Алты қатар қандектен
Атым, сені қарғытсам,
Болар ма екен себебің, —
Деді дағы, ер Әділ
Атына қамшы басады.
Болдырып жүрген жануар
Адымын қысқа ашады.
Алты қатар қандектен
- 3340 Бір-бірлеп өтіп барады.
Алтыншы орға келгенде,
Қарғып өте бергенде,
Астындағы тұлпардың
Сүрініп кетіп тұяғы,
Тайып кетіп аяғы,
Жолға барып түседі.
Алдыңғы екі өкшесі
Орға барып түседі.
Өмілдірік үзіліп,
- 3350 Артынан ері сыпырылып,
Басын алып жануар,
Ордан шығып барады.
Қол бастаған ер Әділ
Жалғыз өзі шырқырап,
Орға түсіп қалады.
Түскенін ешкім білмеді,
Енді мұны қандектен

- Кім шығарып алады.
Әділдің түсіп қалғанын
- 3360 Қарасай-Қази білмеді.
Әділдің қолын қызылбас
Қамап жүріп қырады.
Бір парасын бұлардың
Тірілей ұстап алады.
Қарасай-Қази қос батыр
Қазбан деген қалада
Алты күндей болады.
Қала бұзып, қала алып,
Шулатып жесір тағы алып,
- 3370 Алды малға толады.
Дербент деген зор қала,
Әуелгі салған қала екен.
Дербентте әскер көп екен,
Қаласы мықты зор екен.
«Әділге аман қосылсақ,
Алармыз» — деп келеді.
Тас өткелге келгенде
Әділге берген әскердің
Қырылғанын көреді.
- 3380 Жоқ болғанын Әділдің
Енді бұлар біледі.
Досын жоқтап ер Қази,
Қарасайға сөйледі:
— Білдің бе Құдай ұрғанын,
Досымның белі сынғанын,
Дұшпанның көңлі тынғанын?!
Хабар алмай досымнан,
Қырымды Құдай алулы,
Әділ жауда қалулы.
- 3390 Шұбар атқа мінейін,
Шұбалаңдап желейін,
Әділ хандай досымның
Тірі-өлісін білейін.
Өлмесем тауып келейін,
Досымды іздеп тапсам,
Таңда маһшар күнінде

- Ақ жүзін қалай көрейін?!
Қырымға қайтіп барғанда,
Шешесі сұрап тұрғанда,
3400 Не деп жауап берейін?!
Өлді деп күдер үзбейін,
Жауап бер, аға, іздейін.
Аман болсам, келермін,
Қазам жетсе, өлермін.
Жазатайым іс болса,
Қарамастай күш болса,
Ақыретте көрермін.
Қарасай сонда сөйледі:
— Ау, Қазижан, туғаным,
3410 Сен едің менің қорғаным.
Сені жалғыз жіберсем,
Ішіме сыймас арманым.
Алдыңда биік тауың бар,
Қырғанменен таусылмас,
Көрмеген бұрын жауың бар.
Қара тауға шығалық,
Жау қамалын бұзалық.
Құдай берсе тілекті,
Жауда қалған досыңды,
3420 Сүйтіп, жаудан алалық.
Жалғыз аяқ тар жолдан,
Содан аман шығалық.
Жауда қалған Әділді
Сонан соң іздеп табалық, —
Деді дағы, Қарасай
Қазиды жалғыз жібермей,
Жетегіне алады.
Қара тауға бет алып,
Қол жөнеліп барады.
3430 Үш күншілік жол еді,
Тынбай жүріп келеді.
Түс мезгілі болғанда,
Жау қарасын көреді.
Інісіне Қарасай
Сонда тұрып сөйледі:

- Ау, Қазижан, шырағым,
Алалы таудың бұлағын,
Суға қанып алған соң,
Бұзалық жаудың қамалын.
- 3440 Табан жолға келдің бе,
Жатқан жауды көрдің бе?!
Жау екен мықты қауіпті,
Жолдың аузын жауыпты.
Жалғыз аяқ тар жолға
Қаланы қалмақ салыпты.
Екі жерден екеуміз,
«Орақ!» — деп ұран салалық.
«Орақ!» — деген даусымыз
Қаратауды жарсын-ай.
- 3450 Қалада жатқан әскердің
Құлағына барсын-ай,
Дұшпаның қалсын сасып-ай.
Қаланың ішін босатып,
Қызылбас кетсін қашып-ай.
Таяр қолдан табаны,
Қашып болар түнімен.
Тарылған соң заманы
Алып болар түнімен.
- 3460 Таудан шыққан саланы
Еңбекпен салған қаланы,
Таң атқанда тар жолды,
Ұрыспай тартып алалық.
Екі батыр кеңесіп,
Әскерін бөлді келісіп.
Түнде жауға тиюге
Қаруын алды үлесіп.
Көтеріп туды қолға алды,
Сонда Қази толғады:
- 3470 — Қас қарайып түн болды,
Енді бізге сын болды.
Қарасай аға, сенімен,
Екі айрылар күн болды.
Жауға жалғыз тимеген,

- Жау әдісін білмеген,
Сыналмаған мен едім,
Маған демеу сен едің.
Екеуміз бірге жүргенде,
«Жау алармыз», — деп едім.
- 3480 Екі айрылар күн болды,
Екі тарау жыр болды.
Құлағың салып жүргейсің,
Қази қайда дегейсің?
Мен қалатын күн болса,
Шақырармын «аға» деп,
Сонда, аға, келгейсің.
Сен қалатын күн болса,
Шақыр, аға, ар етпе,
Көруге, аға, зар етпе.
- 3490 Қазиым деп шақырсаң,
Қалайда болса шабармын,
Қайда да болсаң табармын.
«Бауырым» деп ат қойып,
Айырып жаудан алармын.
Осыны айтып екеуі,
Екі айрылып алады.
Көтеріп алған қызыл ту
Оттай болып жанады.
Күншығыстан Қарасай,
- 3500 Күнбатыстан ер Қази,
«Орақ!» — деп ұран салады.
«Орақ!» деген дауыспен
Жер дүнианы жарады.
Қалада жатқан әскердің
Құлағына барады.
Қарасай-Қази келіпті,
Екі жақтан тиіпті.
Қаладан қашып кетпесек,
Бізге салар бүлікті.
- 3510 Келсе, бізді қоймас деп,
Мұнда тұрып болмас деп,
Түнімен қашып болыпты.
Қашып барып тірелді,

- Таудағы жыра тесікке.
Ессіз тастап кетіпті
Еңбекпен салған қаланы.
Қарасай-Қази қос батыр
Жалғыз аяқ тар жолға
Қайта түсіп барады.
- 3520 Әскерін аман шығарып,
Ұрысуға қарады.
Тауды тастап қызылбас,
Қашқан екен қалаға.
Орта жолда екеуі
Жолығысты далада.
Қалаға кіріп шабады,
Қызылбастың ішінен
Әділді іздеп қарады.
Ұстап алып ұрады,
- 3530 Тауып бердеп қырады.
Найзасы түспей қолынан,
Жауды қырып қоңынан,
Екі батыр кіреді.
Кіріп, шығып жүреді,
Оңы мен солынан.
Қарулары сартылдап,
Қырып-жойып келеді,
Екі батыр сартылдап.
Шамалады сол кезде,
- 3540 Жау жыраға жақындап.
Досын іздеп екеуі,
Басын қойды балтаға,
Жанын салды ортаға.
Ердің сойы болған соң,
Бұлар жаудан қорқа ма?!
Қызылбасты шабады,
Әділ досын қарады.
Соңғы ұрыс зор болды,
Көргендер қайран қалады.
- 3550 Қара тұман шаң болды,
Шаң аралас қан болды —
Қала өртеніп барады.

- Алты күнгі соғысты
Зор ұрыс деп санады.
Жауда Әділ ер қалды,
Енді өлмеген не қалды?!
Қарасай мен ер Қазиді
Әділ досын таба алмай,
Қызыл қанға былғанды.
- 3560 Алты күн болған соғыста
Аспан менен жер жанды.
Қарасай мен Қазидың
Есі кетіп сандалды.
Қолына түскен қалмаққа:
«Әділмісің сен?» — деді.
Қорыққанынан қызылбас:
«Әділ досың мен» — деді.
«Әділ болсаң, досым-ай,
Кел артыма мін», — деді.
- 3570 Алып шығып қараса,
Қызылбастың адамы.
Өлер жерің осы деп,
Найзаменен түйреді.
Әділ досын екеуі
Алты күндей іздеді.
Табылар деп бір жерден,
Сірә, үміт үзбеді.
Екі тұлпар жануар
Сүйегі қызып ойнады,
- 3580 Секіреді қояндай.
Соғыс болды алты күн,
Екі батыр аянбай,
Таусылатын жау емес,
Жау жартыға таянды-ай.
Алты күнгі соғыста
Қарасай болды жаралы-ай.
Аяқ-аяқ қан құсып,
Шыбын жаннан баз кешіп,
Тұрған екен табандай.
- 3590 «Қарағым Қазиді қайда?» деп,
Қызылбастан найза жеп,

- Найзасына таянып,
Жарасынан қан ағып,
Тұрған екен шақырып.
Сүйеп шық деп ағанды-ай,
Төңірегін қызылбас,
Алған екен қамап-ай.
«Қайда кетті көкем?» — деп,
Жұр екен Қази таба алмай.
- 3600 Зарлап тұрған ағасын
Сонда Қази көреді.
Сонда Қази қамшылап,
Көзінің жасы тамшылап,
«Бауырым!» деп шабады,
Жетіп келді қасына-ай.
Ойлады Қази осылай:
«Жауһарды тіреп көрейін,
Шығар ма екен асыл-ай?!
«Жамансың!» деп қайрасам,
3610 Көтерер ме екен басын-ай?!
Жанына тиіп қайрасам,
Кезеніп батыр кетер ме?!
Жай бұлттың сойы еді,
Ашуланып тұрсам мен,
Жараға себеп етер ме?!
Қолтығынан сүйесем,
Бір жағынан демесем,
Тау басына жетер ме?!
Ашуын қайрап келтірсем.
- 3620 Кезеніп батыр кетер ме?!»
Осыны айтып ер Қази,
Қасына жетіп келеді.
Қан құсып тұрған ағасын
Өз көзімен көреді.
Жараны көзі көрген соң,
Көзінің жасын төгеді.
Сонда Қази сөйледі:
— Нағылып тұрсың, аға, — деп,
Қызылбастан жара жеп.
- 3630 Кім айтар сені, Қарасай,

- Орақтан туған бала деп?!
Нағылып тұрсың, Қарасай,
Батып тұр ма жаныңа,
Жаудың салған жарасы-ай.
Жауға сырын алдырмас,
Бітпесе ердің шамасы-ай.
Азда болса көп болар,
Сабырсыз ердің жарасы-ай.
Шыдамсыз болып жаралған,
3640 Мұншама неге кем болдың,
Екеуміз де, Қареке,
Бір кісінің баласы-ай?!
Осындайда ашылар,
Жақсы мен жаманның
Екеуінің арасы-ай.
Атадан бірге тусақ та,
Туыпсың жаман шамасы-ай.
Қылыш тисе морт етіп,
Найза тисе сырт етіп —
3650 Айтушы еді анам-ай,
Ана сыншы болады-ай.
Атадан бірге тусақ та,
Бәрі бірдей бола ма-ай?!
Атамыз Орақ ер еді,
Ақылға атам кең еді.
«Үлкен балам Қарасай
Сынық сүйем өзімнен,
Кем болып туған дер еді.
Қазиым жауға тигенде,
3660 Бұзар дейтін жебені.
Қазижаным өзімнен
Артық туған деп еді.
Кемдігінің себебі —
Қарасайды туғанда,
Мүскілдің қара тасына
Жерік болды деп еді.
Туарында анасы,
Мүскілдің қара тастарын
Қашыр-құшыр шайнаған,

- 3670 Онда да жерік қанбаған.
Қызуына шыдамай,
Үш ай тоқсан күнінде
Жалаңаш қарға аунаған.
Анасының ішінде-ақ
Қызуы қашып қалмаған.
Сол себептен Қарасай
Кем болып туған деп еді.
Маған жерік болғанда,
Айдаһарды жеп еді.
- 3680 Мен тікендей көрмеймін,
Найза түгіл, жебені.
Дұшпанға күлкі болғаннан,
Өзім-ақ шауып тастайын,
Осы жерде сені енді.
Қарасай сонда сөйледі,
Жарасынан меңдеді:
— Айналайын шырағым,
Өз басыңды сақтай бер,
Менің тиер ылаңым.
- 3690 Жарам ауыр болғасын,
Құрып тұр менің ылажым.
Менімен ісің болмасын,
Өзің түсіп қаларсың.
Жауда қалған ағанды
Ақыретте табарсың.
Қарасай асқан ер еді,
Жанынан үміт үзеді.
Үміт үзбей нағылсын,
Жарасынан жүдеді,
- 3700 Қази келіп сүйеді.
Келеді сүйеп ағасын,
Жүректегі бір жара
Келеді құртып шарасын.
Қази сүйеп келеді,
Осындайда болмаса,
Жақынды неге тілейді.
Туысқанның себебі —
Тар жерде тиер көмегі.

- 3710 Туысқансыз жалғыздың
Жауда қалар сүйегі.
Қарасайды қалдырмай,
Қази сүйеп келеді.
Келеді көріп жараны,
Қаны судай ағады.
Қорқытып келеді жарасы
Інісі Қази баланы.
Ағасын сүйеп жетелеп,
Жолымен келген төтелеп,
Таудан аман шығады,
- 3720 Айдын көлге құлады.
Ағасының жарасын
Көлде жатып бағады.
Ақ дәрісін аюдың
Сүйегіне жағады.
Он күн бағып сол жерде,
Ағасын жазып алады.
Енді қайтіп бара алмай,
Досын іздеп таба алмай,
Арманда болып екеуі
- 3730 Еліне қайтып барады.
Әділ досы шырқырап,
Баяғы орда қалады.
Кете тұрсын Қарасай,
Әділден хабар алалық.
Әділдің түскен орына
Көп қызылбас келеді,
Әділ ерді көреді.
Осы келген қызылбас
Бұл соғыста жоқ еді.
- 3740 Әділді қырған қызылбас
Қорғасаның қолы еді.
Қарасай деген батыры
Бәрінен де зор еді.
Үш бөлініп үш жерден
Соғыс салды деп еді.
Әділ ханның қолынан
Олжасын теріп жүр еді.

- Көп қызылбас көреді,
Хан Әділді ұстауға
3750 Таласып орға түседі.
Бірінен-бірі қызғанып,
Мен ұстаймын деседі.
Сол уақтары ер Әділ
Қызылбастың үстіне
Топырақты шашады.
Қолына түскен қалмақты
Жолбарыстай басады.
Ұстай алмай қызылбас,
Ордан шығып қашады.
3760 Әділді ұстап ала алмай,
Қасына жақын бара алмай,
Қызылбастар сасады.
Орда тұрып ер Әділ,
Қолына кесек алады.
Қамап жүрген қалмаққа
Жіберіп келіп қалады.
Лақтырған кесегі
Зеңбіректен кем емес —
Бірінің көзін шығарып,
3770 Бірінің басын жарады.
Ұстаймын деп қызылбас
Шын бөлеге қалады.
Қызылбастар кеңесіп,
Ақыл айла табады.
Қолдарына қызылбас,
Бір-бір белді алады.
Топырақты құлатып,
Төбесінен құяды.
Топырақпен бастырып,
3780 Әділді ұстап алады.
Мықтылығын білгесін,
Екі қолын айырып,
Сірілеп құрсау салады.
Шынжыр тағып мойнына,
Ордан алып шығады.
Қолға түскен ер Әділ

- Екі қолы таңулы.
Енді не амал қылады?!
Қолға түсіп қор болып,
3790 Көзі жайнап тұрады.
Қамап тұрып қызылбас,
Әділден жауап сұрады.
Қалмақтың ханы сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Орға түскен сұм бала,
Жөніңді айтшы, бишара!
Жөніңді айтсаң, босатып
Жіберейін, әй, бала.
Бұл не деген жер еді,
3800 Әрбір елден зор еді.
Ердің басы Едіге,
Ол келмеген жер еді.
Нұраддин мен ер Мұса,
Сол қайсыңнан кем еді?!
Орақ, Мамай, Қобыланды —
Сол келмеген жер еді.
Он екі ханның елі еді,
Әр патшадан зор еді.
Аттанып келген жеріме,
3810 Бүлік салған еліме,
Жылатып қатын, баламды,
Қазбан деген қаламды
Шауып кеткен кім еді?!
Сонда Әділ сөйледі:
— Тергегенің жөн еді,
Қырымның ханы — жас Әділ,
Қол бастаған мен еді.
Жіберген елші барғасын
Хатыңды жазған алғасын
3820 Қиғаш тауға келгенмін
«Қиғаш тауға келің» — деп,
Уәде сенің бергенің.
Хан да өтірік айта ма,
Сол жерге неге келмедің?!
Сертіңізден тайғасын,

- Еліңе келіп енгенмін —
Сенен қорқар мен бе едім?!
Қамап ұрған қызылбас
Қолыңа түсті біздің бас.
- 3830 Аяқ-қолым босатып,
Жібер деп сізге жалынбас,
Аяғыңа бас ұрмас.
Менің атым — ер Әділ
Қорқып сенен жасырмас.
Қорыққаным бола ма-ай,
Жалынбаймын саған-ай!
Қырық мың әскер қолменен,
Жалғыз аяқ жолменен
- 3840 Үш бөлініп үш жерден,
Салайын деп бұлағай,
Тиіп едік қалаңа-ай.
Алдыңғы тиген көп әскер,
Қарасай-Қази қос батыр
Шапқан шығар қалаңды-ай.
Қолыңнан келсе өшіңді ал,
Қарасай-Қази қос батыр
Жылатқан қатын балаңды-ай!
Екінші әскер мен едім,
Үшінші әскер Ахмет,
- 3850 Не қылғанын білмедім.
Жалғыз аяқ жолыңа
Түстім дағы, қырылдым,
Жолсыз шауып ұрындым.
Ортаға алды қамалай,
Қамап алып жолымды,
Жоқ қылды қырып қолымды.
Қолымды қорғап тұрғанда,
Садағым сынып бөлінді,
Тұлпарым орға жығылды.
- 3860 Өмілдірік үзіліп,
Қараңғы орда мен қалдым.
Қараңғы ордың ішінде
Таба алмадым жөнімді.
Қыдырып жүріп қызылбас,

- Мені көріп жыйылдың,
Ұстайын деп жүгірдің,
Орға түсіп қырылдың,
Ақыл тауып қызылбас,
Қазған ордың ішіне
3870 Топырақты суырдың.
Көрсетпедің көзімді,
Естімедің сөзімді.
Атаңа нәлет, қызылбас,
Білгенің болса аянба.
Мен де саған бір күні
Көрсетермін көрімді.
Менің жөнім сұрасаң,
Қырымның ханы мен едім,
Қол бастаған ер едім.
3880 Қызылбасты қиратып,
Жесірін қойдай шулатып,
Шауып алсам деп едім.
Тұлпарым орға жығылып,
Болмады қабыл дегенім.
Өлсем - өліп кетермін,
Егер өліп кетпесем,
Түбіңе сенің жетермін.
Осы айтқаным қылмасам,
Мен де ер емеспін, бекермін!
- 3890 Сонда қалмақ сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Сен де мендей хандарсың,
Тентек өскен заңғарсың.
Жас басыңнан қақшақтап,
Бізді алуға армансың.
Әділ деген сен болсаң,
Қол бастаған ер болсаң,
Әрі өзің хан болсаң,
Сондай батыр жан болсаң,
3900 Мойныңа қамыт ілейін,
Алты арбаны жегейін.
Алты арбаның үстіне,

- Толтырып тасты төгейін.
Мықтысынған батырдың
Күшін сөйтіп көрейін.
Әділ болсаң, сен, — деді,
Кел, соңыма ер, — деді.
Не қылмадың бізге сен,
Жазаңды сүйтіп берейін.
- 3910 Осыны айтып қызылбас,
Қолын байлап әкелді
Қазбан деген қалаға.
Қалаға Әділ келгесін,
Мойына қамыт іледі,
Алты арбаны жегеді.
Алты арбаның үстіне
Толтырып тасты төгеді,
Бір қызылбас мінеді,
Арбаға қосқан өгіздей
- 3920 Шыбықтап айдап жөнеді.
Қарасай бұзған қаланы,
Әділге жегіп арбаны,
Алты айға қалмақ түзеді.
Айдап жүрген қызылбас
Қолына алып көк шыбық,
Елге болды көп қызық.
Арбаға тасты артады,
Өгіздей болып ер Әділ,
Алты арбаны тартады.
- 3930 Қаһарланып тартқанда,
Үзіледі арқаны.
Арқан қиып арқасын,
Жанына қатты батады.
Қасына жақын баруға,
Қызылбас жаман қорқады.
Бұрынғыдай Әділге,
Еркінситін ел қайда,
Еркелейтін күн қайда?!
- 3940 Жолға түсіп жортады.
Қарасай бұзған қаланы,

- Әділге жегіп арбаны,
Қызылбас түзеп қаласын,
Алты айда салып болады.
Қаласын салып болғасын,
Және де қастық қылады.
Тісімен тезек тергізіп,
Қыдыртып қойды қаланы.
Тісімен тезек тереді,
3950 Көп азапты көреді.
Бір қызылбас ізінде
Тергізіп тезек жүреді.
Мұндай қиын азапты
Көремін деген жоқ еді,
Басына түссе көнеді.
Және бір жерге айдайды,
Бар азапты сайлайды.
Табанына тас қағып,
Сыналап әбден байлайды.
3960 Таң атқанша Әділдің
Әбден соры қайнайды.
Қимылдауға дәрмен жоқ —
Екі көзі жайнайды.
Қызылбастың баласы
Басына шығып ойнайды.
Қолына түскен баланы
Қашыр-құшыр шайнайды.
Алма деген бір жеміс,
Тамағына ер Әділ
3970 Ол кешпенен бұл кешке
Жарым алма жейді-міс.
Қадірін білген жақсылар
«Қолға түсіп қор болған,
Ардақтаған біреудің,
Жаңғызы ғой» дейді-міс.
Қадірін білмес жамандар
«Жарты алмаға тоймайтын,
Бір жаман ғой» дейді-міс.
Әділ жүрді азапта,
3980 Тыным көрмей жазы-қыс.

Қырым жақтан келсейші,
Қалықтап ұшқан қара құс.

Ал енді Әділ азапта жүре тұрсын. Қырымдағы шешесі Бай-бикеш ханымнан хабар берейік. Әділ жауға кеткелі біраз айлар, жылдар өтті. Жаудағы жалғыз келмеді. Екі мұңдының басына қорлық жетті. Екі мұңдының қайғысы күннен күнге артып, тек зарлап, жолына қарау болды.

- Келмегесін ер Әділ,
Екі мұңды нашардың
Қорлығы жоқ көрмеген,
Жебірі жоқ бермеген,
Тек жаны бар өлмеген.
Қырық мың қолға бас болып,
Кеткелі Әділ келмеген.
- 3990 Омар менен Оспан құл
Мал мен басты билеген.
Есіктен төрге өрлеген,
Қызығы жоқ көрмеген,
Жорғасы жоқ мінбеген.
Ер Әділдің барында
Мінбек түгіл, жорғасын,
Орынсыз барып көрмеген.
Құдіреттің ісіне
Пенде бар ма көнбеген?!
- 4000 Екі мұңды жыласып,
Төңірекке қарасып,
Төбеден түспей еңіреген.
Жыламай мұңды неғылсын,
Жауға кеткен жаңғыздың
Не болғанын білмеген.
Талма-тал түс болғанда
Қызы жылап тұрғанда,
Қызылбас жақтан келатқан,
Ұйқы көрмей түн қатқан,
- 4010 Ауыр әскер қол көрген,
Қол бастаған ер көрген.
Сонда БІлия сөйледі.

- Сөйлегенде бұйдеді:
— Айналайын, анам-ай,
Маңдайдағы қадам-ай!
Бұл келе жатқан әскерде
Сенің сорлы балаң жоқ,
Мен қайтейін жыламай.
Жығылғанға ұқсайды
4020 Үлкен сарай қалам-ай,
Әділ жалғыз балаң-ай!
Тапшы қылып жаратты
Іні менен ағаға-ай.
Қарасай-Қази екеуі
Бұл келе жатқан қолда жоқ.
Әділ түсіп қалғасын,
Қайрылған шығар соған-ай!
Атадан екеу туғасын,
Жоқ шығар оның арманы-ай!
- 4030 Төрт інісі қасында,
Көп жолдасы артында,
Айсаның ұлы Ахмет
Келе жатыр аман-ай.
Көкемнің аман-жаманын,
Сұрап мұнан білейін,
Алдынан шығып қамалай, —
Деді дағы, Ылия
Екі етегін түрініп,
Аш күзендей бүгіліп,
- 4040 Ахметтің алдынан
Екі мұңды жүгіріп,
Көзінің жасы төгіліп,
Екі мұңды оралып,
Ағасының хабарын
Ахметтен сұрады-ай:
Ахмет батыр ағасың,
Басыма қайғы саласың,
Хабарын айтпай ағамның,
Қайда қашып барасың?!
- 4050 Бірге кеткен жолдасың,
Қарасай-Қази ер қайда,

- Оған ерген қол қайда?
Жалғыз көкем ер Әділ
Қалмаса жауда, ол қайда?
Жан жолдасың, жалғызым,
Сеніменен бір кеткен —
Бесеуің аман келесің,
Келгеніңмен не пайда?!
Сіздердей болып көкемді
4060 Бір көретін күн қайда?!
Келе ме аман туғаным,
Туғаннан жақын болғаным.
Көкем — жалғыз, сіз — бесеу,
Болар ма екен деп едім,
Қысылған жерде қорғаным.
Ахмет батыр, айтып кет,
Көкемнің қайда қалғанын!
Ахмет сонда сөйледі,
Сөзбенен көңіл делбеді:
4070 — Ылия, жылап, мұңайма,
Көкең де аман келеді.
Шын тілесей Алладан,
Ертелі-кеш береді.
Жесір алып, олжа алып,
Көшіріп келеді көп елді.
Көкең аман, жылама,
Жыламай көңілің тына ма?!
Қашан аман келгенше,
Жыламасқа бола ма?!
4080 Келеді ертең қонаға,
Ылия жылап, мұңайма,
Сыйына бер Құдайға.
Қарасай, Қазі жолдасы,
Жалғыз ағаң ер Әділ
Басшы болып келеді.
Шын тілесей Алладан,
Құр кетпейді дерегі.
Ағаң барып қалмаққа,
Қызылбасты бүлдірген,
4090 Жүректен найза ілдірген.

- Қалмақтан олжа көп алып,
Жолдастарын күлдірген.
Ағаң аман келеді —
Хабарым осы білдірген.
Сонда Ылия сөйледі:
— Өтірік сөзді қой, — деді,
Ахмет, жалған айтасың.
Қиғаш деген тауды алсаң,
Қызылбас мықты жауды алсаң,
4100 Алып келген олжаң жоқ,
Неге босқа қайтасың?!
Өтірік неге сөйлейсің,
Сөзбен көңіл делбейсің.
Ырас болса алғаны,
Көкемнің аман қалғаны,
Басынан соның садақа,
Дүние-мүлік, бар малы.
Осы айтқаның шын болса,
Озып неге келмейсің?
4110 Сүйіншіге мені алып,
Ахмет неге сүймейсің?!
Ойлап тұрмын, Ахмет,
Осы сөзің бекер деп.
Көкем аман келмесе,
Қарындасы Ылия
Көрінгеннің қолында
Олжа болып кетер деп,
Қайғымен күні өтер деп,
«Ендігі жерде мен сордың
4120 Жасағаным бекер», — деп,
Ылия жылап еңіреді,
Ахметке сенбеді.
Осы сөзді айтты да,
Ахмет батыр жөнеді.
Екі мұңды қалады,
Қайғыланып жылады.
Қарасай мен Қазидың
Жолын күтіп тұрады.
Бір күндері болғанда

- 4130 о жарланған көп қара
Қызылбас жақтан шығады.
Екі мұңды бишара
Алыстан көзі шалады.
Анасына Ылия
Сонда толғап қарады:
— Айналайын анам-ай,
Көрдің бе жалғыз баланы-ай?!
Өзі жалғыз болғасын,
Жауға түсіп қалғаны-ай,
- 4140 Жалғыздықтың жаманы-ай.
Қарасайға ұқсайды
Қолына қамшы алған-ай,
Көтеріп аяқ тастап-ай.
Келе жатыр қасында,
Інісі Қазиды арыстан-ай.
Тастап кеткен білемін,
Жалғыз туған қасқаны-ай.
Көрінбейді жан көкем,
Не қылайын басқаны-ай, —
- 4150 Деді дағы, Ылия
Зар еңіреп жылады.
Қарасай мен Қазидың
Алдынан жылап шығады.
Қарсы келіп оралай,
Әділді жоқтап сұрады.
Қарасай — Қазидосым-ай,
Дос болғаның осыма-ай.
(Құдайласқан досым деп)
Қияметтік дос деген,
- 4160 Бола ма екен осылай?!
Құдайласқан досым деп,
Жалғыз көкем ер Әділ
Ертіп кеткен қасына-ай.
Қасыңдағы досыңды,
Сол үшін қимай басыңды,
Жауға тастап келгенің,
Ылайық па басыңа-ай?!
Не де болса, хабарын

- Айта берің жасырмай.
4170 Екі досым сен едің,
Сендер еді сенерім.
Екі досым сау болса,
Қалдырмас жауда, — деп едім.
Не де болса, достарым,
Тимеген ғой себебің.
Өлді ме тірі қалды ма,
Білдіріп кетің дерегін?!
Қарасай сонда сөйледі:
— Құдай артық жаратқан,
4180 Қырық мың қолға бас болып,
Жұртты аузына қаратқан
Көкең де аман келеді.
Тәңір айдап талаптан,
Сапарымыз оң болып,
Жолдастарын қуантқан.
Осылай сөйлеп тұрғанда,
Сөзді қисық бұрғанға,
Әділді жауда қалдырып,
Келе жатқан Қази арманда,
4190 Батыр еді асыл-ай,
Ағасына Қазидың,
Қатты келді ашуы-ай:
— Ау, Қарасай, не дейсің?!
Неге өтірік сөйлейсің?!
Шерменде болып Құдайға,
Сөзбенен көңіл делбейсің.
Бүгін алдап кеткенмен,
Ертең сорлы не дейсің?!
Табамыз деп Әділді
4200 Алты күндей соғысып,
Болғаның қайда жарамай?!
Қызылбастар ортаға,
Алғаны қайда қамап-ай?!
Соғысуға қалмақпен
Қалғаның қайда жарамай!
Ұмыттың ба Қарасай,
Жаралы болған күніңді?!

- Сау жерің оққа бөлінді,
Сұрағанда бұларға
4210 Неге айтпайсың жөніңді?!
Дұрыс айтсаң болмай ма,
Ер болған соң шыныңды?!
Ер жігітке тайсалып,
Қисық айтқан өлім-ді!
Әділ досым — жолдасым
Жауда қалды дегенде
Жаныңды алар дедің бе?!
Жалғыз қалды дегенде
Басыңды алар дедің бе?!
4220 Өзің тастап келе жатырсың,
Онымен өлдің бе?!
Әділдің жауда қалғанын,
Тарқамаған арманым —
Мен бір айтпас дедің бе?!
Жалған сөзді айтқанмен,
Бұлар нанар дедің бе?!
Басымда бағым тағалы,
Досымды жауда қалдырып,
Қырымда Құдай алулы.
4230 Дұшпанның көңлі тынулы,
Досымның белі сынулы.
Әділді жауда қалдырып,
Мені Құдай ұрулы.
Ақ үйге қара тіге бер,
Әділден үміт үзе бер.
Бір Құдайдың ісіне
Салса, пенде, амал жоқ.
Үйіңізге қайта бер,
Енді сізге бала жоқ,
4240 Ылия саған аға жоқ.
Екі мұңды бишара,
Жер бауырлап жылады,
Құдайға «ал» — деп сұрады.
Онымен өлсін бе,
Таусылмаса ажалы!
Алты күн жатты нәр татпай,

- Бар болғаны зарлады.
Жеті күнге жетеді,
Қасындағы қызына
4250 «Тұр, шырағым, жатпа», — деп,
Шешесі тілек етеді:
— Түрегел, қызым, түрегел,
Алла ісіне көне бер.
Далада жылап жатқанша,
Үйіңе сорлы жүре гөр.
Кімге еркелеп жатырсың,
Кім ескеріп шақырсын?!
Қасыңа келіп аймалап,
«Шырағым, тұр», — деп қаймалап,
4260 Саған түгіл, қарағым,
Ішімнен шыққан маған жоқ.
Бір Алланың ісіне
Салса, пенде, амал жоқ.
Аға түгіл, інің жоқ,
Алды-артыңда дымың жоқ.
Құдай қылды көнесің,
Енді бізге тыныш жоқ.
Алты күн жаттық нәр татпай,
Ажалдан бұрын өлу жоқ.
4270 Ордамызға кірелік,
Ақ ісіне көнелік.
Иесіз қалған дүниені
Өзіміз ішіп, киелік.
Жатқанменен келе ме?!
Тілегенменен бере ме?!
«Тұр, шырағым», дегені
Ұйықтап жатқан қызының
Құлағына келеді.
Түрегеліп Ылия,
4280 Шешесіне ереді.
Иесіз қалған ордаға
Екі мұңды кіреді.
Құдіреттің ісіне
Енді бұлар көнеді.
Омар менен Оспанның

- Тілегін Құдай береді.
 Өділ тауда қалғасын,
 Қуанып ойнап күледі.
 Ылия менен дүниені
- 4290 Екі күн билеп жүреді.
 Екі құлдың ниетін
 Екі мұңды біледі.
 Басында ерік болмады,
 Құл басынып қорлады.
 Ылиядай аруды
 «Аламыз», деп ойлады.
 Біріне-бірі қия алмай,
 Екі құлдың бір жерде
 Өлден-ақ басы сыймады.
- 4300 Көздері жаман алайды,
 Көкірегі қарайды.
 Бір күндері екі құл
 Ылияға таласып,
 Төбелесті салады.
 Бірін-бірі өлтіріп,
 Ылияны алуға
 Көңілдері қайнайды.
 Көремін деген ойда жоқ,
 Ылияның мұндайды.

Ал екі құл Ылияға жүре тұрсын. Қызылбастағы Өділден хабар берелік.

- 4310 Күндерден күн өтеді,
 Қалмақтан көрген қорлығы
 Сүйегіне жетеді.
 Пенде болған Өділдің
 Ес-ақылы кетеді.
 Сүйретіп арба мойнына,
 Жас сорғалап қойнына,
 Күш-қуаты кетеді.
 Іздеп тұрған бауыр жоқ,
 Жеке туған ер еді.
- 4320 Алты арбасы мойнында,

- Күні-түні азапта,
Жыламай Әділ нетеді.
Бұрынғы қайрат сын қалды,
Бұрынғы жедел күн қалды.
Мүшесінен әл кетті,
Тек шықпаған жан қалды.
Амалы құрып Әділдің,
Есі кетіп сандалды.
Пірлері түсіп есіне,
4330 Бір күні Әділ зарлайды.
Жаратқан мені Құдайым,
Бір өзіңе жылайын,
Тарыққанда пірлерім,
Сізден мәдет сұрайын!
Ғани пірім жеті пір,
Жеті пірдің ішінде
Ақшалмалы пір Әдер!
Піріміз едің жәрдем ет,
Сізден мәдет сұрайын.
- 4340 Пірлерім жәрдем бермесең,
Енді не амал қылайын?!
Басыма түсті уайым,
Сүйретіп жүрмін алты арба,
Босанып қалай шығайын?!
Қолеткі бар қолымда,
Оны қалай бұзайын?!
Анам айтқан бір сөзі
Жаңа түсті есіме.
Ғайып пірім жеті пір,
4350 Жеті пірдің ішінде
Ақшалмалы пір Әдер,
Пірімізге сыйындым.
Анамның айтқан бір сөзі,
Жаңа түсті есіме-ай.
Пірлерім қуат бермесең,
Кетті менің күнім-ай.
Тезек теріп кешулі
Ақ меруерт тісім-ай.
Көніп жүрміз, қайтейін,

- 4360 Құдіреттің ісін-ай.
Табан етім жарылды,
Заманым енді тарылды.
Қолға түсті қор болып,
Басымнан бағым арылды.
Әділ кәріп балаңыз,
Пірлерім сізге жалынды.
Жер жүзінде бар болсаң,
Естігейсің зарымды.
Ақшалмалы пір Әдер,
- 4370 Ер Әділдің пірі еді,
Кереметі зор еді.
Анасының тапсырып,
Айтқан пірі сол еді.
Есі кетіп Әділдің
Жадына түспей тұр еді.
Зарлаған даусы Әділдің
Ғайып-ерен пірінің
Құлағына келеді.
Қысылғанын Әділдің
- 4380 Енді пірі біледі.
Меймененің шөлінде
Пірі қара құс болып,
Сол уақыттар ұшып жөнеді.
Қанаты күміс, мойны мыс,
Мысалы болды қара құс.
Кереметті ер болсаң,
Қара құстай болып ұш.
Бір Құдайдың жәрдемі,
Қанаты ұшып талмады,
- 4390 Жерге түсіп қонбады.
Қара құс емес пірі еді,
Әділге ұшып келеді.
Келе жатқан аспанда
Қара құсты көреді.
Көре сөйлей береді:
— Аспанменен тірескен,
Бұлтпенен күрескен.
Адыра қалғыр, Қиғаш тау,

- Болып тұрсың маған жау.
4400 Қасыма келіп қонсайшы,
Тілегім қабыл болсайшы.
Қабыл болып тілегім,
Осы келген қара құс,
Менің пірім болсайшы.
Қасыма келер күн болса,
Пір екені шын болса,
Қалтама таман еңкейіп,
Алар едім қаламды.
Тісімменен Қырымға,
4410 Жазар едім сәлемді.
Бір жаратқан Құдайым,
Осыған себеп болсайшы.
Әділ жылап тіледі,
Қарақұс емес пір еді,
Өзі іздеп келеді.
Пірінен жәрдем болады,
Көңілі нұрға толады.
Қалтасына еңкейіп,
Қағаз, қалам алады.
4420 Тісіменен тістейді,
Ерніменен күштейді.
Әділ байғұс амалдап,
Қырымға сәлем жазады.
Әуелі бастап жазады,
Бір жаратқан Алланы,
Алладан сұрап пананы.
Себеп болды пірінен,
Тарылғасын заманы.
Қарындасы Ылияны,
4430 Ақ сүт берген анасын,
Бәрі де жатыр жазылып,
Тісімен жазған қағазы,
Қар бойындай хат болды
Әділдің жазған сәлемі.
Тарыққасын Әділге,
Пірінің болды себебі.
Құдайым оңға бастады,

- Сәлемімді жаздым деп,
Әділ көңлің қолтады.
- 4440 «Туып өскен жұртым, — деп,
Қарасай-Қази, жан досым,
Бір іздемей Әділді
Нағып шыдап жатыр, — деп.
Екі досым, көп сәлем,
Екі қолым байлаулы,
Қимылдауға әлім жоқ,
Сүйтіп, сорым қайнаулы.
Қарасай-Қази, досым-ай,
Сендерді дос деп кім айтар?!
- 4450 Осындайда көрініп,
Бір келмедің қасыма-ай.
Екі досым сен едің,
Сенің досың мен едім.
Жауға түсіп қалғанда
Екі досым ат салып,
Алып шығар деп едім.
Досым жауда қалды деп,
Бір қайрылып келмедің.
Келмесең де, достарым,
- 4460 Сендерден үміт үзбедім.
Үзбесем де батыр-ай,
Елге барып жатыр-ай.
Бір іздемей жатқаның,
Қарасай-Қази досым-ай,
Ылайық па басыңа-ай?
Қызылбастың қолында
Алты арбаны сүйретіп,
Аман жүр әзір досың-ай.
Қарасай-Қази, сендерге
- 4470 Мұңымды жаздым айтып-ай.
Мені тастап қалмаққа,
Бардыңыз елге қайтіп-ай?!
Және дұғай көп сәлем,
Қырықсан қырық еліне,
Құрбы-құрдас теңіме.
Жететұғын күн қайда,

- Туып өскен жеріме!
Лалаулаған қызылбас,
Айтсам түспес тіліме.
- 4480 Қарасай-Қази, жан досым,
Әруақты еріме,
Екі досым қосылса,
Екі қолым босанса,
Жетер едім түбіңе.
Осы күні, достарым,
Қызылбас аузын бірлеулі,
Күнде мені тергеулі.
Қимылдауға дәрмен жоқ,
Екі қолым сірлеулі.
- 4490 Мойныма шынжыр тағулы,
Бір қызылбас бағулы.
Аяғыма тас қағып,
Сүйтіп, көңлі табулы.
Осындайда келмеген,
Достың жайын білмеген,
Екі досым, сендерге
Менің көңілім қалулы.
Қызылбастың қолында
Достың азап көрулі,
- 4500 Жарым жасым кемулі.
Қамыт іліп мойныма,
Алты арбаны жегулі.
Азаппенен алдырды,
Ақыл-естен тандырды.
Азап беріп қызылбас,
Ішімді оттай жандырды.
Қарасай бұзған қаланы,
Алты жігіт мойныма,
Соны маған салдырды.
- 4510 Тісіммен тезек тергізді,
Тірі азапты көргізді.
Шығарып айдап жүретін,
Бір қызылбас мінгізді.
Тісіммен тезек теремін,
Далада күндіз жүремін.

- Алты арбаны сүйретіп,
Күн батқанда келемін.
Ол кеш пенен бұл кеште
Жарым алма жегенім.
- 4520 Басқа Құдай салғасын,
Амалым жоқ көнемін.
Оныменен қоймайды,
Және бір жерге айдайды.
Алып барып бір жерге,
Сыналап тасқа байлайды.
Таң атқанша достыңның,
Сүйтіп, соры қайнайды.
Қызылбастың баласы
Басыма шығып ойнайды.
- 4530 Қуалап ұстар қолым жоқ,
Екі көзім жайнайды.
Қолыма түскен баласын
Қашыр-құшыр шайнаймын.
Осы сәлем барғасын,
Бір іздер деп ойлаймын.
Қарасай, Қази досым-ай,
Менің жайым осылай.
Осы сәлем барғасын,
Тірі екен деп ойларсың.
- 4540 Достым десең Әділді
Бұл азапта қоймайсың.
Ақташы ханнан бата алып,
Қолыңа бұйрық хат алып,
Қырымнан әскер жинасын.
Дос екені шын болса,
Менің үшін қиналсын.
Осы сәлем барғасын,
Екі досым жатпасын.
Әскер алып Қырымнан,
- 4550 Қызылбасқа аттансын.
Мені жаудан шығарып,
Қарасай, Қази «достым» деп,
Сол уақытта мақтансын.
Қырымнан әскер шықпаса,

- Өздері атын баптасын,
Екіден тұлпар ат алсын.
Екі досым болмаса,
Мені жаудан кім алсын,
Мені іздеп таппасаң?!
4560 Және дұғай көп сәлем,
Ақ сүт берген анам-ай,
Қызылбастың қолында
Тірі жүр Әділ балаң-ай.
Аман болсам көрермін,
Сабыр ет, анам, жыламай.
Рахат пенен азапты
Әуелі баста Құдайым
Жазған шығар маған-ай.
Екі қолым сірлеулі,
4570 Мойныма салды арбаны.
Тісіммен тезек тергізіп,
Қыдыртып қойды қаланы.
Және дұғай көп сәлем,
Емшектесім, жұбайым,
Мен үшін шекпе уайым.
Жалғыз бауырым Ылия,
Айырды сенен Құдайым.
Қүдіреттің ісіне,
Бұған не амал қылайын?!
4580 Екі қолым сірлеулі,
Бұзып қалай шығайын?!
Аман болсам шығармын,
Қапа болма, шырағым!
Тісіммен хат жазып,
Жіберген осы сәлемім.
Мұнан басқа мұңым жоқ,
Қимылдауға әлім жоқ.
Зарлағанда даусымды
Естімейді құлағым.
4590 Есіме түссе қалмайды
Менің сабыр қарарым.
Тапсырылғай анам-ай,
Осы жазған сәлемім.

- Ұстап жазар қолым жоқ,
Осы хаттан білерсіз,
Аман жүрген хабарым.
Өзір аман тіріміз,
Жәрдем берсе піріміз,
Ағанды аман көрерсің.
- 4600 Бір күні туса күніміз,
Және дұғай көп сәлем
Омар менен Оспанға.
Жақсылық етсең, шығарсыз
Екеуің азат бостанға.
Жамандық етіп қосылсаң,
Өзәзіл шайтан дұшпанға,
Тірі барсам қоймаспын,
Кетсең де ұшып аспанға.
Тағы сәлем айтайын
- 4610 Омар менен Оспанға,
Жылатып зәбір бермеңіз
Екі бірдей қасқаға.
Жылатып зәбір берсеңіз
Ылия менен анама-ай,
Тірі барар күн болса,
Көрсетермін саған-ай!
Алтын орда үйіме
Ықтиярсыз кірмесін.
Екі бірдей мұңдыға
- 4620 Жылатып зәбір бермесін.
Және дұғай көп сәлем
Қырық мың сан алуан ноғайға.
Қолынан ұрса Ұрымға,
Туып өскен Қырымға.
Және дұғай көп сәлем
Бауырлас туған қазаққа.
Тезірек іздеп келіңіз,
Мен жатырмын азапта.
Тағы сәлем айтамын
- 4630 Ел билеген еріме,
Өсіп, өнген жеріме.
Ал, Қарақұс жануар,

- Рұқсат бердім өзіңе.
 Осы жазған сәлемді
 Тапсырғайсың еліме».
- Қарақұс емес пірі еді,
 Қағазға қарап тұр еді.
 Қары бойы қағазды
 Қанатына іледі,
 4640 Қарақұс ұшып жөнеді.
 Құдайға Әділ жылады,
 Тілей қабыл болады.
 Қырымға қағаз жіберіп,
 Әділдің көңілі тынады.
 Кеш болғанда ер Әділ,
 Алты арбаны сүйретіп,
 Қаласына барады.
 «Осындай нәрсе көрдім», — деп,
 «Хабарлауға келдім», — деп,
 4650 Бағып жүрген қызылбас
 Ханына хабар салады.
 Хат кетті деп еліне,
 Өлтіруге Әділді
 Ханы бұйрық қылады.
 Атса, мылтық өтпеді,
 Шапса, қылыш кеспеді,
 Салса, найза теспеді,
 Шоқпарменен ұрса да,
 О да зиян етпеді.
 4660 Отқа салса, күймеді,
 Суға салса, батпады,
 Өлтірейін десе де,
 Қызылбас айла таппады.
 Ендігі тапқан амалы,
 Амалының жаманы —
 Жеті қабат зынданға
 Апарып салып тастады.

Ал енді ер Әділ зынданға түсіп жата тұрсын. Қырымға кеткен ер Әділдің пірі Қарақұстан хабар алалық. Қарақұс бірнеше күн ұшып, Қырымның еліне келеді.

- Қарақұс ұшып жөнеді,
Қарақұс емес пірі еді.
4670 Қырым деген шаһарға
Қарақұс ұшып келеді.
Ер Әділдің үйіне
Қарақұс еніп келеді.
Екі мұңды сорлының
Отырған жылап кезі еді.
Екі мұңды егіліп,
Аш күзендей бүгіліп,
Отыр еді түңіліп.
Жылап жатқан мұңдының,
4680 Ісін Құдай қалады,
Тілегі қабыл болады.
Бір қарақұс аспаннан
Ұшып келіп қонады.
Әділдің берген қағазын
Анасының алдына
Тастап кетіп барады.
Ханым оқып қарады,
Ашып оқып қараса,
Өзінің жалғыз баласы
4690 Әділдің жазған қағазы.
Екі мұңды қуанып,
Жылағанын қояды.
Жауда қалған Әділді
Көргендей-ақ болады.
Қайта жанды мұңдының
Өшіп қалған шырағы.
Хатты оқып көргесін,
Жауда қалған Әділдің
Тірі екенін білгесін,
4700 Қарасай, Қази досына
Қағазды алып барады.
Қарасай-Қази ер еді,
Артық туған шер еді.
Жауда қалған досының
Тірі-өлісін біле алмай,
Қапа болып жүр еді.

- Қайғы менен қан жұтып,
Ауру болып жүдеді.
Әділдің жазған қағазын
4710 Қарасай оқып көреді.
Жауда қалған досының
Тірі екенін біледі.
Сонда Қазі сөйледі:
— Бүгін өлсем ырзамын,
Бір шыбындай жанымды
Досыма құрбан қылайын.
Досым үшін жанымды
Сарп етуге тұрайын.
4720 Қаріптер, қайтіп жүре бер,
Қызық дәурен сүре бер,
Ордаңа барып кіре бер.
Құдай тілек бергесін,
Қабағыңды ашып күле бер.
Өлсем, өліп кетейін,
Досым үшін өтейін.
Егер өліп кетпесем,
Әділді алып жетейін.
Енді тұрман бұл жақта,
4730 Әділді қойман азапта.
Қызылбасқа жүрейін,
Қарасай аға мін атқа.
Көңіліңді қош етіп,
Қайта бер, ханым, үй жаққа.
Қасыңдағы қызыңды
Қайғылы етіп жылатпа,
Ағасын аман әкеліп,
Жеткіземін мұратқа.
Ау, Қарасай, ағам-ай,
Талап етіп мен тұрмын,
4740 Жауда қалған досымды
Іздемей нағып тұрайын,
Ідемесем досымды,
Таңда мақшар күнінде
Көремін қалай жүзін-ай.
Сен бармасаң, Қареке,

- Кетемін іздеп өзiм-ай.
 Әдiл үшiн аттану —
 Мiндетiмiз бiзiң-ай.
 Қареке, қалай көресiң,
 4750 Осылай менiң көңлiм-ай?
 Ендiгiсiн өзiң бiл,
 Менiң бiттi сөзiм-ай.

Ал ендi Қарасай-Қази Байбикеш ханымды қуантып, ордасына қайтарып жiбередi. Сүйтiп, жатпай-тұрмай досын iздеуге талаптанған жерi.

- Екi мұңды көрiптiң
 Көңiлдерiн хош етiп,
 Қызылбастың елiне,
 Әдiлдiң жатқан жерiне
 Қарасай-Қази қос батыр
 Аттануға қам етiп,
 Екеуi атқа мiнедi,
 4760 Ақташы ханға келедi.
 «Iздеймiз, — деп, — Әдiлдi»,
 Ханнан әскер сұрады.
 Қызылбасқа баруға
 Қырымға әмiр қылады,
 Хан әмiрi болмады,
 Бұрынғы барған әскерлер
 «Өлемiз», деп бармады.
 — Бәле болды бiздерге
 Әдiлдiң жауда қалғаны,
 4770 Өркiм де жақсы көредi,
 Сау болғаны мал-жаны.
 Қиғаш деген биiк тау,
 Қызылбас деген жаман жау.
 Оған барсақ аттанып,
 Келе алмаймыз аман-сау.
 Қарасай-Қази, екеуiң
 Бiздерден күдер үз, — дедi,
 Бара алмаймыз бiз, — дедi.
 Қызылбастан өлгенше,

- 4780 Өздерің-ақ қыр, — деді.
Сонда Қази сөйледі:
— Бұл айтқаны жөн, — деді.
Әділге ерген әскердің
Біреуі тірі келмеді.
Қиын сапар екені
Өтірік емес, шын, — деді.
Бармайтынын айтты ғой,
Қарасай аға, оңбағыр,
Неге тудың, құрмағыр?!
- 4790 Көп жаманға жалынып,
Нағып тұрсың, тумағыр?!
Туғаның, аға, осыма-ай,
Кетейін өзім, досыма-ай.
Жалынғанмен көп жаман,
Ермес сенің қасыңа-ай.
Жамандық күні осылар,
Болады масыл басыңа-ай.
Жалғыз аяқ тар жолда
Қаптағанда қызылбас
- 4800 Көргенің жоқ па осыны-ай.
Жалынғанша бұларға,
Тұлпар атты бағалық,
Аттың күйін табалық.
Тасқа тисе сынбастай,
Болаттан таға қағалық.
Ағайынды екеуміз
Қызылбасқа баралық,
Барып сойқан салалық.
Әділ хандай досымды
- 4810 Суырып жаудан алалық.
Осы сапар алармыз
Дербент деген қаланы.
Қызылбасты қиратып,
Бағындырып бір алсақ,
Атамның бітер арманы.
Осыны айтып ер Қази,
Қарасайға толғады.
Қарасай мұны тыңдады,

- 4820 Қырымнан әскер алмады,
Жаманға бұйым салмады.
Қарасай-Қази екеуі
Қырымға қайтып бармады.
Ноғайдан көмек сұрамай,
Тұлпар атты бағады.
Баратын жауы қызылбас
Алты айшылық жол еді.
Алысқа аңқып шабар деп,
Шараптың суын береді.
Тұлпарын баптап бағады,
- 4830 Атының күйін табады.
Сауыры күнге күйер деп,
Мақпалдан жабу жабады.
Болаттан таға қағады.
Ат жарағын сай етіп,
Қызылбасқа жүруге,
Өзірленіп алады.
Арадан күндер өтеді,
Қызылбастай жауына,
Жүруге талап етеді.
- 4840 Қызылбасқа баруға
Қырым жұрты қорықты.
Екі батыр жорықты,
Бара жатып екеуі,
Ханымға келіп жолықты.
— Байбикеш ханым, қалайсың?
Семіртіп қойың байлапсың,
Тарыққан жерде көрмесең,
Құдайласқан досыңның
Көреді қашан пайдасын?!
- 4850 Досын іздеп барады,
Жауға тігіп найзасын.
Қарындасы Ылия
Қызыл гүлдей жайнасын.
Қызыл гүлдің ішінде
Бұлбұлдай болып сайрасын.
Үш айдан өрі қалдырмай,
Келтіремін ағасын,

- Қуантамын анасын.
Сол уақтары анасы
4860 Сүйінші сұрап келгенде
Беретұғын нәрсесін
Осы бастан сайласын.
Арғымақтың аяғын
Жібекпенен байласын.
Қолыңды жайып, бата бер,
Біз келгенше, мұңдылар,
Күліп-ойнап жата бер.
Әділдің жатқан жеріне,
Қызылбастың еліне
4870 Сапар етіп баруға,
Тұтқындағы Әділді
Шығарып жаудан алуға,
Естігесін хабарын,
Көргесін сөлем қағазын,
Тына ма көңлім бір бармай.
Әділді алып келеміз,
Үш айдан әрі қалдырмай.
Үш айдан әрі қалдырсақ,
Алланың ісі болғаны-ай.
4880 Әділді жаудан ала алмай,
Досыңның жауда қалғаны-ай.
Егер өліп қалмаса,
Шығарып жаудан алғаны-ай.
Үш айдан әрі қалдырмай,
Әділді алып келеміз.
Бүгіннен бастап санай бер,
Сөзімнің болмас жалғаны-ай!
Осылай деп Қарасай,
Тұрған екен шамасы-ай.
4890 Қарасай мен Қазифа
Қол жайып берді батасын
Әділдің туған анасы-ай.

— Жолыңыз болсын, барыңыз,
Әділді тауып алыңыз.
Қарақтарым, сіздердің

- Бір Алла болсын жарыңыз.
Ұмытып кетпей тар жерде,
Піріңізді еске алыңыз.
Қарағым, сізден садақа,
4900 Дүния-мүлік, малымыз,
Мал түгіл, біздің жанымыз.
Осы сөзді айтты да,
Тілектес болып қалады.
Өздері көрген жолменен
Екеуі кетіп барады.
Бірнеше күн жол жүріп,
Азғана емес, мол жүріп,
Тынбай жүріп келеді.
Қиғаш таудың қарасын
4910 Екі батыр көреді.
Екі тұлпар жануар
Бауырынан жарады,
Шекесінен қарады.
Сылап, сипап батырлар,
Жал-құйрығын тарады.
Таң сарғайып атқанда
Жалғыз аяқ жолменен
Қаратаудан құлады.
Күн қызарып шыққанда
4920 Тас өткелге барады.
Одан әрі өткенде,
Сонда көзі шалады
Өздері бұзған қаланы.
Қарасай сонда сөйледі:
— Қызылбас айла тауыпты,
Қорғанды мықтап жауыпты.
Айнала қандек қазықты,
Он екі жерден ашылған
Даруазаны жауыпты.
4930 Қарасай-Қазы келер деп,
Қалаға шауып кірер деп,
Болған екен қауіпті.
Қас қарайып күн батсын,
Қаласына жау жатсын.

- Қараңғы түнде шабалы,
«Орақ!» — деп ұран салалы.
«Орақ!» деген дауыспен
Жер дүнианы жаралы.
Қорыққасын қызылбас,
4940 Тастап қашар қаланы.
Қаласынан шығарып,
Қызылбасты қыралы.
Қаланың ішін босатып
Айла менен алалы.
Қызылбастан тіл ұстап,
Тұтқындағы Әділдің
Жатқан жері табалы.
Сонда Қази толғады:
— Ау, Қарасай ағамыз,
4950 Іздеп келген ер Әділ
Осы жауда болғасын,
Шаппай нағып тұрамыз?
Қарасай аға, білмеймін,
Өнемейін түн дейсің,
Өз-өзіңді жөндейсің.
Батыр болсаң, Қареке,
Күндіз неге тимейсің?!
Бұл айтқаның жөн емес,
Жасырынған ер емес!
4960 Жасырынып жау алған,
Ол атаның жолы емес.
Жаудың қорқып көбінен,
Қорқыныш салма көңіліме.
Қорықсаң, аға, қайта бер,
Осы жерден кейінге.
Көп те болса бұл жауды,
Қоя бер, аға, өзіме.
Жасырынып жау алсам,
Ұяламын көруге
4970 Атам Орақ жүзіне, —
Деді дағы, ер Қази
Тыңдамады сөзіне.
Кірейін деп қалаға

- Қази салды «Алланы» .
Қарасай одан кем бе еді,
Артық туған ер еді.
Інісінен қала алмай,
Талма-тал түс уақытында
Екеуі шапты қалаға-ай.
- 4980 Қаланың аузын қандатып,
Қақпаның аузын шаңдатып,
Екеуі салды бұлағай.
Екі жерден екеуі
«Орақ!» деп ұран салады.
Қызыл-жасыл екі ту
Көтеріп жауға шабады.
Мысалы оттай жанады.
Қызылбастың үстіне,
Ақырзаман салады.
- 4990 Көп те болса қызылбас,
Тая берді табаны,
Құри берді амалы.
Көрінгенін қырады,
Екі жерден екеуі,
Аралады қаланы.
Қызылбасты қаладан
Шығарып айдап шығады.
Қаланың іші-сыртынан
Досын іздеп қарады.
- 5000 Дербент деген зор қала,
Соған қарай салады.
Бұдан бұрын қалмақтар,
Дербентке хабар салады.
Алдырмасқа қызылбас
Салып жатыр амалды.
Сонда тұрып ер Қази,
Қарасайға толғады:
— Күтініп жатыр қызылбас,
Бізге Құдай жар болсын.
- 5010 Себеп болып пірлерім,
Дербентте Әділ бар болсын.
Атқа мінген хан болсын,

- Мырза болсын, би болсын,
Таңдап ұстап алалы.
«Тауып бер, — деп, — Әділді,
Өлтірем», — деп сұралы.
Қорыққанынан қызылбас
Шынын айтар жасырмас, —
Деді дағы, ер Қази
- 5020 Қызылбасқа шабады.
Бір қадірлі мырзасын
Таңдап, ұстап алады.
«Тауып бер» деп Әділді,
«Өлтірем» деп сұрады.
Сұрағанмен айтпады,
Айтқанынан қайтпады.
Дініне берік халық екен,
Өлсе де, тілін тартпады.
Айтпағасын қызылбас,
- 5030 Әділді іздеп таппады.
Әділ досын іздеді,
Еш хабарын сезбеді.
«Енді қайдан табам?» — деп,
Қарасай жылап еңіреді.
Жаратқан Алла Құдайым,
Бір өзіңе жылайын.
Іздеп келген досымды,
Таба алмадым даладан,
Дала түгіл, қаладан,
- 5040 Енді қайдан табайын?!
Ұстап алған қызылбас
Өлсе де, шынын айтпады.
Енді кімнен сұрайын?!
Таба алмасам досымды,
Елге не деп барайын?!
Бір сілтеуін бере гөр.
Атам Орақ бабайым,
Ақ сүт берген анайым!
Сендер себеп болмасаң,
- 5050 Басыма түсті уайым.
Осылайша еңіреп,

- Таба алмай досын тарығып,
Екеуі де қамығып,
Адам қылып біздерді,
Жараттың деп нағылып?!
Тұр екен сонда екеуі
Зар еңіреп Құдайға,
Пірлеріне жалынып.
Зарлаған даусы бұлардың
- 5060 Ғайып-ерен пірінің
Құлағына шалынып.
Кететін болды бұлардың,
Басынан тұман арылып.
Бір әйел келді алдына
Қара терге малынып.
Сонда тұрып бұл әйел,
Сөз сөйледі ағылып:
— Қарақтарым, бауырым,
Неғып тұрсыз қамығып.
- 5070 Көптен бері көре алмай,
Жүр едім сізді сағынып.
Кететұғын болар ма,
Басынан тұман арылып?!
Мен де сіздің апаңыз,
Қалмақта жүрген бағылып.
Жайымды баян етейін,
Қарағым, сізге жазылып.
Мен ноғайдың қызы едім,
Қойда бағлан қозы едім.
- 5080 Жесір қып қалмақ алғанда,
Онда сендер жоқ едің.
Он бес жасар күнімде
Қалмақ шауып елімді,
Жесір алып, ел алып,
Кесіп кеткен желімді.
Ноғайдың ері шығарсыз,
Жүзің жылы көрінді.
Өтірік айтар деменіз,
Апаңыз болам сенімді.
- 5090 Кеңшілікке шыққасын,

- Айтармын ата-тегімді.
Атын айтсам білерсіз
Ендігі би мен бегімді.
Айтпасаң да, қарағым,
Орақтан туған шығарсыз.
Меңзетіп тұрмын жүзіңді.
Алдыңа түсіп көрейін,
Әділді тауып берейін.
Айта берсем мұңым көп,
5100 Тар жерде саған не дейін?
Тарқатайын қапаңды,
Танимын сенің атаңды.
Алдап жүр ғой демеңіз
Мендей мұңды апаңды.
Осы сөзді айтты да,
Алдына түсіп жүреді.
Жеті қабат зынданға
Екеуін ертіп келеді.
Бұл ноғайдың қызы емес,
5110 Ғайып-ерен пірі еді.
Өмірімен Алланың
Сыртынан қамдап жүр еді.
Ертіп келіп зынданға,
Бір көрінбей көзіне,
Ғайып болып жөнеді.
Іздегені табылып,
Қабыл болды тілегі.
Жеті қабат зынданға
Қарасай-Қази келеді,
5120 Дауыстап сәлем береді.
Бекітіп қойған есігі,
Есігінде бар екен,
Бір кішкентай тесігі.
Сол тесіктен келеді,
Әділ досын шақырып,
Жолбарыстай ақырып.
Ақырған даусы Әділдің
Құлағына барады,
Даусы жерді жарады.

5130 Даусын естіп досының,
Көтеріп басын алады.
Келгенін біліп досының,
Әділ сонда толғады,
Іштегі шерін қозғады.
Көп жыл жүрді азапта,
Досынан жәрдем болмады.

— Қарасай-Қази, екеуің
Неғып келдің еліңнен,
Мен достыңмын сізден жерінген.

5140 Қорықпаймын өлімнен,
Енді маған көрінбең.
«Әділ жауда қалды» деп,
Абыройым төгілген.
Әуелде тастап кеткесін,
Әділ сізден түңілген.
Салмаймын құлақ сөзіңе,
Көрінбең менің көзіме.
Жақындамай қасыма,
Кете берің жөніңе.

5150 Алты жыл жүрдім азапта,
«Әділ неғып жатыр?» — деп,
Көрінбедің көзіме.
Ақыреттік дос болған соң,
Қатты келді көңліме.
Батырлар, сөзің бір болса,
Дос екенің шын болса,
Орға түсіп қалғанда,
Сонда неге келмедің?!

5160 Осындай қиын, тар жерде,
Достарым, сізді көрмедім.
Алты арбаны сүйретіп,
Алты жыл жүрдім азапта,
Мұнда неге келмедің?!
Осындай қиын күндерде
Достығыңды сезбедім.
Керек емес, достарым,
Ендігі жерде келгенің.

- Есептесіп шешеммен,
Қайтып ал, болса бергенің.
5170 Бұрын дос деп жүрсем де,
Енді сізге сенбедім.
Көмегіңмен сендердің,
Ордан шығып, жау алып,
Елге тірі бара алман.
Сендер ердің сойысыз,
Мен қойшыдан жаралған.
Бір нәрсеге керіссек,
«Құтқарған жаудан — біз», — деген,
Сөзіңе мазақ қала алман.
- 5180 Сіздер асқан батырсыз,
Мен қорқақпын азалдан.
Ендігі жерде достықтан
Ашылған шығар арамыз.
Сіз батыр да, мен қорқақ,
Қанатын болды табаңыз.
Азап берген қалмақтың
Тайдырамын табанын,
Қуырамын заманын,
Кегімді жаудан аламын.
- 5190 Сұрағанға «сәлем» дең,
Сонан соң елге барамын.
Іздеп келіп нетесіз,
Ноғайдың қорқақ жаманын?!
Атадан жалғыз туғасын,
Күнімнің білдім қараңын.
Кете берің қайрылмай,
Сөзімнің еттім тамамын.
Сонда Қази сөйледі:
— Әділ досым, аман-сау
- 5200 Жатырмысың түбінде.
Досың іздеп келгенде,
Әлің қалай бүгінде?
Екі досың келіп тұр,
Келмеді деп өкпелеп,
Бізден, досым, түңілме.
Келіп тұрмыз сағынып,

- Жатырсың, досым, нағылып?!
Құдай тілек беріп жүр,
Іздегенім табылып.
- 5210 Әуелгі келген сапарда,
Досым, сенен айрылып,
Кетіп едік торығып.
Жұрттың бетін көре алмай,
Ел аралап жүре алмай,
Жатыр едік майрылып.
Сәлеміңді алғасын,
Хабарың анық барғасын,
Шамырқанып шамданып,
Досым сені табуға,
- 5220 Шығып едік қамданып.
Жаудың бұздық қамалын,
Сені таппақ амалым.
Тізесінен қан кешті,
Екі тұлпар пырағым.
Жеті қабат зынданнан,
Шығарып сені алмасақ,
Тарқамайды құмарым.
Әуелгі келген сапарда,
Досым, сені іздедік,
- 5230 Еш хабарын сезбедік.
Таппасақ та өзіңді,
Біздер күдер үзбедік.
Бүгінгі күні біздерді
Табыстырды Құдайым.
Күнәміз болса, кешір деп,
Достым, саған жылайын.
Тілекті қабыл қылмасаң,
Сенен аяр жаным жоқ,
Үстіңе мен де құлайын.
- 5240 Орда жатқан ер Әділ
Байқады сөздің сыңайын.
— Олай болса, достарым,
Мен зынданнан шығайын.
Дұрыс жауап бермесем,
Біліп тұрмын Қазидың

- Үстіме келіп құларын.
Қарасай о да құласа,
Мұнан да жаман мұңайып,
Кетер менің ажарым,
5250 Мені амалдап шығарың.
Екі қолым байлаулы,
Сөйтіп, сорым қайнаулы.
Қимылдауға әлім жоқ,
Сөйтіп, сорым қайнаулы,
Қалай етіп шығайын?!
Арқан салып көріңіз,
Тісіммен тістеп қарайын.
Мұны есітіп екеуі,
Қуанысып қалады.
- 5260 Жалғап арқан салады,
Әділ хандай достысын,
Шығарып ордан алады.
Шынжырларын жазады,
Қолындағы қолеткі,
Ол жазылмай қалады.
Бұзайын десе, Әділдің
Қолы сынып барады.
Қарасай-Қази екеуі
Ылажын таппай тұрады.
- 5270 Сол уақтар болғанда
Тарығып, Әділ жылады:
— Жаратқан мені, Құдайым,
Бір өзіңе жылайын.
Ақ шалмалы пірөдер,
Сенен себеп болмаса,
Енді не амал қылайын?!
Балталауға қолым бар,
Мұны қалай бұзайын?!
Ақшалмалы пірөдер,
- 5280 Болмайсың ба хабардар.
Қолектіден қолымды
Шығаруға болың жар.
Жеті ғайып пір едің,
Қысылғанда тар жерде,

- Бір бұл емес, әр жерде
Жәрдем беріп жүр едің.
Менің шығып тұрғаным —
О да сенің себебің.
Колеткіні бұза алмай,
5290 Мен тарығып жыладым.
Көрісе алмай достыммен,
Менің жылап тұрғаным.
Осылай деп ер Әділ,
Жылап тұрып зарлады.
Зарлаған даусы Әділдің
Ғайып-ерен пірінің
Құлағына барады.
Пірінен себеп болады,
Тілегі қабыл ер еді,
5300 Пірлері жәрдем береді.
Ғайып-ерен ер дауыс
Құлағына келеді.
Қырық жолбарыс қуаты
Құлағына енеді.
«Я, пірім!» — деп жұлқынып,
Қолындағы темірді
Жіптей қылып үзеді,
Талқан болып сынады.
Құшақтасып көрісіп,
5310 Көңілдері тынады.
Қуанысып күлісіп,
Тілегі қабыл болады.
Әділ досын шығарып,
Қарасай мен Қазидың,
Басына бақыт қонады.
Амандасып болғасын,
«Атқа, досым, мінгес», — деп,
Көлденең тартып тұрады.
«Мінгес» десе, мінбеді.
5320 Сонда Әділ сөйледі:
— Екі досым сен едің,
Сіз ақылға кең едің,
Көлденең тартып атыңа

- Мінгес, досым, дегенің,
Мен атыңа мінбедім,
Мінгескендей атыңа,
Қызылбастан олжа қып,
Алып келген құл ме едім?!
Осы жерін, достарым,
5330 Неге айырып білмедің?!
Ханның сарай жайында
Естимін даусын шыңғырып,
Кісінеген аттың да.
Сарқызылды мөпелеп,
Бағып едім тайында.
Шамаңыз келсе, алып кел,
Тұрған шығар бабында.
Малым да сол, жаным да,
Әкелмесең атымды,
5340 Мен кетпеймін шынында.
Мұны есітіп ер Қазиді,
Сарқызылға шабады.
Пірі бастап туралап,
Атты Қазиді табады.
Ханның сарай жайынан
Аман алып шығады.
Алып келіп Әділге,
Сарқызылды мінгізді.
Кіреукесін кигізді,
5350 Бас қаруын ілгізді.
Қарасай-Қазиді екеуді
Шын достығын білгізді.
Дербент деген қалаға,
Досын бастап жүргізді.
Қызылбастай жауына
Үш арыстан келеді,
Келіп бүлік салады,
Қаланы шауып алады.
Бірнеше күн атысып,
5360 Қара қанға батысып,
Үш арыстан үш жерден,
Пірлері оған күш берген,

- Қызылбасты қырады,
 Көбі болды жаралы.
 Дербент деген қаласын,
 Шулатып қатын-баласын,
 Талқан қылып шабады.
 Қарасай-Қази қос батыр,
 Әділменен үш батыр,
 5370 Қызылбасты қиратып,
 Бір құмардан шығады.
 Қорғасанды өлтіріп,
 Бір құмардан шығады.
 Қорғасанның қанды көз —
 Қондыкердей әкесін
 Тірілей ұстап алады.
 Есінде бар Әділдің
 Баяғы жазған қағазы.
 Шығар емес есінен,
 5380 Өзіне берген азабы.
 Сол азапты берелі,
 Мұның да күшін көрелі.
 Маған берген азаптың
 Қайтатын болсын дерегі.
 Қорғасан мықты зор еді,
 Әскері сансыз көп еді.
 Қондыкердің тілімен,
 Азап берген сол еді.
 Қорғасанды алғасын,
 5390 Көп әскерін қырғасын,
 Қалған елі бағынып,
 Қарасайға жалынып,
 Қол қусырып тұрады,
 Дегенін ерлер қылады.

Үшеуі Қондыкерді ортаға алып, баяғы Орақты өлтіріп қашып кеткен жиырма сегіз жаманды және Әділге ерген он төрт мың қолдың тірілей қолға түскенін, тауып беруін талап етеді. Қондыкер айтады: «Қарасай-Қази, алдыңнан соғысып кеткеннен кейін біздің елімізден қашып шығып кетті. Олардың қайда кеткенін білмейміз, — деді. Ал он төрт мың қолдың алты мыңы

тірілей қолға түсті де, бес жүз адам жаралы болып қолға түсіп еді, ол бес жүз адамның екі жүзі жазылды. Қазір алты мың екі жүз адамыңыз күндіз жұмыс істейді, түнде қамауда болады», — деді. Сонымен алты мың екі жүз адамын таптырып алып, қалмақты мұсылман дініне енгізіп, көп олжа, жесір алып, еліне аттанып қайтқан жері.

- Ал, күн үш ай толғанда,
Ханымға берген уәде
Жетер шағы болғанда,
Бағындырып қалмақты,
Еліне қайтып барады.
- 5400 Әділ досын ерітіп,
Қайта шығып қонады.
Шыққан күні Әділдің
Ақ сүт берген анасы,
Ол әйелдің данасы,
Түнде жатып түс көрді.
Өзі жорып бұл түсін,
Қуанып көңлі хош болды.
Ұйқыдан қызын оятып,
Көрген түсін сынатып,
- 5410 Және қызын қуантып,
Анасы тұрып толғады:
— Басыңды көтер, қызым-ай,
Туған ерке қозым-ай.
Мен бір түнде түс көрдім,
Жорып берші өзің-ай.
Асқар биік Алатау
Үстіме келіп құлап жүр,
Бұл не болар шырағым?
Аяғы жоқ, басы жоқ,
- 5420 Ағыны қатты білдіріп,
Суы сүттей ақ дария
Ақ орданың түбінен
Сарқырап тасып, ағып жүр.
Бөгесем де болмады,
Ағыны бұзып тұрмады,
Бұл не болар шырағым?

- Томағасы алтыннан,
Аяқ бауы күмістен,
Бір қаршыға құс көрдім,
5430 Өзін еркін бос көрдім,
Қолыма келіп қонып жүр.
Ақ орданың ішінде
Жақсы адамдар толып жүр,
Ақ батасын беріп жүр.
Және жатсам түс көрдім,
Жалғыз қозым ізімде,
Әділ ме екен деп едім,
Көрінбеді көзіме.
Оң жағымнан күн туды,
5440 Сол жағымнан ай туды,
Бұл не болар шырағым?
Сонда қызы сөйледі:
— Шынымен тілек тілесей,
Қабыл ма екен тобаң-ай.
Тілегіңді Жасаған,
Берген екен саған-ай!
Бүгін жаудан Әділің
Шыққан екен аман-ай.
Ақ орданың үстіне
5450 Асқар тау келіп құласа,
Асқар таудай бақ қонар,
Кеткен Әділ балаң-ай.
Сарқырап ақса ақ дария,
Бөгесең де болмаса,
Ағыны бұзып тұрмаса,
Дұшпан бұзып өте алмас,
Алды түгіл, артыңнан
Көрінген шығар саған-ай.
Алтын орда ішінде,
5460 Жақсы адамдар жиылса,
Жұртты жиып той қылар,
Жұрт сыйлығын мол қылар.
Мен жорысам осылай,
Қуантар келіп досым-ай.
Айналайын, анам-ай,

- Көрінді жақсы түсің-ай.
Бір қаршыға құс көрсең,
Өзін еркін бос көрсең,
Әділ балаң болғаны-ай,
5470 Бүгін шығып қонғаны-ай.
Оң жағыңнан күн туса,
Қарасай досың болғаны-ай.
Сол жағыңнан ай туса,
Қази досың болғаны-ай.
Әділ досын шығарып,
Ортасына алғаны-ай.
Қайғы кетіп басыңнан,
Шамшырағың жанған-ай.
Әділ жалғыз балаңыз
5480 Жау қолынан босанып,
Жүрегіңді жарғаны-ай.
Түсіңді, шеше, жорыдым,
Жоқ екен түсің жалған-ай.
Осының бәрін ойласаң,
Жазуда солай болғаны-ай.
Сонда анасы толғады,
Және бір кеңес қозғады:
— Айналайын, қызым-ай,
Туған ерке қозым-ай.
5490 Жорып едім түсімді,
Осылай деп өзім-ай.
Бұдан да былай, Жасаған,
Келтіргейсің ісімді,
Жорып қойдым түсімді.
Жарлы болсын, бай болсын,
Шырағым, сені беремін,
«Сүйінші» деген кісіге.
Қарағым, талай жыладым,
Осы күнім бекер деп.
5500 Әділ жаудан келмесе,
Қайғымен күнім өтер деп.
Осыдан Құдай келтірсе,
Ардақтаған қызымды,
«Сүйінші!» — деп келгенге,

Соған берсем нетер деп.
Бере қойсам қызымды,
Ешкім айтпас бекер деп.

- Екі мұңды қуанып,
«Уһ!» — деп демін алады.
- 5510 Қарасай мен Қазидың
Кеткен күнін санады.
Сонан келіп қараса,
«Айтқан күні бітті», — деп,
Төбеден түспей тұрады.
Қарасай-Қази қос батыр,
Әділменен үш батыр,
Ел шетіне таянды.
Әділ менен Қазиға
Қарасай қылды баянды.
- 5520 — Қази менен екеуің,
Жаймен жүріп келерсің,
Ақ сүт берген анаңа
Барып сәлем берерсің.
Аман-есен қосылып,
Ойнап-күліп жүрерсің,
Берді тілек Құдайым.
Бұрын озып барайын,
Мұңдыларды қуантып,
Жүректерін жарайын, —
- 5530 Деді дағы, Қарасай
Байбикешке жөнеді.
Қарап тұрса мұңдылар
Бір қараны көреді.
Көзді ашып, жұмғанша,
Қызыл атпен Қарасай
Салып жетіп келеді.
Мұңдыларды көреді,
Көріп сәлем береді.
— Байбикеш ханым, саумысың?!
- 5540 Тілегі қабыл, байғұсым!
Әділді алып келеміз,


- Тарқатып дерттен қайғысын.
Ақ марқадай керілген,
Қайғыменен езілген,
Ылия, аман жүрмісің?!
Мұнараның басында
Әділді қарап тұрмысың.
Әркім де жақсы көреді,
Өзінің қатар құрбысын.
- 5550 Қысым кетіп, жаз болып,
Қолыма қонды жыл құсым.
Құс дегенім — ер Әділ,
Қияметтік жан досым.
Досым үшін аттанып,
Қызылбасқа от салып,
Қиғаш деген тауды алдық,
Қызылбас деген жауды алдық.
Бірнеше күн атысып,
Қызыл қанға батысып,
- 5560 Қызылбасты зорға алдық.
Бағындырып алғасын,
Олжа мен жесір, мал алдық.
Тірілей түскен қалмаққа
Аламанды тағы алдық.
Құдай тілек берген күн,
Үш бөлініп Әділмен,
Елге қарай қозғалдық.
Әділ досын ерітіп,
Келатыр Қазі туғаным.
- 5570 Бұрынғының жолы деп,
Байбикештей ханымнан
Сүйінші сұрап тұрғаным.
Осы сөзді айтты да,
Байбикештей ханымды
Сынамақшы болады.
Қарасай қайта толғады:
— Бұл сапарда, Байбикеш,
Тілегіміз болмады,
Сапарымыз оңбады.
- 5580 Айтып мен саған,

- Әуелі сөздің бұрысын,
Айтайын енді дұрысын.
Батыр аңқау, ер гөдек —
Батырлығы құрысын.
Біз қалмаққа барғанбыз,
Қиядан қиқу салғанбыз.
Шыбын жанды қинадық,
Кетпесін деп ар-намыс.
Ар намысы құрысын,
5590 Осы сапар біз көрдік,
Қалмақтың қатты ұрысын.
Бұл сапарда, Байбикеш,
Келіспеді жүрісім.
Мен қанатымнан қайрылдым,
Оң жағымнан майрылдым.
«Әділ» деп өксіп жүргенде
Қазидан да айрылдым.
Қази да қалды қалмақта,
Осы сапар тап болдым,
5600 Көрмеген бұрын азапқа.
Бұрылтпады жан-жаққа,
Орға түсіп Қазиым,
Қалып қойды сол жақта.
Жалғыз қалған мен сордың
Келмеді күшім қалмаққа.
«Әділ» деп өксіп жүргенде
Тап болдым ауыр салмаққа.
Қази мен Әділ жоқ болды,
Ішім жанған өрт болды.
5610 Ат басындай жүрекке
Қайғы менен дерт толды.
Осындай болды талабым
Келіспеген сапарда.
Неде болса тап болдым
Қауіп пенен қатерге.
Мен де жетім, сен жетім,
Екеуіміз де тең жетім.
Ере алмастай мен болдым
Ендігі жерде қатарға.

- 5620 Сонда ханым толғады,
Сөз дүкенін қозғады:
— Қарасай, досым сен едің,
Атаң Орақ батырдан
Артық туған дер едім,
Қанеки, артық туғаның?!
Әлі де, балам, кем едің,
Әуелі, балам, не дедің,
Соңынан не дегенің?!
Кемдігіңді айтайын:
- 5630 Қызылбастан босанып,
Шыққаныңды білгенмін.
Ардақтаған қызымды
Сол күні саған, шырағым,
Сүйіншіге бергенмін.
Артық тусаң атадан,
Оны неге білмедің?!
Бұрын досым болсаң да,
Енді болдың күйеуім.
Әділім қашан келеді,
- 5640 Барады босап сүйегім?!
«Қази жауда қалды», — деп,
Сынау үшін айттың ғой,
Оныңды да білемін.
Әйел де болсам, пірлермен
Хабарласып жүр едім.
Талабыңыз оң болып,
Болған екен тілегің!
- Шын тілесен Алладан,
Ертелі-кеш береді.
- 5650 Бір уақыт болғанда,
Әділ жетіп келеді,
Баласын ханым көреді.
Жазуда солай болғасын,
Әділ азап шегеді.
Құтылуға азаптан
Пірінің болды себебі.
Ақташы хан Әділге


- Өкіл ата деп еді.
Әділ аман келгесін,
5660 Өзіне тағын береді.
Таққа мініп ер Әділ,
Хандық дәурен сүреді.
Отыз күндей той қылып,
Ел-жұртын жидыртып,
Қарындасы Ылияны
Сонша мал мен дүнияны
Қарасайға береді.
Омар менен Оспан құл
Енді соған келелі.
- 5670 Қызылбастың қолына
Әділ түсіп қалғанда
Жамандық қылған құл еді.
Тарттырайын дегенде
Жазасы құлдың көп еді.
Жататын жері олардың
Жеті зымнан түбі еді.
Жамандыққа — жақсылық
Ердің қылар ісі еді.
Сол сықылды дұшпанның
- 5680 Күнәсін кешті деседі.
Кеңшілік қылып ер Әділ,
Ақылменен шешеді.
Екі құлдың күнәсі
Көп те болса, кешеді.
Тірі келген пенденің
Үйлері жатыр қуанып,
Жылағаннан жұбанып.
Адамы жауда қалғандар,
Олар жатыр суалып.
- 5690 Біреулер қалған секілді,
Жалғызы кетіп қуарып.
Жетімдер де ер жетіп,
Атасының ары үшін
Соғысып қайтқан секілді,
Қолына жасыл ту алып.
Әділхан жаудан келгесін,

- Бұрынғыдай ел болды.
Қайтадан Қырым құралып,
Қосай шалға Қарасай
5700 Қымбат үшін барыпты.
Тоғыз сусар тон менен,
Тоғыз тұлпар ат мұны алып.
Қалмақтан келген жесірден
Және он екі қыз алып.
Осыны беріп Қарасай,
Қымбаттың басын ашыпты,
Қосайдан алып ырзалық.
Әуелгі барған сапарда
Қайғы-қасірет тартса да,
5710 Кейіні кетті оңдалып.
Ата жауы қалмақты
Бағындырып алыпты.
Сапарлары оң болып,
Бір қатерден қалыпты.
Бұларға Алла жар болып,
Атағы шықты Әділдің
Қырымға қайта хан болып.
Жетім менен жесірге
Қарасып тұрды ер Әділ,
5720 Қазынадан қаржы, мал беріп.
Таққа мінді ер Әділ
Келген жылы кезегі.
Бұзылған жерін Қырымның,
Арба жегіп мойнына,
Қондыкермен түзеді.
Әділ асқан ер еді,
Өзіне берген азаптың,
Қалдырмай бәрін есептеп,
Қондыкерге береді.
Қарасай-Қази қос батыр,
Әділ ханмен үш батыр
Қиғаштың Алатауына,
Қызылбастай жауына
5734 Аттанып қайтқан жері еді.



Ғ Ы Л Ы М И

Қ О С Ы М Ш А Л А Р



ТОМҒА ЕНГЕН МӘТІНДЕРГЕ ТҮСІНІКТЕМЕ

«Қарасай-Қази» — қазақ халқының өткен ғасырларда аса сүйіп тыңдаған көркем де келісті эпостық мұраларының бірі.

Жырдың көптеген нұсқалары ғасырларды көктей өтіп, біздің заманымызға дейін келіп жетті. Елден-елге, ауыздан-ауызға тарап, талай ұрпақтың рухани шөлін қандырған бірегей халық туындысын дамыта жырлап, насихаттаушы — эпостық сюжеттерді жаңғырта түрлендіре орындаушы, басқаша айтқанда түпкі мәтінді төкпей-шашпай бүгінге жеткізуші жыршы-жырау, ақындарымыздың еңбегі ерекше атауға тұрарлық. Мәселен, «Қарасай-Қази» эпосын сонау XVII ғасырдан бері кезеңде атадан-балаға, ұстаздан-шәкіртке аманат етіп, жыршылық-жыраулық дәстүрді берік тұтынған бірнеше эпикалық мектептердің болғаны мәлім. Әсіресе қазақтың батыс өлкесінде тұрақты орын тепкен осынау рухани орданың ірі өкілдері: Абыл, Нұрым, Қашаған, Мұрат, Бақы, Жаскілең, Нұрпейіс, Ығылман, Айса, Нұртуған, Жақсылық, Төренияз, Өмірзақ, Аманжол, Ережеп, Наурызбек т.б. талантты өнер өкілдері Ноғайлы кезеңіндегі тарихи сюжеттерге құрылған ескілікті жыр-аңыздарды құлпырта жырласа, халық та оларды құмарта тыңдаған.

Халық эпосының басты идеясы, негізінен, Едіге би әулетінен тараған Ноғай Ордасының мырзалары, әсіресе Орақ, Мамай сынды белгілі би-батырлардың ұрпақтары — Қарасай мен Қазидың ел іргесін нығайтып, сыртқы жауларға қарсы жүргізген ерлікке толы жорықтарын дәріптеуді мақсат тұтқан. Осы орайда жырдың бас кейіпкерлері болып табылатын Қарасай мен Қазидың Кіші Ноғай Ордасының негізін қалап, берекесі қашқан елдің бүтіндігі мен тыныштығы үшін күрескен қайраткерлік тұлғасын жыраулар халық жадында мәңгі қалдыруға ерекше күш салғанын көреміз. Шығарманың

бірнеше версиясы бар. Олардың кейбірінде Қырым ханының ұлы — Әділ сұлтанның бейнесі көрініс тапқан. Әділ сұлтанның тұтқынға түсуі, оны Қарасай мен Қазі бастаған батырлардың құтқарып алуы туралы оқиғалар Айса Байтабынов жырлаған нұсқада кеңінен сөз болады. Осы жырда атақты Қобыланды батырдың есімі ұшырасады. Қазақ батыры ноғайлы жігіттері Қарасай, Қазі, Ахметтермен тізе қосып, қалмақ, қызылбас қосындарына қарсы жойқын шабуыл жасайды.

Сондай-ақ шығармада батырлар бейнесі, тұлпар ат, кәміл пір, достық пен опасыздық, ақылды әйел мотивтері эпос жанрына тән әсерлі суреттелген. Бір айта кетерлігі — жырда әр түрлі уақытта, әр қиырда өткен тарихи оқиғалар жинақталып, эпостық кеңістіктің аясы тұтастанған әрі жырдың көп қабаттылығы айқындала түскен.

Едіге әулетінен өрбіген бірнеше ұрпақтың өкілдері қатысатын «Қарасай-Қазі» эпосы көптеген дарынды жыршылардың айтуымен өңделіп, жаңғырған және жыр сюжетіне бірқатар жанама эпизодтар да қосылғаны аңғарылады. Мұны Жақсылық, Сейіт жыршылардың нұсқасын оқу барысында байқау қиын емес. Яғни жыраулар дүрбелеңге толы дәуір шындығын суреттей отырып, тарихи оқиғаларды көркемдік тұрғыдан айшықтайды, өз қиялдарында сомдалған бейнелерді әсірелей жырлауға көбірек ден қояды.

«Қарасай-Қазі» эпосы мен оның кейіпкерлері «Қырымның қырық батыры» атты көлемді эпопеяның циклдік қатарына да енген халықтық мұра. Бұл жырдың қазақ тілінің байырғы көусарына суарылған ғажайып бай мәтіні ұлттық тіліміздің тарихын зерттеуде табылмайтын материал.

Айса Байтабынов нұсқасы. Ақтөбелік Айса Байтабынов жырлаған «Қарасай-Қазі» эпосының көлемі — 4086 жол. Латын әліпбиімен жазылған жырдың қолжазбасы 1940 жылы ел-аузынан жинақталып, сол кездегі КСРО ҒА-ның қазақ филиалына қарасты Тіл-әдебиет институтының қорына тапсырылған. Қазір ҚР БҒМ Орталық ғылыми кітапханасының Сирек қолжазбалар қорында (Ш. 363 бума, 3-дәптер) сақтаулы.

Айса нұсқасының сюжеті шытырман әрі қызықты. Мұнда оқиғаға Қобыланды бастаған қазақ-ноғай батырларының көпшілігі қатысады. Экспозицияда ноғай ордасының билері — Орақ пен Мамай өлгеннен кейінгі елдің саяси-әлеуметтік

жағдайы сипатталады. Мамайдың орнына туысы Шынтемір хан сайланады. Бірақ қалмақтың ханы Темір хан қарт әміршіні менсінбей, «маған бағынсын, дініме кірсін» деп кісі салады.

Орманбет, Қасым, Қалу сынды ноғайлы билері жиналып, кеңес құрады. Осы мәжілісте Қарасай мен Қазидың немере ағалары Сымайыл мен Тобаяқ қатысып, оларға қарсы әрекет жасауға келіседі. Сөйтіп, ноғай елінің көп бөлігі Қарасай-Қазиды қарт шешесімен бірге жұртта қалдырып, өздері түн жамылып көшіп кетеді. Сыпыра жырау мен бірқатар ноғай билері Орақтың батыр ұлдарын қолдайды. Он бес жастағы Қарасай қалмақ шапқан жылқының соңынан аттанып, жаудың Қараман деген батырын жеңіп, мал-мүлкін қайтарып алады.

Қартайған Шынтемір ханның орнына ұлы Әділ сұлтан таққа отырады. Ең соңында Қобыланды, Ахмет, Қарасай мен Қазиды бастаған ноғай батырлары қызылбастың қолына тұтқынға түскен Әділді құтқарып, жаудан кек алады.

Айса нұсқасының мәтіні толық, тілі кестелі. Жыр бұрын-соңды жарияланбаған.

Томға ұсынылып отырған жыр нұсқасы ОҒК Қорында сақталған түпнұсқа (Ш. 363-бума, 3-дәптер) бойынша еш өзгеріссіз әзірленді.

Сейіт нұсқасы. Аталған жыр нұсқасы Қытайдағы қазақтар арасында кең жайылған фольклорлық мұралардың қатарына жатады. Көлемі шағын жыр үлгісін Шыңжаңдағы Іле-Қазақ автономиясы облысы Толы аудандық мәдениет үйінің меңгерушісі Төкен Кенжалин жергілікті жыршының аузынан жазып алып, 1990 жылы сондағы «Мұра» әдеби журналында жариялайды.

Сейіт нұсқасының көлемі шағын, оқиғасы шымыр, жинақы. Жыр сюжетінің негізгі желісі қазақстандық варианттың бірінен алынғандығы көрініп тұр. Алайда жыршының өз жанынан қосқан эпизодтық детальдары, кейіпкер есімдерінің біраз өзгерістері ұшырайды. Сондай-ақ эпостың стилінде Қытайдағы қазақтардың жергілікті сөз қолданыстары да айқын аңғарылады.

Томға еніп отырған «Қарасай-Қазиды» жырының мәтіні «Мұра» журналында жарияланған нұсқа (1990 жыл, №2) бойынша әзірленіп баспаға ұсынылды.

Жақсылық жырау нұсқасы. Көлемі — 4500 жолды құрайтын «Қарасай-Қази» эпосының аталған варианты бұрын жарияланбаған және зерттелмеген. Жақсылық Қарақалпақстан қазақтары арасында атағы кең жайылған ірі эпик жыршылардың бірінен саналады. Ол — ноғайлы цикліне кіретін бірқатар эпикалық жырларды шебер орындаумен ерекшеленетін үлкен өнер иесі. Эпостың осы нұсқасын 1962 жылы жергілікті фольклоршы Ж.Сапаров жазып алып, Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорына өткізген. Жақсылық жырау нұсқасында Қарасай-Қазимен бірге, Әділ сұлтан бейнесі де толыққанды сомдалған. Жырдың мазмұны өзге қазақ нұсқалармен ұқсас болғанымен, мұнда Бесқала өңірінің эпикалық дәстүрі мен жыршылық стилі айқын көрініс тапқан. Сондай-ақ «Қарасай-Қази» эпосы қарақалпақстандық қазақ жыршы-жыраулары — Өмірзақ, Құдайберген, Қайролла, Ережеп, Наурызбек, Жақып, Өмір, Орынбасар, Тұрлан т.б. өнер саңлақтарының репертуарынан тұрақты орын алғаны мәлім. Олардың көпшілігін филология ғылымдарының докторы Қыдырәлі Саттаров басқарған фольклорлық экспедиция мүшелері әр жылдары жазып алып, М.Әуезов атындағы ӘӨИ Қолжазба қорына өткізген¹.

Томға енгізіліп отырған жыр мәтіні ӘӨИ Қолжазба қорында сақталған түпнұсқа бойынша еш өзгеріссіз әзірленіп, баспаға ұсынылады.

Белгісіз ақын нұсқасы. Жыршысы белгісіз. Қалың дәптерге қазіргі әріппен екі қатар етіп, ұқыпты көшірілген қолжазбаның көлемі — 5760 жолды құрайды. Дәптердің парақтары әбден тозып, кейбір жыр жолдары өше бастаған. Мұқабаның ішкі беттерінде Өзбекстан, Тәжікстан аумағындағы Бұхара, Газли, Ленинабад, Хожелі тәрізді қала-кенттердің аты мен бірнеше кісілердің есімдері жазылған. Сондай-ақ Кіші жүз адай тайпасы, қырықмылтық, шалбар т.б. аталықтарына қатысты қысқа мәліметтер келтірілген. Аталған жыр мәтінінің соңында осы қолжазбаны көшіруші — Алпанов Әбді Үмбетұлының аты-жөні, мекен-жайы (Хожелі кенті, «Ет комбинат») жазылып, қолы қойылған. Жазылған уақыты — 1961 жыл, 13 наурыз.

¹ ӘӨН, Қолжазба қоры: № 920-бума 5, 7, 12, 24, 64-жинақтар.

Жоғарыдағы мәліметтерге қарағанда, бұл қолжазба көптеген кісілердің қолынан өткен. Сірә, Маңғыстау, Бесқала — Қоңырат төңірегін мекендеген бірқатар қазақ жыршылары «Қарасай — Қазиді» жырының осы нұсқасын қолдан-қолға, бірден-бірге көшіріп, жаттап алып, ел арасында айтып жүргенге ұқсайды.

Жырдың бұл нұсқасы — көлемі жөнінен ғана емес, көркемдік жағынан да «Қарасай — Қазиді» варианттарының арасындағы ең үздік эпостық үлгілердің бірі. Мұнда жырдың кіріспесі «Едіге батыр» эпосына ұқсас басталады. Қырым жеріндегі ноғайлы елінің Аушыбай атты қарт батыры су перісімен көңіл қосып, одан — ер Едіге, одан — Нұрадын, одан — Мұса би, Одан — Орақпен Мамай, Орақтан — Қарасай, Қазиді; Мамайдан — Қымбат атты қыз туады. Міне, олар — «Қырымның қырық батыры» эпосының негізгі кейіпкерлері әрі XIV — XV ғасырлардағы Ноғай ордасы тарихының басты қаһармандары ретінде де қазақ — ноғай жырауларының репертуарынан тұрақты орын алатын даңқты тұлғалар.

Жырдың негізгі бөлігі өзге нұсқалардағы сияқты, Қарасай мен Қазидің әкелері Орақтың «үш аманатын» орындауға және қызылбас ханы Қондыкермен соғысып, Әділ сұлтанды құтқару сюжеттеріне құрылады. Мұндағы сексендегі ер Қосайдың Мамай қызы — Қымбатты алмақшы болатын оқиға тыңнан қосылған эпизод. Жалпы, «Қарасай-Қазиді» жырының финалы екі версиямен аяқталады. Бірқатар нұсқаларда (Мәселен, Қырым нұсқаларында — С.Қ.) Әділ тұтқында қаза тапса, қазақ нұсқаларының көпшілігінде Қарасай мен Қазиді қызылбас тұтқынындағы Әділ Сұлтанды құтқарып алып қайтады.

Жырдың аталған нұсқасы бұрын-соңды жарияланбаған. Қолжазбасын 1998 жылғы Маңғыстау фольклорлық-этнографиялық экспедициясы кезінде Бейнеу ауданының Сыңғырлау ауылының тұрғыны Әділханов Сәдуахастан алып, ӘОИ Қолжазба қорына өткізген институттың ғылыми қызметкері — Серікбай Қосан.

Томға енгізіліп отырған мәтін аталған қолжазбаның түпнұсқасы бойынша (ҚҚ: Ш. 94, 2-дәптер) әзірленді.

С. Қосан

МӘТІНДЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН ТАРИХИ ЖӘНЕ ДІНИ ЕСІМДЕР

Алла (Аллаһ) — ислам дінінде бүкіл ғарышты, тіршілік дүниесін және қиямет қайымды жаратушы, баршаға бірдей, жалғыз және құдіреті күшті Құдай есімі.

Құран Кәрімде айтылғандай: «Ол Алла біреу-ақ, Алла мұңсыз (әр нәрсе Оған мұқтаж). Ол тумады да, туылмады. Әрі Оған ешкім тең емес».

Исламдық сенім бойынша, Алла Тағала әлемді, жерді, өсімдіктерді, жануарларды және адамды жаратты. Ол адамдардың тағдыры — жазмышты белгілейді. Қияметте Алла барлық өлгендерді тірілтеді де, пәнидегі істерін таразылап, біреулерін жұмаққа, енді біреулерін тозаққа жібереді. Адамдарды дұрыс жолға түсіру үшін Алла Тағала оларға мезгіл-мезгіл пайғамбарларды жіберіп тұрған. Мұхаммед (с.а.с.) — Алланың адамдарға жіберген соңғы Елшісі; оған Алланың Құраны Жәбірейіл періштенің дәнекерлігімен жиырма үш жылда толық түсті.

Алланың нақты бейнесі жоқ және ол бейнеленуге тиіс те емес. Намаз оқып, сәждеге бас қою арқылы ғана оған берілгендікті білдіруге болады. Ал құлшылықтың басты орны — Меккедегі Қағба, онда аспаннан құдіретті Алла түсірген қасиетті қара тас бар.

Алла Тағаланың құдіреттілігін, әділеттілігін, қайырымдылығын т.с.с. өзіне ғана тән қасиеттерін оның тоқсан тоғыз есімі көрсетеді. Мысалы: Акбар (ең ұлық), Тағала (ең жоғары), Кәрім (жомарт), Рахман (мейірімді), Рахым (рақымды), Халық (жаратушы), Шариф (қасиетті), Ахад (жалғыз), Самад (мәңгі), Жаппар (құдіретті), Ғафұр (кешірімді) т.б.

Алланың атын зікір ету рәсімі «Аллаһу акбар», «Әлхамдулиллаһи», «Сұбхан Алла» сөздерін отыз үш реттен айтып, тәсбих тастарын санамалау арқылы жүзеге асады.

Айсаның ұлы Ахмет — қазақ және өзге де қыпшақ тілді түркі халықтарының қаһармандық эпосындағы бас қаһарманға айналған тарихи қайраткер.

Мұрын жырлаған «Қырымның қырық батыры» атты эпостық циклға «Айсаның ұлы Ахмет», «Әмет» атты жырлар енеді. Онда Әмет Айсаның інісі ретінде көрінеді.

Ал татар, ноғай фольклорында «Айсылдың ұлы Әмет» атты жыр кездеседі. Онда Айсылдың ұлы Амет пен оның ғашық жарының әкесі болып табылатын Алтын орданың ханы — Жәнібектің бұлардың қосылуына бөгет жасамақшы болған әрекетіне қарсы күресі баяндалады. Сол халықтардың аталған жырында кейде бас қаһарманның есімі «Ахмет» деп те аталады.

Ал «Қарасай-Қази» жырында Ахмет пен Әмет екеуі де — Айсаның ұлдары, ағайынды батырлар.

Татар ғалымы М.Усманов өзінің «Татарские исторические источники XVII—XVIII века» атты еңбегінде Айсылдың ұлы Әметтің тарихта шындығында болған тұлға екенін, ибн Батутаның естеліктерінде аталған саяхатшының Өзбек ханның әрі күйеу баласы, әрі қайын атасы болып табылатын, аталған ханның әмірлерінің әмірі қызметін атқаратын Исабек гураганның үйінде қонақта болғандығын әңгімелеу ұшырасатынын және «Никон жылнамасында» осы Исабектің немересі Астрахан князі — Салшыны ушкуиниктердің қарақшылары алдаусыратып өлтіргені баяндалатынына, Салшының есімі «Айсылдың ұлы Амет» жырының соңында аталатынына сүйене отырып анықтаған.

Ахмет Мұрын жырау жырлаған «Едіге», «Асан қайғы, Тоған, Абат», «Жаңбыршы ұлы Телағыс» және өзге де жырлардың кейіпкері ретінде кездеседі. Ахметтің «Қарасай-Қази» жыры нұсқаларында да ұшырасуы қаһармандық эпосқа полистадиялық (көпқабаттылық) сипат тән екенін айғақтай түседі. Өйткені Жәнібек ханның Алтын орданың билігін ұстаған кезі XIV ғасырдың орта шені болса, Едіге XIV ғасырдың соңы мен XV ғасырдың басында билік басында болған, ал Телағыс пен Қарасай, Қази — XVI ғасырда тарихи белсенділік танытқан қайраткерлер.

Айсаның ұлы Әмет — бұл туралы мәліметті Айсаның ұлы Ахмет туралы ғылыми түсініктен қараңыз.

Ақташы — «Ақташ» сөзін Ш.Уәлиханов ру аты деп түсіндірген, ал профессор И.Березин сарай қызметкерлерінің лауазымы деп есептейді. «Шора батыр» жырының нұсқаларында Ақтажы Әліби деген кейіпкер кездеседі. Ш.Уәлиханов Қырым ханы — Сағадатгерейдің жарлықтарының біріне «Ақташ Али би» деп қол қойған тарихи тұлғаның осы Әліби екеніне нық сенім білдірген (Уәлиханов Ш.Ш. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-том, Алматы, 1961ж. 138-б.)

«Қарасай-Қази» жыры нұсқаларында кездесетін «Ақташы», «Ақтайша» деген кісі атаулары осы «Ақташ» сөзінің өзгеріске түскен түрлері деп білеміз.

Алшағыр — Ноғай мырзасы, Едіге әулетінен шығып, көшпелі ноғай-қазақ ұлыстары арасында үлкен беделге ие болған билеуші. Тарихи деректерде ұлдары Орақ, Мамаймен бірге Қырым төңірегіндігі саяси және еларалық қақтығыстар кезінде жиі аталған. Алайда «Қобыланды батыр» секілді бірқатар қазақ эпостарында Алшағыр — қалмақ ханы не батыры екені мәлім. Дегенмен халық ауыз әдебиетінде, әсіресе фольклорлық шығармаларда алыс дәуірде өмір сүрген тұлғалардың есімдерінде ауыс-түйіс бола беретіні қалыпты құбылыс.

Алшы — Ноғай Ордасының биі Ысмайылдың есіміне қосарланып айтылатын анықтауыш мәнді сөз. Аталған тарихи тұлғаның «Алшы Ысмайыл» атануын зерттеушілер «алшы» сөзімен байланыстырып, оның жолы болғыштығын мегзейтін, яғни «асығы алшысынан түскен» деген мағынаны білдіретін эпитет деп жорамалдаған. «Қарасай-Қази» жырының кейбір нұсқаларында «Алшы» сөзі жеке кісінің атауы, яғни Мұсаның отыз ұлының бірінің есімі ретінде қолданылған.

Әли — Оспаннан кейін билік басына келген төртінші әділетті халифа. Хазірет Әли — Мұхаммед пайғамбардың немере інісі, әрі оның Фатима атты қызын алған күйеу баласы. Мұсылман елдерінің ауыз әдебиетінде Әли — орасан, алып күш иесі. Жаулары Әлидің айғайынан-ақ өліп, талып қалатын болыптымыс. Фольклорлық туындыларда оның зұлпықар, қамқам, самсам деген үш қылышы болғаны айтылады. Әлидің есімі көптеген шығыс шығармаларында, оның ішінде діни дастандарда жиі ұшырасады. Әдетте, хазірет Әли сол дастандардың басты кейіпкері, жеңілмейтін батыр, халықтың қамқоршысы, мұсылмандардың қорғаны, бетке ұстар қаһарманы ретінде

көрінеді. Дастандарда Әли өткен замандарда атақты Рүстемнің өзі жеңе алмаған жауларды жеңген деп дәріптелген.

Хазірет Әлидің атына «Шаһимардан», «Қайдар», «Арыслан», «Шері», «Мұртаза» сияқты бірнеше теңеу, эпитеттер тіркесіп отырады. Әлидің астындағы аты Дүлдүл де ауыз әдебиеті үлгілерінде кең тараған ұшқыр, жүйрік, ақылды тұлпардың нышанына айналған.

Әли ұрпақтары мен оның жақтаушылары кейін шииттік ағымның көсемдеріне айналды. Олардың ұрпақтары қазіргі Иран, Ирак және Орта Азияның кейбір аймақтарында өмір сүреді.

Баба түкті Шашты Әзіз — қазақ эпостары мен ертегілерінде кездесетін киелі кейіпкер. Бұл кісінің батасын алған перзентсіз жандар Алланың құдіретімен ұлды, қызды болып жатады. Аңыздардың бірінде оның есімі Баба Туклас деп көрсетіледі. Әкесі — Керемет Әзіз. Мұсылмандар арасында Әулие саналған. Меккеге қажылық сапармен барушылар ең алдымен Мұхаммедтің, онан кейін Әли Мұртаза Сейіттің, содан соң Баба Тукластың қабіріне барып тәу еткен. Баба түкті Шашты Әзіз — Қожа Ахмет Иасауидің арғы бабалары, ислам діні Орталық Азияға тарай бастаған кезде өмір сүрген кісі деген болжамдар бар.

Едіге — XIV ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген тарихи тұлға. Ерекше шешендігімен қоса батыр әрі қолбасшы болған. Ол Алтын Орда мемлекетінің бірнеше хандары тұсында тәуелсіз билік құрумен бірге, ел басқару істеріне белсене араласты. Дешті Қыпшақтың ханы Тоқтамыс кезінде өз билеушісі мен Ақсақ Темір арасындағы текетіресті өз пайдасына шешуге ұмтылыс жасады. Сол дәуірде көршілес Ресей жеріне бірнеше рет баса көктеп кірді. Ұлы Ноғай Ордасын құрып, оның басты бегі болды (1396-1419 жж.). Қара халық арасынан шығып, көшпелі ноғай-қыпшақ ұлыстарының намысын қорғағандықтан, қазақ халқының тарихи жадында «Ел қамын жеген Едіге» деген атпен өшпестей жазылған оның бейнесі мен есімі бірқатар қазақ эпостарына арқау болды. Кейбір деректер бойынша, Едіге мырзаның бейіті қазақ жерінде — Ұлытауда жатыр.

Қарасай, Қазу — Орақ батырдың ұлдары. XVI ғасырдың соңына қарай Қырым маңында өз ұлыстарын құрған. Кейін

Кавказда да ықпалды ноғай бектері ретінде танылған. Сол заманда қызылбас, қалмақ т.б. көрші халықтармен ымырасыз күрес жүргізіп, ел-жұртын қорғаушы эпикалық қаһармандар. Қос тарихи тұлғаның ерлік, жорықтар жайында қазақ жырау, жыршылары ерекше шабытпен жырлаған. Әсіресе Ақтөбе, Қостанай, Батыс Қазақстан, Маңғыстау және Қарақалпақстан қазақтары арасында «Қарасай-Қази» эпосының 30-ға жуық нұсқалары сақталған.

Қазан хан — XIV ғасырдың бас кезіндегі қызылбас елінің ханы Ғазан ханның прототипі болуы мүмкін. Ғазан ханның әскерлері Каспий теңізінің батысына, Дербент, Баку, Астрахан қалаларына, Арал маңына шейін жорық жасап келген. Осындай шабуыл кезінде ол өз әскерлерін басқадан айыру үшін бастарына қызыл бөрік кигізген. Осыдан барып жергілікті халық оларды «қызылбас» деп атаған. Бұлардың шабуылдарына қарсы күресіп, зор ерлік көрсеткен қыпшақтар болған.

Қызыр, Қыдыр баба — көптеген шығыс халықтарының, сондай-ақ қазақтардың да мифтерінде, фольклорында, діни аңыздарында жиі кездесетін, аты аңызға айналған архаикалық образ.

Оның генезисі, тұлғалық сипаты өте күрделі, әлі толық зерттеліп айқындалмаған. Бір ғалымдар Қызыр бейнесін көне архаикалық түсінік, көзқарастармен байланыстырып зерттесе, кейбір ғалымдар тек ислам ықпалымен пайда болған деп түсіндіреді.

Қызыр туралы әрбір халықтың ғасырлар бойы ұстанып келе жатқан түсінігі бар.

Қазақ фольклорында Қызыр баба — ел аралап жүрген ақ киімді, ақсақал кейпіндегі әулие, адамға қамқоршы, бақыт, дәулет беруші, әр түрлі қиындықтардан қорғаушы.

Орақ-Мамай, XVI ғасыр — көбінесе есімдері қатар аталып отыратын эпикалық кейіпкерлер. Халық аузындағы шежірелік мәліметтер бойынша, Мұсадан Алшағыр, одан Орақ пен Мамай туған делінеді. Екеуі де көшпелі ноғай-қазақ ұлыстарының туын көтеріп, ел намысын жыртқан, ер жүрек батырлар кейпінде ел есінде қалған. Олардың ерлік істері мен ұрпақтары туралы Нұртуған Кенжеғұлұлы (1887-1930 жж.) көлемді жыр тудырғаны мәлім.

Ноғайлы — Ш.Уәлихановтың пайымдауынша, «Ноғайлы» дегеніміз — Алтын орданың құрамына енген көшпелі тайпалардың өздерін отырықшы қандастарынан даралау үшін қолданған этнонимі. Ноғай, қазақ, татар, башқұрт, өзбек, қарақалпақ халықтары өздерінің шежірелік аңыздарында түпкі тегін Ноғайлыдан таратады.

Нұрадын — Едігенің тұңғыш ұлы. Ол Едігенің ең сенімді саяси серігі болып, ол басқарған мемлекеттің үлкен бір бөлігін басқарған, Едігенің жауларына қарсы күресте табысты қолбасшы ретінде танылған. Қадырғали Жалайыр өзінің шежіресінде Нұрадынның әкесінің көзі тірі уақытта іш ауруынан қайтыс болғандығы туралы мәлімет келтірген (Қадырғали Жалайыр. Алматы, 1997.).

Тобаяқ — Ысмайылдың есіміне тіркесетін қосарлы анықтауыштардың бірі. «Тобаяқ» сөзі аяқтың кемтарлығын білдіреді. Бұл сөз Ысмайылдың ақсақтығын білдіретін көрінеді. «Қарасай, Қазы» жырының кейбір нұсқаларында «Тобаяқ» сөзі де жеке кісінің атауы, яғни Мұса бидің отыз ұлының бірінің есімі ретінде қолданылған.

Ысмайыл — Ноғай ордасының биі болған тарихи тұлға. Ол Мұсаның бірінші әйелі Ханзададан туған. Түркі халықтарының фольклорлық туындыларында Ысмайылдың жексұрын сипатта бейнеленуіне оның орысшыл саясат ұстанып, орыстың ақ патшасына мойын ұсынып, соған жағыну мақсатында өз халқының тәуелсіздігіне нұқсан келтіретіндей әрекеттерге де баруы себепші болған секілді. Ол өзімен бір әке, шешеден туған Жүсіп би Ноғай ордасының билеушісі болған уақытта да, тәуелсіз саясат ұстанған ағасының іс-әрекеттеріне кедергі келтіретін астыртын әрекеттерге барған. Бұны Ресейдің ақ патшасы да ұтымды пайдаланып, Ысмайылды Жүсіпке айдап салып отырған. Осыған байланысты Жүсіп пен Ысмайылдың арасында тұтанған араздықтың ақыры соңғысының алдыңғысын өлтіріп, Ноғай Ордасының билігін кемденуіне апарып соқтырған.

Ысмайылдың әрекетіне қарулы қақтығыс арқылы наразылық білдірген, Жүсіптің ұлдарын қолдаған Ноғай ордасының мырзаларының қатарында Қазы да болған.

Орақ пен Мамайдың қандай жағдайда қайтыс болғандығы жөнінде нақты деректер сақталмағандықтан, олардың өліміне Ысмайылдың қаншалықты қатысы барлығын анықтау мүмкін емес.

СӨЗДІК

Азбар /қ/ — бордақы мал тұратын шағын қора

Ақ (Хақ) /а/ — шын, шындық, күмәнсіз ақиқат; нағыз;
Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Ақырет /а/ — о дүние деген ұғым; ақырзаман, дүниенің соңы; діни ұғым бойынша, бұл күні қияметтің болуы, Алладан өзгенің жоқ екендігі, өлгеннен кейін сұрақтың қойылатындығы анық болады.

Ақлия /а/ — ақыл, өнеге

Ат добыра /қ/ — ат дорба

Әлет /а/ — мезгіл, уақыт

Әмма /а/ — барлығы, жалпы

Әнжі /ж.с./ — аяр. Ысмайыл биге қатысты қолданылған қосарлы анықтауыш

Бағана /ж/ — бірталай уақыт бұрын

Бадалап /қ/ (соғым) — табынымен малды сою

Бадана көзді /қ/ — бадырайған үлкен көз, сауыттың көзі

Бәден /а/ — дене, тән

Бәс /а/ — баға, құн

Бүткіл /ж/ — бүкіл, жалпы

Даңаза /қ/ — даурықпа, лепірме

Даңды /қ/ — даңқты

Дарақ /т/ — ағаш

Дәкән /а/ — мөз-мәйрам болу, шат-шадыман болу

Дәруаза /п/ — дарбаза, қақпа

Дүз /а/ — жүз, түз

Емкәні /ж/ — мүмкіндігі

Жабы /қ/ — қазақ жылқысының нашар, қарабайыр тұқымы

Жамал /а/ — ажар, көрік, келбет

Жана /т/ — және

Жаңғыз — жалғыз

Жаппар /а/ — құдіретті; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі.

Жарыға /ж.с./ — жартыға

Жәй /ж/ — үй, жай

Жұрат /қ/ — туысқан, ағайын

Жығын /ж.с./ — жау, қарақшы

Зада /а/ — шыққан тегі, нәсілі, жақсы, асыл

Зайыр /а/ — анық, айқын, ашық.

Зауал /а/ — аптапты түс мезгілі, күн батар кез

Зият /а/ — артық, жақсы

Зымыстан /а/ — шөлді, суық, адам тұрғысыз жер

Кәбам /а/ — Қағбам. Қағба — Мекке қаласындағы мұсылман-мандардың қажылық кезінде тәуап ететін ең қасиетті орны.

Кәлима /а/ — сөз; иман келтіру

Кәріп-қасер /а/ — мүсәпір, кемтар адам

Кеулі /ж.с./ — көңілі

Колеткі /о/ — кісен

Күлік /т/ — сөйгүлік, жүйрік

Қандек /к.с./ — ор, жыра

Қаңғыш /қ/ — қаңғыған, қаңғырып жүрген

Қамкен /қ/ — қайғы, шер

Қотан /қ/ — мал түнейтін орын, қора

Қын /қ/ — қылыштың, пышақтың қабы

Құрым /қ/ — күн қақтап, ыс сіңіп, қарайған киіз

Лат /а/ — арабтардың ислам дініне дейінгі сыйынған пұт құдайының аты.

Лекерлеп /ж.с./ — лаждап

Мақшар /а/ — ақырзаман, қиямет күнінде болатын сот

Манат /а/ — арабтардың ислам дініне дейінгі сыйынған пұт құдайының аты.

Мәсі /т/ — жұқа былғарыдан тігілген, кебіспен киетін, өкшесіз, қонышты аяқ киім

Мосы /қ/ — шелек, шәугім іліп тамақ пісіретін үш тағанды темір құрал

Мұбтәлә /п/ — душар болу, жолығу, азап шегу

Мұрдар /п/ — лас, былғаныш, жемтік, өлімтік, жансыз дене

Мықнат /а/ — бейнет, ауыр азап

Нагыра /п/ — барабан сықылды соғыс кезінде пайдаланатын құрал

Намаздігер /п/ — күн батар алдында оқылатын намаз мезгілі

Нәмәрт /п/ — тексіз, жетесіз, нашар

Нөкер /қ/ — хан мен бек, сұлтандардың қасында жүретін қызметшілері

Өнемейін /ж.с./ — үнемі

Өмілдірік /қ/ — былғары не қайыстан жасалған, ат ерінің артқа кетпеуі үшін тағылатын әбзел

Пешеттеп /о/ — мөр басып

Пір /п/ — ақсақал, қарт, сопылардың ұстазы, қолдап-қорғаушы

Расход /о/ — шығын

Сабат /т/ — шөбі шүйгін, салқын жер, көгал

Сараман /а/ — ерекше көзге түсетін, анық көрінетін, айқын сара жол

Сарыжа /т/ — садақ

Сементтеп /о/ — цементтеп

Сой /ж.с./ — арғы заты, тегі

Спеске /о/ — тізім

Сөтке /о/ — тәулік

Суын /қ/ — қазақ эпостарында бейнелетін су айғыры. Көптеген халықтық туындыларда жас бие мен суынның қатынасынан кейін су тұлпары дүниеге келетіні баяндалады.

Сүрек /қ/ — ағаш діңінің ішкі қатты бөлігі

Сыла /т/ — ашаң, артық еті жоқ

Тағай /ө/ — нағашы

Тәубе /а/ — тағдырға ризалық, шүкіршілік, қанағат тұтушылық

Торқа /қ/ — қымбат бағалы жібек мата

Уағда /а/ — уәде

Үші /қ/ — өлген адамды еске алу үшін үш күннен кейін берілетін ас

Харап /а/ — қирау, апатқа ұшырау

Хукумат /а/ — басшылық, үкімет

Һәм /п/ — және

ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Алатау — Орталық Азия мен Қазақстанның оңтүстік-шығыс тау жоталарының жалпы атауы. Оларға Күнгей Алатауы, Жоңғар Алатауы, Қырғыз Алатауы т.б. жатады.

Дербент — Орта ғасырда Кавказда орналасқан қала.

Еділ (Волга) — Шығыс Еуропадағы ең үлкен өзен. Каспий теңізіне құяды. Эпикалық жырларда жиі аталады.

Жайық — Каспий алабындағы өзен. Оңтүстік Орал тауы, Каспий ойпаты, Башқұртстан, Челябині, Орынбор, Батыс Қазақстан, Атырау облыстарының жерлерінен ағып, Атырау қаласы арқылы Каспий теңізіне құяды.

Қырым — Еуропаның оңтүстігіндегі түбек. Қара теңіз, Азов теңіздерімен Перекоп мойнағы арқылы Шығыс Еуропа жазығымен ұштасады.

Мәскеу — Ресей Федерациясының астанасы. Москва өзенінің жағалауына орналасқан.

Омски — Омск, Ресейдегі қала аты.

Томски — Томск, Ресейдегі қала аты.

Түркістан — Шығыс әлеміне танымал көне қалалардың бірі. Бұл қалада көрнекті ғалым Құл Қожахмет Йасауидің кесенесі орналасқан.

Хиуа — Өзбекстанның Хорезм облысындағы қала, Амудария өзенінің сол жағалауында орналасқан. Ортағасырлық деректерде экономикасы дамыған ел ретінде көрсетіледі.

Күйкен — Маңғыстаудағы таудың аты. Толық атауы — Күйкенұшқан

Қиғаш — Астрахан облысының территориясындағы тау

Қырым — Алтын Орданың орнында пайда болған хандықтардың бірі, XVII ғасырдың екінші жартысына дейін дербес мемлекет болған. Қазіргі Қырым түбегінде орналасқан.

Сарайшық — Алтын орда хандарының астанасы, бертінгі кездері онда қазақ ханы Жәнібектің де, Ноғай ордасы билерінің де ордалары орналасқан кездері болған.

Тептер — Еділдің бір саласы. Махабеттің бір өлеңінде «Тептер үшін тебістік» деген жыр жолдары бар.

ТОМҒА ЕНГЕН ДАСТАНДАРДЫ ЖЫРЛАУШЫ, АЙТУШЫ ҒӘМ ЖИНАУШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

1. Айсә Байтабынов (1875-1955) — Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, «Өтемсай» колхозында туылған. Әкесі Байтабын да, онан кейін 18 жасынан бастап өзі де ұзақ жыл байдың жалшысы, жылқышысы болған. Өлең жырды ол жастайынан бастап айтып, жасы 30-ға жеткесін жыршылықпен ел аралайды. Батырлар жырының мол нұсқасын Бітеген, Нұрпейіс және басқа белгілі жырлардан үйреніп жаттаған. 1918-1922 жылдары қызыл партизан қатарында болып, ақтарға қарсы ұрыстарға қатысады. Желілі батырлар жырын кеңес дәуірінде де дамытып айтады. Оның айтуынан, «Қобыланды», «Әуез батыр», «Ер Сайын», «Көрұғлы», «Телағыс», «Қарасай-Қази» т.б. жырлардың нұсқалары ҚР Білім және ғылым министрлігі орталық кітапханасының сирек кітаптар бөлімінде сақтаулы. (О.Ф.К. 363-3).

А. Байтабыновтың жырлауындағы «Қарасай-Қази» жыры 1940 жылы қорға тапсырылған. Көлемі — 4086 жол (латын әліпбиінде).

2. Төкен Кенжалин — Қытай Халық Республикасы, Шыңжаң Іле автономиялы облысы, Толы ауданының мәдениет үйінің бастығы. Шыңжаң қазақтары арасынан ауыз әдебиеті материалдарын жинап, жергілікті «Мұра», «Іле айдыны» сынды журналдарда бастыруға белсене атсалысқаны белгілі. Жинаушы жөнінде басқадай мәлімет жоқ.

3. Жақсылық жырау — Қарақалпақстан жыр мектебінің көрнекті өкілі. Ол көптеген қазақ жырау-жыршыларына ұстаздық еткен ірі эпик ретінде де кең танымал. Өкінішке орай, жырау туралы толлық дерек әлі табылған жоқ. Жақсылық — ноғайлы циклының бірқатар эпостарын дамыта жырлаған ірі талант.

4. Әбді Үмбетұлы — Қарақалпақстанның Хожелі кентінің тұрғыны. Аталған кенттегі ет комбинатында қызмет істегені мәлім. «Қарасай — Қази» жырының белгісіз нұсқасын дәптерге көшіруші және ел арасына кең таратушылардың бірі. Ол туралы басқа дерек ұшырасқан жоқ. 1961 жылы Әбді орта жастағы кісі болған.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

ӘӨИ — М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ОҒК — Орталық Ғылыми кітапхана

ҚҚ — Қолжазба қоры

Ш — шифр

дәп. — дәптер

/а/ — араб

/о/ — орыс

/п/ — парсы

/тат/ — татар

/т/ — түркі

/ж/ — жергілікті

моңғ. — моңғол

/қ/ — қытай

/к.с./ — көнерген сөз

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Бердібаев Р.* Қазақ эпосы. — Алматы, 1982.
2. *Ғабдуллин М., Сыдықов Т.* Қазақ халқының батырлық жыры. — Алматы, 1972.
3. *Жұмалиев Қ.* Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. 1-кітап. — Алматы, 1958.
4. Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-том, 1-ші кітап. — Алматы, 1960.
5. Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. 1-том. — Алматы, 1975.
6. *Қоңыратбаев Ә.* Эпос және оның айтушылары. — Алматы, 1975.
7. *Орлов А.С.* Казахский героический эпос. — М., 1945.
8. *Сейфуллин С.* Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары. — Қызылорда, 1931.
9. *Ыбыраев Ш.* Эпос әлемі. — Алматы, 1993.
10. Арабско-русский словарь. Составитель *Х.К. Баранов.* — М., 1968.
11. Древнетюркский словарь. — Л.: Наука, 1969.
12. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Құрастырушылар: *Р. Сыздық, Н. Уәлиұлы, Қ. Жаманбаева, Қ. Күдерінова.* — Алматы: Дайк-Пресс, 2001; Қазақ тілінің сөздігі. — Алматы, 1999.
13. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Құрастырған *І.К.Кеңесбаев.* — Алматы, 1977.
14. Персидско-русский словарь / Под ред. *Ю.А. Рубинчика.* I-II т. — М., 1970.
15. Татарско-русский словарь. — М.: Советская энциклопедия, 1966.
16. Турецко-русский словарь. — М.: Русский язык медиа, 2005.

РЕЗЮМЕ

Институт литературы и искусства им. М.О. Ауэзова Министерства образования и науки РК продолжает работу по подготовке и изданию очередных томов Свода казахского фольклора «Бабалар сөзі», выполняемого в рамках Государственной программы «Мәдени мұра» («Культурное наследие»).

По состоянию на сегодняшний день Институтом подготовлен и издан 41 том фольклорных текстов, в том числе: тринадцать томов новеллистических дастанов, семь томов религиозно-нравственного содержания, три тома исторических поэм, восемь томов дастанов романического (любовного) содержания, один том генеалогических дастанов, а также девять томов героического эпоса.

42 том включает в себя четыре варианта героического эпоса «Карасай-Қази», являющегося одним из лучших в эпическом наследии казахского народа. Эпос «Карасай-Қази» имеет свыше тридцати вариантов, широко распространенных в устах народа. Образцы данного эпоса исполняли великие казахские акыны XIX века, среди них — Мурын, Кашаган, Айса, Кобылаш, Нуртуган, Мурат, Жаксылык, Қудайберген и т.д. Составителями планируется подготовка и издание двух томов настоящего эпоса.

В первый том вошли варианты в исполнении таких акынов как Мурат, Кашаган, Қудайберген, Торенияз, Мустежеп. В настоящий том включены варианты Айсы, Жаксылыка, Сеита, также вариант неизвестного акына, записанного в Мангыстауской области.

Варианты эпоса «Карасай-Қази», вошедшие в данный том, являются образцами классической версии названного произведения. В разное время эти варианты были записаны из уст народных акынов и сказителей собирателями народного устного творчества, такими как Мурат Қусниұлы, Гумар Караш, Ығыл-

ман Шореков, Халел Досмухамедулы, Иманбай Уйыкбаев, Кабиболла Сыдыков и др.

Сюжетную основу «Карасай-Кази» составляют исторические события, происходившие в эпоху существования Крымского ханства и Ногайской орды. Каждый из этих жырау излагал исторические события по мере своей фантазии, снабжая их фольклорными элементами. Исторические события развиваются вокруг главных героев — Карасая и Кази. Они воюют вначале под Астраханью, а потом на Кавказе, с калмыками и кызылбасами.

Все варианты данного тома ранее не публиковались, и даются в первоначальном, адекватном первоисточнику виде, поэтому исключается любое вмешательство в текст.

В соответствии с принципами издания «Бабалар сөзі» том снабжен научными приложениями, которые включают в себя сведения о публикуемых текстах; краткий историко-фольклористический и текстологический анализ; данные об исторических и религиозных деятелях, имена которых встречаются в текстах; словарь древнетюркских, арабских и персидских слов, терминов и понятий религиозного характера, а также географических названий; сведения о сказителях, собирателях и публикаторах; список использованной литературы; резюме на русском и английском языках.

В Казахстане все тексты данного тома публикуются впервые.

Объем тома — 27 п.л.

SUMMARY

M.O. Auezov Institute of Literature and Arts, Ministry of Education, Republic of Kazakhstan is continuing activities on preparation and publishing of the volumes of hundred volume series «Babalar sozy» in the frame of the State program «Medeni Mura» («Cultural heritage»).

At present the staff of the Institute have prepared and published 41 volumes of folklore texts including the following: twelve volumes of novelistic dastans, seven volumes of religious-moral content, three volumes of historical poems, eight volumes of dastans of romantic (love) content and nine volumes of heroic epos.

Volume 42 includes four versions of heroic epos «Karasai-Kazi» that is considered one of the best works of epic heritage of Kazakh people. Epos «Karasai-Kazi» has more than thirty versions widely spread among people. Great Kazakh akyns of XIX century such as Muryn, Kashagan, Aisa, Kobylash, Nurtugan, Murat, Zhaksylik, Kudaibergen and others have performed the patterns of this epos. The compilers plan to prepare and publish two volumes of this epos.

First volume includes versions performed by such akyns as Murat, Kashagan, Kudaibergen, Toreniyaz, Mustezhep. This volume includes versions of Aisy, Zhaksylik, Seit and version of the unknown akyn recorded in Mangystau region.

Versions of epos «Karasai-Kazi» included into this volume represent patterns of classic version of the mentioned work. During different periods the collectors of folklore oral creation such as Murat Kusniuly, Gumar Karash, Ygilman Shorekov, Halel Dosmukhameduly, Imanbai Ujikbayev, Kabibolla Sydykov and others have recorded those versions from folk akyns and narrators.

Plot of «Karasai-Kazi» is based on historical events that took place during epoch of Crimea Khanate and Nogai Horde. Each of

those zhyraus told about historical events using their fantasy, adding folklore elements to them. Historical events take place around main heroes Karasai and Kazi. They fought first near Astrakhan and then in Caucasus against Kalmyks and Kyzylbas.

All versions of this volume haven't been published earlier and are published in initial way adequate to original source and therefore any changes in the text are excluded.

According to the principles of the edition «Babalar sozi» the volume has scientific supplements which include the following: data on published texts and their versions; brief historic- folklore and textologic analysis of the texts; data on historical and religious figures whose names are mentioned in the texts; vocabulary of the old Turkic, Arabic and Persian words, terms, notions and geographic names; data on narrators of folk tales, collectors and publishers; list of used literature; summary in Russian and English.

In Kazakhstan all texts of this volume are published for the first time.

Volume — 27 pp.

МАЗМҰНЫ

Құрастырушылардан 5

Мәтіндер

Қарасай — Қазі (*Айса Байтабынов нұсқасы*) 9

Қарасай — Қазі (*Сейіт жырау нұсқасы*) 116

Қарасай — Қазі (*Жақсылық жырау нұсқасы*) 149

Қарасай — Қазі (*Белгісіз ақынның нұсқасы*) 255

Ғылыми қосымшалар

Томға енген мәтіндерге түсініктеме 409

Мәтіндерде кездесетін тарихи және діни есімдер 414

Сөздік 420

Жер-су атаулары 423

Томға енген дастандарды жырлаушы, айтушы
hәм жинаушылар туралы мәлімет 424

Шартты қысқартулар 425

Пайдаланылған әдебиеттер 426

Резюме 427

Summary 429

Научное издание

БАБАЛАР СӨЗІ

42 том

ГЕРОИЧЕСКИЕ ЭПОСЫ

(на казахском языке)

Утверждено к печати Ученым советом Института литературы и искусства
им. М. О. Ауэзова

Шығаруға жауапты *Р. Қ. Турлынова*

Редакторы *Ү. С. Тілегенова*

Техникалық редакторы *Г. Бектібаева*

Компьютерде терген *С. Айпенова*

Компьютерде беттеген *М. О. Ноғайбаева*

Дизайнын әзірлеген «Баур» баспасы

ИБ № 2218

Теруге 12.05.07 жіберілді. Басуға 10.06.07 қол қойылды. Пішіні 60x90^{1/16}.

Қа­ріп түрі «Мектептік». Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс.

Шартты баспа табағы 27,0. Таралымы 3000 дана. Тапсырыс № 166.

«Фолиант» баспасы

010000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

«Фолиант» баспаханасында басылды

010000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

ISBN 9965-35-382-4



9 789965 353826

